




Атамура
Кітапханасы

Жүмекен НӘЖІМЕДЕНОВ





Жүмекен НӘЖІМЕДЕНОВ

Менің
Казакстаным

Өлеңдер мен дастандар



АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
2008

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

Н 32

Кітапты құрастырғандар – филология ғылымдарының докторы, профессор **Бауыржан Омаров**, жазушы-драматург **Рахымжан Отарбаев**

Нәжімеденов Ж.

Н 32 Менін Қазакстаным. Өлеңдер мен дастандар.– Алматы. Атамұра, 2008.–368 бет.

ISBN 978-601-282-034-8

564546

Казактын касиетті кара өлеңіне өзіндік түр, болмыс пен бояу экелген аса дарынды акын Жүмекен Нәжімеденовтің бұл таңдамалы жинағына көзі тірісінде жарияланған өлеңдері мен дастандары және бүрын жарық көрмеген бір топ жана туындылары еніп отыр.

Кай шығармасында да ой философиясы, сезім философиясы сынды занғар бікті бағындырған акынның жана кыры мен тылсым сырты кайталап оқыған сайын жаркырап ашыла түспек.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

Серия ISBN 978-601-282-034-8
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

© Нәжімеденов Ж., 2008

© «Атамұра», 2008

Әлемдер

Мендеңі өнер сен дег омір сұрдеді.
Менің елім, менің елім – жыныр ен!

АЛМАТЫ

Жатыр жактар... Қарағайды аралайды жел ескен,
Жапырактар, жапырактар сыйыр-сыйыр кенескен.
Гау сулары таусылмады, сыңып тұрып ағады,
Қыз толқындар бірін-бірі шымшып құліп барады.
Айдалада акбоз мінген Алатау бір ақ батыр,
Ліппалада тал-қайындар, тал қайындар сапта тұр.
Қызыл гүлдер «үзілдік дер» баяула жел, баяула,
Қызыл гүлдер, қызыл гүлдер ұйқыда ма, ояу ма?
Бар табиғат – бір тіршілік, бір тіршілік баяғы,
Тартады ұрлап тамырдан нәр шіркін шыбық баяғы.
Тастың өзі нұр шашады, бүтін-дагы, кеше де
Біздің мынау Алматыда, күн жайлаған көшеде.
Тас балқыткан талма түсте – балқимыз біз күнге ұсап,
Қызуынан алма пісті – айқасқанда мың құшак.
Трамваймен жүре алмаймын, жаяулаймын – көп қызық,
Көп қызықты қапылыста алмайыншы өткізіп!
Жұлдыз көрмей күндіз көрдім, күндіз көрем әрине,
Түнде көрсем үндемес ем түсім ғой деп бәрі де.
...Жұз толқындар бірін-бірі тұншықтырып ағады,
Қыз толқындар бірін-бірі шымшып құліп барады.
Міне, біздің Алматы осы,
Алма төсі бұлтиып,
Алма-төске жас бұтандың саусақтары тұр тиіп.
Жүрші, жаным, қыдырайық, неғыласың жалғыз кап,
Алатаудың ак карынан әперейін балмұздак!

* * *

Жалындал барды да батты күн,
Оның да уақыты болып кап.
Жүйрік жел баса алмай аптығын
Бұтаға сүйенді солықтап.

Жапырак дір етіп басылды,
Калың кая қалды ұйып – жабағы.

Бояулар қызылды-жасылды
Аспанда дыбыссыз ағады.

Жабырқап ой ерте, дөн ерте,
Ұзын бел баурынан жарады.
Сайлардан кантаган көленке
Тауларды қусырып барады.

Бір ымырт пердесін түсіріп,
Мұлгіді, мыйғыды кәрі ағаш.
Ак бұлак көрпесін ысырып
Кек таска ұйыктады жалаңаш...

* * *

Сәүір туды, бұлтар аппак, су аппак,
Шүлғиды алқап әлдекімді қуаттап.
Жайрап жатты осынау ұлы дүние
Кіп-кішкентай күн көзіне шуактап.
Жолдын түгел ашылуын күтпелік:
Секір, толқын, шың басынан тік келіп!
Дәл қасымда еміс-еміс сыйдыр бар,
Жамбасымда шалғын жатыр бүктеліп.

Мен де титтей бір шыбық боп көктедім.
Көктем, көктем, өлеңімді төк менін!
Мойындармай Алатау тұр жалғыз-ак
Бауындағы Алматының көктемін.

* * *

Шығыс жактан келсе-дағы таң күліп,
Шығыс жакта сұрапыл бір шайқас бар:
Ұрды шапак қара бұлтты қан қылып,
Қызыл гауһар сықылданды жай тастар.

Аспан, суға алтын теңге сал бүркіп –
Неткен дәulet!

Текшелеп тек жия алсак!
Жетті, міне, жігіт-самал албыртып,
Бойжеткен-гүл бола калды ұялшак.

Мезгіл-әже көтерді күн табағын,
Кесті сәуле жапыракты пышактап.
Құр құмартып тұрды балқып ала гүл
ала канат көбелекті құшактап.

Сал сайранды, жел, табиғат еркесі,
Гүл, өтірік албыратпа бетінді...
Шөп қалтырап, дір-дір етті жер төсі
Бұдан бұрын жел көрмеген секілді...

* * *

Баурай бұлты жана көшті баяулап,
Медеу-сайдан самал есті жаяулап.
Кекжиекке барып қапты Ай аунап,
Осы бір кез, осы бір шак аяулы-ак.
Бал-балауса, байтак өлке, кен мекен,
Бала гүлді кім оятты, жел ме екен?
Сен кетпеші шыңды тастап, акша бұлт,
Кету керек болса түбі – мен кетем!
Жатыр ашық дария-дала далиып,
Далиғанды – даркандық деп таниык!
Бұлттар жүзді каршыға боп қызыл төс,
Бұлттар жүзді қыран болып ақиык.
Неғып тұрсын, сыйбырамай кара ағаш,
Жүгір, самал, жапырағын ала қаш!
Неғып тұрсын, махаббатшыл дүние,
Келе жатыр сәуле-сұлу жаланаш.
Сәнге тастап кос бұрымын шолпы өріп,
Су-бұлакты шым жібекпен көмкеріп,
Алып келіп уылжыған аспанын
Төбемізге коя салды төңкеріп...
Осы бір сәт қызарды да жанды жүз,

Осы бір сәт түсті жерге жалғыз із.
Күн көзімен жалт етті де, құшты кеп,
Алатаудай кәрі шалды әлгі қыз.

* * *

Көк балауса егілер,
Көгерер-ау тал, шынар.
Тал, шынардан төгілер
Моншақ-моншақ тамшылар.

Сол моншактай мөлдіреп,
Сол тамшыдай дір қағып,
Мен қараймын елжіреп,
Сен қарайсың ұрланып.

Бұлттар, бұлттар, ак бұлттар
Жайлайды ғой тау басын.
Дауыл да бар, дакпырт бар –
Бұлттар қайтып жаумасын!

МЕНИҢ ЕЛІМ

Көкірегімнің үміті мен тілегі
Күй болп түлеп, күн бол шығып күледі.
Күн астында көк төбелер түледі,
Менің елім, менің елім – гул елі!

Айтпағым бір ағыл-тегіл сыр еді –
Шежірене ол өлең болып кіреді.
Мендең өнер сен деп өмір сүреді,
Менің елім, менің елім – жыр елі!

Қанат комдап тан атқанда шығыстан
Торғайым бар қыраныңмен бір ұшкан.
Жүргегім бар жүргегіңмен ұғыскан,
Менің елім, менің елім – гүлстан!

* * *

Салқындал саясында самал-көлдің,
бұла өсken баяғыдан балаң менмін.
Сіміре саумалыңды, бұл жолы да,
Сабылып, сағымды өлке, саған келдім.

Тағы да топырағында жанарды ізім,
Сен десем бал-бұл жайнап жанар жүзім.
Бір пейіл,
бір ықылас – колда бары,
әкелген базарлығым – сол болады.

...Тікенге балтырымды талатып ем,
ал қазір дала барқыт, дала – кілем.
Кетіп ем сол даладан шыбық мініп,
Оралдым бір талаптың канатымен.

Сырым бар теренімде көрінбеген,
жырым бар шебер қолмен өрілмеген.
Әйтеуір біреуімін көп балаңның
өзінді елім деген, жерім деген!

ҚОШАЛАҚ

Жатырмысын, самалды сай, сырлы алап,
жусаныңнан сынап-шықтар сырғанап.
Күм-шағылдан өсіп шықкан шоқына,
жолаушыдай өте алмадым бір қарап.
Жыңғылыңды көленкелеп көз ілдім,
көз ілдім мен төсегінде сезімнін.
Саған тартқан өз ұлыңмын, өзінмін:
тұла бойым тұтас құйған төзіммін!

Сен секілді мен де күнгे күйіппін,
сен секілді жұпар жұттым, сүйіп гүл.

Сен секілді, аласамын тап-тайпак,
Сен секілді, таласамын – биікпін!

Уа, туған жер, сенде шын да, көл де жок,
ойым да жок сені өлеңмен «өндемек».
Дәл өзіндей карапайым болам мен,
Дәл өзіндей! Маған, сірә, сол керек!

ӘЖЕМЕ

Байғұс әжем, бір жыл болды, бір жол болды – көрмедім,
Көрмедім мен бурыл шашты кәрі қолдың өргенін.
Көрмедім мен сиыр айдап, отқа тезек салғанын,
Көленкеге құрып койған ала жолак өрмегін.
Еркелетсе – ермегі едім, жалғызы едім мен онын,
Әжем үшін жалғыз өзім – бір рулы ел едім,
Сағындым-ау сарғыш тарткан ертегісін, өлеңін.
Біздің жактан жел ескенде желмен бірге келеді
«Қарашығым, тамағыңды іш, демінді алшы!» – деген үн.
Дәл осы сәт отыр ма еken, отыр ма еken ине алып,
Жінішке ине, жінішке жіп – өткізе алмай киналып,
Әлде, әлде бір шүйкесін көршідегі тентек ұл
Алып кашып бара ма еken көк шыбыққа «бүйда» ғып?!
Сондай кездे ойлайды ғой, ойлайды ғой мені ылғи,
Сондай кезде қандай еken кәрі әжемде көңіл күй,
Көңіл шіркін! Нұрлы сәуле, әлсін-әлсін тіріліп,
Әлсін-әлсін елес берер, елес берер бір үміт.
Әлсін-әлсін жүгірем деп, қуамын деп үмітін
Көйлегінің етегіне қалды ма еken сүрініп?..

ОТАН

Бел балаң ем, өсейін бір шынығып,
 заводтарда болат илеп, шыны үтіп.
 Семіруге келгенім жок өмірге,
 аулак жүріп, ауа жұтып, тынығып.

Жана ғана тәй-тәй басқан жасынмын,
Сәби сынды талабым зор маскара.
Жаспын, бірак жасық емен, жаксы ана,
еркелеп кеп мойының асылдым.
Жомарт халық ұлы едім мен – жаркын жан
Әр сезімнің канаты отка шарпылған,
әр тамшымның түбіне ерек бал тұнған...
Салмақ алсам корғасыннан сендергі,
жалтыл алсам деп ем сендергі алтыннан.

СОЛ ҮЙДЕ

Сенде менің үмітім бар бір мыскал,
талабым бар өрден-өрге тырмыскан.
Ес білмеген, естілмеген күй де көп,
нота-сызыктарға конған үймелеп.
Танымалдар, тарлан бар –
бірте-бірте биіктеген армандар,
Менің жарым сықылданған бір ару
Кесте тігіп жатқан шығар – бармандар!
Емеурінмен еркін шықпай есіл үн,
аулай алмай бір әнінің шешімін,
Рояльда композитор отыр ма?
бармандаршы, какпаңдаршы есігін.
Белмеші ойын, сезімдердің гүлі үшін,
Күй жазады ол, жасырады мұнысын.
Сол бір үйден тынымсыздық сезем мен,
тынымсыздық, тынымсыздық – тынысым!
...Күн – әлемге, жер де күнге бір мыкты,
Мықтылықтар алды суды, күрлықты.
Жыр қылам мен сол бір үйді тынымсыз,
Тынымсыздық жасайды ғой тірлікті!
Тірлік, тірлік, бейнетіннің бәрі игі,
Қайратымды кара таска жанимын.
Мұржасынан тұтін шықса сол үйдін,
Бір отымның жанғаны деп танимын.

ЖАРТАС

Баяғы мұсін бір қалып,
тапжылмайсын орнынан.
Кектендің кімге сұрланып,
кім екен сені кор қылған.
Тұнердің мұнша сен неге?
Аспан түр ғой мөлдіреп.
Әлде өкіндің: «кеудеме
жапалак кеп конды», – деп.
...Ызғар кетпес жүзіннен,
ізі қалмас жыл айдың.
Көлді көріп күліп ем,
сені көріп мұнайдым.

* * *

Аспанда күн барда, әлемде сыр барда
адамдар мандайын жуған тер құрғар ма!
Беремін барымды, аламын жоғымды
екі кол, бір қеуде өзімде тұрғанда.

Дайын сөз, теңеумен, бояумен бір түне!
Ойға орта қеуделер жарайды құлкіге.
Арманда, жұрт, ойлан, орманда нұр тайған
Аю ма, касқыр ма, білмеймін тұлкі ме?

Торғай да, тоғай да көнбейді ырқына,
Кек бұлак, өлме сен көнбесен – бұрқыра!
Өлім деп нені айтқан – ұқпаймын, жок кайғым.
Әлде ол өмірдің тоздырған жұрты ма?

Аспанда күн барда, жерде ауа барында
ак бұлак, ак құлап, арында, арында.
Аласа шынында шының да, жарын да –
Аламын бәрін де, жұртый тек тарылма!

* * *

Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен?
Батырлық па? – Өз төрімде күтіп алам, түнетем.
Байлық болса кулау болар, тура кара көзіне.
Кім де болса алдамасын, алданбасын өзі де.
Қайғы болса артында оның қуанышы бар шығар,
бірі кірлеп, бірі жуып кеудем менің аршылар.
Бақыт болса, денем әлсіз көтере алман (өз ойым),
арман болса өмір-баки аркалайын, төзейін...
Адалым боп арнап келсе – барым әзір, көніл хош,
түсір жылдам, атын байла, қырауын қақ, тонын шеш.
Шындық болса кілем тәсе, дастарқаным жаямын,
жалғандық па – тулақ таста, сұртіп шықсын аяғын!

ТЕҢІЗ

Теніз, міне. Теніз менің не теңім,
Тенім менің – табынумен өтемін!
Толқын тулап жағаны асты, жарды асты,
Мөлт-мөлт етіп көбік-көздер арбасты.
Неткен ғажап, неткен ғажап бұл теңіз!
Бұл теңіз бен аспан егіз, бұлт егіз.
Жатыр шексіз қасіретсіз шалқып ол
Ұлылықтың, сұлулықтың даңқымен.
Бас ием мен сол даңққа амалсыз.
Амалсызыбын – ол күшті де мен әлсіз.
Уа, ұлылық! Атың кімді бұзбаған,
Дәл өзінді теңізден де қызғанам!
Теніз, теңіз, даңқ-атақтың құлы көп,
шынында да сен не тындырдың ұлы бол?!
Толқын, тулап жарға карғып, ал, шық, ал,
жаралғаныңды ұмытпа тек тамшыдан.
Тебірен теңіз,
тебіренгенің – далбаса,
басың сүйеп құлайтын
Кара жерін болмаса.

ЕГІЗ ШУМАҚТАР

Аяқ екеу,
Ақыл жалғыз,
қатем мың –
барлығын да өмірге өзім әкелдім.
Жігіт болдым.
Анам байғұс соған мәз,
шак болғанға киімдері әкемнің.
Кайдан білсін, кайдан білсін ол менің
бар мәнімді мазасыздық женгенін.
Кайдан білсін бар екенін талай жыл
шыбырткысын ұстая үшін Абайдын...

* * *

Екі бүйірім – егіз қынап секілді,
төрт жүзі бар екі қанжар мендегі
қырланады қырсықкан бір шағымда
сегіз бөліп кетемін деп кеудені.
Сол бір қырдан ұшқын алам жарқылдалап:
Бір қанжарды жауына арна деседі.
Тайсам егер елге берген антымнан,
Бірі менің өз басымды кеседі.

* * *

Мен үш-ак күн өмір сүрлім туғалы:
дүниеге келген күнім – бір күнім,
Ең үлкен қол – заман қолы – алды жерден
көтеріп,
планетаның ең кішкене тұрғынын.
Екінші күн – ең жаныма жақыны –
мас қылған күн махаббаттың шарабы.
Үшінші күн – сол бір махаббаттың да
сүитиңиң ұққан күнім болады.

* * *

Сағат байғұс тұра алмайды бір үнсіз,
тық-тық етіп минөттерін санайды.
Әркім өзі болса канша тынымсыз,
өзгенің де тыншымауын қалайды.
Ал, мен кейде үн шығармай қаламын,
жалығады жамбасым да тәсектен.
Сонда ғана... сағатымды аямын
санатуға уакытымды бос өткен.

* * *

Қос қанатын киып алып байғыздың
қырандарға берсек егер ұялмай,
қыран болып сілтер қыран бәрі бір
байғыздың да қанатын.
Топшы керек қанатты да қағатын,
жаман аты – сол баяғы бір жаман.
Қыран қанатын беріп еді байғызға –
конды ол барып бәрібір сол мұржаға.

* * *

Үміт, күдік – екі тәбет екеуі,
менін қеудем екеуінің мекені.
Бірін қусам кайратыммен коркытып,
Бірі менен өз еркімен кетеді.
Бірі баян таппайды екен бірінсіз,
бір орынға тағы екеуі сыймайды.
Екі тәбет ортасында бір кесек ет – жүрегім,
Күні-түні жұлқылайды, кинайды.
Мен егерде бақыт болсам,
ен әуелі қадірлер ем өзімді.
Бір күн ұшып, бір күн қонып жүрмес ем,
Содан кейін... сыйлар едім сезімді.
Іздер едім дүниедегі ең «сорлыны»,
жұрттың бәрін тан қылып.

Таңдап-таңдап бір-ак рет қонар ем,
және сонда қалар едім мәнгілік.

* * *

Мен көлденен тұрар едім тас болсам,
ауыздарға өсек-ғайбат түтеген.
Мен бір тамшы жас болсам,
сұлулардың кірпігіне бітер ем.
Сия болсам сөйлемдердің сонына
Тамар едім нүкте боп...
Ал, егерде бас болсам
Ақымакка кояр едім бітпей-ак.

* * *

Алтын деген шыдамды ғой, шындықты дәл
біреу іздел тапқанынша – жатады.
Дүниені кезіп бірақ жүреді
Алтын деген атағы.
Алтын деген атағы да іренді.
Кім иелік жасай алар данкка!
Сол секілді дананың да аты кезіп жүр елді,
өзі бірақ жатады ылғи табытта.

* * *

Теңіз болса сұлулық,
кемесіз-ак жүзер едік біз
онда:
корқақтық та құбылар ед бояу боп,
поэзияға айналар ед азан да.
Теңіз болса сұлулық,
болса-дағы қаншама мол, қанша көп,
сұлулыққа құмартқан көз-оймакпен
әлдекашан құйып алып таусар ек.
Ешбір көзді, қарын, қанағатты да
тойдыра алмас менің кисель – сөздерім,
Канатымның қауырсыны қатты ма –

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

ұшқанымның өзін кейде сезбедім.
Қазіргі адам қанағаты – көзінде,
тою деген қасірет емес, кой әрі.
Тоймаса да жіті болсын көз бізде,
ал, карындар – кисельге де тояды.

* * *

Кызғануды ұқпаушы едім бұрын мен,
көрші кызды қызғанбаса болмады.
Екі іштектей катар түсken бұрыммен
менің сезім-саусактарым ойнады.
Мен қызғансам көршіні, мені қызғанды әйелім –
қос күйікті көтеріп жүр бой әрен.
Егер менін қызғанышым – ит болса,
Екі есікті құзеттіріп кояр ем.

* * *

Көкірегімде бір сыйыр бар, дубір бар,
Сайысады сабырлы ақыл ашумен;
Сезім мен сыр, кане, сыртқа шығындар,
Сендерге ие бола алмаспын асыл мен.
Ақыл, ашу айтысы –
Біреуін де колдамаймын тегі мен:
Екеуінің женсе-дағы қайсысы,
Бәрібір – мен женілем.

* * *

Наполеон етігінің сынары
«Ұмыт қалған» орыстың орманында.
Келмеген соң өзі іздең,
Гитлерге табыс еттік оны да.
Сол күн жәлі естеліктің өзі де
Сары тарих, сарғайған құр сүгірет.
Енді біздің бұл өлкеде ешкімнің
«Ұмыт қалған» түгі жок.
Жақсы ағалар бата берген ак жанмен

жарқ етпей бір қалам ба?
Жаксылықты көру үшін жердегі,
Жаксы болу керек екен маған да.
Жаксылықты тауыса алмайды өлім де,
Жан емеспін мен өлі.
Жамандықты көзім көрген сайын мен
жаксылықтан үш айналғым келеді.

* * *

Сұлулықтың құлпырады бояуы,
Кандай бояу? – сезеді оны жүрегім.
Қызыл, көк деп түстей алман өзім де,
Тек әйтеуір сұлу екенін білемін.
Сұлулықтан қанша рахат табасын,
күйші соны қанша шебер жырлайды.
Соның бәрі... әппақ жұмыр білекті
бір-ак рет ұстағанға тұрмайды.

ӨЗ КӨЗІММЕН

Жер,
Көк аспан,
Күн жаңып тұр сұрапыл –
тіршіліктің үш негізі бұл берік.
Зырылдайды кинолента-уақыт –
Көре алсам-ау соның бәрін үлгеріп...
Мен анамды таныған ем ен алғаш
Осы көзбен – енді неге жаңылам!
Содан кейін...

туған жердің үстінде
аспанымды танығам.

Келе-келе кетті «ұсақтап» бұл көзім –
Көрер болдым көрші қыздың бұрымын.
Елеусіздеу алып өтті күн де өзін,
Екі бөліп көк аспанның құмбезін.
Соны көріп үйренген көз, міне енді

Көріп отыр кабинетті, кілемді.
Бұл жанарда канша ай мен жыл өлді?
Жок, өлген жок, бәрі маған тиелді.
Мен тірімін, жылдар тірі мен көрген!
Менің санам – естеліктер жинағы.
Бәрін де мен ұмытар ем,
Осы көзде тұрмаса
ана байғұс аспанымның дидары...

* * *

Жүрегінде бір тамшы қан болса егер,
бар дененіңді айналып ол жол шегер.
Мен де осынау тамшы қанға барабар,
туған жердің тұла бойын аралар.
Менің демім баяу ғана бір алған –
күрсіну мен сүйсінуден құралған.
Арман, арман алға бұрды бетімді,
нені қусам – сүйем соған жетуді.
Мен кідірсем терім сүртіп бір сәтке
бүкіл дүние жүрек құсан токтап қалар секілді!

* * *

Сенің, туған жер, демінді бір алған
сеземін мен танғы самал, мұнардан.
Бір басылып, бір шыкқандай,
көкірегін
шокалдар мен төбелерден құралған.

Алатрудан анқып аккан өзеннен
дарының мен арыныңды сезем мен.
Көкжиекке аунап кеткен түндерден
аунап кеткен қасіретінді білем мен.
О, туған жер!

Аппак карда қара киқым жатыр шан –
киқым ой мен қырсық пиғыл тозаны.

Бір жүйріктен бір жүйрігін озады,
соны көріп менің де арқам қозады.

О, туған жер!

* * *

Сан-сан айлар өткен сайын, сан айлар,
агарады сакалдар мен самайлар.

Адам шіркін картауды санайды ар,
айлар, айлар, барады өтіп сан айлар.

Картсың десе камығады көп ойлар,
картың десе қалғиды орман-тоғайлар.
Айлар, айлар, алға барсаң санай бар,
ағарды екен канша сақал-самайлар.

Айлар, айлар, өте берші, өте бер,
айлар жұғін күндер енді көтерер.
Бұл әлемде сөнбей тұрса от егер,
менің-дағы карыздарым етeler...

Айлар, айлар... көрдім жүзін сан айдың,
Айлар өтсін санамаймын...

Санаймын!

Ай өткенін мен туғалы талай бір
самайына қарап білдім ағайдың...

* * *

...Әлі жүрмін.

Түк бітірген жокпын мен,
іш казанын жалайды ыза от-тілмен.
Алып, алып көп қарызды көп күннен,
біреуін де өтей алмай өттім мен!?

Жок, өткем жок,
өтпегендे қалды нем!?
жиырма бестен өттім елдің алдымен.

Тұған едім ең соңынан бұл жүрттын,
ең алдымен соғар ма екем санды мен?

Осы ойлармен атты әнеки, тан-дағы,
Тағы бір күн келе жатыр жанғалы...
Мен өткем жок,
өтеді екен жылдар тек,
бірақ менде калады екен салмағы.

КӨРЕМІСІН, КӨЗ?

...Жібек бұлақ желкілдейді,
бар ағы
кәрі әжемнің бұрымындағы ағады.
Тасты шашып, тау құлағын жарады,
көлки құлап, толқын ұзап барады:
көремісін, көз?
Бұлақ-бурыл будак-будак ырғыды,
тенеп-бөлеп үлгірмеді жыр мұны;
Жастық шактың, махаббаттың тұрғыны –
мына аланда тұр ашылып кыр гүлі –
көремісін, көз?

* * *

Күркіреген толқындар,
осынша үнді барады өзен кайда алып?
Мұнда қандай құдірет бар мен тыңдар,
көрсем бе екен ойланып?
Жақпар – жадау, түк сезбейді дөн үсті,
ал, баурайда көп толқындар тәбелесті, өлісті...
Акырында бәрі бірге ағуға
Келісті.
Өйткені олар барады екен бәрі алға –
Алға жүру керек еді маған да.
Мен ойланып тұрғанымда шет қалып
көп толқындар кетті ағып...

* * *

Жұмыр жерді түгел көріп өтем деп,
Мен отырымын бір төбені мекендеп.
Анда барсам мына жакты көрмеймін,
Мында келсем ана жакты көрмеймін.
Айтындаршы, айтындаршы өр Адам.
Бір мезгілде бәрін қалай көре алам?!
Тұн болсам да көрер ем тек бір бетін.
Күн болсам да көрер ем тек бір бетін.
Ал, егерде аспан болсам мына мен –
бар жағынан бірдей көріп тұrap ем!..

* * *

Тамшы терді сығып алып денеден,
жұлдыз қылып жағайыншы деген ем...
Оу, көк аспан тесіліпті-ау тегенен,
Тегененде қүюлы екен көп өлен.
Алыс жактан албырт сәүле себелеп
құйылып тұр, құйылып тұр не керек!
Жер ырысын бекіттік біз шамдармен
көшелерді қатар-қатар шегелеп!
Маужырап тұр, бүгін тыныш тұн біздін,
тыныш тұнде тұйық қызды құлгіздім.
Тыныштыққа денен балқып кетердей
сәулесімен араласып жұлдызын.
Әр тірліктің тұні мынау, күндізі –
Әр тірліктің жұлдыз болып күлді ізи.
Жұлдыз көп кой,
жұлдыз көп кой аспанда,
Одан да көп біздің жердің жұлдызы!

* * *

Көк те жұлдыз, жер де жұлдыз – бәрі үшкын,
жұлдыздардың сәулесімен жарыстым.
Жері қайсы, көгі қайсы – кім білсін,

жер мен көктің арасында бір гүлсін.
Нәзіктікке табынғандар,
сәуленің
жалғыз ғана дір еткенін жыр қылсын!
Көз алдымының бәрі жұлдыз – бір керім,
көк болды ма жер деп менін жүргенім!
Шойын-бұлттар Құн нұрынан балқыды:
соның бәрі өтеді
адамдардың жүректері арқылы.
Аркасынан асыл болаттардың біз
таспа тіліп жүрміз көп –
сом балғадан ұшқын ұшты жұлдыз боп.
Жұлдыз болып жарқырамас қандай жан!
Жұлдыз болып терім тамды мандайдан.

* * *

Қайдасың кайғы, үміт,
сенсіз де күн бар,
жел – еседі.
Тек карттар кешегі
жанбырсыз бұлт жок деседі,
қайғысыз үміт жок деседі.
Қайдасың кайғы, үміт,
сендерсіз көкірек тым-тырыс,
бұлакта жок ескі бұлқыныс,
шөп тыныш, гүл тыныш –
менде жок ұмтылыс.
Жоламай кайғы, үміт,
жүрегім калғандай шайлышып.
Батар құн нұрындай соңғы рет
түсетін шынға өлі
сен де бір қарашиб қайрылып?!

* * *

Тау тәсі ақ, ақ айран –
қара бұлт жалайды жата қап.

Аспанда жұзді бұлт дақ болып қарайған,
сол үшін бұлт деген атақ ап.
Кәрлі бұлт түнеріп караса жан-жакка,
жасыл көл кеш дейді сүтінді ақ,
Карт шындар шыдамай корғасын салмакка
майысар секілді сықырлап.
Тамшылар шөпке ұйып – мөлдірлік,
мөлдірлік дегеннің шарты бар:
Жасапты табиғат тауды да көлгір ғып,
бұлтқа шытынап, күнге жаркырап...

* * *

Күн шыжып тұр.
Талғар жактан бұлт келеді жөңкіліп,
бір салқындық болғай деймін мен тұрып.
Бүкіл алап шыр еткендей болады
тиіп кетсе ботинканын табаны.
Күн күйіп тұр... тіл жабысып таңдайға,
шаш көлеңке бола алмады мәндайға.
Ауыр еken шілде айының бұшшағы,
секілді алап ақ жалынның құшағы.
Дыр-дыр еткен кызыл шок боп ұшады,
Дыр-дыр еткен кызыл канат шегіртке
бір-бір түйір кызыл шок боп ұшады.
Дәл осы сәт шыңға конды сүр бұлт кеп,
ақ шың оны шынтаққа алды бір бүктеп.
Бұлқынды бұлт, кете алмады жұлынып,
көлеңкесі қалды маған ілініп.

* * *

Тауға карай келемін, тауға карай,
желдің-дағы мәндайдан аумағаны-ай.
Күндерім де алдағы тау сиякты,
Тауға карай беремін, тауға карай.
Алқынады кос өкпем, ысып демім,
Ұят болды, қол-аяқ ісінгенің.

Бұл сырынды, табиғат, түсінбедім,
Мен сенің түсінбейтін кісің бе едім!
Мен келем бе, жаным-ау, тау келе ме,
көнілім бір сәт кобалжиды әлденеге.
Бұлт боп бұғып,
сағым боп бұрандаісын,
жеткізбесен, ей шындар, әурелеме.
Келем, келем өзімнің ішімде мен,
мен оттымын деп келем бұш шілдеден...
...Биікті ансар ылғи да адам жанын,
Биіктітер, сен кашан түсінген ен?!

ТАМШЫ

Құм – жаланаш жатыр еді, обал-ак:
қарауытып дір-дір етті дөң, алап.
Тамшы, тамшы келеді әне домалап,
Кек бұлтының бар сезімін тонап ап.
Мөлдір тамшы конды құмға секпіл бол,
жұрт шу етті: секпіл, секпіл деп тілдеп.
Мөлдір еді, мөлдір еді тамшы бұл –
кеудесінен шыққан үндей әншінің.
Енді қалай болды коныр, карала –
карамашы, карама!..
Көмейіне түйдек бұлттар тек келіп,
көкжиек тұр үндей алмай кептеліп.
Ал, сол тамшы сәуле болып туды да...
ақырында құмға сінді – кетті өліп.
...Тамшы тапты Жерді – мәнгі мекенін,
mezgіl-ана тербетеді мекені мен екеуін.
Өкінбес ед, білмейді ғой сол тамшы
Жердің-дағы тамшыға ұқсас екенін?!

* * *

Ей, достарым, тірлікте көленкे жок дедін бе,
Күнге он рет сен оған кездесесің кемінде.

Десен егер жер үсті тек күншуақ мекені,
Күншуактар жайлы жыр жазу сенің не теңің!
Бұкіл дүние тек кана қуаныштан тұрса егер,
Қайғы-мұн бар дегенге құлден өзге кім сенер.
Бұкіл дүние тек кана қасіреттен тұрса егер,
Қуаныш бар дегенге Күннен өзге кім сенер.
Сенім керек дүниеге, сену керек, ағайын,
Өмір үшін бәріне көну керек, ағайын.
Бір тыынның кос беті секілді өмір! Төледі
Күннің оның шаттық пен қасіреттің өлеңі.
Бір беті оның – қосылу, айрылысу – бір беті,
Қай бетінен көрсөн де танисын ғой сен оны?!

Тану керек дүниені, тану керек, ағайын,
Сөну үшін дұрыстап – жану керек, ағайын.
Көреміз де бұтанды – көкпенбек жыр бер дейміз,
Сол бұтадан құлаған қоленкені көрмейміз.
Көргім келед мен бәрін – көру қолдан келе ме?
Күдіктене караймын қоленкесіз денеге;
Көленкені қолдан мен жасай алман – сенсөн ғой,
Биік болса қоленкен – ол да өзіннің еңсөн ғой...

* * *

Аппақ болып барлық маңай тұр жанып,
Жок кой ешкім ақ жарыкты кірлеткен!
Тасқа түссе бұл жарық,
тасқа-дағы караймын мен құрметпен.
Құйылып тұр, құйылып тұр нұр-жарық –
емен, шырша шыға келді бұр жарып!
Жарық түссе қасіреттің өзі де
кетер еді нұрланып!
Жарық, жарық! Мынау жердің бетінде
көленкелер ұксайды еken жетімге,
Нұр-әкенің жанарынан тыс қалған.
Жарық болып көкірекке түсті арман.
Жарық деген – ең әйгілі есім бұл,
бөбекімді сәуле болып өсірдім.

Бұл өмірдің көктемі мен шуағы –
Махаббат пен мейірімнен шығады.
Жарық деген әлемдегі ең әдемі,
демен, бірақ тек жарыкпен жанасын;
Жану үшін – қызу керек әуелі,
Ол қызуды – өзің ізден табасын.

* * *

Айқай салдым. Шынның шүбар тастары
дүркіреп кеп түсіп жатты табанға.
Жиырма жылдық желікті оймен бастағы
айналаны бір сілкінтсең – жаман ба!?
Жо, жок, баурым, қызын тілдің сөзі бұл,
Мен – шың үшін үн катамын шалғайдан.
Жаңғырыксыз ұлылығын өзінің
білер еді шың кайдан?!

* * *

Алатаудың шаркатынан
таркатылған ак бұлак
ат сүйреткен кендір аркан боп ағып,
Шанытады әр бұтаға қактығып,
Әр бұтаның аяғына оралып.
Ак қайындар дір-дір қағып, дір қағып,
Жіліншігін тұсау қаккан асаудай,
Өзі-өзінен ауырсынып тұрғаны,
Жалғыз аттап баса алмай.
Тастар жатыр шекелері жылтырап,
жүргендеймін тайғанақтап, тайып мен.
Дөн үстінде бұрғы-құйын бұркырап,
Жатыр сұлап көкшіл, жалпақ қайыс-бел...
Аркан-бұлак жер өндесе екен деп,
бұрғы-құйын тереңдесе екен деп;
тас пен жылу жакындаса екен деп,
Мен отырмын осы жерді мекендей.

* * *

Төбе керек – шығу үшін тауды асып,
көне керек – жығу үшін дауласып.
Жол да керек – жұру үшін адаспай,
мoldык керек – алу үшін таласпай.
Дана керек – өкіндіріп өлуге,
бала керек – карттығынды көруге.
Ерлік керек – жауын үшін емес ол,
бірлік керек – ауыл үшін емес ол.
Кол да керек – алу үшін емес ол,
аяқ керек – із калмасын демесен.
Қасиетінді танымаса жар да елеп,
қасіретінді көтеретін нар керек.
Мықтылық та керек екен шын осы –
тым құрыса, мықтымын деп жүресің.
Осалдық та керек

бізге бір керім
мықтылықты құндеу үшін жердегі.
«Құдай» керек – сиынбауга сайтанға!
(құдай жок қой, жай, әншейін айтам да)
Бәрінен де жүрек керек...

Көп керек,
аз ғұмырға кету үшін де өкпелеп.

ЕРЕЙМЕН ТАУЛАРЫНДА

Жатыр дала аякталмай, басталмай,
Ұлылығы – Данте жазған дастандай.
Жылдылығы – кәрі ананы аяудай,
Сұлұлығы – Репин жақкан бояудай.
Аспан биік – Әсет айткан ән сынды,
тастар – киік, үрке-үрке таусылды.
Бір шоқыға шығып алып шыркасан,
бүкіл дүние еститіндей даусынды.
Жасыл таулар, ойдым-ойдым қайындар,

бір суреттен бір суретті дайындар.
Бала-бұта, иықты қыр, киік-тас,
мен сендерді кия алмайтын жайым бар.
Жүрген жақсы машинамен желдіріп,
жақсы одан да тұрып қарау телміріп –
түседі еске өткен ойшы, жыршылар:
«Ерейменге бүркіт ұстап бір шығар»...
Ерейментау!

Неғып тұрсын мактанбай?!
Кейде аспаның оңып кеткен макпалдай.
Дөндер желіп, жапырактар жаутандап,
бәрі маған еріп келе жатқандай –
көнілде бір дала құсан басталды ой.
Сұлулығы – Репин жақкан бояу ғой,
жылылығы – сую және аяу ғой...

БОЯУЛАР ТУРАЛЫ

Бояуы бір акша бұлт пен ақ кардың,
Көк аспан мен шалқар көлдін түсі бір.
Сен де өзінше талай ойды актардың –
Мықты болсан дәл осыны түсіндір.
Ақ көбелек айналады ақ гүлден,
Көк көбелек қызыл гүлге конар ма?
Гүл шырынын «татырмайды жат тілге» –
Өзге түстен сактанады олар да.
Туыстық бар көленке мен койнауда,
Аскак шың мен алтын шапақ сыйылды.
Қоныр бояу – жаралғандай ойлауға,
Күннің күлуге жаралғаны сыйылды.
Ақ, қара, көк, қызыл, қоныр – әр алуан,
Әркайсысы өз мінезін баяндар.
Осыншама көп бояуды көре алған
Екі көзде бәрінен көп бояу бар.

ҚҰЗГІ КӨҢІЛ

Терек, кайын; гүл мен тікен; жас, кәрі –
қалтылдайды сап-сары шөп бастары.
Көңіл желін бұлтпен басып таstadtы,
күзгі өнірдің шаттығы да сап-сары.
Сары бәрі, тек асау шың тұр аппак,
Тенселеңді алтын емен күніреніп,
әр бұтағы бір-бір батпан мұн болып.
Сап-сары жел бәрін-бәрін қуғындар,
боз аспан тұр қылау бүркіп, сұытып.
Жас жігітten сырт айналар сұлулар
көктемдегі ғашықтығын ұмытып.
Кызыл перде кыз әйнегін жаңағы,
жігіт емес, сары жапырақ қағады...
Күн сарансып сарғыш сәуле құяды,
сарғыш тартқан секілді ғой сия да?!
Кыз алдында көктемде айтқан сөздерін
Жігіт те енді есіне алар ұяла...

АЛМА

...Жағып тұр бұталар қып-қызыл шырағын,
Жымындал ағады бір ағын –
Көрсем де көп қызыл алманы
алмадым – шыдадым.
Өзімді жендім мен – алмауға келгенде,
Бірак бұл женісім – баянды болмады.
Қып-қызыл бір сәуле күн бата бергенде,
Боп-бозғылт ернімде құтырып ойнады.
Бір жанға болып па аз айып –
Бұтактан үзілді бір алма.
Осындай сәттерде ғажайып,
Бакыт боп сезілер кінән да...
Көңілім тек күн шыға айықты –
Бір ана таяғын таска ұрды;

Бір жігіт алмасыз калыпты,
Бір қыздың көзінде жас тұрды...

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ МЕШІТІ

Сырлы сурет, сиқыр сезім, ой анык.
Айта алады бұл өнерге қой деп кім –
Көне тілмен күмбір-күмбір сейлеп тұр
Таска жаккан әрбір бояу оянып.
Тас байлауы – байлауындай жұмбактың,
Шеше алмайтын секілді ме оны ешкім?
Үнсіз жырды қалдым мен де тыңдал бір,
Бірак... түк те түсіне алар емеспін.
Ұлылық деп осыны айтса – көнем де,
Сұлулық деп осыны айтса – сиятын.
Қарап тұрып жеті ғасыр төменге,
Сүйсінуге ғана жетті қуатым.
Осы болар биіктік деп жүргені,
Бұдан артық биіктікке шыдар кім.
Таңдантып ед Байрон жазған жыр мені,
Содан соңғы таңдануым шығар бұл.
Мұндай өнер күтіп пе екем мен тегі,
Шын құдірет жығылмайтын секілді.
Әрбір тасы – ғажайып бір ертегі,
Бірак саған да ұғылмайтын секілді.
Сол шеберін... барлық адам көрсін деп
Құдіретін құпиямен бекітті?
Жұмбак болса – түтел жұмбак болсын деп
Өз атын да жұмбак қылып кетіпті.

ДАЛА ДИДАРЫ

Кырларындағы таспанын – қыры өткір кияқтың,
ала бұлтты аспаның – айран шалап сиякты.
Жалбыр-жалбыр канбағың – түрікменнің
бөркіндей,

жата алмайды бұжакта топырағын да желпінбей.
Бидай актап жатқандай бұркырайды құм үсті,
сай қуалап ағады ұры-жолдар жымыскы.
Құдышы да терен кіл – мағынасындай өленнің,
көз жеткісіз айнала – көлбеп жаткан көлем бір.
Құм-шағылдар үйілген алтын қырман секілді,
Мұнша жылдар сүйіп жел – алқындырған секілді,
бір басылып кеудесі, дем алғандай бір шығып,
Шайырындай буранын боз жусанның бүршігі,
Бүкірейген ку бұта – саусағындай кемпірдің,
Қыр сауыры дөңгелеп – сұр құлынды келтірді,
Жылт-жылт еткен ебелек – жылап акқан су

сынды,—

...өз тіліңнен жоқ өзге басатұғын сусынды...
О, дариға, осынау қарап тұрып далаға,
тым құрыса, бір минут мұнаймаска бола ма;
сояулар тұр сап-сары – кәрі тістей ыздыып,
көбелектер жүр ұшып бал орнына тұз жиып.
Тек қана анау төбеге көтеріліп, күш қылып,
бір машина барады «жанын сүреп», ышқынып,
Қырларындай таспаның жол тілінді – құйғыды,
суырылды ақ шаңы – кометаның құйрығы.
Бірте-бірте келеді таспа-жолдар көбейіп,
бірте-бірте келеді көкжиек те кенейіп...

ӨЗІҢЕ

Білсен егер қастерлей,
Қастерлей гөр даланы.
Жауға шапсан әр бұтағы – әскердей,
Жаурап қалсан – пана бола да алады.
Төбе болса шығар едім, эттен бір,
Дейсің ғой сен алыс кетсен құмартып.
Тауларынан жат жердің
Өз жерінде таңдап шығар қыр артық.
Шық та кара, бабанша емес, біракта,

Төбелердің момындығы қойдай ғой.
Келсе сонда бота даусы құлаққа,
Өз жерімде отырмын деп ойлай ғой.
Мұхит асып бара қалсан сен онда
Ала кетші жалғыз уыс құм-жұпар,
Кілемі де кір боп жұғар табанға,
Балағынды тікен емес, гүл жыртар...
Қастерлей ғөр карт даланды төзімді,
Саулығы үшін қалада өсер балаңның.
Қаппас үшін балтырынды өзіннін
Әрбір итін адам қыл.

* * *

Дала төсін еске алу да – сүйеніш кой, медет кой,
Ана төсін аңсау үшін – құмды еске алу керек кой.
Достарына өкпелесен жок деме сен жебеушім –
топырағын туралы ойлап, өзінді-өзін демеп кой.
Саф-құмардың сұлулығын көрмеген көз – санлау ғой,
ақ шындарды қөргені онын қөрген емес – алдау ғой.
Жұпар іісін жаның емес – денен сезу керек кой,
Сезбесе оны терін сенің – тері емес, жай кенеп кой.
Тұған жердің топырағын сезе алмаса табаның
саған біткен аяқ емес – ат қазық кой, терек кой.
«Өз жерімді сүйем» деген бос сөз болып шығады,
Жатпаса оның өн бойында қасіреті мен шуағы...

* * *

Бүкіл әлем махаббаттан тұрады –
Таңғы шапак – от боп жанған еріндер.
Бүкіл әлем мейірімнен тұрады –
Әжелердің әжім жүзін қөріндер.
Жаса десе дүниенің картасын,
Көл орнына көз салар ем тұп-тұнық.
Алатау мен Балқан таудың ортасын
Бір тал шашпен жалғар едім мықты ғып.
Білеу-білеу қырларының орнына
Білегімнің сүгіретін салар ем.

Өрбіп жаткан өзендердің орнына
Қан-тамырдың сүгіретін салар ем.
Бүкіл әлем – мейірімнен тұрады,
Бүкіл дүние – махаббаттан тұрады!
Жуады ғой катып қалған қайғыны
Жана туған бала күннің шуағы.
Көрсет десе ғұмырыңың бар сырын,
Күн көзіне тосар едім күректі.
Жаса десе, жаса десе жер шарын,
Сүгіретін салар едім жүректін!

МАХАМБЕТ ТУҒАН ЖЕРДЕ

...Бұл бұтанды шалды талай ат арық,
Талай-талай тамырларда тасты қан.
Бір ғасырды қазып алсаң қопарып,
Махамбеттің ізі шығар астынан.
Үзілген жол – түсіп қалған тұсаудай,
Кара каудан – жалындай торы айғырдын.
Тас шокылар – ер касына ұсардай,
Батыр баба, камшынды сен қайда ілдін?!

Шектеп койған кәрі құлақтай дала бұл,
Ерттеп койған арғымактай дала бұл.
Бір баспаса сағынады табаным,
Жылда жана бір ізімді саламын.
Мынау құмдар кімнен ғана қалмады,
Торы айғырға кімдер такым салмады;
Күйшілік пен жыршылықтың конғаны –
Махамбет пен Құрекеннің әруағы.
Көк сұнгінің шанышылған бір жері бұл;
Көрінбейді бірақ одан тамған қан;
Кеудесіне біткен жырдың желігін
Айырбастап қалдырыпты арманға...

Қазір мұнда той бол жатыр деседі,
Басынызды көтерерсіз бүгін сіз?

Өзінізді туған тәбе кешегі
Жата ала ма дүбірсіз!

* * *

Ак нәрсені білейікші қастерлей –
Сенем акка, қалай сенсе арға адам;
Әйел жаны жазылмаған дәптердей,
Жазу үшін дайын тұрар әр қалам.
Абайла, тіл, алма сөзді бүлдіріп,
Ак нәрселер тез кірлесе – несі айып?
Біз әйелді білмесек те құлдіріп,
ептеп-ептеп ұнайтын жыр жасайык.
Мықты болсаң ак нәрсені корғап көр!
Оған үйір кір мен бояу не түрлі.
Біреу үшін – шимайлланған сол дәптер,
Біреу үшін – басталмаған секілді.
Ак параққа талай сөздер жазылар –
«Махаббат» деп, «қасірет» деп, «құлкі» деп.
Ал кейде бір жазылатын шағы бар:
«Бәрінің де көшіп кеткен жұрты» деп.

* * *

Әйел!
Әйел! – кай тілде де әдемі,
әйел деген сөздің өзі – сүйікті ән.
Құмарлық пен махаббаттың әлемі
жаралған ба ак тамақ пен иықтан!
Қаймак-ерін сәл ашылса құлгелі,
құлмес бұрын көніліңе келеді үн.
Сонда оның женіл алған бір демі
сатып алар жұз ақынның өлеңін!

* * *

Әйел деген – бір драма күрделі,
Дүние емес драма деп жүргені!
Салыстырсан мінезімен әйелдің

Жай нәрсе боп көрінеді әлем бұл.
Бірде құлкі, бірде қайғы, бірде наз –
Дәл осыны шын бағалап жүрген аз.
Сан сахна, сан шымылдық... сан қылы
Кейіпкер бар, әне, бірі жан киды,
Сол әйелдің құлқісі үшін тірі өлді –
Тым беріліп ойнап еді рольді!
Бір жымиып, құрсінсеніз бір тұрып,
Драманыз сала берер құлпырып!
Ұлы тартыс, шым-шытырық сезімдер,
маған, маған тағы біраз төзім бер;
Айып етпе!

Әйелдердің көзінде
Бір рольді ойнап келем өзім де.

* * *

Туған жердің ауасындай жұпарын,
Құнығып кеп, суырып кеп жұтамын.
Саусақтары – қызыл гүлдің сабагы,
байқап ұста үтіліп қалады!
Жанары оның – шілдедегі тұн асыл,
жасырады бакыты мен кінәсін.
Сол бір жанар жасын тәксе егіліп
көздің өзі кететіндей төгіліп.
Үні– әндей, әні бірак – ынжық ән,
керуендей әрен-әрен жылжыған.
Аяқ басса билегендей болады,
бірак оның биін көргем жок әлі.
Отырғаны, не тұрғаны сезілмей,
карайды ол бәріне де төзімдей!
Кеудесі ток – талапсыздың көніліндей,
шашы кара – қасіреттің өзіндей...

* * *

Саған ыстық естіледі әуелгі үн,
сезім – тұман, басар ол да мұнартып;

Пәтерінен кейде сұлу әйелдің
көші мұздың көшкен орны мың артық.
Саған әйел тілер едім жалғаннан,
Кейде одан бакыт тапқан жан емен.
Кей әйелге ғашық болып жанғаннан,
сөнген артық – жазып шығып жаңа өлең!

* * *

Кезім еді көзден тамшы жас шыққан,
екі бетті теуіп еді шапшып қан;
Сонда менің көңіліме аптықкан
көрінген ол көйлек киіп ақ бұлттан.
Сол ақ бұлтқа талмай қарап келем мен,
Безгем және бұлттан өзге тенеуден.
Бір ақ бұлттан отыр едім өнгеріп,
Бір ақ бұлтты көрдім тағы тәбемнен –
Сол кос бұлттан бір наизағай ырғып кеп,
Салды мені қабыргамнан бір бүктеп.

Кос ақ бұлттың іле алмаған біреуін
Кәрі шыңдай тенселеді жүрегім...

* * *

Муза мен мұн ауырлатты бір-бірін,
Қатпар-қатпар бұлт үстіне бұлт конып.
Елден ерек өсіп еді бір гүлім,
Ол да міне... жатыр екі бүктеліп.
Көніл деген – бір ұлпілдек макта ғой,
Кірлі колдар ұстауга оны қымсынбак.
Таң алдында кармағымды қапқан ой
Қалтқымды батырады шым-шымдал.
Мен де ұнатпай отыра алман «Мен» деуді,
Менің қолым – көп жағада кеткен кол...
Қоңыр далам, көрсетер ем бейненді,
Ми жетпейді, момындығым жеткеннемен.
Жұз күдікке карсы жалғыз келді үміт,

Майдан ізі көп өлікті санатты.
Оған да мен кете бердім көндігіп,
Қайқаң етіп бір шыткан сон қабакты...

* * *

Кіммін осы? Не бердім мен? Не берем? –
Алушы еді пенде не.
Лақылдатып жалынды жыр төгер ем –
Тарлау екен кеуде де.
Қырсыз ойдан құйініш пен ыза алдым,
Жан екенмін тас мандай...
Ақырында өз-өзімнен қызардым,
Таң алдындағы аспандай.

* * *

Мен де ол құсап соғар едім өтірік,
Күзгі көлдің толқынындаі көпіріп.
Сөз көбігін тілмен шайқап шашар ем,
Жағалауда жартас болып отырып.
Сапырап ем толқынымды – барда өлең,
Үйқасты да қалар едім әрнеден.
Желік барда мынау жалпак әлемде,
Сөз болып па жаға деген, жар деген!
Бірак, шындық ұрып тұрсын көзге сен,
Қалай ғана, қалай ғана кездесем!
Соғар ем мен, өтіріктің берінен
Өзім кейін өлерімді сезбесем...

* * *

Данқ!
Мынау тас бетінде жүр жүзіп,
бәз біреудің жаңын тірі тас қылып;
бәз біреуді демеп тасқа мінгізіп,
бәз біреуді кетті таспен бастырып.

Жалактап кеп жанады от,
Қызыл ұшқын ұшады кеп шырқырап.
Көріне ме көз байғұска жаңа боп

ескі ошактан шықкан әрбір жылтырак?
Есер көніл еспе сөзге жүзіп тұр,
Мендегі ұшқын бір жылт етіп көз жұмды.
...Тұтандырар түк таппаса қызыл тіл
айналып кеп өртейді екен өзінді...

* * *

Жерге еліктеп әжім түсті бетке де,
Бұлтқа еліктеп ұйысады жабағы.
Ошактағы от күнге еліктеп көктегі,
Ол да өзінше қып-қызыл боп жанады.
Кейбір жігіт шабытына құрайлап,
Бәріне де бар шығар деп бір өлім.
Сахнада өліп-өшіп жүр ойнап,
Ақындардың ролін.

* * *

От атаулы жанар еді білінбей –
Көріп қойса айқай салар ел оны.
Ол да кейде, өсекшінің тіліндей,
әділетсіз келеді.
Сол секілді, ой да жалын, тіл жалын,
тіл шіркінмен талай қағаз былғадым.

Аппак туды отпен жудық, от-жалын
Айтты әлемге көк дауылдың сокканын.
Ак ту жанып: қып-қызыл ту болды акыр,
Сол қызыл ту алдына кеп токтадым...
Махаббат бар – қызыл деймін мұны да,
Қызыл ұшқын шығады ұшып ызадан.
Қоңыр бояу көп жағылса жырыма,
Қызыл бояу алдында мен қызарам.
Қызыл бояу – жану үшін. Жалғыз үн:
Мен жарықты караңғыға сынатам.
Жүрек – қызыл, ерін – қызыл, қан – қызыл,
Сол үшін де қызыл бояуды үннатам.

* * *

Жан бір – бөлме, көңіл есік – қағып кір,
Сыр баспалдақ – көтерілсөн жоғары.
Ақыл байғұс босағасын бағып тұр,
екі көзім – кос терезе болады.
Тағдыр маған өмір берді аямай,
сенім-шамын қоям ылғи бұқтырып.
Корықпаңдар, бір бөлмеде аядай
мен бәрінді күте аламын тік тұрып.
Бұған шейін келмесен сен – келме енді,
Кеш калдық кой, үлгірмеспіз сырды ашып.
Онсыз-дағы бір бөлмелі кеудемді
көп ойлардың ақ тұтіні тұр басып.
Тек есіктен енгендерді сүйемін,
тәтті сезім шарабынан ұрттатам.
Ал, әйнектен түсе қалсан біреуін,
Сол әйнектен тас кесекше сыртқа атам.
Жо, жок кешір! Кешірмесен – сол керек,
кім келмесе – күтем соны құнығып,
Қараймын кеп, дүниеге дөңгелек
төрт бұрышты терезедей үніліп.
Жалғыз бөлме болса да,
сол бөлме егер көзінді алса – көре бер.
Тізенді бүк, неғып тұрсың соншама,
босаға бар, қашық болса төр егер...

* * *

Дариға!
Басқан сайын әр адым
бір нұктеге жакындалап-ақ барамын,
Жеткенім жок бірақ әлі, ол – алыс
Кетті тағы... қайдан болсын демалыс!
Сәл кідірсем... кідіре алам мен қайтіп –
алардаймын сол нұктені жоғалтып.
Тағы аттаймын, аттадым ба мен осы?

Не күтіп тұр қырқалардан келесі?
Әр жанарда қарандайды бір нүкте,
дәл осынау алқынысқан тірлікте.
Өмір – кітап сөзден шебер қалаған,
окып бітуге асығады әр адам...
Кейбір жанның жолы тіпті қойды өнбей,
Көке-мылжын құрып қойған сөйлемдей,
өз нүктемді мен де қуам, қуам мен
бойымдағы бар желікпен, шыдаммен –
Жетер ме екем? Жетпеспін-ау, әй тегі!
Ал, кенеттен...жетіп қалсам қайтемін?

* * *

Асықпаймын женісімді тойлауға,
Картаюға асықпа да жап-жас жан.
Дүниеде ақыл барда, ой барда
Үлес алып қалсам деп ем ақ шаштан.
Қайран! Талай ақ шаштылар қалды өліп,
Өз кеудемді өртер ме екен өз демім.
Алсам деп ем мен де сондай шал болып,
Шалдары бар кездे бұл...
Алыстатып барады өмір максатты,
Мен кейін қап барам ба әлде күнбе-күн?
Достарыма тілеймін де ақ шашты,
Қыындалам жауларымның міндетін.
Ақ шаш сыйын аямаймын ешкімнен,
Ақ шаш – менің ізгі ағам.
Киям оны мактаншак пен кешеге,
Тек... жендеттен қызғанам.

* * *

Бұл дүниеде бар екенімді өзімнің
сені көріп, саған қарап түсінем.
Мен айтпаймын өзге жанға сөзді бұл,
сен тыңдама менен өзге кісіден.

Әлемдегі жарық құнын, от құнын
ұғу үшін тонып канша керегі!
Оңсыз-дағы жанған оттың көптігін
сөнген күлдер сокыр боп-ақ көреді.
Семсер ұстап көрген емен бас кесіп,
бас кадірін білмегеннен емес ол.
Мен де калам кейде жұртпен бәстесіп,
сол бәсінді ала алмадың демесен.
Тұрар едім жауым бар деп аттан сап,
достарым мен ұттымнан именем.
Жауды көріп өз күшіме мактансам,
досты көріп сол күшімнен жиренем...

* * *

Ғұмыр деген бір ұзак қүй болады,
бар ғой менің сатып алған домбырам.
Перне сайын өрмелесем жоғары,
егіз ішек бола алады жол бұған.
Жылдар – перне; саусактарым сабылып...
әр пернеден бір-бір арман жанады.
Бір пернені бассам кейде жаңылып,
одан әрі тарткым келмей қалады.

* * *

Майшам сынды кейде адам өмірі,
адам да әлсіз жараптан ба әуелде?
Қаранғыны аңсар кейде көнілі,
өз жарығын бұлдау үшін әлемге.
Май шам-дағы жанғасын өз отымен,
тағдыр отка қыңыр қарап өшігіп.
Кетер кейде сол май шамды, атымен,
уақыттың желі соғып өшіріп.
О, дариға! Өшү деген – бір ұғым,
өшпесен де тағылмайды аз айып.
Әрбір май шам сөнген сайын, жарығым
бара жатқан секілденер азайып...

* * *

Шыктым, шыктым өз сөзімнен – шенберден,
Қайла, күрек, кайдасындар – кел бермен!
Қағаз, калам, сия сауыт – кет аулак,
Шабыт тауып жарымадым сендерден.
Енді алдында: қызыл ұшқын тұр борап,
Қара тасқа кадалады сұр болат.
Мениң орным – жалын атқан лава іші,
Мениң сөзім – темір шеге бір корап.
Қағылады ол таба алса егер өз орнын,
Таба алмаса? – Қобдишада жатады.
Басып озса – қалай ғана төзермін,
Ақын данқын бүрғышының атағы!
Жо, жок, достым, атак емес мұрадым,
Жақындаған сайын оған бір адым,
адал акқан әр тамшы тер алдында
бөркімді алып тұрамын!..

* * *

Дүние – менің тұрағым.
Дүниеде жалкы ұғымға орын жок:
Күн тұрса егер – көленке де тұрады.
Жақсы рольді жаман бұрсан – сынады.
Жаман кезден жақсы досың шығады.
Жамандықка үлгергенше қайғырып,
Жақсылығы жадыратты кеудені...
Жатқан кілең егіз ұғым, егіз ой,
Әрі-сәрі ғып бітірді ғой пендені.
Көленкеде қалса егер бір бетін,
Шуак жакта – бір бетін.
Найза салсан біреуге,
Біреулерге жасаған ол құрметін.
Қабат көрем жексүрын мен сұлуды –
Көнілім бейне – айна болып барады.
Біреулерге сыйға тартқан семсерім,

Біреулерді қан жоса ғып салады...
Жақсылыққа жұмсамак ем бар күшті!
Алғыс етіл жібермек ем қарғысты!
Амал канша, ұсынан кей қаздын
Жаман шірік сауысқан мен қарға ұшты.
Көнілім бар акша бұлтқа ораган.
Қарамасаң қоңыркайлау өніме,
Тағы біраз уақыт бер, о, маган!
Жамандығын көріп безген жеріме
Жақсылығын көріп қайта оралам.
...Дүние – менін тұрағым.

* * *

Мен кетер ем өлеңнен,
үмітіммен, мынау шөкім-денеммен,
бүкіл осы тірлігіммен кетер ем.
Кетер едім, айыптар ем ішімнен
адамдарды – мені ақын деп түсінген.
өзімді-өзім келеке етер едім мен.
Тілегім де болмас еді басқа онша –
Тек бір адам мені шындал жоктаса...

* * *

Зал ортайып барады –
тесік казан секілді.
Жыр ортайып барады –
несіп-тағам секілді:
бір-бір іліп әркайсы салды аузына бұжырдан,
тұрды күліп біреуі, бірі мұрнын тыжырған.
Дәмсіз болды, білемін – тамсанбады таңдай көп,
Автор деген жанға бұл – не десен де көнеді,
арнап тартқан ак дәмін – жемесен де көнеді.
Тек елесен оны – келсен болды жерге осы,
серілердің ойы мен сергектердің зердесі.
Кешіреді ол бетіне күл шашсан да долдана,
есінемей тындасан – бакыты оның сол ғана...

Көтерілді орнынан, әне, бір топ дүркіреп,
Әне, бір топ күнкілдеп тез бітуін тұр тілеп.
Зал ортайып барады – тесік казан сықылды,
Жыр ортайып барады – несіп-тағам сықылды.
Көбі ағып кетіпті – кәдімгі су сықылды,
Сиресе де адамдар әлі қалған сықылды,
Суы ағып таусылып, дәні қалған сықылды.
Ағызса егер көп суын мынау үлкен казан-зал,
Мүмкін сол бір суменен дән жуылып тазарған?
Керек, керек тазарту!

Айналайын өлең-ау,
Сені де бір сұзетін тесік казан керек-ау.

ҚҰЗГІ ЖАЙЛАУ

Қайыңның шашы сиреп...
күз боп қапты,
тырна келіп аспанға тізбек такты.
Жалғыз уыс көк шөпті кәрі саулық
калын ағаш түбінен іздел тапты.
Жүдеулікті уакыттың белгісі ғып
Жарлы бала сүйккә тоңды үсігіп.
Мұнаяды қайындар,
кайтеді енді
төбе-шашын берген соң желге ұшырып.
Ірі жапырак әр жерді сипай аттап,
Үйріледі коксыққа кикалактап.
Кедейдін айран ұйытар табақшасы
кеуіп қапты,
бала алмай итаяк та.
Десен әжем тым жиі ауырады,
тұсау есті ол құрыктың бауын алып.
Шешесінің шекпенін киген жас қыз
етегіне сүрініп ауық-ауық.
Көне сурет – күй сазы!
Таста!

Болар!
Жо-жок, бәрі бір кезгі бастамалар.
Сен де самай сиресе – өкпелеме,
әдеті ғой мезгілдің шаштан алар.

* * *

Күй десе ірке алмайсың бұқ казакты:
оқылмай намаз қапты, дұға қапты.
Кәрілер күй сстілген үйге толып,
Жабықтан келін-кепшік сығалапты.

Жылытып сұық көніл, шашы аппакты,
Көсіліп күйші дс бір жасап қапты.
Тұндегі күйші түскен ат кекілін
танертең бір қыз тұрып шашақтапты.

Сондықтан күйлер шықкан асып биік,
Жан шіркін ышқынғанда ашып-күйіп,
Қайғыдан аман қапты әдемі қыз
күйшіге он бес жаста қашып тиіп.

Ол да бір тағдыр екен тасып өтпек,
жаныпты өзге оттан ғашық от көп.
Күйшіні құтіп алу – мереке боп,
ал, оны аттандыру – касірет боп...

БОС ҰАҚЫТ

Уақыттың бестен кейін бос болғаны
емес пе жамандығы дастандардың?
Уақыттың бестен кейін бос болмағы
демек пе ең күйшінің де қасқайғаны?
Жо-жо-жок,
Жұртпыз ғой біз,
өрепкіп бір
көкірек нәр іздейді ерек тіпті.
Сондықтан концерт залдар толмай жатыр,

Стадион кенейтуді керек қып тұр –
Футболға көп барамыз.
Достар, бәрін
жүріндер, қызу айкас басталды, эне.
Қалидың күй шерткені – тамаша ғой,
Тимурдың қызық одан доп салғаны...
Уакыт бос бестен кейін десе біреу,
Футболдан дауламасам да есені мен,
уакыт босады ма деп коркамын
Концерт пен кітап оку есебінен.

АУЫЛДЫ САҒЫНУ

Алматыдан караса
ауым кандай аласа.
Сағынбас ем мен аса,
Алматыны одан тамаша.

Сағынбас ем – аңсаймын,
(кійды-ау тұрмыс та онбай бір)
барап едім ай сайын,
жағдайым болмай жүр.

Онда әже көп,
сәлемі
түзулерден дәмелі;
сәлем берер әуелі
үлкен кісі бар еді.
Мұнда да жұрт түсінед
сәлемнің не көкесін.
Ал көбіне кісі боп,
басынды изеп өтесін,
Онда достар күмбірлеп
бір күліп ап,
сіреспе
белбсу буып,

бір-бірлеп
шығатұғын қүреске.
Қүрес те бар,
бірак та
формасы оның өзгерген:
күресесің бұжакта
кызыл-кызыл сөздермен.
Әнші қыздар кешкүрим
жібермейтін сөзге есе.
Мұнда да өлең естідім,
бірак ол жыр өзгеше.

Бәрі – менің аулымда,
дайын шай мен сыра тұр.
Карындастар бар мұнда
калжындастып тұратын.

Мұнда бәрі әдемі,
тек бір нәрсе жетпейді.
Боталардың әуені
құлағымнан кетпейді.

Енді барсам мен оны
Күшактар ем түсіне,
сонсон сәлем берер ем
әкемді көрген кісіге.

АУЫЛ ТОПЫРАҒЫ

Әр курайы бас иіп
шығады алдан
о, тоба-ай.
Әр сүйемі – касиет,
әр басқан із – нотадай.
Әр тамыры аршаның
ішек болып кетулі.
Әр бұтаның саусағы

күй шертетін секілді.
Тұнде кандай Айлы өнір
түскен кезде аңсап кеп.
Башайларың бейне бір
кететіндеги саусақ бол.
Қошалак-күм аталған
ұлліп жатыр жер осы.
Темір каккан тақаңды
тым дөрекі көресін.
Жан-жағың күй – саз түрлі,
сен сәбисін,
ана – кыр.
Қалғандайсын каз тұрып
столына дананың.
Киелі әр тас мұнда,
енди аттау ұят-ты.
Табанынның астында
бір құпия
жазу жатқан сиякты.

* * *

Сәби туды – әдемі арба табылды,
тербетті күй жүректерді орныққан.
Күй дегенің – данқ дейді кәдімгі,
Көбімізге түсініксіз сондықтан.

Өлді біреу – табыт беті жабылды,
сондағы күй қуатына болдық тан.
Күй дегенің – қайғы екен ғой кәдімгі,
біразымыз түсінеміз сондықтан.

Келін түсті – бір домбыра табылды,
ойнатты күй көңілдерді орныққан.
Күй дегенің қуаныш қой кәдімгі,
бәрімізге түсінікті сондықтан.

* * *

Күй атқарар жұмыс бүгін көбейді,
түк калмады молла аталған сорлыға.
Өлгендерді – өлген екен демейді,
күй тартады, иман айту орнына.

Күй атаулы алға қашар ұдайы,
ұста жылдам –
пернелерді қуып бер.
Болмаған сон басқа жастар құранын,
бір домбыра ұстая керек, жігіттер.

* * *

Абайсыз кеткен талайды,
Талайсыз өткен сөзінді
Аймын;
Заманға қарап – Абайды,
Абайға қарап – өзімді
Аймын.

ҚАРТТАР

Алматыда кәрі көп, сәлемдессен бәріне
тілің талып қалмайды,
кол тозбайды әрине.

Талпынғанмен көнілін, уақыт жок, туысқан –
не жұмысқа барасын,
не қайтасын жұмыстан.

Ғанибет кой карттарға сәлем беру, жолығу,
ол жолығу болады – не жетпесе соны ұғу.
Сөйлемейтін жан олар не күлмей, не күрсінбей,
әнеугі айтқан әзілі бойыма әлі жүр сіңбей.
Кейбіреуі сыздықтап сауал тастар қынырлау:
«Балам, мына шашыңды өрейін деп жүрсің бе, ей?»

Жанарымен содан соң әрі сыншыл, әрі ойлы,
бакайынан басына сыпыра бір карайды.
Сен кетесің онсыз да әлсіз мойының бір түсіп,
Карт қалады жүзінде – ой, миығында – құлкісі.
Ақтарасың ішінді, акталасың жасымай:
«біздін мода осылай, біздін мода осы ғой.
Карттарының модасы – таусылмайтын қонағы
және осы дода-бас бізді сынау болады».

Әр кездің өз модасы,
шалдардың да шалы бар,
сол модаға – шалдарға еліктеуші тағы бар.
Ақылдының атагы – ақылсызға күш емес,
үлкен үнді кайталар – жанғырық қой, кісі емес.
Көргім келер ылғи да: ақылды сол сыншы карт
орғытып алысты отырғанын шымшылап.

Кей пернеге қадалады саусактар,
сол пернеде жатқандай бір сыр-тетік.
Жанынды, рас мазалаған, ансатқан
нағыз дыбыс содан шығар бұрқ етіп –
куйші сондай күлген кезде емес пе ер,
кайғырса да қадірлі екен нағыз жан.
Саусак енді бұрғы болып елестер
белгісіз бір кенді тауып ағызған.
Тәттілігі жаксы кыздың назы да,
бірак саған айттылды ма наз ондай?
Мағынасы терен-терен қазына,
киын сенін отырғаның каза алмай.
Осы күйдің құбылуын еске алсан,
сүйіктінді көрген түстей бітіп қап
қор етеді;
енді бірде бес саусак
екі шекті еніретеді қытыктап.
Әрі әдемі, ак арактай тұп-тұнық,
әр пернеде мас боп жатыр бір-бір үн.

Тұсіне алсан «Сарыжайлау» мықтылық,
Тұсінбесен – домбыраның күмбірі.

* * *

Кесірлі ойын кей жанның тез ұкпаған
Кездерімде керемет төзіп бағам.
Ондай шакта жүдеген жүзімді мен
Қабағынан жарымның сезіп қалам.
Асау қүшін өлшейді қазығымен,
Осал табар сөз астын қазып үнем.
Астын казсан – су шығар бір жол жазсам,
Ұғам оны достардың әзілінен.

НҮКТЕ

Көз алыска қадалады не біліп,
күйші капты не берілмей, не қөнбей.
Көкжиектен бір қарайған көрініп,
садан енді адаспайын дегендей.

Телміріпті тесіп жіберердей боп,
кірпіктері жебе болар садакқа.
Мынау дүние – толып жаткан жерден көп
жалғыз нүкте қадалуға жарап па.

Сызық еттім нүкте түссе колыма,
аялдатып көрген емес түк мені.
Нүкте қоям кез-келген жол соңына,
таппаған соң ең негізгі нүктені.

* * *

Ауызына ол сенбес еді,
бірақ та
Дәм салғанда сеніп қала береді.
Сенер ме әсте күй естіген құлакқа,
ешкім тартып ауыртаған соң оны.

АСАУ

Ак пейілді ауыл халқын білсем де,
Жылқышылар сұрамады кімсін деп;
Жалғыз-ак тек қымыз ішкеніме карап,
Асая берді,
Жігіт екен, мінсін деп.
Тым адудың жануардан сақтандым,
Алдаң тұрып артпак едім тақымды –
Білмек болып жүрегімнің «орынын»
Шабынан кеп тұртті біреу атымның –
Батып кетті-ay!
Атып кетті секіріп,
Әйтеуір басын ұстап қалдым бекініп.
Әзілін сол жаңағы кү жігіттін
Елемеген боп жатырмын өтірік.
Кулар: енді бата алмас деп жүргегі,
Ауыздықтан алды келіп біреуі,
Қолтығымнан сүйемек боп біреуі –
Үш-төртеуі катар келіп тұр еді;
Мұны көріп тұрған бір шал күдік қып,
бала күнгі намысымды тірілтті,
Зекіп қалды ол: «Мінеді ғой өзі де,
Тәйт, әрі тұр, корламандар жігітті!»
Қайрат болып бітті білем шал сөзі,
Қайтыңқырап қалсам-дағы қанша өзім –
Қарғып міндім...
Күлімсіреп карт қалды,
Қалды әзілқой жігіттердің тәлкегі.
Кеттім ағып,
Мен деген – мен еместей,
Шұбарытып жатты дала елестей,
Жігіт атану – неткен абырой,
Дегенмен,
Асая міну – қымыз ішу емес кой.
Мен осылай мінгем атқа,

Тартыпты-ау
Сол асауға кездерім де малтықкан...
Кейін ұқтый... карттың құны не екенін,
Сүйетпеудің не екенін қолтықтан.

* * *

Жақсылық көп мына өмірде, жас жігіт,
Күдік айтып қанша саған керегі.
Кім – қолынан келмесе егер жақсылық,
Ол – өзгенін жақсылығын көреді.

Жақсылықты танымасан – корлық та,
Жақсылықтар сатылмайды сірә да;
Ең «Қайыршы» деген жан да сондыктан
Бір жақсылық еткісі кеп тұрады.

Ал, ізгілер жасамаса жақсылық
Ауырады, батқандай сын, ағайын.
Жауыздар да жасай алар жақсылық,
Бірақ одан сақ болғайсың, ағайын!

* * *

Маңдайға әжім терен-терен казылып,
Бір терен жыр кетсе дейсін жазылып,
Көп сыншының өзіңе айтқан кінәсын,
Опынасын, аз ұғып.

Қайбір әділ достарынды казы ғып,
Соларға ойша қарайсын да шағынып,
Сонау күні кетіскең бір күрбынды
Отырасың сағынып.

* * *

Тұкті де айтып бітіргем жок, халайық,
әлі отырымын бір мықты өлең таба алмай.
Ақ беттерім барады тек азайып
комағайдың алдындағы тағамдай.

ҚОҢЫР ДӘПТЕР

Коңыр дәптер,
ойларымды жаныма батқан кілең,
саған айтам, өзгелер мақтанды дер.
Адаммын ғой, мен сейф емеспін деп
сенен өзге айтпайын мен ешкімге.

Коңыр айдын, қазымды комсынсан ал
ойларымның акқуы консын саған.
Акқуымның, ырғалышы, тұртіп төсін,
бірак біреу оқ атып үркітпесін.

Каракетім, тірлігім күндізгі ұсак
түнде жыр боп жансыншы жұлдыз құсан.
Жұлдызымның жанарын жерге төнер,
коңыр айдын, мен сені кештім жылап.
Тұскен шакта алыс бір кеш бұлдырап,
коңыр айдын, мен сені кештім жылап.
Төңкерілген үстіңе аспанымды
сенен өзге көрмесін ешкім бірак.
Карын болса... карынға тойған міндеп.
Кайтер едім жазуды койған күнде?
Кайда барсам әйтеуір орман көрем,
орман көрсем кетеді ойланғым кеп.

Жалан қылыш – бұлактар... жаткан гүлдеп
жайлайымды көрем деп аттандым көп.
Кайда барсам әйтеуір тауды көрем,
тауды көрсем кетеді мактанғым кеп.

Ойлар, ойлар, ал жұдет, аздыр мені!
Нені іздедім, білмеймін, қаздым нені.
Коңыр дәптер, алдынан сені көрем,
сени көрсем кетеді жазғым ксліп.

Бір күй шертсем деп едім – шерте алмадым,
енди маған ақылдың бер тарланын.
Күй алғалы көп болды көнілімді,
жүргегімді көп болды өرت алғалы.

Бір сөз айтам деп едім – айта алмадым,
бұзау болды тұлпармен қайтарғаным.
Жауырына ер батқан кербестідей
Қайқаңдағым, әйтеуір, қайқаңдағым.

Тұбі шертем деп келем күйімді мен,
образбен ойымды киіндірем.
Кеуде шіркін табыттан табылғанша,
табылғанша жинағым үйіндіден.

Текші, текші, домбыра, коныр үнді,
бір тазартып алайын көнілімді.
Жалаңаштап жанымды көрейінші
Жетпей жатқан жерімді, не мінімді;
текші, текші, домбыра, коныр үнді.

Жалаңаштап көрейін бәрін, бәрін,
қанша менің, байқайын, халім барын.
Өнменімді өзімнің тексермеп ем
өлеңімнің мінінен арылғалы,
көрейінші тәптіштеп бәрін, бәрін.

Болды ма еken көкірек қойма-мекен
карау пифыл, каралау ойға бөтен.
Көрейінші саралап: менің ішім
кім-кімдерге жамандық ойлады еken,
болды ма еken көр-жерге қойма-мекен.

Текші, текші, домбыра, коныр үнді,
Женісімді, көрейін не мінімді.
Кандай, кандай дыбыстар шығар еken –
бір балқытып көрейін көнілімді.

Бәрін, бәрін өзімнен бастайынши,
бата берші, Адалдық, ас қайыршы.
Арам болса жүректі таска үрайын,
жарылсын ол бір тамшы жастай ыршып,
сүйтіп бәрін өзімнен бастайынши!

Коныр жырым бар еді, кешкіғұрым
мәз боп оқыр ақын ем ескі жырын –
колға алып ем, көк аспан бетіндегі
іріп кетті коныр бұлт секілденіп.

Бала қазым бар еді көлде момын,
көрмегенім жаксы еді, келмегенім:
бұғып жатқан бір жауыз мылтық атты –
коныр каздың мамығын бұркыратты.

Бұдан артық жанына батырап кім,
сәл шыдай тұр, мен де бір катырармын:
Коныр каздың мамығын жастық етіп,
коныр-коныр ой ойлап жатып алдым...

Көкейінің бір сырын кім бүкпеген,
бүгіп жүрмін бір сырды күндікке мен.
Мың парагым ашылып жатса дағы,
бір парагым жанымда жүр бүктеген.

Көленкелеу, көбіксіз жыр жырладым,
кейде ауырлау қысысып жүрді ырғағым.
Ашылмай жүр әлі де бір бұлағым,
шешілмей жүр сондыктан бір жұмбағым.

Құпиясындақ құпиям шың астының,
көрсем дейсін соны да бір аштырып.
Момындығым бүркейді мінімді көп,
жалынымды жасырды жуастығым.

Ойларымның көрсетсем биіктігін,
окымас ең сен мені сүйіп бүгін.
Шыңым емес, бұлттарым кызық саған,
кызыктырган сені осы түйіктығым...

Бұл таудың шындарының бәрі мықты,
мықтылық бәрін бірдей кәрі ғыпты.
Шоқалдар шың болудан әлі үмітті
шыдамай қызғанышқа жарылып тұр.

Тірлікте тартыс аздай басқа тіпті,
тамырға да тартысты бастатыпты.
Өлісіп өсіпті анау шырша, қайың,
тістесіп бір-бірімен тас катыпты.

Онсыз да қызғыш отын үрлеп күнде
әз-әзіл самал есіп тұрды екпіндеп.
Тәбелер түймедей бол семіп қапты
алыстағы аскарды күнделеп-күнделеп.

Өтердей жалғыз досым қыл үстімен,
кенеттен... ала алмадым тынысты мен:
бір сойқан болар деймін шын-аралық,
сай жактан келіп қалды жымыскы жол...

Бұталар арасымен андып, андал
жүр, міне, ақ самайлы таң қылаңдал.
Көргенім ақ әженің шашы болды
онаша тротуармен қанғығанда.

Жанымды темекі мен қайғы ыстаған
жарқ еткізді ақ аспан айна ұстаған.
Біреулер шертіп жүрген мандайымнан
сипады еміреніп байғұс самал.

Аузында кара түйме-кілт қақпаның
неғылсын жүректе үміт-жылт жатканын,
...Кенеттен ағарандап ак балтыры
Күн сұлу шыкты кешіп бұлт батпағын.

Бетіне талай шимай жатып ап жүр,
Кей сөздің қызыл көзі шатынап жүр.
Шынымды жазайын деп арлылар жүр,
акылды сөз жазам деп акымак жүр.

Әйтеуір бір шимайдың тұсуі анық,
түскен сөзді, канеки, ұсыналық.
Қайғысын жазсын бәз бір кісі налып,
бәз біреу жазсын мейлі ішіп алып.

Жинағандай соңғы үнем, ақырғы азық,
жанымды жұрт дәптер ғып жатыр жазып.
Безілдесін тек шын сөз, безілдесін,
жасқаншактың жарық боп көзін жесін.
Бәрін жазсын кешірем, тек кана бір
арам ойдың иісі сезілмесін.

Талай арам бізді осы кетті аңыртып,
талай ордан тор жорғам токтады үркіп.
Сөз артында ор жатса, достым, сені
дәптер ғұрлы лактырам отқа жыртып...

Шуак жүр жапыраққа тайғанақтап,
тайғандарды аласын қайдан актап.
Ал, куаныш біраздан біле алмай жүр
конарын кайсы бетке, кай қабакқа.

Таудың үстін жұз талғап, он актарып,
бұлт жүр білмей қай шыңға қонактарын.
Емен отыр біле алмай: жапырағын
кайсы желгे, кай кезде тонатқанын.

Көп боп кетті такырып, қайғы тағы,
айтарының көптігі... айнитады.

Сайкымазақ самал жүр ауламда эне,
сыбдыратсам екен деп қай бұтанды.

Терлеп жүрмін десем мен, мәйкемдегі
шэй ішкенде шығатын жэй тер ме еді...
Шертсем екен мен саған қай қүйімді,
бассам екен әуелі қай пернені?!

Ұйқым қайда, япыр-ау, ұйқым қайда,
ой сиқы жок ойдың да: қиқым, майда.

Кімге обал, мен кімге сый істедім, –
түсінбедім, темекімді ііскедім.
Мактағаны біреудің өп-өтірік,
ішіп алып біреудің тиіскені.

Жеткізбедін, киял-ай, сұйығым-ай,
күйіп туар киялшыл күйім ұдай.
Ойдың өзін құдіксіз бермей бір түн,
дөңбекшітіп қойдын-ау, бүйі-құдай...

Жұмсаңдар, достарым, дәрігерге,
танысқанмын дәрінің бәрімен де.
Дала деген докторға көрінейін,
емделейін одан да барып елге.

Ұсак-түйек ауруға шыдап денем,
шыдамыммен талайға ұнап келем.
Дала деген докторға көрінейін,
профессор емдесін шұбат деген.

Мені емдейді, емдесін өлең мейлі,
ауыл барсам асау қан тәмендейді.
Мені емдейді шырылы бозторғайдың,
курайлардың ызыны мені емдейді.

Елде ғана айығам, арыла алам,
сырқауымнан еш дәрі дарымаған.
Маған дәрі бір жұтым күм самалы,
күдік суы бір қауға дәрі маған.

Уколыңды коя тұр жана мына,
ылай салма кан тамыр-каналыма.
Қошалағым дайындақтайды уколын –
актікеннің шөңгесін табаныма.

Жұмсамандар, достарым, дәрігерге,
елге жетер қуат бар әлі менде.
Дала деген тәүіпке көрінейін,
емделейін тағы да барып елге.

ЕЛ-ЖҰРТ

Жел екпінін маған берсе табиғат,
маған берсе судың күшін табиғат,
жанғырығын берсе жакпар-таулардың,
даладай ғып кеңдік берсе табиғат;
берсе маған нөсерлі көк күркірін,
бұлт астынан шыкқан күннің кірпігін,
жеті бояу қосып берсе тұр-тұрін,
дүние колда тұрса наңдай бір тілім;
жол қуатын киған күннің өзінде,
су ағысын құйған күннің өзінде,
алаканға ап аскар таудың өзін де,
Дала құсан кеніген бір кезімде.

Соның бәрін айналдырып мен үнге,
үш күн, үш түн айқайласам кемінде,
айқай салсам ел-жұрттымды сүйем деп,
айқай салсам топырағымды сүйем деп,
жар салсам мен екі тілде...
бес тілде –

бірак оған сенбес еді ешкім де,
сенбес еді,
«күмәнді» атап тірлікті,
казығына таңар еді бір мықты;
жатып келіп тексертер ед,
сен де, дос,
айтай салып арзандатпа шындыкты!

ӘКЕЛЕР МЕН АҒАЛАР

Әр жыл сайын әлдекайдан бір құпия жел есеп,
әр жыл сайын түн койнында әлдекімдер кенесер.
Жиырма миллион!

(нольдері көп демесен)
қағазды да кайыстырмай жазылар сан емес ол.
Жиырма миллион үміт, тілек, кайғы, арман –
сонау жылы кайтпай қалған майданнан
әкелер мен ағалар.
Жо-жок, қате!

Қайтпай қалған жок олар:
Тоғызыншы май сайын сол Ер халық
күнбатыстан бұлт секілді торланып –
калын гүіл түнгі аспанға тарайды;
ен биікке шығып ап,
қырық миллион көз-жүлдyz боп қарайды
ұрпактардың тірлігіне қызыға,
содан кейін окобына-сызына
кайта құлаған шакта
солкылдайтын секілді Жер бір түрлі –
жапырактың көзіне жас іркілді...

Жиырма миллион ұлы Армия, ұлы рух
көтеріліп кайтадан
әр жыл сайын бір-ак түнге тірліп,
орман болып түннің желі шайқаған
түйіледі қырық миллион жұдырық

тірі қалған жауларына.
Тұн тымық,
тұнгі самал алыс қырда тімтініп,
іздең жүріп «туыскандар моласын»
оятады түгсл бәрін.

Сол асыл
Ер жігіттер – әлемді алған атағы –
сарт-сұрт етіп сапқа тұрып жатады.
Содан кейін...
«Отбой» алып бір тұстан
жолдарымен қырқысан,
жиырма миллион көлеңке боп шұбалып,
курант ұрып, тұн ортасы болғанда,
нені корғап өлген болса, сол манда
табысады бәрі-бәрі.
Сонсоң әлгі көп халық
бара жатыр Бас аланды бетке алып.
Жиырма миллион Ерлік, Қайрат, Құдірет
әр жыл сайын бір рет,
партизаны арба жегіп кәрі атка
катысады Женіс тұнгі парадқа.
Жиырма миллион үміт, тілек, қайғы, арман –
сонау жылы қайтпай қалған майданнан
әкелер мен ағалар.
Жо-жок, мұлде қайтпай қалған жок олар:
әр жыл сайын Тоғызынышы май тұнгі
салтанатқа қаруларын қайта ілді,
қарауытып жауып өзен, жағаны
тұні бойы дүбір тасты жарады...
ертесіне тірілердің парады.
Ал, біздін үй...
ерке қыз бер тентек ұл
шат-қулкіге кенеледі иен-тегін.
Ескішілдеу шешем – есті болса да,
әкеміздің өлген күнін сол санап,

Тоғызынышы май сайын –
Сары майға пісіреді шелпегін.

КӨЗ ЖАСЫ

О, сезімнің шым еткен нұр-шуағы
балқытады,
жуам десе – жуады...
Шыдай тұршы, шыбыным сәл, көз жасы
құлап кетсе күл-талқаны шығады.

Тұған көз жас қасірет боп іш тіреп,
жүргегінде у боп қайнап, пісті көп.
Хрустальдің сынғырындай мөлдір жас
жарылса егер – «нейтроннан» күштірек.

Сактанындар!
Сағат туса ерге сын,
адам ісін, аллам, өзің тергеші!
Мынау алғыр әйелдердің ғасыры
тек көз жастан кару жасай көрмесін!

Бірақ маған мынау жанар тұр ұнап
(ұнағаны – құл болар ем бүгін-ақ).
Ал карындасанқаусиды,
кірпікке
ен қуатты бомбаларды іліп ап.

Жылау керек
(керек әрі боздамау),
керегірек кірпігінді козғамау.
Ажалға да ажар берер күлкі бар,
көз жасы да жарасатын көз бар-ау.

О, сезімнің шым еткен нұр-шуағы
жуам десе – кегінді де жуады...

кірпік қакпай шыдай тұршы,
көз жасы
тамып кетсе күл-талқаны шығады.

Кірпік қанша қағылмайды?!
Бір тұнгі ой
емес-ау бұл,
сактық айтсам – күлкым ғой...
Сақтан!
Бір күн
мына дүние кірпігін
кағып-кағып жіберуі мүмкін ғой...

«НЕЙТРОН» БЕЙНЕСІ

Қасіреттің тілін қалай дәл тапқан,
өмір жасап пальтолар мен қалпактан –
о, ант аткан, ант аткан!

Мәлдір бұлак бұрынғыдай сұп-сұйық,
шөп басынан шық қарайды сықсыып.
Тірі жан жок.
Тірі қапты пальтолар,
отыр, әне, орындықта мықшиып.

Екі колдың күшін еттім мен үнем,
ей, екі кол, қашан да сен жеңіп ең!
Адамға адам қол беруден қап енді,
бос пальтолар көрісе ме жеңімен?

Мүгедекті жеңін берген қол ғылып,
көрген сайын қалып жүрдік болдырып...
Жок, сенбеймін!
Ғылым емес жасаған
«Нейтронды» бомба ғып.

«Зияны жок» кару ғой деп бұл тіпті,
жауыз ойын сөзбен майлап жылпытты.
Фугастарды доп қып ойнаң ол енді,
көй баға ма таяқ етіп мылтықты?

Аулак, аулак!
Ұсақ қорлық, дан-дамай,
лас пиғылдың сыртын сырлап алдамай.
Жалғыз шының қирамасын, адамзат,
бер, дейсің ғой, киімінді қандамай?!

О, болмайды мұндай «емнің» даруы,
бұ ғасырдың қайғысы бар, бар уы –
жетіп жатыр қан шығармас қаруы...
одан да актап үйренейік тарыны!

ҚАРУ-ЖАРАҚ ХАҚЫНДА

Сенің, Уакыт, жөнің жок-ау тарылар,
өмір бай ғой,
өлімде де бәрі бар:
газ, электр...
«момын кару» – қағаз ба,
ол да кейде бомба болып жарылар.

Өлтірудің оғы көп-ау,
көп тегі,
шаш секілді балактағы, шөптегі,
бомбы да көп жұлдыздардай көктегі –
өлтірудің құралы көп, көп тегі.

Садак түгіл, енді сізге жок мәнгі
патронтаж;
кылыш жасау токталды.
Найза – аксақтың таянышы боп қалды,
корғасын оқ қоян үшін боп қалды.

Мейлі бомба, шокпар мейлі ұрса да
өледі адам – бәрін, бәрін бір сана.
Баяғы қан,
ет – баяғы,
жүрек – сол,
кару қалай жи ескірген мұншама?

Оқтарды да оқ өлтірді,
жүзі өлді
карулардың.
Бұлінді жұрт... түзелді.
Ұлы кару – Ерлік,
жалаң қолмен-ак
бомбалардан қорғағанбыз біз Елді!

Ең қауіпті оқ – ой мен пигыл, Айға анық,
ой мен пигыл кетер екен кайда алыш?!
Айта алмаған сөзі жаудың Біз жайлы
кетті бүтін бомбаларға айналып.

Содан, содан, содан өлім түрі көп,
өмір дағы кетті содан ірі бол.
Жаулар жайлы жаулар-дағы, құдірет,
жаксы ойласа, тым құрыса, бір рет!

Мылтық жасап жатыр біреу жан сала,
түрен жасап жатыр біреу жан сала.
Кару керек өлтіруге адамды,
асырауға түрен керек қашама!

Уакыт, уакыт! Кімге керек, жаркыным,
өмір жасау өлтірулер арқылы...
Біздің кару – сәби тілі, карт үні,
куш, қанағат, сезім, сана артығы,
жамандықты ұр, жақсылықтың бар түрі,
күннің нұры, найзағайдың жаркылы...

БІЗ ӨЗІМІЗ

Шындық деген көк аспандай тым биік,
мұхит сынды әрі терең тұнғиык.
Жан сендіріп жаңсақ жайлар, кате аныз,
біз де содан қателесіп жатамыз.

Шынды, рас, мойындадық биік деп,
суды, рас, мойындадық сүйық деп.
Көрген шакта шын қасірет-қайғыны
аяғаннан жүрегіміз айныды.
Шашактарын самал желге жүздірген
кызыл туды – кызыл дедік біз бірден.
Қараны, рас, кара дедік бір қарап,
адалдықты ақ атадық бір қарап;
жапырақты жасыл деген секілді,
гаунар тасты асыл деген секілді,
жаксы десе – ауруға да дарыды ас,
жаман десе көніл қайтып арымас,
рас, рас, бәрі-бәрі-бәрі рас.

Тайғанақтап із секілді мұздағы,
бірак кейде қателестік біз дағы:
тау мен сайдың арасына дес бермей,
төбелердің өсетінін ескермей,
байғыздың да аңсауы бар еkenін,
бұлбұлдың да жемсауы бар еkenін,
акылдың да ажалы бар еkenін,
бакырдың да базары бар еkenін,
ұмыттық біз;
әділеттен ұміт қып,
әділеттің өзін кейде ұмыттық.
Жаксылардан еңбек күтіп, тер күтіп,
жалқауларды алдық біраз кергітіп.

Төбелердің көнілі үшін,
ғасырлық
Кейде шыңның асқақтығын жасырдык.
Жапалактың шыкканы үшін тасқа ырғып,
тасқа сүйеп отырғыздық «таксыр» ғып.
Ал, кей күні қыран құстың қанатын
кип алып бір байғызға жапсырдык...

Таудың данқын көтерем деп байқаған
төбе бірақ қакты бір күн қайқалан.
Бұлбұлдардың әнін шырқап байқаған
қызыл әтеш – әтеш болды қайтадан.

Біз керемет кен халықпыз,
сөз бе еді
категесу көтерем деп өзгені!
Жаксылығын – жаксылардың өздері,
жамандығын – жамандардың өздері
дәлелдеді.
Ал, бір жакта құлан құлап құдықка,
Құлағына ойнап жатты құрбака...

КРЫЛОВ ТАҚЫРЫБЫ

Қара тал судыр қағып жапырағы
кайың боп ойнағанда – катырады.
Ролін тау-қыранның байғыз ойнап,
бұлбұлды есек сынап жатыр әлі.

Түк ұқпай қайсар Емен заман жайлы,
Шілік әлі майысып амалдайды.
Коркытып қоныр канден пілдерге үріп,
Ку түлкі арыстанды әлі алдайды.

(Арыстан – құдірет кой бірақ әлі,
кім карсы азұлыға тұра алады?!

Табылды, білемін, тек бүгін ғана
тұлкіге алданбаудың бір амалы.)

Япыр-ау, көніл қалай қамықпайды –
Әтеш те әтештігін танытпайды.
Осы еken шын өкініш, анық қайғы:
Маймылдар айна сырын әлі ұқпайды.

Бір күндер өтіп жатыр бірге ілесіп,
Акку мен кара карға іргелесіп.
Анқаудың аузында әлі ірімшік тұр,
аш қаскыр ала қоймен жүр кенесіп.

Токтықка әр құмырска жол ашты ұлы –
Жок!
Бүгін о кезгінің жок аштығы.
Келеді әттен, әттен әлі қалмай
кимыл мен пиғылдардың оғаштығы.

Бұл, рас, көне мысал, тозған қайғы,
акку, шортан, шаянға сөз қалмайды.
...Жігіттер, ойлан бірак,
бүйте берсек
біздің де көп жүгіміз козгалмайды.

СЫР

Еш кессірлік көрмессімді біліп см
жаһан толы жақсылардың бірінен.
Мені шалса – лас аяқ шалып жүр,
мен сүрінсем – жамандарға сүрінем.

Тартысуға уакытym аз, аз әлім,
жырды бірак қуатты ғып жазамын...
Жамандыкты жасайды еken жамандар,
жаксылар тек тартады еken азабын.

Жаман ойға үйреткен жоқ мені ешкім,
сыртын көріп – сұлу жақсы деп өстім.
Жақсы сөзді жаман қалай айтады? –
нак осыны түсіне алар емеспін.

Ашық сөйлер қайрат берген маған да Ар,
жағдайым жоқ жағып-бұғып амалдар.
Туып біткен жоқ кой әлі жақсылар?!
Құрып біткен жоқ кой әлі жамандар??!

Жамандық та ауру шығар, мен емін
таба алмадым.
Әлі адасып келемін.
Мен ешкіммен күреспедім,
күрессе
менің үшін күреседі Өлеңім!

ТАБИҒАТ

Тау рухы ешкімнен сый күтпейді,
еріп кетсін сай-жыра жидіп мейлі.
Еркеленіп оралса бұлт мойнына,
екіреттіп көрі шың илікпейді.

Тосырайып тас жатыр – о да өкпелі –
кінәлайсын, досым-ау, не деп мені.
Кетісті, әне, екі шың, ешқайсының
бабын таптай жел байғұс дедектеді.

Жасыл бұта калкиып құлак түрді,
бір құлакты жел жұлып лақтырды.
Ақ кайыңын табалап анқаулығын
көгалға аунап көгала бұлақ құлді.

О бастағы жарасым былай қалып,
тартысып түр табиғат – құдайға анық.

...Болған сайын көз мәлдір – көксій куыс,
көп жігіттің сөзі жүр ылайланып.

Кінәладым, үнілдім, көп қарадым,
келісім мен жарасым – жоктағаным...
Атыраудан аңқылдаш шыққаныммен,
Алатауға тіреліп токталамын.

ЖЕТИМ ЛАҚ

Ол – жетімек,
Мен – жетімек, жетімек –
екеуміз тым бауыр басып кетіп ек.
Шама аралас жуындыға қанып ап,
еруші еді сылдыр-сылдыр маңырап.

Екі құлак – екеуі екі шекенде –
ал, секенде, секендеши, секенде!
Титтей аузы таппайтүғын бір тыным –
о, кішкене менің қара құлқыным!

Аяу сезін айтыптын-ау бекер көп –
жетім лақ та ойнайды еken секенде!
Лақ – жетімек,
мен – жетімек,
жетімек –
екеуміз тым ұғынысып кетіп ек.

Жаутаң қағып жанарымен мөп-мәлдір,
қараушы еді көрмегендей көптен бір.
Кетті отығып әрнені бір түртіп-ак,
тұмсығынан жусан исі бұркырап.

Маңырайтын кеп...
жетім аты жойылды,
жойылғаны – бір конакқа сойылды.

Мен есейдім.
Талай ешкі ұстадық:
жаз – төлдөттік,
күзде – кыркып,
кыс – бағып...
Кеше сол лақ маңырап жүрді түсімде –
ешкі-ғұмыр бара ма екен кыскарып?!

ТЕПЕ-ТЕҢ

Ей, Алатау, саған бұл
не болды жер бауырлап?
Бұлты қонып ғаламның
жатырмысын ауырлап?!

Сұрқың сынық бір түрлі,
құлдей сұргылт қар түсі.
Ауырласаң, бұлтынның
маған-ак арт жартысын.

Көрмейінші мен сені
көңілсіз бұл кейіпте.
Не басса да еңсені –
бөліп көтерейік те.

АҚБОЗ

Құйрық-жалы әдемі,
төрт тұяғы балғадай
ақбоз атым бар еді –
эй, жалған-ай, жалған-ай.

Карғығанда жырадан
кетті айналып ұршығы-ай.
Мен де онбай құлағам,
эй, кырсық-ай, кырсық-ай.

Ер жығылды. Бір сайда
бөрік калды домалап.
Ауырсындым ырсандалап...
өй, обал-ақ, обал-ақ.

Бөркім – әнтек ұшты деп
шағына алман басқаға-ай,
бірақ бұдан күштірек
бір масқара... масқара-ай.

...Көрдім кеше боз атты –
жазылыпты. Тұр билеп,
өлеңі бол қазактың
кісінеді күмбірлеп.

Сәл кисайған жалы бар,
сәл жүдеген халі бар.
Әй, жануар, жануар,
әй, жануар, жануар.

ҚУАҢШЫЛЫҚ

Үстық күмдү жебелеп
соғады жел бір тынбай.
Акселеу мен ебелек
Шылымшының мұртындай.

Саран дана, аспан-ау,
саған ғана сөз ғап тұр.
Бота ма анау, басқа ма-ау –
боз жыңғыл бол боздап тұр.

Бие-күм жок бусанған,
жетім құлын күм капты.
Әлдебіреу жусанға
йод төгіп былғапты.

Ып-ыстық шаң жол, аңғар,
шидің түбі ыздып.
Шіриді деп соранға
көйған сынды тұз құйып.

Әй, састым-ау, састым ал,
менсіз бір жұт болыпты.
Әр қабактың астынан
курай сынсып жолықты.

Қияғы жылап қарлығып,
қаңбағы босып, апыр-ау,
Кошалагым бар мұңын
маған шағып жатыр-ау.

Шырылдайсың баладай,
мен үлкен боп не білем.
Мен де саған, далам-ай,
мұн шағуға келіп ем...

СҰРАҚ

Жер байғұстың бағына,
әй, жаумады-ау, жаумады.
Тұр ма ана бұлт тағы да
басқа жакқа ауғалы?!

Әр көріністе – мағына,
сенде мағына жок па әлі?
Мыс-табак күн, тағы да
барамысың батқалы?!

Үйім тарлау – о да мұн;
кысылмасын деп мені,
қимайтүғын қонағым,
отырмысың кеткелі?!

Жыл қанатын комдады,
канаттыға – бекер сын.
Құс-дәуренім, сен-дағы
бір күні ұшып кетерсін?!

КӨГЕН

Біз де бастан талай күнді өткердік,
енди соны еске алуға жетті ерлік.
Талай жерде бедел алып, бет бердік,
әлденені түзеткіміз кеп бердік,
әлдекімге тыз еткіміз кеп бердік,
садан кейін... жыр ұшырық кептер ғып.

Сырығыннан бұйым таппай тебендік
куреніттік; намыс, намыс деп өлдік.
Содан баска осы біздер не бердік,
көкірек ұрып, көне жерді теберлік?!

Жеті бояу, он саусакты өлең ғып,
соның бәрі мен боламын дегендік.
Коңыр козы – жырыма арнап мен енди
кара сөзді керіп жүрмін көген ғып.

ЖЕЛ

Тіл секілді сүйрен қағып күм көшті,
көшкен күмға ай менен жыл мінгесті.
Желдің суман саусактары бір түрлі
сүртіп жатқан сықылды ескі жұртымды.

Дүркіреп кеп көшті қаңбак, жел есті;
күмдағы ізім онсыз дағы көмескі –
жел сол ізді жуып жатқан сықылды,
топырактан куып жатқан сықылды.

Жел алдында жерге басын ұрады
ши шырқырап, мені қорғап түр әлі.
Жынғыл жылап жасыл шашын жаяды,
кыр бұлдырап мені аяды баяғы.

Ішін тартып есіріп жел түр ұлып,
көне құмды көсігімен суырып
о да еніреп жүргізеді әмірін.
...Теренірек бірақ менің тамырым.

ТҮН

Ызын-ызын ететінің не сенің,
онсыз дағы жайсыз менің төсегім,
еске түсіп біреулердің корлығы,
біреулердің айткан жала-өсегі.

Жатырмын ғой, көрмеймісің, көз ілмей,
аңдиды еken дәл осындай кезінді ой.
Айналып кеп шағып жатыр өзімді,
біреулерге артық айткан сөзім кей.

Мені де артық жазалапты бір мыкты,
мен біреуге орынсыздау ұрыныппын.
Киянатын, тонна болсын, өлшемей,
кайырымын «грамдайтын» тірлік бұл.

ӨМІР

Бір күйді бастайыншы, күй артығы
өзен боп бір тенізге құяр түбі...
кайтсем де бүгін Мекке барамын деп
желіден өреді еken түйе әр күні.

Теріп кыркып сол түйе әр бұтаны,
жантак, соран, қанбакты карбытады.

Тұске жақын күрсініп күлге шөкті...
ұлы сапар басталмай қалды тағы.

Әркім де тілек кылып жүр куресіп,
жатыр үміт бірде өшіп, бір күні өсіп.
 Таңғы көніл – ашқарап,
түсте тойып,
ертесіне тағы да тірлік осы.

ӨМІРБАЯН

Асыкты адам –
тамыр теуіп тасып қан,
тағаттыз ғып,
канатсыздық жасытқан.
Асықкан ол тұз алуға көршіден,
кешкі ауылдан қыз аулауға асықкан.

Максұт – алыс,
ажал – жақын,
жок канат –
сары атанды мінді бір күн нокталап.
Бел үзілді,
такым талды,
талды көз
аспанды ұшқан құска көп карап.

Кесек тасты жұдырық қып лақтырып,
қапылыста кол қуатын қапты ұғып...
Ұшқан құска қайран қалып,
қан қызып,
карап тұрды, бір күндері, ат мініп.

Алыс күнге түсті жаңа баспалдак
донғалактың сырын алғаш ашқанда-ак.
Арба мініп қарады адам шалқалап
тағы да сол ұшқан құска аспандап.

Ойдан қиял тудырғанда ол көп өңдеп,
күс та қалған секілденді төмендеп.
Поез мініп қарады адам бір күні
әлі де сол аспан жаққа елеңдеп.

Шөп сыйырлап,
жел ескенмен, гүл калғып,
Жылдамдық боп жылдан озып жылды алдык.
Бір сағатқа сыйды айшылық сапарын...
бұ да, ақыры, қажытты деп бұлдандық.

О, жылдамдық!
Жыл барады сырғанап
сабырлар мен салмақтарды ұрлап ап.
Біз аспанға көп қарап ек,
енди аспан
жұлдыз-көзбен бізге таң боп тұр қарап.

САЛМАҚСЫЗДЫҚ

Жақсылық – жас,
Жылдар жана,
күн өзге:
ердің данкы дарыды енді бір езге...
Алатрудың ак бұлттары салмаксыз,
салмаксыздық келді содан мінезге.

Салмаксыз қыз касы-көзін сәндейді,
сәнді қызға салмаксыздық тән – мейлі.
Алды бәрін уақыттың өзі актап,
космоста салмаксыздық – зан дейді.

Физиктердің шөбін орып кеттін бе –
салмаксыздық – санасыздық деп құлме.
Салмаксыздық – құлағанға колайлы,
сипаған боп сезіледі тепкін де.

Күмға да ізің түспей кетті, әзага,
жел боп жүгір, жүрттың ізін тазала.
Салмақ – кара таста қалса болғаны,
тастай салмақ қалсын өлім-казада.

Киялында құмар оты жансын тек –
канатсыз-ак ұша аласын, ал, сілтет.
Қалсын салмак жұдырыкта жауды ұrap,
мыкты айтылған сөзде салмак қалсын тек.

САЛМАҚ

Адастырып арзан дәме, жалған үн,
кеменгерлер кемітпесін салмағын.
Женілдесін көкке ұшатын кемелер,
азаймасын тек салмағы балғаның.

Шегеге де, сезіп жүрміз, жан тәтті,
балға алдында қағады ол да жалпакты...
Әйел біткен қары талсын бала ұстап,
дән салмағы майыстырсын алқапты.

...Жоқтық, аштық, қайғы, каза сондағы,
танкі, кеме, самолеттер бомбалы –
бәрін қосып есептесен – толмады
«жесір» деген жалғыз сөздің салмағы.

Өмір – нәзік,
бірак ауыр сынына
шыныға бер,
шыныға бер, шыныға.
Мизам-жібін үзе алады, байқасан,
салмағымен құстың қауырсыны да.

Кетпен, курек салмағы осы жер өнін
жасандыра, жасандыра береді!

(Ауыр сөкс, досым, жаңа кітабын,
сыны бірақ женіл тисін дер едім.)

Салмак керек!
Ай мен Жұлдыз, бүкіл көк –
салмак бәрін ұстап тұрған бүтінде.
Қатер-ок боп атпаса екен қорғасын,
қара тас тек ұшпаса екен тұтін бол.

НАЙЗА-ҚАРА

Өз тұсынан о дағы
карғып шығып, қалды үздік –
киын,
киын соғады,
шың болсан да, жалғыздык.

Тұрған бойы күпірлік,
күпір,
купір, масқара;
жараспаған бұз тірлік
жаратқаннан басқаға.

Баяғы сұс, кәрі айбын,
кімге керек көктігі?
кар да тұрактамайды,
катаяр да жок түгі.

Кетіпті тым әріге,
ак бұлттардан әрі асып.
Қатар өссе бәрімен
тұрар еді-ау жарасып.

Қатал тағдыр кез келді,
аяр пенде жок әлі.
Ортасынан безгеннің
обалы жок, обалы.

Өзгелерден,
мұндар жан,
өскениң жөн ептеп кем:
ол – безген жок шындардан,
шындар оны шеттеткен.

ҚАҒАЗ ТІРЛІК

Жер хақында сыр күттік Айдан әлі;
Тыныштық деп газеттер майдалады.
Қағаз-бомба бұрк етіп жүр жарылып,
жүріп жаткан сыйылды майдан әлі.

Андата алса қаламның ізі нені,
соган сайып күн кештік біз үнемі.
Жұлқып жаткан ешкім жок жағамды ұстап,
түймем бірақ тым жиі үзіледі.

Ескі кару тәрізді бәрі, бәрі,
бірақ неге жаңаша жарылады?
Алып тұрған алқымнан ауыр кол жоқ,
Неге, неге тынысын тарылады?!

Уақыт кен дегенмен, мақсат мықты,
шаппай жатып жүйрігім ақсап бітті.
Жүргіме бір шаншу қадалып жүр,
бір сызыдауық қалыннан каксан шықты.

Құрдастар әзіл ғой деп майдалады,
құрбылар назым ғой деп аймалады.
Қағаз-танкі жапырып балаусанды,
жүріп жатыр, ал бірақ, майдан әлі.

Жо, жоқ, мылтық жок казір аншыда да,
Соймай іреп жіберсе – кан шыға ма.
Күнкіл кенес көбейді,

ен зор қару
сөзден өрген қағаз-сап камшы ғана.

Шағыну да кей кезде мактан сынды,
қағаз-тұзак құрулы жаткан сынды,
Қағаз күләк, қағаз дос, қағаз айла,
«қағаз құдай» барлығын атқан сынды.

ҚЫЗЫЛОБА

Қызылоба. Тал, терек жасыл-жасыл
судырайды-ау ак жауын басылғасын.
Жылға суы жымыски, жылжып аккан,
екеумізді тал түсте бір жылаткан.

Қызылоба. Тал, терек ыбыр-сыбыр,
жел тұрғанда сен-дағы ыңырысынын.
Тал иілген – ак басын ол да игесін...
сабактатар кім маған енді инесін.

Қызылоба. Тал, терек судырайды,
судырайды, жылғада су жылайды.
Манай жасыл, жапырак ызын-ғызын,
тек кабірдің топырағы қызыл-қызыл.

Қызылоба. Қарайды ел кабірді асып,
шаруа айтады кайбірі дабырласып.
Жетім адам мен енді – белгілі адам,
«карағымды» кім айттар енді маған.

Жасыл-жасыл шөп кірпік қыбырлатты,
қызыл-қызыл топырак дубір қакты.
Титтей дене кабірге түсіп кетті...
кысып кетті-ау жүрегім, кысып кетті.

ҚИСЫҚ БҰТА

Терістікten өкпек жел тұрды – мейлі
еске салды осы жел бір дүлейді...
Шыға қашты ақ тұтін мұржалардан –
шөп басында ақ түбіт үлбірейді.

Кәрі койшы жетектеп қотыр атын,
отыратын анырып, не тұратын.
қотыр мұржа тұтінін түйдектетті –
әжем өстіп жұн түтіп отыратын.

Кисық бұта, құшактап сүйші мені,
көңілім бір жетімдік түйсінеді.
Кисық бұта, көзіме жылысың сен –
әжемнің де колдары кисық еді.

Мұны бітпей тұр ма анау талдың әлі,
бір зіл басып буынып талдырады.
Жарқырап-ак келіп ем, соны көріп
менің дағы қабағым салбырады.

ШАҚЫРЫЛМАҒАН ҚОНАҚ

Сұға тұскен сәуледей дір-дір қағып
уақыттың алдында жыр жырладык...
Бір ымыртта есікті еппен ашып
құдік деген сайқалың қірді ұрланып.

Сыңқ етіп бір күлді де төрге асыкты...
садан бастап жанды кір, сор басыпты.
Жүрегімді қос қолдап сығып еді ол –
жалғыз шумак кара өлең зорға шықты.

Сылаң қакқан қыз-жырым ымырттағы
садан қайтып шашбауын шұбыртпады.

Сезінуші ем кеудемде көлім бар деп,
әлгі сайтан сол көлді бір ұрттады.

Көл күрғаса орнына өседі не –
бауырым сыз, иегім көсе, міне.
Жасыл бағым – жабырқау күзге айналды,
басымдағым – күншілдің өсегіне.

Күйе жаккан кірпігін көп кадады –
күдік – жаман әйел-ау деп қаламын.
Содан бері өзімді өзім тежеп,
...суға да бейнем түспес боп барамын.

ЕМЕН

Кар мен желге қарсы бітіп алып тұр,
жалаң төсін найзағаймен жанып тұр.
Шекісіпті шенғел болып тамырлар –
қара тасты бүріп катып қалып тұр.

Мынау картын еске салды жетімді:
арық колдар – бұтақтары секілді.
Жапырағын сыптырып ап кекілді
табиғаттын мұкатқаны секілді.

Тұбінде карт бір ұндейтін секілді,
сөйлеп кетсе сүрінбейтін секілді.
Уакыттың – келер күннің алдында
тізесі сәл дірілдейтін секілді.

Тамырында су ағатын секілді,
сол су бәрін жуа алатын секілді.
Қара тасты аспанға атып бөрік қып,
тұбінде бір куанатын секілді.

Емен – шындық (өзің жалған секілді),
карт көнілге сезу де арман секілді.

Жапырағын – жел,
ұлын – майдан жок етіп,
еменге ептеп төзу қалған секілді.

Ей, кара шал!
Кірмек едім даң-дүн күған топқа әлгі...
Сені көріп түсінгендей боп қалдым,
төзу де үлкен құрес пе еken деп қалдым,
өстіп мен де бір қабакқа токталдым...

СЫБЫР

Сыңсып иіп бұйра алқап, бір ырғалып
сыбырлады,
біз дағы сыбырладық –
жақын келші.
Жатқандай дала кейіп
мұрттарымен бидайдың жыбыр кағып.

Кос боз торғай бір-бірін киып, іліп
көкте ойнайды.
Не керек бұйығылық –
батыл келші.
Торғайлар кетті аспандап
лактырылған тыындай шырылып.

Сары толқын ұмтылды жүгіргелі...
«Айдалада не керек сыбыр!» – деді.
«Сыбыр тәтті болады, – деді жырши, –
сыбыр – сыр ғой жүректін түбіндегі».

Сыбырлайды сары дала,
сары, сары
толқын ауыр бұқтеліп жарысады.
Тозаңы боп алқаптың ұшар дәурен,
шыбын-жаның да ұшады – бәрі ұшады.

Сыбырлайды төнірек, сыбырлайды,
көніл желі әр шиді бір ырғайды.
Кек аспанда кос торғай шырылдайды,
шырылдайды, бір-бірін ұғынбайды.

Құр сыйдырмен мына алқап құтылмак-ты –
құйын жүрді, кенет, шан-тұтін жапты.
Сынғырады кос торғай күміс құсан,
ал, төменде кос жүрек лықыл қакты...

ЕКІ КӨРІНІС

Сирек бұлттар алалап қырат, қырды,
бір көленке, бір шуақ лактырды.
Әр сыйыска жапырақ құлак түрді,
бұрғы-құйын бір дөңге шаншылып ап
бұрап түрды бұркырап, бұрап түрды.

Бұрап жатты бір жиын бір авторды,
салды да айдал бульдозер, тракторды –
жана жазған кітабын құлаттырды.
Ал, далада касқунем құйын мәз бол
канбак-бәркін аспанға лактырды.

Ұрылмаған бір тұмсық тапты-дағы,
бір авторды төпелеп жатты бәрі;
(автор бірак жастығын ап қулады...)
Тренері атакты жас боксшы
тегін жатқан тұмсыққа жаттығады.

Мына сайтан, япыр-ай, катты ұрады,
ұрган сайын алысқа лактырады –
көнек болған бетінді қап қылады...
...Құйын ұрган баласын дала қарты
кара койдың өтімен қактырады.

Күйын келген сынды әлгі, даладағы,
көк өрім боп шулайды қала бағы.
Бір сөз өрбіп бір сөзден, балалады:
біреу боксер бүтінде,
біреу – күйын,
екеуі де конбай жүр маған әлі.

ТЫНЫШТЫҚ

Кім үзеді өзі әлсіз, жіңішке ойды?
Тыныш дейді дүние, тыныш дейді.
Бірак шынды бұлт болып буды кайғы,
бірак бұта дамылсыз судырайды.

Кайнап жатсын миында мын іс мейлі –
тыныш дейді дүние, тыныш дейді.
Бірак мын үн маңайға тарайды үдеп,
күшік-бұлак көк тасты жалайды кеп.

Үй шатырын ай нұры күмістейді –
тыныш дейді дүние, тыныш дейді.
Бір көленке, бір сәуле – ала-құла,
ала-құла үн берер кала мына.

Ой шатысты оралып жабағыға,
жел жығылды сүрініп балағына.
Сары жапырақ бұттадан құлап өлді –
кайдан болсын тыныштық бұл әлемде!

СӨЗ ОЙЫНЫ

Мұрынымен мыңды жыққан мына аған
ірілігін ұсактықпен құраған.
Койдан құлап өлді ер жігіт,
ал, корқақ
жолбарыстың жонын қыстап жүр аман.

Ине орнына жүрмегенін өкпс ғып,
өтпедік деп, күрсінді ағай, өтпедік.
Жұкті поез жұтты біреу,
ал, біреу
майшабактың қылқанынан кетті өліп.

Тұсінігі түйе сынды мықты адам
бір ләм айтса – жұрт жылқыша ықтаған.
Орман құсап өртенді ойшыл,
кулегеш
макта боп-ак өрт ішінен шыкты аман.

Гауһар іздең дүкенінен түйменін,
майдан ашар жерде талай биледің.
Ақ алмастар майырылған көп жерден
жылпыңдығы өтіп кетті иненің.

Қарғыс алған жігіт жұртты қакпайлап,
айдаһардың құйрығымен жатты ойнап.
Арыстанның азына ат байлап
күлген ерің
әйеліне батпайды-ак.

Уа, ойнаңдар!
қылжақ-тағдыр, ойнап қал!
Бағы барлар, бақа мініп тойға аттан!
Иегімен құдық казып ептілер,
түйе байғұс су ішіп жүр оймақтан...

ҚАРА АҒАШ

Бір сөйлеп ем маҳаббаттың тілінде,
бұрсендең ем Қара ағаштың тубінде.
Бүгін көрсем – жалаңаш сол Қара ағаш,
Қара ағаштай менің жаным жалаңаш.

Сағыныш пен қалды өкініш аралас,
Енді маған кара ағаш та арам ас.
Жалаңаш түн, Қара ағаштар хақында
жазу қалды қырық асқан ақынға.

Кара ағаштар қайғысы ма, кара бас
кетті ағарып.
Жалған айту жарамас.
Ал, Қара ағаш... судырайтын желге әлгі
жапырағы жок, құп-ку бұта – сол қалды.

Тіл мен тандай, ей, тақылда, тақылда,
кыз хақында жыр киыстыр – макұл ма?
Әрнеден бір тәсі қайтып бүтінде
тоңған жүрек, жапырактай дірілде!

Еріккен сөз, етегімнен ермеші,
елім-тағдыр, енді бейнет бермеші!
Уакыт желі, жүргегімді тербеші,
Қара ағаш боп картаяйын жерде осы!

КҮРДЕЛІЛІК

Абайласан: акымактың бәрі епті,
өзге жұрттан қылмыстылар әдепті.
Ал, мынаның сөзі – құран,
үні – иман:
жылан да, әне, секілденді жымиған.

Бір жаман ұл жанашыр боп түр көпке,
жақсы ойласа – жаманды да құрметте.
Зұлымдық пен Ерлік – қалың том екен,
Махамбет пен Ықылас жүр бір бетте.

Уа, дірдекте!
Ептілерді, сл күтіп, бак,

жан – жалаңаш,
ал, қытықтат, қытықтат...
Жомарт жігіт тырналайды калтасын
шыдам атты алтын пұлы бітіп қап!

Шыншылдардан ұрылары әдепті,
тау-қыраннан тарғыл мысық тәбетті.
Бүйірімнен бір ызғардың табы өтті –
жүрек байғұс салып жатыр әлекті...

КҮЙ

Қызырак па үріккен, саяқ па әлгі –
дүбір салды бір нөпір, таяп қалды...
Бурыл-шұбар топанын сай актарды –
дір-дір қакты тізелер, аяқ талды.

Мың балапан немесе талпынысып,
жұз мың акку жүргендей шалқып ұшып;
Не кос ғашық сүйеніп бір ағашка
түк айта алмай тұрғандай алқынысып.

Мың асай су немесе қарғып акты,
карғып акты, тау бұзды, жар қулатты.
Перне басқан саусак па, құдірет-ау,
тұяғы ма әлде мың арғымактың?!

Күн батқан шак еді-ау ол, інір алды,
ың-жын болып бір дыбыс тұрып алды.
Бір ақбөкен бөріден тірі қалды,
бір жаралы жолбарыс ыңыранды.

Сүгіретке айналды дыбыс, кенет,
таудан аккан су сынды жінішкелеп,
басталды да бір көрініс, бір іс демек...
корбан қағып кос аю ұғысты ерек.

Көргеніңіз жөн, сірә, Сіз алыстан:
әне, сайдан шыкты өріп жүз арыстан –
тістер андап, көмейлер қызырыскан,
жүз арыстан келеді ыза қыскан.

Тегеурін бе ең, япыр-ау, тепкі ме едін,
мен де құшім көрсетсем деп тіледім:
«Ой, жалған-ай», деуге әзер жетті демім –
Жүрек-колқам қозғалып кетті менін.

Сикыр самал секілді қүй дегенін –
ағытылды омырау-түймелерім.
Сүйікті боп кетті лез сүймегенім.
Сүй дегелі, бұралтып билегелі
мен де аулакка біреуді сүйреледім...

ҚҰЗ-ҚӨҢІЛ

Гулеп кетті жел тұрып маңай тағы,
Кәрі қурай ызындаپ ән айтады.
Мойын жұні үрпіл жетім торғай
аяныш-сезімінді молайтады.

Аспан тұнжыр, жел үні бір сембейді,
кез келген бір куысқа кірсөң дейді.
Алба-жұлба өнірін қаусыра алмай
ыққа айналып бұталар бұрсендейді.

Кірлеп кетті-ау мына ман, кірлеп кетті,
жылғадағы лай су ірмек болты.
Кемпір-бұлттар үнірендең үршық созып,
сұп-сұық жаңбыр жібін дірдектетті.

Ұлыма боти іздел дүкенге еніп...
су өтіл табандардан бүкендердік.
Тұнжырап кетті маған қабак біткен –
аспаным бір айықпай бітем бе өліп?!

Бір әйел біздің үйге жылап кірді,
бір түйіншек қайғысын лактырыды.
Бір сыншыны тартып ем шапалакпен,
ол мені бір газетке сыннаттырыды.

ТАҢҒЫ СЕЗІМ

Көк бұлақ, әй, қусын-ау, қусын бұлақ,
Тыныштық сай, жырада тусын, бірак,
Ну сынсып, жатыр әне су сылдырап.
Бұраңдап көк шалғынға еркелейсін,
көк бұлақ, әй, қусын-ау, қусын бұлақ.

Жіп сокпак ирек түскен жол ма тағы?!
Сапардың ұзактығын андатады,
Тәтті үміт, алда, алда, алда тағы!
Тағы бір адастырып кетейін деп
сокпак жол түсті иректеп алға тағы.

Сылтауды дайындал ап бір өтірік,
түстім мен, жол жансағын біле тұрып,
тағы бір күрсінейін күле отырып,
мәулет бер, ғұмыр, мықтап адасайын,
тағы да естиінші бір өтірік.

ЖАУАП

Әлдекімге қарау ой боп конатын,
мені, мені ағартады кара түн.
Тан алдында ак періште құсаймын
қыз-келіншек қырқып алған канатын.

Пәк жыр жазып өткізбек ем бұл айды –
әлдекімге жазбағаным ұнайды.
Қара сөзді ұнатамын, сондыктан
көленкем де кара болып құлайды.

Ұкпайсың ба?
Макұл, достым, бара ғой,
менің тілім қанжар емес, ара ғой.
Бағаласан – көлеңкеме қарама,
көлеңкенің бәрі бірдей – кара ғой.

Ой, пиғылым, тіршілігім – бәрі ізгі,
ізгіліксіз көп кісіден кара үздім.
Yhi десем актарылып аузынан
аппак-аппак гүл түсетін тәрізді...

ШҮКІР, ШҮКІР!

Нәк сол тұні ақынға үкім кесілді,
дар арканы – бір қыл арқан есілді.
Бір ат арба туарылды сол тұні,
бір айбалта суарылды сол тұні.

Үкім бірақ кетті айналып өленге,
өленге, ал, дар арканы – көгенге...
Содан бері өлен жазам дегенде
белгісіз бір толку тұрды денемде.

Ал, ат арба тезек тиеп жетті елге,
ал, айбалта кетті айналып кетпенге.
Бүгін еркін, есіп жырлап кеткенде
шүкір етем: ондай қауіп жок менде.

МӘСЕЛЕ

Ұғыспау ма уақыттың алдында?
Жо-жок, достым!
Баска мазмұн бар мұнда.
Бір еркелік етуден де қалдың ба –
жел де еркелеп аунайды ғой шалғынға?!

Пәк көнілмен тосқан сайын жыр төсін
көп адамның пигылынан үркесін.
Күзетшідей күйіп кеткен күркесі,
неге сұл-сұр саған деген жұрт осы?!

ШЕГІНІС

Кошалак құм мандайында Күн тұрды,
кабағында сенің жұмбак мұң тұрды.
Сол екеуін салыстырып қарап ем,
жаным менің үркіп қалды бір тұрлі.

Кошалак тау кабағында бұлт тұрды –
біздін үйге бұлттай мұңды жұрт кірді.
Макалдады сақалдары ауылдың –
көздің жасын кірлі женмен сұрттірді.

Ол бір күндер күмдыш өнірдің бар малын
сен бағатын секілді едін.
зарладың:
дала – шексіз,
бала – қыныр,
мал – асай,
бәрін косып «жетімек» деп карғадын.
Маған, маған...
бауырында кешкі бұлттың
өз атынды неге ғана естірттің?!

Қамқор тұрлі...
корлық тұрлі, тұрлі адам –
сабақ болды дей алмаймын бұл маған.
Жесірлігін бұлдасаң сен,
мен де, анам,
«жетім» дегенді естідім деп бұлданам.

ҚҮННІҢ БАТУЫ

Бір қария төмендеп токсанды өтті,
кан шыкпайтын секілді соксан бетті:
өні құп-қу,
кураған шашы да аппақ,
бірак ол да бір сәуле шашыратпак.

Әттен, семген құр сүйек, құр сұлдері,
кейін кеткен аяғы – жүрсе ілгері.
Ілініп жүр тарамыс таякка әлгі,
таяп қалды-ау көкжиек, таяп қалды.

– Ғұмыр берсе Тәнірі жүзін бұзып,
несі таңсық, кеткен соң қызу, қызық?!
Тірлік берші, Табиғат, бейілді ана,
бет қызылы біткенге дейін ғана...

Саясаттан,
құдайдан,
діннен бөлек
барып қалды батуға Күн дөнгелеп,
Жалқын нұрын жаһанға құяды әлі –
қызарады, несіне ұялады?

Ұят па, әлде, кайғы ма, ыза ма әрі –
қызарады Күн байғұс, қызарады.
Бір өкініш еткендей өртенеді,
батуға әлде бұл Күнге ерте ме еді?!

Өкінейін,
кайғы артып, ыза алайын,
өшерде де бір мықтап қызарайын.
Мен де жанып батуды катты ансайым,
әрбір күнім алаулап баткан сайын.

МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ

(Өні бар)

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Думанды бастады,
Далама карашы.
Кең екен жер деген,
Жерге дән шыкты ғой,
Дән егіп терлеген,
Қазағым мықты ғой.

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлін болып егілемін.
Жырың болып төгілемін, елім,
Туған жерім менің – Казакстаным!

Айнала карасам,
Асықты жүрегім.
Заманға жарасам,
Жарасып тұр елім.
Біздің ел Орденді
Көтерді туларын,
Елмен ол тербелді,
Тербеле жырладым.

Қайырмасы.

Сағымды далам бар,
Сабырлы көлім бар.
Қарандар жарандар,
Осындай елім бар.
Карсы алған уакытты,
Ежелгі досындей,
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындей!

Қайырмасы.

1956 жыл.

ЖЕБЕ

Не бір еппен, алған жаксы, не бетпен –
сейлейінші тамағымды кенеп мен:
эпос ері тірілді де кенеттен,
сұр жебелі карт садағын колға алды.

Намыстан-ак өліп-өліп болған-ды,
қыран құсап алыс қарап комбанды,
адырнасын шірей тартып толғанды –
мықты жауын жайратуға ниет қылды.

Дүшпан қаптап кеткен шығар деп түрлі,
Ұлытаудың ұшарына кеп тұрды.
Октың ұшын Құнгे созып кептірді,
Сонсон тартып жіберді сұр жебені.

Бұл кездің де ен жүйрігі – ок еді,
жебе ыскырып ұшып ала жөнеді,
жолдағыға катер-қауіп тәгеді –
құстар ұшты, тоғайлардан аң қашты.

Тау мен дала, теңіз бен шөл алмасты –
бәрінен де өтті жебе, алға асты,
ок екпіні зілзалаға жалғасты...
уа, калтыра, калтырандар, дүшпандар!

Айла-акылы адамзаттан күшті андар,
зауал туса октан жылдам ұшқандар!
Ал, ұстандар, тағдыр оғын ұстандар!
Күн астында жебе сарнап ұшыпты.

Екпінімен желдің өзін ысытты.
Ер аткан ок қашан жерге түсіпті –
тауыпты акыр... бір бұралқы күшікті...

Бітті білем бұл такырып, ал, аға,
сөзімді ұқсан – бір жымып бағала.
Алтай аңырап атсан-дағы далаға,
итке тиғен оқтарынды санама!

ТАРАЗЫ

Жаксылар көп.
Енді өкінбей не етемін:
көп жаксының көрмей өтем бет-өнін.
Ғұмыр – қыска,
қыскалықтың қырсығы:
жаксылықты түгел көрмей өтемін.

Көп әсерден айыкканда алғашкы
өкінішім – қуанышқа жалғасты:
ғұмыр – қыска,
қыскалықтың аркасы:
жамандықты түгел көре алмаспyn.

НӨСЕРДЕН СОҢ

Бәлкім, мұнды хал шығар –
тал көз жасын іркіп тұр.
Көзі шатынап тамшылар
әлденеден үркіп тұр.

Маңай – сылбыр, сұрама –
сылбырлықта мын түрлі:
су ағады жырада
сүт қатқан шай сықылды.

Ала алмай тұр жел екпін –
көкті кетті сұртіп кім?!
Тұбі кәрі теректін
сирағындаі бүркіттін.

Бір жасардың, жалған-ай;
қайың-ару, хал қалай?..
Айыр інген – Алатау,
боздап келіп қалғаны-ай.

ІРГЕ

Кеудем – бір үй:
Іші – дауыл,
сырты – дау,
күні-түні бір бұркырау, бұркырау.
Етек-женім далақ какты;
бұ-дағы
жел өтінде қалғандықтың бір түрі-ay.

Көптен маған тиіп жүр-ау бір тұмай,
буындарым, сенін ісін – сыркырау.
Шілдеде де сұық ұрды жанымды –
көніл байғұс, сенін де ірген жыртық-ay.

ШАНШУ

Ат мініп өскен аулакта,
даланың ұлы ем деп мен де
қараймын енді тау жакқа,
жүрегім шаншып кеткенде.

Аз көрдім деуге бола ма,
астаналықпын деп мен де
қараймын тұнып далаға,
өкпем бір қысып кеткенде.

Ел койды мені кісі ғып,
парызым өтер қанша әлі:
содан өкпем қысылып,
жүрегім содан шаншыды.

ЕСКІЛІК

Дүниеде «тозды» деген сөз киын –
айтпас едім:
эттен, менін тозды үйім.
Аттап қалсан – батқан сынды дүр салмак,
еден-тактай киналады ырсандал.

Ей, кызыл тіл, андап-андап сөйлеші,
үй ескірсе – ескі жырдың бейнесі.
Бір ескілік сезінемін.
Өзім де
ескі кісі секілденем кейде осы:

талай сырым бітті ескіріп ішімде,
бітпей жатып ескірді көп ісім де.
Осыдан-ақ шығар:
күпі киіп мен,
түйе мініп жүрем ылғи тұсімде.

БЕСТАРМАҚ

Кара тұнгі найзагайдың жаркылы
өтетүғын сыйылды мен арқылы.
Содан шығар, содан шығар жарқыным:
қара суға кайық салдым – қалқыды,
қара сөзге сезім құйдым – балқыды.

КҮЙЕ

Екі бала келді маған бір күні:
От бүркеді біреуінің кірпігі,
біреуінің жанарына жас тұнған,
екеуі де асқынған.

Бірі – шағым,
екіншісі сокты дау:
– Мынау, – деді, – күйе жакты,
– Жоқ, мынау...

– Кірпігінді келмей ме, дос, кептіргің
құрдасынның көз-отына? – деп құлдім.
Біреуі айтты:
– Актама, аға, актама,
күйе жакты, міне, қара, кап-қара.

Сонда анғардым: біреуінің беті айғыз.
– Мұны, – дедім, – ұят, ұят атаймыз.
Сонсон сүртіп әлгі күйе-бажактың
как жартысын ана балаға жактым.

Сонда екеуі мәз болысты,
бәрі әйгі:
Күйелілер – бөліскенді қалайды.
Тазарған жоқ ешқайсының жүзі одан...
содан өзім әлі күнге қызарам.

МАҢДАЙЫН ОҚ ТЕСКЕН КАСКА ТУРАЛЫ ЖЫР

«Көру керек, көру керек келгесін», –
карт құрсінді у-шу болып кеудесі.
ауыр тыныс алдым білем мен де осы.

Қадалатын сықылды ғой оқ түрлі,
оқ ізіне қарап біреу көп тұрды.
Тітіркендім,
шымыр етті маңдайым,
біреу менің көк желкемнен жөткірді.

Кім қалды екен жауған оқтың астында?!
көзі болса батар еді тас мұнға!
Кім киді екен мынау темір телпекті?
Тағдыр оғы, ей, адамды басқа үрма!

Майдан десе ораласың сен еске:
ер бейнесі, ал, елесте, елесте!
...Сол бір жылы Москваның түбінде
менің әкем киген каска емес пе?!

Қайықшының колы неткен көк еді,
көк каскамен қайық сұын төгеді.
Оқ ізінен су шұмектеп кетеді
жанды үркітіп, шошындырып денені.

Сөз ажалы таңдайынан деп еді,
ер ажалы маңдайынан деп еді,
«...ерлікпенен қаза тапты» деп еді –
көз алдыма «қара қағаз» келеді.

Сүйір тілге кетті бір сөз орала:
«мынауыңыз обал, дедім, обал, ә? –
Соғыс өлді, ер тірі ғой, ер тірі,
бас киіммен су төгуте бола ма!»

Мас қайықшы тіл қатуға ерінді,
кіржің етті: не сыйады, не күлді?!

Сонда маған колындағы каска емес,
бас сүйегі секілденіп көрінді.

Аруакты қадыр тұтқан жұрт едік,
аза салдық кара аспанды бүркеніп,
«не боп кеттік», – деп күрсіндім салмақпен...
айтай салдым – үнім шықпай қалды әттең!

ЖОЛ

1

– Қайда таргтың, қара жол,
алдау ма әлі бас қайғын?

– Сүйе білген жүректі
сұнынуға бастаймын.

– Өртеп үміт, қайғы ішті,
талаң құрам десенші,
тағы да бір байғұсты
адастырам десенші!

– Адал максұт мендегі,
түсінігің неге ескі?
Сенен өңге пендені
адастырған емеспін.

– Жөнел онда, қара жол,
мен де сенен түнілгем.

– Ескілікті жаңамен
Жалғамақ ем бүгін мен.

2

– Баста, ак жол, ал бізді,
көтерейік еңсені.

– Күйеу алған сол қызды,
сүймейді әрі ол сені.

– Досына апар онда әлгі,
сырласайын бір тұн мен.

– Досына бак қонған-ды,
шошып жүрер күлкінен?

– Шарапқа өзім сенбеймін,
ал, әсері – әдемі.

– Оның жөні келмейді,
тағы кімін бар еді?

– Карауытып жолығар,
кұрсын қолды қысканы –
акылы бар, жөні бар,
бірак ол бір дұшпаным.

Мысқылы ашы, көнілді,
тәнір соккан бір бет қып.

– Жана таптың жөнінді,
ал, бастадым, жүр, кеттік!

AHA

Мезгіл жаксы,
тұрмыс бірак қүйгелек,
қүйгелек қой көніл шіркін – қүй керек.
...Апыл-ғұптың жаға, женін түймелеп
қүнде шығам кішкене ұлды сүйрелеп.

Менін үшін басталады жаңа күн
қыныр-керіс, қынқылымен баланың.
Әрбір күннің жаңа мақсат, жана әнін
бала болып бастайды еken заманым.

Содан сәби үні, ұнат, ұнатпа –
кешке дейін кеп тұрады құлакка!
Бала-бакша екі аттам жер,
бірак та
жүретұғын сықылдымын бір апта.

Ылғи бала сүйреген жұрт,
кул мейлін:

бірінің де аты-жөнін білмеймін.
Бірі менің тон, бәркімді күндейді,
ал, бірінің құлқісін мен күндеймін.

Күнде көрсөн жөнкілген ел-топ әлгі,
қайсы жүздер бір жалт етіп жоғалды.
Тек окшаулау жүретұғын қарт ана
көз алдынан сол өшпейтін боп алды.

Үсті бүтін, жүзі жылы, тап қайғы
жеп тастаған адамға өңі жатпайды.
Әлденеге ынтық жандай ындыны,
ынтықканын алуға, эттең, батпайды.

Әлде бөтен құпиясы бар мұнын?
тұңғыш сездім акыл-ойдың тарлығын.
Сөз емес-ау «не жетпейді» деген сөз,
осы сөзде – кедей пиғыл, жарлы ұғым.

Соны ойласам әлі күнге дір етем;
сол жолы ана маған қарап тұр еken.
Сәлем бердім.
«Балам, – деді, – үйге кір,
казаксын ғой, парызың бар, жүр, өте».

Неткен парыз?
Алжыған-ау деп мұлдем,
үйге кірдім, тұқ түсінген жоқпын мен.
«Осы жерде қартайдым мен, – деді ана, –
қайырымдының жолын тосып көп күннен».

Содан кейін сәбиге айтты:
«құлші, ұлым,
үйірілші, менің титтей үршығым.
Айқай салып шапқылаши, құлші, құл,
ал, мен шегіп алайын тек бір шылым».

«Ойна, ұлым!
Жүгір!
Секір!
Тұр!
Атыл!
Тасқын-құлкі, тау-бұлактай құлатыл.
Бір шаңытсын едені бұл тұл үйдін,
калсын үнің кабырғада мына тұл!»

Толғанды ана.
Ыңырсыды, ол енді
жатқа оқыды бір дастанды көлемді...
Тар үйде өсіп қағу көрген тентек ұл
ескі еденді дұрсілдете жөнелді.

Жан ауырды. Сол жанымды – мені емдер,
ана мұны, маған жалғыз өлең бер!
Онда не тұр, жалғыз еken бір кемпір,
соны сөз ғып не табасын демендер.

Мыскал ойды, қалам, теріп ала біл,
сәби үні, қабырғада қала біл.
Бала жетім болушы еді бір кезде...
батты маған жетімдігі ананын.

ТУҒАН ЖЕР

- Тұған жерің қай жер? – деді жана ақын.
- Ол жерде де аспан мен күн болатын.
- Тұған жерің қай жер? – деді бір келіншек құлегеш,
- Қара жер! – деп жауап бердім, – су емес.
- Он жылдықты кайда оқыдын? – деді ер бір,
- Мектепте! – деп толқыдым мен, –
оқытқан-ды өз ісіне ұсталар...
- Ауа рапы қандай еді ол жердін?
- Жауатұғын жазда – жанбыр, қыста – кар,

бұлттар маңып жататұғын биікте,
бар еді онда бұралқы ит те, киік те.
Шөптің басы сыйбырлайтын жел ессе...
– Барлық жер де дәл осындай емес пе?!
– Міне, – дедім, – енді дұрыс ұқтыңыз,
Кайда да бар ойлы жігіт, мықты қыз.
Отанның қай жеріне де күн мен ауа тарайды,
Қай тәбенің аспаны да арайлы,
Қай тәбе де туған жер деп мактануға жарайды.

ТОҒАЙ ЕРТЕГІСІ

– Жемсау бар ма бұлбұлда? –
Сонау-сонау өтіп кеткен жылдарда
бір қарғадан сұрап жатты бір қарға.
Қара қарға сұрады ала қарғадан,
ала қарға сұрады ұзак қарғадан.
Бар есуас канат какты қарға боп,
Қарға болып қарқылдады бар надан:
– Жемсау бар ма бұлбұлда? –
Саяулға осы жауап іздең бәр-бәрі,
тогай кезді, көң-қоқырды шарлады –
таппады акыр,
қарға шоқып қарғаны,
бірін-бірі қарғасын деп корлады.
Бірін-бірі қарғасын деп корлаған,
бірін-бірі жорғасын деп арбаған,
қарға акылды бола ала ма қарғадан,
қарға кайдан озуышы еді қарғадан!
– Жемсау бар ма бұлбұлда?
– Бар! – деп калды әлдекімнің дауысы,
– Бар! Бар! – десті жаңғырығып тау іші.
Шулап кетті орман, дала: «бар» да «бар»,
Бар! Бар! десіп қарқылдасты қарғалар.
Қуаныштан бүйір бұлқіп, ет қызды:
Қара қарға – ұзактарға жеткізді,

Ұзак карға қуантты ала қарғаны,
«бар! «бар!» десіп шуылдасты бәр-бәрі.

Бұлбұлдардың тегі – өнер ғой, ал, осы
қайдаш шыкты жемсау десен «бәлесі?»
«Бар!» «бар!» десіп «бар» да «бар» –
Неге мұнша қуанады қарғалар?
Бұл сұракка жауап беру жеп-женіл,
Осал жері бұлбұлдар мен пендениң:
Жемсау! (Қарын!)

Егер бұлбұл бітеу болса, бір үміт
Үзілер ме еді, қарғалар
Карқылдауды кояр ма еді түніліп?!
Ал, жемсау бар.
Онда не тұр? Қаткан іш
Жібімейді – тағдырлар тым жатты алыс.
Бірақ, бірақ, титтей болсын, бұлбұлдың
Карғаларға ұқсағаны – мақтаныш!
«Бар», «Барр!» дейді карға біткен
тоғайдағы, түздегі,
«Кар», «Қарр!» болып естіледі бізге бұл.
Кешелер ғой түсінбейтін ым-дымға,
Карға жұрты түсті сөйтіп дырдуға.
Әттен бірақ...
Карғалардың білмегені-ак жақсы еді
Жемсау барын бұлбұлда.

ТАУЛАР МЕН ТӨБЕЛЕР

Таулар тұр аскак,
Осынау дала, мына алап
Тұрганда аман талай тауларды туар-ак.
О, титтей менің төбешіктерім, не керек,
асқарлар бізді менсінбейді деп кінәлап?!
Шыңдар тұр аскак.
Логика, бүтін ес үшін:

аспанда тұрып асқақтамаса несі шың!
Ак бұлттан әрі асырып тұрып еңсені,
ойлаши, не үшін менсіну керек ол сені?!

Асқақта, шыңдар,
алыстан да аттап ас әрі,
тастың да қалам өскенін көрсем жасарып.
Асқактап мен де мактанам кейде жатып кеп,
ақ шыңдар, саған сиынудың өзін бакыт деп.

ҒҰМЫР ЕРТЕГІСІ

Ан-тало-ги-ялар ғана басатын
бір әдемі жыр оқыды жас ақын.
Менінше,
автор қасіретті жүргегінде кілкіген
Шатастырып алышты, әттең, құлқімен.
Өйткені, жұрт сықак екен деп сәтті
Әлгі өленге мәз боп құліп оксатты:
«Ойын арзан, құлқі қымбат» емес пе?!

Ол өлеңнің сөз, ұйқасы жоқ есте,
ал, мазмұны мынадай:
Зоология мұғаліміне бір шәкірті ұнамай,
берді соған сұрактың ең қыңырын:
– Айтшы,— депті,— тышкандардың ғұмырын,
тышкан осы қанша жасап өледі?—
Окушының тілі сөзге еп еді,
Орнынан сәл көтеріле түсіп пан:
– Мұны сұрау керек,— депті, — мысықтан!

Сол жыр менің салқын канымды ысытты,
Сол жыр әлі жүргегімді қысып тұр.
Сол жырдан соң жауыздық боп көрінді,
бүкіл болмыс-тіршілігі мысықтың.
Калай? Неге?—
Аш күшік боп бұл сұрак
ірге жакты тырнап жатыр қыңысалап...

Несе? – дедім,
тым мазасыз бұл «неге» –
Тышкандардың канша өмір сүрерін,
расында мысық кана біле ме?
Неткен ауыр тағдыр еді!
Марқайып,
жыр жазғанша, акын сен де тарт айып.
Ғұмыр ма еken тышкандардың ғұмыры,
Тым күрыса, өле алмаса картайып!
Неткен сұмдық!
Жәндіктер де тірі жан,
тірі жанды тірілерше ұғынам:
Жүрек байғұс тулас ұрып, ұшып тұр
тышкан құсап алдындағы мысыктын.
Тұла бойын шымырлайды!
Қағып тастап кекілді,
Мына өмірде бакыт тауып не түрлі,
Сенің бүйтіп жүргенің де жігітім,
Әлдекімнің токтығынан секілді...
Адамдардың орта жасын есептеп
Жазылған том жүк болардай есекке.
Бір елде – елу,
Бір елде – алпыс,
бір елде
Катысты еken еңбек, тұрмыс, жігерге.
Керегі не бал ашып:
ак сакалы Кавказ – шынмен жарасып
Отыр кария жұз алпыстан әрі асып,
Жұз отызға биыл шыккан баласын
«Жастығы үшін» кешіріп;
Жеті әйелді казанының иесі ғып,
Жетеуін де картайтыпты;
Сонғы тойда сыр беріпті бірак бұл:
Түсіргенде жұз қырқыншы келінін
Конъяк ішіп, картайдым деп жылапты.
Ғұмыр деген осы емес пе, досым, ал,

екі жұз аз қарағанда осыған,
Адам ата тоғыз жұз жыл жасаған,
адам – адам,
Қай кезде де осы адам!
Ал, біреудің орта жасы? Расы,
Тәбетіне байланысты мысықтың!
Адам – адам,
жәндік – жәндік, пысықтың
ойлап тапқан заны да емес сірә, сүм
 Тағдыр шығар?!

Тағдыр, мені тосып ал,
тынысымды сана бастап осыдан –
Канша мәрте соғар екен жүрегім?!

Бірак, бірак... мысықтардан шошынам!
Жиырма бесте менің әкем түсіпті
тырнағына соғыс деген мысықтың.
Орта жасы жиырма бес кой сонда оның?!

Жиырма миллион кыршын ғұмыр сөнгелі
Отыз бес жыл! –

Орта жасын солардың
есептеген кім бар – қайғым болар бұл:
канша миллион жесір ана жалғыздықпен еgestі,
Канша миллион бала әкесіз боп өсті –
Жазып көрсем нольдің өзін жеткізе алар
емеспін...

...Жүрек байғұс тулат ұрып, ұшып тұр
тышқан құсап алдындағы мысықтың.
Кім біледі, болар бәлкім сезім құр?
 Тағдырына тышқан калай төзіп жүр?
Бір жәй менің бауырымды езіп жүр:
Жауыздық пен арамзалақ бүгінде
әр есіктің түбінде,
аузын андып әр іннің,
әр елдің бір сылдыратып бұтасын,
аш мысық бол дүниені кезіп жүр –

Сактан, Адам!
Жәндіктердің қазасын да қайғы ғып
Жас төгетін жаңың сенің мәлім-ді,
тек картайып өлеңдің кәдімгі
«Орта жастан» өзін қалма айрылып!
Біреулер жүр серттен сырғып тая сап,
Сенбейді олар – біз жәндікті аясак;
Мысық-тәбет!
Мысық-тілек!
Мысық-көз!
Мысық-тірлік, мысық-табан саясат!
...Токсан жаста әжем өлді, бар ізгі
тілегі оның қыршын кеткен тәрізді.
Тілек, үміт картайғанда ғана ажал
жарасады.
Әрине, ақыл ажалды ойлап арымас.
Жетпіс те – жас емес адам жарымас,
Мотор-өмір өрге тартып тұрғанда
барьерден, барьерден әрі бас!
Токсан, жетпіс, сексен, жұз де – кәрі, рас,
бірак, бірак... өлу үшін – бәрі жас!
Өлімге кім мойынсұнар?!

Көнілдің сәл толкуы бар демесен
Өлімді ойлау – торығудан деме есер,
ажалға адам карсы шапса, он есе
тіршілікті сүймегеннен емес ол!
Өмір атты мынау ұлы базарда
Лұқпанша мың жасасан – аз ол да.
Ажал-дағы ұсактайды азарда:
Инфаркт пен аппендицит – казам ба?
Мен – өлімге карсы адаммын тегінде,
Әсіреле, жастай келген өлімге –
ажалдардан бұрын келген ажалға!

1. У а, күн келеді!

Бір жаксы жыр оқышы жатқа, бұлак,
Сарышымшық, сен де шырқа акпа-құлак,

Токылдақ, тандайынды какпа бірак.
Оятшы шындарды анау, бала бүркіт,
Бір токты қозы тапсын қара кірпік –
толғатып жусан тушы, дала, бір тұп.
Көп еді-ау ішінде де ала-құлан,
Сауыскан, салар ма едің жана бір ән?
Кенеп ал тамағынды сен де, қарға,
Тоты құс, кербез едің – таранып ал.
Құн көзі жалт етіп бір қарағанда-ак
жанып кетті гүл болып қара қанбак.
Шанқ етті бала бүркіт,
Сонда Алатая
Желіп кетті өркеші ағарандап.
Құллірді ак бұлакты қытыктап нұр,
Тастың-дағы сабыры бітіп қап тұр...
Үндемейін, деп ем мен, үндемейін –
бұлкілдеп бара жатыр тіл-көмейім:
судың жырын жырлайын күмбір етіп,
гүлдің жырын жырлайын үлбіретіп,
Жалғыз сәтке тым құрыса, уа, табиғат,
Кондыр мені бұтана бұлбұл етіп!

2. Қ а л а

Аспан – көздей шел басқан,
Ұлпа қар қылаулады,
Сөйлейді жұрт қыс жайлы, тұмау жайлы.
«Қан сонар» бар,
Тұлкілер – жаға болған,
Жаға менен бөрікті кім аулайды?
Табиғатқа тағылған кінәдай бұл:
«Ohoу» десен таска ұрып құламайды үн –
Жанғырық та жоқ сынды,
жел өтінде
ескерткіші тоңып тұр ұлы Абайдың.
Жанарсын бар ой-әлем, кескін мейлі,

Тау мен дала бәрібір ескірмейді.
Алыс тоғай, бұлбұлдың әні түгіл,
Кейде өз даусың өзіне естілмейді.
Ұлы Қала!
Сөздерінің жұмсартып мағынасын,
Моторға да май беріп жағынасын...
Жиырмасыншы ғасыр ғой;
Кейде бірак
Табиғаттың өз даусын сағынасын.

3. Ш ө л д а л а д а

Есігімнің алдына терек өсті,
Өсірем деп мен соны ерегестім.
Не нұр құяр аспанның Күні емеспін,
Не нәр берер құнарлы жер емеспін –
Өсірем деп бәрібір ерегестім.
Тамағымды койып ем бірер кенеп –
шыға келді шыбыкка бұр өрмелеп.
Ақыл косты сексеуіл:
«Құлқі етеді,
есер жасты еркіне жіберме» деп.
Санқ етіп бір күліп ем:
Жауды-дағы
Күміс жанбыр,
Жапырак жалбырады.
Жыңғыл айтты:
«Жаздағы жапыракқа
Үміт артпа – көнілінді қалдырады».
Терек өсті:
Несіне ерегестім –
Шуак емен, не жылы жел емеспін.
Күш бермеді сол терек, ерек өсті,
Қалай өсті?
Сұрамады менен ешкім.

Ағаш егем, каласам, кала салам:
Мен ұқсаймын, шуак Құн, ауа, саған.
Мен сенімен, ей, көктем, оңашада
Мейірімділік жөнінен таласа алам!

4. Ж о л ү с т і н д е

Карт тікенек жолдағы – акымақ па,
етегімнен токтатты іліп мені:
– Бұта да көкке қарап көсіледі,
Сен нағып өсе алмайсың осы? – деді.
– Бұта да емен,
емеспін жапырак та,
Құн сүймесе – кайтейін,
Көнем, мейлі;
Мен – тамырмын, тараймын топыракка,
Тамыр өссе – тек қана терендейді.

5. F а ш ы к

Токтат, самал, жымыскы жүрісінді,
Сен де жапырак, шығарма дыбысынды;
Майысты бір кәрі емен: сексендері
Шал иілді, жас қызға гүл ұсынды.

Жас қыз тан боп, көңіліне құдік кірді,
Картты «С ума сошелға» іліктірді.
Құрбылары мазактап, әлгі қызға,
«Сенің теңің осы» деп күліп тұрды.

Ұқпады қыз құліп те, құрсініп те:
«Не нахал боп тұр» деді, «қырсығып не».
– Қызым, саған емес гүл, – деді қария, –
ғашыктығым өмірге, тіршілікке!

6. Б ір түйір дән

Бір түйір дән сынғырап жерге түсті –
Тау, Дөң, Даала жабылып тербетісті.
Женіл әйел секілді ала етекті,
Үйткығанда сол дәнді жел әкепті.
«Қайдан?»
«Қашан?»
«Қалай?» деп Желден ешкім
Сұраған жок (сұрайтын мен де емеспін).
Дән өсті тек,
Тоғайды ел,
Молайды астық –
Қоныстастық, нан үшін, колайластық.

Күн шуағы дәм берді, өмір келді –
бұлт жылады,
Жапырақ көнілденді.
Алыс тартып тек қыныр максат тұрды...
Санын сабап ақ бұлак сак-сак құлді.
«Қайдан?»
«Қашан?»
«Қалай?» деп одан-дағы
ешкім сұрап бос әлек бола алмады...
Әр жанаардан «дос», «жая» деп сыр ұғыстық,
өмір үшін достастық, қырылыстық.
Желдің демін мен де іштім – тыншымадым,
Татып келем нанды да, күн шуағын,—
Қызу дарып бойына – шым-шым ағын
шуакка аунап күшік-тірлік қынсылады...

7. К а р и я

Бұлтқа кірді байқатпай Ай жылыстап.
Карт сөйлемді тағы бір қайғыны ұстап:
тірлік етіп калт-құлт боп жүрсің, міне,—

деді кария терен бір күрсінді де,
бұл қалада құрдастың көп-ті менің,
әлі де олар аз емес деп білемін.
Құрбы адам көп қалада маған әлі,
бірақ одан досым көп моладағы;
Кәрі достар-берік қой,
бірақ, бірақ
берігірек өлі дос, тұрактырак.
Мола жұрты көп бүгін кешегіден,
Өсті, әрине, ол қаланың есебінен:
ак мәрмәр тас, ай-құлпы араласып,
арғы коңыр қабактан барады асып.
Жастар аман, болсын тек, жастар аман
Көлдененен, казадан, масқарадан
(Карияның аузынан жұлып алғып
дұрыс тілек деп кесті мұны халық) –
Тірлік етіп кемді-құн жұрсін, міне, –
деді кария, тағы бір күрсінді де.
Тіршіліктің жарығы дір-дір етіп
карттың шашын сипайды үлбіретіп.
Үзілуге шак тұрған өмірі оның
Қайғыртатың секілді төнірегін.
Жүрек-тәнір, женіп жүр, жүйке-Құдай,
Өтесің-ау, деп койды, ит-өмір-ай!
Жапырақсыз бұтадай қаусап кәрі
дір-дір қағып, шал отыр, саусактары:
Корка ма екен өлімнен?
Жо-жок, тіпті,
Қимайды тек күресті, өжеттікті!
Ұзак ғұмыр болсыншы алдаған-ак,
алдаған-ак, ұқтый мен, шалға қарап,
тәтті екенін қүйіну, жұлкысудың,
Тіршіліктің не екенін шын түсіндім.
Қанғыр-құнгір жұрт сөзі, манайдағы үн
естілгенін жаңаша абайладым.
Құр қалкиған құлак, сен не білесін?

Әр-берден соң естуге де ерінесін...
Келіп жатсак токсанға – ойланармыз,
Ал, әзірше ішейік, – деді досым.

8. Күндағы туралы

Біле алмадым:
Сұрак пен құдіктерім
бара жатыр жанымды тіліп менің.
Қадірлемей жұрт жылу, арайды да
Күн көнілі бір уақыт қарайды ма?
Құпияның құдірет – Күн, сендері
Миллионнан біреуін білсем дедім.
Дақ бар дейді,
Күнде де мін көп дейді;
Жарықты да жайлаған «індег» дейді.
Дақ жок болар күнде
(Әне, кірді ірені...)
Орнын таппай айткан сөз бұлдіреді.
Мені бар қыз – сүйкімді келеді ғой,
Күннің де мені шығар?
Кім біледі.

9. Тойbastар

Ұйқыда еді дүние,
енді, міне:
конақ тұра жармасты белдігіне.
Қосшы бала жүгірді қамшыны алып.
Құламай тұр, Құдай-ау, тамшы нағып?

Шу, карбалас боп кетті бар манайым,
Жиналайын, мен де енді қарманайын.
Тікірейіп шырша тұр үркіп тегі,
Жасыл сырға малып ап кірпіктерін.

Бей-жай еді дүние,
Не боп кетті:
Жұргіншіні жол сүйреп дедектетті.
Қара суға каз кетті түсіп, есіп,
Тарбакалар табысты кісінесіп.

Тікеннің де жылтылдаپ инелері,
Жел алдында жібек боп именеді.
Инелік те билейді белін бұрап.
(Кетті маған қызығы оның да ұнап.)

Гүл еріні түріліп кімді өбеді,
Кімді өбеді –
ешкім де үндемеді...
Уа, сүйінші табиғат!
Күрен мініп,
Көктөбені айналып Күн келеді!

ШАҢЫРАҚ

«Шын жыласа адамдар
Сокыр көзден жас шығады» деген бар.
Ал, өз басым жылағанын эйнектің
Көрдім – соны өлең еттім, қайғы еттім.
Жылағанын сокыр көзден гөрі оның
Әлі күнге әсерлірек көремін:
Жар орнында – мамық жастық секілді,
бала орнында – бауырластық сскілді,
Үйі орнында – күрке қалған секілді,
шамы орнында – білте қалған секілді,
Кеме орнында – жанқа қалған секілді,
Кеуде орнында – қанқа қалған секілді,
Ер орнында – қеудіреген шал қалды...
Жарық бітіп, жылу ғана қалған-ды;
аяғы жок – ағаш еді аяғы,
бәрін бір-ак айырбастап жіберген

Соғыс! Соғыс баяғы.
Өзге түгіл екі көздін орнында
Әйнек еді сол даңқты сорлында,
екі шыны түйме сынды ед бұғ-дағы.
Бір күні сол екі түйме жылады.

Мұгедектік – соғыс салған күйді әйгі
Талай шерттім,
жаздым талай үй жайлышы.
Мені бүтін басқа бір жай кинайды.

Шалдың бір күн әскердегі келді ұлы,
Мерзімінен бұрын келсе – кемдігі:
Төрт башайын шауып апты, акпанда
Казармада отын жарып жатқанда.
Көршілердің сөздерінен көмескі,
еңк-еңк етіп жылады карт соны естіп.
Шошындым мен әйнек-көзден, расында,
Әйнек-көздің жас төккені касында,
табыттағы өлік төксе көз жасын,
шімірікпес едім мұнша өз басым.
Әйнек көзден жас шығады дегенге
Сенбес едім, сенбес едім мен емге.
Сенбес едім, өз көзіммен көрмесем –
Қоспас едім өзім оқыр өленге!
Тұнғыш мәрте тағдырына шағына
Сонда кария былай деді тағы да:
«Менің әкем армандауға мықты еді,
шанырағына бір сау еркек бітпеді».
Жетпей алғаш бұл сөздегі мағына,
Көп ауызға карадым мен аныра.
(Картка деген шын нистін білдіріп,
Мырс-мырс етіп сырт айналып құлді жұрт.)
Сөйтсем, шалдың әкесі де жат колдан,
О дүниеге мұгедек боп аттанған
(Жо-жок, ол да тірі қалған жарадан,

одан соң да көп ерлікке жараған.
Катерлерден аман өтіп не мыкты,
«ТОЗ» жылдары жастығынан өліпті):
Көріп Қызыл Ту көтеріп жүргенін
ақ бандылар шауып кеткен бір қолын;
Сонда да оның мылтық ұстап жүргенін
Сезіп қалып, тағы шапкан бір қолын,
«Кезек енді басындікі» деп құліп,
Қылыш канын құнгे тосып кептіріп
Тұрған шакта сол женіске солыктап –
Құтқарыпты біздін әскер келіп қап...
Ал, өзі ше?
Соғыс жылы аты әйгі
Жігіт; енді ел мүгедек деп атайды.
Жау женилді – ұғым келді жана бір:
Мүгедектер! Женген ерлер, осы атпен
пенсия алар тізімдерде ғана жүр.
Көктеменің мұзы сынды бұ да ерек,
Өз-өзінен шөге бермек, жүдемек:
Мүгедектің әкесі де – мүгедек,
Мүгедектің баласы да – мүгедек,
Осы ма еді женісінен күткені?
«Шаңырағына бір сау ерекк бітпеді».
Неге ғана ойлады ол бұл ойды?
Неге, неге әйнек көздер жылайды?
Ұлы аман ғой, төрт башайдын жоктығы
Қайғы ма екен, әлде, карын токтығы? –
Осыны ойлап тұр ем көnlім дүрлігіп,
«дармоед» деп құнқілдеді бір жігіт.
Тан қалдырып бұл сөздегі мағына
айналама қарадым мен аңыра,
Түсінуші ем, кешіруші ем мен бәрін –
Осы жолы адам, Адам болмадың! –
Көргенсіздік! Мына ел неткен онбаған:
бір ауылға сыйған мұнша мол надан –
бәрі-бәрі күле карап әлгіге

коштап тұрды;
Міне, саған әңгіме!
Баяғыда жаттығып ем бірер күн:
Тұмсық тұсы осы-ау дедім бұл «ердін», –
Тұнғыш мәрте қарамадым шамама,
Әлгі ауызға салып келіп жібердім.
Бір келіншек ұстай алды женімнен:
– Селодағы бір шайкінің көсемі...
– Бүйтіп оқығаным құрсын! – дедім мен,
ерлігімнің жеткен жері осы еді.
Амал қанша, тұғырында даңқтын
жұдырығын жұмсағандар қалып тұр!
«Дармоед» деу кас батырдың өзін де
денсаулығы шығар, бәлкім, халыктын?!
Жо-жок, дедім, саулық емес дәл осы,
Керісінше, аурулыктың бәлесі.
...Біреу айтты
«Таяқ жеген әлгі адам
түсіп еді жеке меншік «Волгадан».
«Волгасы» бар дүкеншінің ұлы екен!
Жырым, сені енді қайда түнетем?!

О, ұғымдар, түсініктер, көп күлген,
Құтылмадым, қайда барсам, тепкіннен!
Шыдамадым! Шыдамадым!

Шыдамай

дәптеріме жолдар жаздым мынадай:
Бакыт құсын асырадық кептер ғып,
бұл – тағдырдың бізге берген сыйы нак.
Майдандардың мүгедегін көп көрдік,
бейбіт күннің мүгедегі киын-ак:
бұлтызыз күні жасын ойнап күркүрлі,
жанбыр жауған секілді бұл бір түрлі.
Төрт бәшай ма?

Расында, емес тұқ,
Мүгедектің басқа түрі көп есті:
бір түрі оның – жарамсактар күлкілі,

Күншілдер мен өсекшілер – бір тұрі,
бықсық тірлік? Сен білесің бұл істі,
Судай жылап жылға қуған жымысқы!
Пайда келтірудің жолын таппай дәл,
агаштан – без,
бұтак ізден тектайдан
Сабылған жан – мүгедексін,
Өйткені
акылынды арамдығын жеп койған!
Сен – ең басты мүгедексін, расында,
Қол-аяғы балғадай бұл ғасырда
Әлгі шалдың сөз бе мүгедектігі,
ар мен акыл кемтарлығы қасында!
Өлі орнында – от жанады алаулап,
Тірі ескерткіш – санаулы ғой, санаулы-ақ.
Отыр кария,
Көкірегі қаңырап та
ерлік күйін таратады жан-жаққа.
Бұл шалға емес, мен мұсіркей караймын,
есті адамы жок қайсыбір шаныракқа!

* * *

1. Күн болмаса

- Жалын атып Күн тұрмаса төбенде,
болмас еді махаббат та, өлең де.
- Эрине ғой,— деп жымып күлді қыз,—
тап осыны кайдан ғана білдініз?
- Қаталсың деп сынамас ек тасты аса,
тас та, бәлкім, болар еді басқаша.
- Эрине ғой,— деп жымып күлді қыз,—
бұл жолы да дұрыс айта білдініз.
- Ауа мен су... тұрмас еді гүл де өсіп,
гүл хакында жүрмес те едік тілдесіп.
- Эрине ғой,— деп жымып күлді қыз,—
кай кітаптан кашан оқып білдініз?!
- Күн болмаса... айтпағанда өнгені,
Көрмес едім мен сені,

ал, сен мені.

– Эрине,— деп сұлу басын сәл иді,—
соқырлар да сүйгендерін таниды.

– Тұмас еді сұлу қыз да, мықты ұл да –
екеуіміз де болмас едік, ұқтын ба?

– Жок!— деді қыз,— алған дұрыс басты ашып:
Мен болмасам табылар ед басқасы!

2. Сөз күү

– Жұмыс бітті!

Біте койсын, ол жайлы
байқап-байқап сөйлемесе болмайды:
ағаш бітті,

егілді, әне бір шыбық,
кітап бітті – басталды бір тіршілік.

Тау құлаттың – орынында тас қалды,
Үй сап біттік – бірі жана басталды.

Талай жұмыс бітірдік біз, уайым ғып,
жана істерге жасау үшін дайындык.

Дайындықтар жүріп жатыр.

Бәр-бәрі

Қайрат-қүшті дайындықка арнады:
бүкіл тірлік – тек дайындық деп өстім,
бірақ бәрін бітірем деп еgestім.

Жақсы бір іс бітірдін деп мені ешкім,
Мактағанын бір естіген емеспін...

Аспандағы бір жұлдызды какшып ап,
Ұлы максат, маңдайыма жақ шырак!

Бүгінгі үміт кешегіден тәттірек,
«бүгін» – жақсы,

бірақ «ертең» – жақсырап.

«Бітті» дейсің – бөлу қалған сықылды,
бәрі бітіп – өлу қалған сықылды.

Жок, біткен жок! Ештене де біткен жок:
тау өзені ағып әлі біткен жок,
Әлсіздердің бағынары біткен жок,

күштілердің табынары біткен жок,
сөз куаты – мағына әлі біткен жок.
Күл болудың Отырары біткен жок,
Гүлденудің топырағы біткен жок;
Мавзолейгс бұдан алпыс жыл бұрын
Тұрған кезек өтіп әлі біткен жок!
Жұмыс бітті. Рас шығар біткені,
Қағаз-ісін жинады жұрт, бүктеді.
Алты сокты (үйге барып конып кайту керек кой),
Уақыт-дос, кеңсе алдынан күт мені!
Минуттарды канат жасап, қарқын ғып,
Ұшады адам – көп қанаты бар тірлік.
Біту ме осы?
Сезіп журмін анық мен:
Жылу бітпей тұрған шакта Жарық пен
«біту» деген «жалғасуға» балама –
Жалғасқанды бітті деуге бола ма?
Жок!
Біткен жок, ештеңе де жок біткен,
Наным бар деп ойнамайық токтықпен.
Аздығынан шығар аштық жоғалса,
Үміт, мақсат таусылмаса – көптіктен...

3. Күн – ана

Ей, Күн – ана, аспа бесік – Жерді осы
ақырындал, ақырындал тербеші:
ғашықтардың бұзылмасын бір кеші,
сәбілерді оятып ап жүрмеші.
Тастар шошып,
Оянбасын жел үркіп,
Мұхиттарды ала көрме еліртіп.
Көк бүртіктер бұта бойлап өрлесін,
шық көздері ағып түсе көрмесін...
Бесіктегі сәби сынды бұт тірлік,

Келеді өсіп, уа, шүкірлік, шүкірлік!
Төгілгенде бейбіт Күннің шуағы
бейбіт жерден жөргек исі шығады.
Алтын сәуле – миллиардтаған алтын жіп,
сол жіптерден ұстап алға талпындық:
өмір жібі үзілмейді мәңгілік!
Жарқ еткенде көніл шіркін – ән салам,
саламын мен бір сірінкем жанса да ән.
Жарығынды жатып ішіп тамсанам,
Иә, Күн-ана!
Ақ сүтінді емген ұлың сықылды
Қарыздармын мен саған.
Бұлбұл түгіл, ей, Күн-ана, тіршілік,
сайраттын-ау шегірткенде жыршы ғып...

4. Дақ

Абайда да нашар өлең көп деді,
бұл сөз бірақ құлағымнан өтпеді:
арам ісік секілденіп күлдіреп,
Көкірегімде түйіншек боп жүрді көп.
Кесір ойлап, кекесінді құліп мен,
айналаға карар болдым күдікпен.

Кемітер сөз ойлағалы өзгені,
жүрек байғұс бұрынғыдай сезбеді.
Бәр-бәрінде құмән барын, сыр барын
ұқкан сайын жаман шықты жырларым.
Сол-ак еді таңданып бір тұрғаным:
«Күн көзінде дақ бар» деді бір ғалым.
Сонда қалай?
Сонда қалай? – деп күлдім,
жок, құлгем жок – көздің жасын кептірдім.
Содан бері өсіп кетті ой-әлім,
ерегіссем – еркінді алып қоямын.
Көп күдікті ұшырғанмен құл ғып мен,

Күресуге күш таппадым шындыкпен.
Содан бері...
Әкпелетіп алдық-ау, деп талайды
Ойлағанда тер қысады самайды;
Касиетті карт, сен қалайсын дегендей
жүзіне күр жалтактаймын Абайдың,
ашулантып алмадық па деп Күнді
аспанға да жалтак-жалтак қараймын.

5. Ә й е л д е р

Арулар деп бастасаң-ак бір ойды,
Ой соңын жұрт төсекке әкеп тірейді:
елестейді етектер мен балтырлар,
елестейді жасты көздер үрейлі.

Білек, мойын, мықын жайлыштырып, бұрап,
небір қының ұйқастарды құрдық-ак.
Пиғыл арзан болған сайын сөз де ерсі,
ерсі ұғымдар, енді сен де өзгерші!

Келіншек-жар, сен қымбатсын, карт ана;
Қызы-карындас, жар таба біл, жар таба;
ұғым жаңсақ болып кетті сен жайлыштырып,
солдан мықтап сактанбасаң болмайды;
газон сынды ақыл-шаши қып-қыска,
Қызы келінді, какпа-есіктер, мықты ұста!
Мен-ак қырқам қанку сөздің канатын,
Корға, әйел! Әйел атын, ана атын!

Сірне болар сұлулықтың тозғаны,
тоздырма ойды,
такырыпты созба әрі,
елестесін қызы-келіншек десек тек
әркімнің өз карындасы, өз жары.

6. Көктем

Көп сұлудан ажар өтті, әр тайды,
Жаман жырдан бұрын көбі қартайды;
Сұлулықтың тұрлауы жок дегенді
Түсінгендей болып қалдым мен енді.
Осы бір жай толғандырды көп мени:
Уәде қайдан болушы еді тұракты
Сұлулықтың өзі болса өтпелі?
Талай жаздым тенеуімді тепкі ғыл,
тұрлаусыздық – сатқындық кой деп біліп...
Қоныр кеште мұнды жаным сыйдаған
«Гүлің болам» деп еді бір ізгі адам.
Ортасында өскендік пе көп қарттың
Софылау ем –
әлгі адамға айныдың деп өкпе арттым:
«Гүлің болам» деп еді ғой ол баста?
Сөздің мәнін түсінбеппін мен каска –
тұрлаусыз боп көрінетін жолдаска
гүл ғұмыры – қыскалығы болмас па,
ескертіпті ол қыскалығын көктемнің;
ал мен болсам ештенені мезгілінде
түсінбей-ак өткенмін.
Сөйтсем, ғұмыр – әсер бопты мен үшін,
өлеңдерім, міне, соның жемісі.

Тұрлаусыз деп бір сұлуға кінә арттым,
сөйтіп тағы біреуіне құмартағы;
Оны тағы айыптағы – бала екем:
солмайтын гүл – ертегіде ғана екен.
Сұлулыққа айнисын деу, бір түрлі,
Соласың деп гүлді айыптау сықылды –
Мұның бәрін ұғындым мен кейіннен,
енді өткенге алғыс айтам пейілмен:
алкызыл гүл, көп тікенек ішінде
бір сәт көзді арбағаның үшін де,

таптырмайтын тек сүюден өзге емі,
бір жалт еткен сұлулардын көздері,
бір сәт маған жылы ұшырап қараған,
алғыс саған, бар табиғат, бар адам!
Аунап өткен акша бұлттай тәбеден
Уакыт өзі ұмыт еткен көп өлең,
Шыт қанатты көбелектөр шөптегі,
Жүгірткенің үшін сонда көп мені;
«Паһ!» дегізіп қарғып ұшқан қыран құс,
Саған, саған, саған мың алғыс!
Әрбір алған әсерімді санаса
бакытты жан екенмін-ау мен аса;
бакытым сол: кешіре алам анаша,
гүлше ұялып, алдана алам балаша...

7. Ө л і а р а

Жыртық-жыртық жапыракты бүркеніп
бұта біткен дірдек қағып тұр тонып.
Дірілдейтін секілді ме қайынның да тізесі,
Коркактау жұрт емеспіз бе біз осы?
Карт Алатау қауырт түсіп басына іс
Көшіп кеткен сықылды да асығыс –
Жел ұйтқиды бір бейпіл,
Ұйтқыған бұлт не жауарын білмей тұр.
Ылайланып жылайды ағып сайда су...
айналайын алтын Күн-ау, қайдасын?!

8. С а й

Көк тұманың көмекейі бұлкілдең,
Тұншығып бір құліп жатқан сықылды,
Бір сүйініш жүрегімді тұртіп жеп,
бір өкініш шымылдаткан сықылды.
Ауық-ауық бір әлжуаз ұн шығып,
жоғалады ауық-ауық тұншығып.

Жапырактың құлактарын қалкитып,
Әлдебіреу койған сынды тыңшы ғып.
Катып қапты екі кой-тас мінгесіп,
жібек қайың таранады судырап.
Шалғын кезіп, шалдуарлау күн кешіп,
Жасыл шашын таркатады су жылап.
Сай оянды.
Акырын, Жел, жап-жасыл
тал, теректің түймелерін үзесін...
Жібек қайың қағып тұрды жамбасын,
Кайсар емен – тізесін.

9. А н ш ы

Таңсәрі еді. Садақ иіп жас талдан
анға шықтым: бурыл тулкі қашты алдан,
Түске таман құла болып түлкі әлгі
кылан ұрып құмға қарай бұлтарды.
Көңіл – құла,
түлкі – құла,
Құм – құла:
бас айналды – бұлдыра, көз, бұлдыра!
Үзенгіні тебе тіреп, тым қатты
тарткан жебем бір бүрк етіп құм қапты.
Кешке таман құмдай құла түлкі әлгі
кылан ұрып Күн астына бұлтарды.
Бірте-бірте ол қүрен қызыл боп алды,
Қүрен қызыл Құнмен бірге жоғалды.
Ант еткенмін бұл құні
енді қайтып кумаспын деп түлкіні.
Ертесіне түлкі болып тағы үміт
Қашты алдымнан – тағы қудым қағынып...

10. К і м с і н?

Табиғатқа – шеберлікке дау бар ма:
Сұстылық тек жарасады тауларға.

Тәкаппарлық таудан шыкса бастапқы –
Жаса, жаса тәкаппарлық, асқактық!
Мұз бен қардай ызғар төкті шаш мына
айналаға,
ақ аспанның астына.
Жерді ұмытты,
ісі – хаққа ауды шын...
Жаркыным-ау, осы сен де таумысың?!

11. Бүгін

Өлең жокта – әсер етер жұмбак та,
Жұлдыздар да жанады ғой күн жокта.
Аспанда Ай жок – жұлдыздар жүр тырмысып,
арыстан жок, орынында жүр мысык.
Ұшқындар көп,
Жалғыз жанар жокта алау,
Сансыз жұлдыз жыптырап тұр көкте анау:
бұ да аспанға жарасатын сиякты;
Күн орнына, былай қойып ұятты,
Олар-дағы таласатын сиякты.
Бізде де осы... аяқ-жолды аныктар
Сірінгенін жарығындай жарық бар.
Сондыктан ел көтереді кос колдан,
ал, біреуді жұлдыз дейді сасканда.
Жылт еткеннің – бәрі жұлдыз, амал не,
Абайы жок аспанда.

12. Даңдак

– Эй, Даудак, Даудак,
аңшы біткен аулап, атып, куалап
Мәз болсын деп Құдай кескен үкімін –
айтши, қалай құрымай жүр тұқымың?
Етің семіз,

Өзін анқау;
толы айша
Мамыр жылжып – күн көресің қалайша?!

Карт Дуадак:
– белгілі жай, – деп күлді,
Сол күлкімен қауырсынын кептірді, –
ғұмыр бірдей жүйрікке де, шабанға,
амалдаймын кос канатым аманда.
Жаксы аңшының өзі мені атпайды,
Мен өзім де аттырмаймын жаманға.

13. Ж а п ы р а к

Шашты ағартып, жапыракты сарғайтып,
Жылдар өтіп бара жатыр жылыстап.
Мысық табан – мезгіл, рас, жымысқы-ак:
анғармайсын келгенін, не кеткенін.
Бірақ мезгіл өтпейді еken теп-тегін:
әр дем үшін, алу үшін тағы дем
төлейді екем самайымның ағымен,
бет әжімі, мандай бағы, қырсығы,
білек күші, шеке-тамыр дүрсілі –
төленеді еken соған бәр-бәрі;
ал, қалғаны?
Бар ма, сірә, қалғаны?!

Бұтада тұр сары жапырак ілініп,
Жүргегіме ілініп тұр бір үміт.
Болғанымен уақыт – ортак, тіл – бірдей,
шашым түсті ағарып та үлгірмей –
үнімді жұрт тындағы, рас, ал мәнін
Ұқпады ешкім, не ұқтыра алмадым:
Караны – ак, акты – кара деп кестім,
Қырық ермен қынырлық боп беттестім,
Себебі, олар сыртын көрді бар істін,
Мен тек кана ішкі күшпен алыстым:

Көзім менің мандайда емес, расында
көзім менің – жүргімнің басында.
«Самай ағы» араласса сөзге егер,
самайыңа қарайтұғын өзгелер.
«Сары жапырак» араласса сөзге егер,
күздің бұлтын іздейтін де – өзгелер.
Мен – мәнгілік жапыракпрын жап-жасыл,
Елім – шырша, тамырында жалғасым...
Жапыракты «сары» деген жұрт – акымак,
жапырак – көк,
сондыктан да ол – жапырак!

14. Тағы да жапырак

Тағдыр солай, тереземнен төнбे көп,
Мұн салады бір қауым:
Шық көзімен дөңгелеп
Маған қарап жыламсырап тұрғаның.
Жырларымды мезгіл желі ұшырып,
Көрге тығар ажал тубі пендени –
Соның бәрін түсініп,
аяп тұрған сықылдысын сен мені.
Шабыт шайқап құбылғанда даусым мын,
қарауытып тыңдайды орман, тау сұмдық;
еркесі едің сен бір ғана маусымның,
ал, мен бірақ ақын емен маусымдық:
Мені аяма!
Тұбінде бір алса өлім,
том-том жыр бол айтылар да «иманым»,
Фамилияға айналармын.
Ал, сені
күздің желі қайда қуар – беймәлім...

Таң салқындал,
бұлт төмендеп,
Жел де енді

Дауыл болып соға алатын секілді.
Әр бұтандың сарғайғанын көргенде
бір тал шашым ағаратын секілді.
Сактан, достым!
Мені – аяма, майлы ішім,
дауыл ұрсын – қозғалмайды мүлде іргем.
Сені бірақ, байғұсым,
Қандай табан таптайтынын кім білген...

МАХАББАТ ПЕН ҚАРА ТАС

Махаббат деп бастасаң – елең қағып құлағы
Жұрттың бәрі қыз жайлы жыр екен деп ұгады.
Бояу да көп бұл сөзде,
Мағына бар әр басқа
Кемпіркосақ секілді сан құбылған, арбаскан.
Махаббаты Цезарьдің – биігі екен даңқтың;
Құлагерді Аканның махаббаты деп ұқтым.

Сенбеуші едім кәдімгі ағашқа – сол еменге
Ғұмыр бойы Толстой ғашық бопты дегенге.
Екі зәулім емен түр.
Екі еменге сол ұлы,
Ұлы қария күн сайын жүреді екен жолығып;
Солқылдатып жүрегін қайғы емгенде бір арда,
акыл-ойдын не бір тын шындарына шыгарда,
Келген екен сол жерге сакалынан жас парлап
Анна жайлы ғажайып романын бастарда;
Тұрмыс тартып етектен,
Киял шырқап аспанға,
акыл-ой мен акшаның басын зорлап косканда,
Келеді екен сол жерге;
Мейірім тілеп тастан да,
Үй-ішінің бітпейтін дау-шарынан кашканда.
Кей ағамыз женгейге өкпе артқанда балаша
«Жас иісі» секілді қауышатын онаша,

Сол бір екі еменмен сыйбырға бай, сырға нық
Толстой да, деседі, жолығыпты ұрланып.
Мәңгі тозбас сезімге – тозбайтұғын зат шыдар –
Ең тұракты махабbat, бәлкім, табиғат шығар?!
Қос кәрі емен тұр әлі.
Сол кос емен түбіндегі
Төңкерілген астаудай қабір жатыр бүгінде.
Емендер тұр асқактап!
Мылқау топырак-қабірі,
Табиғаттын өзіндей әрі катал, әрі ұлы –
ескерткіш жок,
Қорған жок,
Үйліген тек топырак,
Құстар сайрап алыста, судырар тек жапырак...
Сенбеуші едім кәдімгі ағашка – сол еменге
Ғұмыр бойы Толстой ғашық болты дегенге:
Қос еменнің ұлы жан атын жайып әлемге
Ғашықтығын, кетіпті ол, қабірімен дәлелдеп.
Сүю үшін еменді – гуу керек емен боп,
емендерге мен бір сәт карап тұрдым елеңдеп:
Қос кара емен құпия жыр айтатын сықылды,
Сәл тындасан жанынды мұңайтатын сықылды,
Орыс төрі – осы жер!
Қалғандардың барлығы босағада сықылды,
№2-ші күзет осы арада сықылды...
Уа, ұлы жар – табиғат!
Ұлы анам да сен едің,
бояуын бер шыршаңын –
Сәл сарғайып келемін;
рухын бер бұл жердін,
Жұпарын бер гүлдердін –
бір шырқайын Tay әнін!
Саясағымен ауанын
Қара бұлтты ақ шынға байлап койып сауамын!
Сонда бурыл тасқынды ақтарармын мен-дағы,
Талкан болар бөгетін – колдан қойған корғаның;

Табиғаттың өзіндей,
дәл өзіндей болғалы
пісіп жатыр әзірге ой мен шабыт толғағы.
Ал, бүгінше талаппен «мен де болам» дегенде
Тәуәп етем басқалар егіп кеткен еменге.
Өз еменім – болады!
Қазіргі әнім – киын ән,
Өзгелерге жете алмай өз көнілімде ұйыған.
Безген шакта наярдың есебі бар сыйынан,
Дала, саған сиынам!
Жерігенде жолдастан – көнілдердің қағынан,
Әділдіктің тағынан,
бұлбұлдардың бағынан;
бір каталдық көргенде, адам, сенен тағы да
емен түгіл, мұқайтып қара таска шағынам...

КЕТИК КІРПІШ

...Жапырак тұр көз жасын жанарына іркіп ап,
Жас шырмауық фонтан боп атылады бұркырап.
Мәрмәр үйлер – бір ғажап,
балкондары – ертегі,
Жасыл бағы ымыртта ертегілер шертеді.
Қала бірақ күтімсіз,
тым қоқырсып кетулі
салақ әйел ұстаған байдын үйі секілді.

Дәл осындай қалада баяғыда бір әкім
акылымен әлемге әйгілі бол тұратын.
Қаланың да дана әкім таратыпты атын кен,
Өз қаласын сүйіпті ол,
Сүйген бірақ ақылмен.
Уак-түйекті тізбелеу – ұсақтық кой десек те,
Ұялмай-ақ сол әкім
Жазып-сызып алатын
Көктейтуғын әр шыбықты есептеп.

Атак, данкы асса да – адам болып калыпты,
тасытпаған ешқашан махаббаты халыктың.
Қызмет етті әкімге ел:
акылдылар табынып,
жарамсактар кошемет айтып жүрді жабылып.
Бұйрығының өзін ел бойтұмар ғып тағынып,
жазасының өзін жұрт қүтеді екен сағынып.
Мұрттай ұшып сол әкім ауырыпты бір күні:
Кайғы-жаска шыланды шыршаның да кірпігі,
Қасіреттен тас балқып,
Жапырактар сарғайды,
Қалың кара халыктың шашы ағарып бір күні;
бір-бірінен құпия тасаланып бір күні
Құйылыпты тұс-тұстан тәуіптердің түр-түрі.
Халық тілеп құрбанға кой шалыпты тарығып,
Шөп терісіп даладан – қайнатыпты дәрі ғып –
Ем іздепті Ел-Ана күні-түні толғатып...
Көтеріп ап жастықтан ауыр басын сонда әкім
былай депті жұртына:
– Мың болындар, достарым,
Құшактар ем бәрінді – көтертпейді кос қарым.
Дәрін бірақ дарымас,
Құрбандығың – құр шығын,
белім мендең барады,
алдырмайды ұршығым.
Сыркатымның дауасын өзім айтар халім бар:
Қазір іздеп каладан кетік кірпіш табындар –
Соны бассам қыздырып жазыламын, – деді әкім, –
баяғыдан дертімнің дауасы осы болатын.
Куанысып қалың ел жиналыстай тарады,
«кірпіш деген немене!»
«Табамыз!» деп барады.
Осы қала түгелдей қаланған деп кірпіштен –
бірі кезіп көшени,
бірі ауласын карады.
Үш күн, үш түн тентіреп іздесе де көп адам,

Көпір асты,
Көл маңы... сонша ұлы каладан
табылмады бірде-бір сынық кірпіш,
Масқара,
Жарты кірпіш бермеді сол қайырсыз астана.
Қайғы басып жұрт жүзін,
Жанарлары жасқана
Хабарлады әкімге ел:
«Жомарт қала басқаға –
тасқа саран боп шыкты;
ұяттымыз – таппадык!
шегіртке боп шырылдаپ,
Күмүрска боп қаптадык!
Қаламыздың мактаны:
ак мәрмәрдан өрілген кен сарайлар какпалы,
Сол какпалар манында көлденен тас жатпады,
Уш күн, уш түн кезгенде дауан үшін, уа, таксыр,
Халқың сенін сен үшін кетік кірпіш таппады –
Кінәліміз алдында!
Қайғы шегіп халық тұр,
тұңғыш мәрте бұйрығың орындалмай қалып тұр!
Лебіз ет тек: табанда бұзамыз да бір үйді
Әкелеміз арқалап!»
Әкім сонда жымиды,
Серпіл сонсоң көрпесін,
ауыр басын шекелі
биік салған жастыктан жеп-женіл-ак көтеріп:
– Жұртым, саған мың алғыс, мен жазылдым, –
деді әкім, –
Ғұмыр бойғы арманым осыны есту болатын,
Кетік кірпіш таппасан – жаксы ұстапсың калаңды,
Жойылыпты салактық – қуат косты маған бұл!
Кешір, қауым, уш тәулік ауру тістей каксатып
бос қинасам – осыны білу еді мақсатым... –

Еліне сай есі бар,
данқына өзі тұратын

Жұртты осылай сынаған баяғыда бір әкім.

Бұ да – ескі жай.

Бізде енді жаңалықтың түрі көп:
емханалар – керемет,
аптекалар – құдірет,
ауырмайды ер, сондыктан, мән бермейді таска аса,
Халқын әкім сынайды – сынайды тек басқаша...

ПӘЛСАПА ТАСЫ

Жапырағынды бер деп едім қайынға,
Кайын айтты:
топырағынды дайында!
Іс болды ешкім колдамаған –
Күрек салдым, жер катты екен, өтпеді,
Жер сөйледі сонда маған:
Сұрап алған сұлулыққа топырағым жок,— деді.

Қызыл гүлге жұпарынды бер деп ем,
тербел, деді ол, мен секілді желменен.
Ойлама ақыл, ашу, амал, түк қайғы,
ал, әйтпесе қағаз сорған сұрқына
Исім түгіл, бояуым да жұқпайды.

Пәлсанда бер деп едім көк таска,
Қанағатты да ойла, деді ол, октаста:
дүниедегі жақсылықтың бәр-бәрін
Мен ғана иемденсем деген арманың
іске аспайды,
болам дедің – болмадың,
Өйткені сен табиғатты корладың!
Барлық байлық, бар қасиет, бар асыл
табиғатта ғана тапқан жарасар;
табиғатқа ғана бәрі жарасар,
кім едін сен табиғаттан әрі асар!

Осыны айтып жатып қалды тас үнсіз,
Құрысын, дедім, армансыз күн – асылсыз.
Тас, содан соң, таска айналды мәнгі өлі.
Маған тастың пәлсапасынан гөрі,
Жапырак, ғұлдін сыйбыр-ұні ұнады.
Жок-жоқ, ойдың аяғы емес бұл әлі:
ғашық болған сұлуларым толы арба,
Күйіп-жанып сүймелеп едім мен кімді –
тас секілді басты кобі көңілімді,
Сүю – қорлау боп көрінді оларға.

1. Э т ю д

– Неткен ауыз әлгі ауыз?
– Ауыз емес, жалмауыз!
Ерін екеу, тісі отыз –
аз байлық па бір бетке.
Корқу – жатса құрметке,
Уа, дірдекте, дірдекте!
Ауыз емес, қазан бұл,
тісі – кемер,
тіл – қалақ.
Куырады бидай ғылышп жанынды
тіл-қалағы былғалап.
Аз болар деп ол әлі,
Үйтілсін деп бас мына,
отын өртеп салады
әр сөзінің астына.
Корыкпандар мылтықтан,
сескенбендер жауыздан!
Қанжар шықты ауыздан –
ал, бауыздал, бауыздал!

2. Э т ю д

Сурет емес бұл тегі,
басқа мағына бар мұнда:

Қызыл бұзау үркеді
аркандалған шалғынға.
Қара еменнің басында аспан қалғыды,
Жапырактар жалбактауын коймайды,
бірі – мимен,
ал бірі
Құлағымен ойлайды.
Ал, сөз бүгін – ересек,
дәл береді ұғымды:
менсінбей тұр кәрі есек
желідегі құлынды.
Затын – есек демесек,
есекте де көп есеп:
«Тұлпардікі келешек!»
деп акырды көк есек.
Құдіретің кім, құсың кім –
жүргізді есек есепті...
сен де бәрін түсіндін
құлағымен есектін.

ТЕНТЕК

Ал, сансыра, сары бұта,
Сары жеммен сал ырған!
Көнілім, саған «сап!» деп ем –
садаға кет сабырдан.

Арық, кәрі Пегасың
әлі ансайды бәйгені –
бәйге ансайсың сен әлі
ырсаң қағып қабырған.

Сенде де сол ниет бар,
Күрек-тісің кайда әлгі?
Қызыл иекпен қырқысып
кімге ашпаксың майданды?!
Бір тісінді жойған-ды

«Ақөзектің» ар жағына Ай батты,
Келемін деп бекер уәде байлаппын:
бара алмадым – қайтыс болды сорлы анам,
Кетті дерттен жылдар бойы корлаған...

Уш күннен соң қыздан тілдей хат алдым,
Жұмбак, катал мағынасына маталдым:
«Шын сүйгенге сылтау емес өлім де,
Қош! Сол күні әкем өлген менің де».

3. Тұс

– Таңда депті, екі асыл бар, жас жігіт!
ыстығына темір балқыр, тас жібіп –
Махабbat деп атапты оны қас қылып,
Әлемдегі жамандық пен жаксылық.
Ал, біреуі байлық – атақ – кіслік,
Сүюді ол жын-шайтанның ісі ғып,
Қатан тәртіп казанына пісіріп
Өзін-өзі түйіп ұстар түсінік.
Сен ұкпайтын бір құдірет бар мұнда:
Құдіреттілер елпен қағар алдында?! –
Қызыр ата таң алдында кез бопты,
«Қане, жігіт, қалауынды ал, тез! – депті, –
Махабbat па?
Байлық, бақыт жок онда,
Жел секілді аунарсын тек көгалға.
Жалғыз досын... безер сенен о-дағы,
түбі ажалың – әйелдерден болады,
түсіндін бе?» – дей бергенде, жас жігіт:
– Атажан-ай, менде де жок басқа үміт,
Махабbat бер,
ашылсын кілт, есіктер –
Не берсен де махабbatқа косып бер.
Байлық, ерлік бітті бедел түсіріп,
соның бәрі бақыт емес, түсінік –

Қайырымды қарт коржынына кол салды,
Уысына канша ілінсе – сонша алды.
Махаббатты – казынаны бұзсынды
Жас жігітке жомарттықпен ұзынды,
Сейтті де шал судай еріп жоғалды;
Жігіт аң-таң, не берді екен деп әлгі
алақанын ашып көрді: О, сұмдық!
Шошып кетті (біз де бірге шошындық) –
тиындарға сатылатын кәдімгі...
Мұндай мұсін өнінде де мәлім-ді.
Кетті оянып:
Жыпылыктап жанары
«Түсім ғой?!» деп жұбанып, сәл іркілді;
Сонда өз жары ұйықтап жатқан
Жаңағы
Куыршакқа ұсап кетті бір түрлі...

4. Да б ы л

Місі тұттай гүлдің исін және олар:
Көбелектер,
адамдар мен аралар
талап жатыр –
каракшыға бара-бар.

Құрысын бүйтіп сұлулықты сүйгені:
Райхан гүлді тамағынан кептіріп,
Роза гүлді сабағынан кептіріп,
бір сұлуға кыр көрсете жөткіріп,
бір сұлуға жағынғалы кеп тұрып,
пәлсапа айтып жантаяды жігіттер:
«гүл өсірдік жұлу үшін» деп күліп...

Ал, кыздар ше?
Алған сайын гүлді олар
әп-әсем боп күлгені үшін бұлданар,

Жанарлары бұлдырап,
Шаттықтарын жасырып;
Мастана ма, куана ма гүл бірақ
Әлдекімнің қеудесіне бас ұрып,
Әлдекімге көз-куаныш болғанға?
Мұны ешкім де ойламайды жалғанда.
Сұлулықты сүйеміз біз: тілесек
гүлді жұлып сата аламыз біресе,
таптап, аунап жата аламыз біресе –
табиғатқа беруші еді кім есеп?!
Жат түсінік:
гүл мен шөпке не түрлі
шабуыл да, шашпалық та бар мұнда –
Қылмыс үшін жауап берген секілді
жауаптымыз келер күннің алдында.
Ал, табиғат қайрат жұмсаپ біз үшін
Әр бұтасын мүйіз етіп сүзісіп
газ бен удан тұр корғап –
жазу керек соған барлық жырды арнап.

5. Ә у р е ш і л і к

Тас –
бұлактың ақ жолына жатып ап
карайды күр сұық көзben бакылап.
Ал, бұлак ше?
Жағынумен, жалаумен
тасты жібітемін дейді, акымақ!

ШӨЛ

Құла-сары тәбе-ұстірт,
Құла-дала, кеністік.
Пеш күрсінген сияқты
бетке ұрады жел-ыстық.

Жолға айдаған қай қырсық?
Бір уыс жел құйын болып құтырды.
Қосаяқ та айғырсып
Кісінейтін сықылды.

Бір жаңалық айтпак едім хабар ғып –
Уа, құм, оян, сорлы, оян!
Орғып, орғып, тағы орғып
Тайып берді ор қоян.

Құм, құм, жаксы бір хабар:
Жаңбырлы бұлт келеді,
деп едім мен, май кептеген ұлтабар –
борсық безіп жөнелді.

Дедім тағы: хабарым бар, хабарым,
бұлт келеді қабарып.
Сүйік шөпті салдыратып, тонқандап
Кірпі кашып барады.

Керек дедім бір сулық пен бір етік,
Су алар ін-қуысты:
пыр-пыр етіп, пыр етіп
шегіртке ұшты, шіл ұшты.

Бозторғайдын жок өні,
даусы қалған қарлығып.
Жаңбырлы бұлт деп едім –
безіп кетті барлығы.

Кім біліпті хабар ма бұл жұғымсыз,
жапалакқа тағып жатты карға айып.
Кайғырды тек құм үнсіз
Кияғымен сарғайып.

Кепкен сынды ерін емес, жүрек нак,
Сағым ба анау, ауыл ма?
Бұлдіргін білекке ап,
Сипай-сипай қамшыладым сауырға.

Үрпекте, иек-артпада
Сүйрік тартқан,
Шідерлі
торы ат маған жалт қарап
Кісінеп кеп жіберді.

ТЕҢЕУ

Аңдал сөйле, ағайын!
Сөз дегенін әйел сынды көк айыл:
бір күш алса, менмендігі оянып –
бет каратпай қояды.

Маржан дейді Абайдың әр сөз-үнін,
жылтыракка әуес білем жандар тар.
Маржан – тас кой,
мұны айтқан жан өзінің
сөзге деген сұйқтығын аңғартар.

«Маржан»— сөздер тамағынан өтпесе –
Жырды біреу теніз деді кеп-кеше...
О, білімпаз, ойға үйір,
Сөз көсеме, от көсе!

Мынау тенеу құлағымнан өтпейді:
Жердің шарын доп дейді.
Жердің шарын доп десе...
доп дей ме егер теппесе?!

АШЫҚ ХАТ

Жазушылар атак-данқын қызықтаған шактары
Сөз етеді жүрттан алған хаттарын.
Досым менің (айтуынша өзінің)
Жұз хат алған бір кітабы туралы.
Ал өз басым, канша ойласам киналып,
Ондай хатты алған емен туғалы,
Әдебиет жайлауына конғалы,
Он бес кітап жазғаным – бар болғаны.
Окүшыдан алған хатым сондағы
Жетпейді екен онға да!

Авторларға бар секілді қыжылы
бір хат алдым алпыс бірінші жылы.
Келесі жыл бір хат келді тағы да:
тимепті онда Қасымның да шамына –
кей жырыма сенбейтінін жазыпты,
кей жолымның шындығына табына.
Сөйтіп, кенет, белгісіз бір күйге ендім,
Кездесердей баяғыда сүйген бір
Сұлуыма, бірак қолым жетпеген,
өн бойымда толқу туды ептеген,
бірте-бірте оған да мен үйрендім.
Кенәйді жер, биіктеді аспаным,
даусыз кірдім жоспарына баспаның,
Жинағымның тиражы да көбейді,
бірак хаттың саны бірден аспады.
Көкірекке сенім болып кірді ырғап
жинак сайын келетүғын бір-бір хат.
Кімдер екен иелері хаттардың? –
Қанша ойладым, шешілмеді бұл жұмбак.
Кейі – қатал,
Кайсыбірі мылжындал
Миды ашытты;
бірак бәрі сауатты –

Мен де оқсатып қайтарар ем жауапты:
Әттен, кімге? Қайда жазам?
Жанымды құр жеді оймен
келген хаттар Гурьев, Шымкент, Семейден,
Қызылорда, Өскеменнен, Оралдан...
тамырлар боп тарап жүрді маған кан,
Кешірімсіз мейірімнен жаралған,
Жігер берді, ең бастысы, есімде
Қол койғандар «окушын» деп,
«досын» деп.
Қара сөз де жасап келем,
ал өлең
Шығып жатты өздігінен,
және мен
үнсіз жаздым, үнсіз жаздым, үнсізбін –
өзімді-өзім уағызыдаған жан емен!
Тек жанағы хаттар ғана үміт боп
дарыды ойға;
Жазғанымды жіліктеп,
берді айырып бар мінімді,
Қысқасы:
Мені маған түсіндірді үгіттеп!

Күні кеше бір хат алдым, мәніне
түсінбедім мына сөздің:
«батылырак, батылырак әлі де!»

Ақын біткен атак-даңқын қызықтаған шақтары
Әдеті еken сөз ететін жүрттан алған хаттарын.
Алты жұз хат... деген кезде бір сабаз
– Азайтшы! – деп айқайлауға шақ калдым.
Кілтін жүлкып аштым-дағы тартпамның
Келді кенет менің де бір мақтанғым –
аз конвертті әдейілеп қобырата шығардым,
не айтканын, кара дедім, бұлардың!
Акку құстың қанатындаі көлбеп бір

Сарғыш беттер, сөйтіп, колдан қолға өтті;
біреу ұзак басын шайқап тамсана:
Жазған, деді, бейшаралар жан сала,
талғам жатыр, деді бірі, каншама!
Мактады әркім, менің көнлім үшін бе –
акылсыз сөз жок екен деп ішінде.
Мен масайрап отыр едім,
бір жігіт
окыс катты дауыстады, дүрлігіп
Шықты сөзі:
– Кара,— деді ол,— мынаған:
мына хаттың бәрін жазған бір адам!
Бәсе,— деді екі ұшты ғып,— сезуші ек
Хаттың сырын ақындарға ұнаған.
Шындық! Жалпақ дүниені шарласам –
Сені, сені іздеуші едім әрқашан,
Осы жолы, о асылым ансаған,
Кас жауымдай карадым-ау мен саған!..
Корланғанда кос самайдан тер кетті,
Мактанам деп өзімді өстіп сорлы еттім,
Әр жылда бір сирек келген хаттардың
Қолтаңбасын салыстырып көрмеппін.
Сол сәт достан сезіктендім (азапты-ак):
Күлгендей бол көрінді ол да мазактап;
Әлдекалай іс еткендей ұтты
Куыстандым: хаттың бәрін өзіме
Өзім жазған сиякты!
Талай сөздер тіл ұшында іркілді –
ыңғайсыздық сезіндім мен бір түрлі
аяғандай көрінді жұрт;
батқаны:
бірі кенет әнгімемді мақтады,
бірі нашар балладамды мақтады –
Соның бәрі қорлаған бол етті әсер,
Секемшілдік!
О, Құдайдың атқаны!

Жастау біреу жүрексіне тіл қатты:
– Мұнша жана жазған жанға бұл хатты
аз дер ем мен! – деді жігіт;
Өлеңшіл
көптің көнілі ақындарға деген шын
Хатпен өлшенетін сынды кәдімгі.
Енді бірі ақын еді жалынды:
– Жай қызықтау емес кой бұл өтпелі,
Сондыктан да бір ақынға көп! – деді.
Пікір тастап бір-бірінің ығына,
Отырды олар бірін-бірі ұғына;
Күмән айтқан өнерімнің өзіне
кей жігіттер, қашан да
табынатын менің ададлығыма:
– Бір ме, он ба бәрібір ғой! – деді бірі
жұбатып, –
Көп тұғырға конбайтын құс бұл бакыт,
Окушым аз деп шағынып жүдемей,
досың үшін жырла, – деді ол, – бірегей!

Көп толғандым сол бір кештен кейін мен,
түсінейін деген ниет-пейілмен
Қанша ойласам ұға алмадым мұны аса:
жазғандарым әлдекімге ұнаса,
кейде мықтап мактаса сол,
Немесе
іреп-мінеп кара жерге теңесе –
онда не тұр? – дер едім мен, бірак дәл
«дос» деген сөз кетпей қойды құлактан,
Өшпей қойды көкірегімнен;
О да айқын:
Осы бір сөз үйыктатпаса талай тұн,
достыкты аз сезуден бе?
кейде осы
көп жігітті үйыктатпайды деседі
кастарының бейнесі;

ал, мені ше? Жеді алыстан-тасадан
дос кылышы қамкоршылық жасаған,
қамкорлық та болмас бәлкім?

Біле алман,

Шыға алмадым үміт, сенім, күмәннан.

Тек аталған кештен бері бір тұрлі

белгісіз құш сүйреп мені сиқырлы

Одақ жакка жиі-жиі оралдым,

Жиі-жиі хат сұрайтын боп алдым.

Пісуі өткен қаракаттай үзіле

карай жүріп бейтаныстар жүзіне,

үйрендім мен әлемді дос санауға,

бар адамға жылы ұшырап қарауға,—

Сен шығарсың, бәлкім, сонын біреуі?

Сен де, өйткені, бейтаныссың!

Сен кімсің?

Кім де болсан қасиетінді Ел білсін,

ажарынды — жар білсін,

базарынды — бар білсін!

Жанына сай жігер берсін ұлы арман,

мимен толқып, жүргімен тұнар жан,

Сен — жалғызың,

көпсін шулап кол соғар

Ол мың өлең-құмардан!

Мен — сен үшін тары санасам — жалықпан!

Мендеңі бар, жараса — ал,

алып қал,

белгісіз дос!

Берік боп қал Анттан

Баяғыдан елеп келгенін үшін,

аруағым боп жебеп келгенін үшін

есен қайтар Уакыт пен Халықтан!

САЛМАҚ ТУРАЛЫ

Кенседегі біреудің кенсірігін сөз еттік,
ел сенетін біреудің кемшілігін сөз еттік.
Жетпейтінін сөз еттік, әңгімеге өзек кып,
біреуіне – ақыл-ой,
біреуіне – өжеттік.
Бір ағаны еске ап ек,
естілді бір көбен үн,
Көбен айтты: – Жұмыста салмағы жок, – деді, – онын.
Беделі аздау адамды – сөзден түйдім жаңағы –
Салмағы жок дейді екен космостың заманы!
Қайкы иегі басында пешке кепкен байпактың,
а羞ы сөзді әлгі адам төкті аузын шайқап бір.
Бак-құдайға бағымсыз,
басқаларға жұғымсыз
жігіт еді, ол рас, колы – шешен,
тілі – үнсіз,
соны айтқаны әлгінін.
Кой, ар жағын козғама,
Мені ойлантқан бұл да емес,
«Салмак» деген сөз ғана.
Бір сөз шыкты аузыннан абайсызда атылып,
Қармағымды ой қапты – калтқымды батырып.
«Салмак?» – дедім,
Шын тәнір – салмак десе ып-ырас,
Менде салмак болса, ол – Жерге деген ықылас.
Космонавқа таңданбан,
тансық емес ол маған;
Салмағы жок тағдырға қайтіп көнді сонда адам? –
Мен осыған таң қалам!
Салмағы жок дене де бола ма екен,
бұ қалай:
Желге ұша ма сонда адам даруы жок «дүғадай?»
Ей, космонавт, зандарын физиканың жатта бар,
Салмақсыздық, менінше, барлық занға жат болар,

Ұлдарының
Жер-ана
алыс жолға аттанар
оралсын деп тезірек салмактарын ап қалар.
Қауырсын да қол жетер жерден ұзап әрі аспас,
Космонавтан басқаға салмақсыздық жараспас!..
Қашты біреу Батыска ұзартам деп мұратын,
Міне, міне, дәл соның салмағы жоқ бір атым.
Басың сенін доп, адам,
О, домалан, домалан,
Көкейінде көп алан,
Көрген күнін зобалаң,
табанының астында туған жері жоқ адам!
Салмак – тарту күш десе, рас шығар жартысы,
ал, жартысы, жартысы – атау үшін, шарт үшін.
Ғұмыр бойы келем мен топырағыммен «тартысып»,
тарту күші, болса олай, – махаббаттар шарпысы!
Мен – жерімді сүйемін!
Жүрек маза бермеді:
Сүйе ме деп, япыр-ай, сүйе ме деп Жер мені?
Мен – ғашықпын,
ғашық – мас, сүйсе ғана айығар,
айығып ап әр нeden құдіктенер жайы бар.
Мен – інірдің желімін коңыр бұлтын шұбыртқан,
Жел болмасам сол желде тынысым бар бір ұрттам.
Сенде менің бөлінбес куллі ырысым, күллі есем,
Ей, Жер-ана, не ойласам – ораласың тілге сен.
Жапырағыңмен сыбырлап отырмасан күнде сен,
Мен өнерде өзімнің салмағымды білмес ем!
Тастың сипап маңдайын,
топырағымды уыстап,
салмақ жайлы мен де енді толғанамын дұрыстап.
Самал сүйсе, жапырак,
Шық-көзінді аш кенірек,
кенірек аш, дөңгелеп бір көрінсін төнірек,
түске қарай жел тұрар – жасынды төк еніреп:

гүлден гөрі Жер-ана кем сүйеді мені деп.
Махаббатқа өкпелеп – емен болды көк терек,
Абай болды сол ақын – заманына өкпелеп,
соның бәрін салмаққа коса аламын мен анық,
бірақ бәрі соғады қара жерге оралып.
Салмак шын-ак тартылыс күші болса – жақ ашпан,
Салмаксыздық бірақ тек космонавқа жараскан.
Уа, Жұмыр жер, аспаның салмақты аспан, ак аспан –
Тартып ұста ауанды құллі әлемдік таластан!

Талай жанды біз кейде әнгімеге өзек қып,
Талай ерді санадық, сараладық, сөз еттік.
Беделі аздау ағаны – сөзден ұқтым жаңағы –
Салмағы жок дейді екен космонавтар заманы.
Салмаксыздық еткенде санасыздар былайғы,
Салмак дейді кей ауыз бір мықтыға ұнауды.
Тартып көрмей безбенге саған қалай ел сенбек,
Салауатқа, санаға салмак тұрса өлшем бол?!

Жо-жоқ, достар, эр сөздің астын казып мән баккан,
женіл түйсік тудырма саф ұғымнан – салмактан:
ғұмыр бойы келем мен топырағыммен «тартысып»,
тарту күші, болса олай – махаббаттар шарпысы!
Жаса, жаса, Жұмыр Жер!
Салмағына сай ұлға
бір үміт бер күніне,
тым құрыса айында.

Салмақтыны емес, сен, салмаксызды ауырла,
Салмақты бас – дән болар,
Жел, байқап ес, жай ырға.
Талқына сал, о, тағдыр,
Саулығымды ал,
Санамды ал,
Туган жерден тек мені – салмағымнан айырма!

ЫРЫМ

Ырымшыл ма,
Кұдайшыл ма сол кісі?
Жакын ұғым алдынғысы, соңғысы:
ырымшылдық – караңғылық деп ұқтық,
кұдайшылдық – картайғанның белгісі.
Көшерінде Қошалактан талай кәде жасалды,
бәрі, бәлкім, кәрлікten бас алды?
Карт әйтеуір кара інгенге жүк артып,
Кара қойды құрбандығына шалды.
Кош айтысты ел, әй, қыын-ак, қыын-ак:
белбеуіне бір уыс құм түйіп ап,
Көзбен де емес, сакалымен төкті жас.
«Он сапарға» жиылған жұрт көп-ті, рас,
Сол көп күбір-сыбыр етті: «Кұдірет,
Жетпіс жылда жылжымаған бір рет
іргенде аудар деген кім,
кім зорлады мұны?!» – деп.
Топырағың не деп ем мен
Күлімдеп,
Какты арқамнан: «ырым, ұлым, ырым», – деп.
Карттың аузы болатұғын дуалы-ак,
сөйлемді ол бір жаратқанды куәға ап,
барам, деді, жакын-жуық жағалап,
картайған соң кайын жұртты қуалап.

Түйекөш жер – түсте жеттік біз оған,
бір ойпаннан сүзы шыккан ызадан
кұдық қаздық,
тайыз екен кұдығы,
терен екен бірак елдің ұғымы:
«Жылкың жалды болсын» айтып бір ұлы
белдеуге әкеп кыстырды тал құрығын.
«Қазан майлы болсын» айтып бір әйел

көсеу берді.

Мынау неткен құдай-ел:

«Коран толы болсын», – десті,
ал, мұнда

желі тартып берді біреу шалғынға.

Шолактау ем: «Көсеу берген несі, –
дедім, – бұл жұрттың?»

Шеркештің бір бойжеткені құлімдеп,

Сұнқ-сұнқ етті: «ырым, жиен, ырым», – деп.

Қонақ асы жеу боп кетті біз бітірер іс тегі,
ешкімнің де қазаны оттан түспеді.

Қара күбі толды тағы шүпілдеп,
ырк-ырк етіп батырмады піспегін.

Жер от екен, мал семірді ғаламат,
тышқандар тым көбейді,
Мысықтар да жиі-жій балалап.

Ақшам намаз уақытында, ымыртта
Кекем ғана бас шайқайтын су ұрттап.

Жалпак басы секілденген кебістің
Сақалымен, ойлы шолып жер үстін,
бір құні айтты: «басталатын жылы өткен соғыстың
дәл осылай желбіреп ед көк шыбық,
дәл осындай болып еді тоқшылық,
жакса жарап ырым», – деді.

Соғыс болған жок, бірак,
есесіне тез семірді токты, лак.

Жұрттың бәрін уайымға карық қып,
ырым еткен құманынан су ұрттап,

бас шайқайтын мезгілінде, ымыртта
Нәжімеден қайтыс болды жарықтық.

Жайнап тұрған өмір ме бұл жанағы?
Мына дүние неткен қапас, тар әрі!

Айтпакшы, карт үзілерде көз ашып
керегенің басындағы белбеуіне карады.

Ел шу етті: «бұлай болды-ау ақыры,

Жат ырым ғой, жат ырым ғой, жат ырым

картайғанда ірге аудару».
Жылап, жоктап өтті ымырт,
таны да атты көп-көп тұрып, көп тұрып.
Шешіп алып түйіншегін белбеудін
шағыл құмын жас қабірге септі жұрт.
«Бұл не?» – деді әлдебіреу дүрілдеп,
бір қария жауап берді ырым деп.
Қасиеті шығар, бәлкім, кен даланың, кендіктің,
есім менің кеш кіріпті, енді ұқтым.
Неткен асыл ұғым едің, ырым, сен!
Ырым, сендей ескілікке сүрінсем
сүрінейін,
Кешірім ет, креслолар, кенселер:
әлгі ырымда қасиет бар ел сенер,
Мен де сенем, сенем, сенем, мен сенем,
ырым деген – туған жердін топырағы болса егер.
Менің байтақ Отанымның жері кен,
Кете берсін еріген мен жеріген!
Көке, енді сен де кешір!
Өзіңе ұқсап мен де жұртқа сыйлы өстім,
Мен де сүйем топырағымды,
бірак сенше сүймеспін:
Коныс іздеп көше алмаспын сен құсап,
топырағымды белбеуіме түймеспін!

НЕМЕРЕ

Ат үстінен көтеріп, ауық-ауық жөтеліп,
мені өсірді колда бар биігіне көтеріп.
Немерем деп ешкімге таныстырған жок еді ол,
тұсірмеді биіктен, тұсірмеді төбеден.
Атын атап шешемнің – биіктедім мен де көп,
ұлкендермен тен өстім – кемпірлерді женге деп.
«Немере» деп бір күні кесті әлдекім ұқімді,
бар бакытам осы бір жалғыз сөзге жұтылды.

Құладым мен биіктен,
Корлық сездім мың түрлі
ер-тұрманын арқалап жаяу қалған сықылды
айдалада, елсізде;
канырап қалды көкірек,
Неге сенсем, мені егер келген болса не тіреп
күйреді сол бір күнде.
Жүргімді жүлкүп жеп
«Немере» атты сорлы сөз сорып жатты бүлкілдеп.
Куыстандым қаралай,
Куыс көңіл сезгіш-ақ:
Көніл-жүректен емес,
тілден туған сөз құсан.
Жалғыз сөз боп жаңағы жан шарпыды мұн-ызығар,
Кек шалап боп тарады бойға шұбат, кымыздар.
Жалғыз сөзден ұққанда тіршіліктің бар құнын,
жалым менің жығылды жабысындај жарлынын,
кайда қарасам да мен – көрер болды көзім мұн,
Көргенімнің бәрінен бір бетендік сезіндім.
Нені ойлайын – бәрібір, шашылды кеп тары-үміт,
айналғандай тарыға жалғыз жүрек жарылып.
«Немере» атты бір сезді бөлшектедім көп ой ғып,
Көп ойлаған сайын мен сезіндім бір өгейлік.
Карттар кейін: «немере тәтті екен», –
деп жүрді айтып,
бірақ менің жанымды жылыштады бұл қайтып.
Немере деп атаса әлдекімді
мен үшін
жібереді аралық қашыктықты ұлғайтып:
Өгейлік пен бетендік шыға ма деп арадан
Інім деген ағаға батпай талай қарағам.
Өз атымен әрнені атамаса бола ма,
Осы күні немере іні де көп, көп аға.
Нұқ пайғамбар жасаса – сыймас едім кемеге,
елім кеме жасады – орын деген немене,
Каютам бар арнаулы – ұмтылмадым мен өле,

Кейде көніл қалғанмен,
Сыз өткен жок денеме;
туысым көп немере,
достарым көп немере.

Әлдекімдер «немере» атағысы кеп мені,
қағып көрген қолының құдіретімен өтпелі,
куші бірак жетпеді құлатуға бір ұрып,
алаканға айналды түйілген көп жұдырык.
Сүйді мені мандайдан алтын шуак, алтын Күн:
пейіл-нұры елімнін,
мейірімі халқымнын.
Шүйірлме, еріндер,
ей, қабактар, тыртыспа,
ішке тартып біреуді,
ал біреуді сырт ұстап
сырғактаған тірлігін сынға түсті бұл тұста;
ант етемін нан тістеп, ант етемін бұлт ұстап,
тағдыр – шүберек емес түсетұғын жыртыска.
Немере ұлы көкемнің – менмін, рас, анық бұл;
өгей ұлы емеспін бірак мына халыктын.
«Немере» мен «өгейді» шатастырған күн өткен,
тілдің өзі – немере жүрек үшін, кеуде үшін,
Мен жүрекпен сөйлеймін...
бағалайтын сенбісін?!

ҚОШАЛАҚ ТАУЫ

Көкшіл тәбс.
Тау деген құр атағы,
дала күні құсан күні батады.
Өзіне тән бірак ан, құс, даусы бар,
кім біледі, бұл да содан тау шығар?!

Айналасы қобыраған жал-жал құм
Жел көтерген жалы сынды жалғанын.
Манаіымен салыстырсан
әлгі көк

Жусан төбе – талай таудан мәндірек,
салмактырақ,
атақтырақ.
Әнгі, ала
Карғасының өзі қарап пандана.
Жер отына хайуан біткен өш-ті аса:
Мортығын кой маңырап іздер, ешкі асап.
Қыран құсан қалықтайды торғайы,
Сарышұнағы корсылдайды шошқаша.
Неткен токтық!
Тағдырына мәз бәрі,
дуадактай – көбелегі жаздағы.
Бексе артып ем – тарғыл тасы токтықтан
тулап-үркіп жығып кете жаздады...
Қошалак-ай!
О, жаһанның мықтысы!
Кар, мұз түгіл, жарытпайды шық түсіп.
Мұнша аласа болмасаң сен,
келмес ед
көрген жанның басына бір шықкысы!
Бірак, бірак ойлап көрсөн індете,
аласалық – адам кешпес мін бе еken?
Әр бұтасы айдарлы, әрі кекілді –
жақсы акынның колтаңбасы секілді!
Күндеңдер, ей, достарым, күндеңеме,
төбесін тау жасайды деп бұл неге.
Ан, құсы бар, демек, ерек даусы бар
тау болса егер, кім біледі, тау шығар?
Төбе аз ба еken таудан биік заты, ары,
тау аз ба еken асыраған атағы –
бұл да соның бірі болып жатады.

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Айсыз кара түндерге ат құлағын қақтырып,
Тәуекелдің қолына тағдырымды лактырып,
талай жорттым жолсызбен,
айдалада ақ тымық,
барабаның құлактың тыныштыкка шактырып.
Тыныштық па?

Бәлкім, ұн-дыбыс шығар бұ-дағы,
ауық-ауық жолшының шынылдаса құлағы?
Сайтан сыйырлассандай кара түнде молдамен,
бір құпия келісім тапқан сынды болды әлем.

Түсініксіз құр сыйбыр:

ескі құран парагын

аударғандай әлдекім – елең қағып қарадым.

Темірқазық жұлдызын белгілеп ап сонда мен
талай-талай үйлерге адаскан бол конған ем.

Құпия үміт жұлдызы!

Армандардың жас, асыл

Нұры болып тасасын!

Жаса, жаса, ақ жұлдыз – ақ тілеулер жасасын,
Карт әже жок,

Жас ит жок – кызды ауылдар жасасын!

Біздің дала кен, шіркін,

адаспаска жоқ амал:

адасканда басына келген ойдың көбі адал,
сыбыр естіп кияктан, сыр тую де қоғадан
сезім, сезім екен гой сескену де моладан.

Иесіз қыстау, еңкеу жер елес беріп не түрлі,
болады-ау жон-арқана кірпі аунаған секілді.

Ақыл қандай сасқалак,

Көніл қандай күйгелек –

Сұлы мұрты тізене кадалғанда ине боп,
сөлін екті даланың ол да саған, шырқырай
тартысқанда тістесіп мың дию мен бір құдай.

Жас терідей даланы созып алған тәрізді,
дию жеңіп құдайды – өзі қалған тәрізді;
көленкелер арбаскан;
салушы еді маған мұн,
айсыздығы түндердің
жайсыздығы ғаламнын.

Темірқазық жұлдызын белгілеп ап сонда мен
арулардың аулына адаскан боп қонған ем.

Жалғыз жанған маяктай теңіз кезген кеме үшін
нысана ғып өсіп ем, сенім тұтып сені шын.

Жұлдыздардай көктегі жымың какканда толған
кыз,

ат қазықтан адасып,
токым тәсеп конғанбыз.

Іісіне жап-жасыл тұтінімнің, түндіктің,
сүйгеніме қайтарған сонда мені сен жалғыз!
Босағамның жұлдызы!

Беріктіктің қазығы,
беріктігімнен басқа болған емес жазығым.

Бір калып жоқ өмірде, ак жұлдызыым, нұр-жүзім,
Көленкенің өзі де бірде қыска, бірде ұзын.

Сонда сенсін мандайды аудартпаған бағыттан,
О, аппак ар,
ак арман – менін биік жұлдызым!

ЖАЛҒЫЗ ҚАЙЫҢ

Бермен кара, ак қайың, қайың, қайың,
Мен бір саған жаңа ұйқас дайындағын.

Басқа жақсылығым жоқ,
қайғырайын,

Жалғыз тұр деп ак қайың уайымдайын,
Одан саған не пайда,

Қайың, қайың!

Жел өтінде ыс-пыс боп, ырсыл қағып,
тас қабакта тұл-жалғыз тұрсың нағып?

Жағдайынды, жел айтты, нашар деп тұр,
жапырағынды тағы да шашам деп тұр.
Тоғай атты халқыннан қалай бездін,
Орман деген елінен қашан кеттін?
Неге кеттін, япыр-ау, ерен өткір
балта болды ма елінде керемет бір?
Әлде күйп шығарып тас қабакка,
Ниет етті ме ел итеріп тастамакка
Тұпсіз сайға тік жардан, құламаған?
Болды ма ісін көпке әлде ұнамаған?
Үндемейді ак қайын,
тілді көмей
жұтқан сынды,
салдырамай, құлдіремей
шытыр-шытыр ұшады жапырағы –
өскендіктің белгісі үлбіремей.
Бермен кара, ак қайын, қайын, қайын,
аямайын,
тек кана уайымдайын.
Көніл үшін, ак қайын, бір тіл катшы,
сары жапырак – тілінді жылтылдатшы!
Жел өтінде ыс-пыс бол, ырсыл қағып,
тас қабакта тұл-жалғыз тұрсын нағып?
Әлде ісін болды ма еркін бірер
әлдекімді сескентер, серпілдір?
Жағдайынды жел айтты, нашар деп тұр,
Жапырағынды жан-жакқа шашам деп тұр.
Жел басынбас еді ғой орманда өссен,
Орманыннан, айтшы, енді қашан кеттін?
Мен керемет, деп әлде, мен керемет,
көзге түсіп қалдын ба елден ерек?
Қайратыннан хабар ғып, ссс ұқтырып
әлде біреуді алдын ба өшіктіріп?
Берілдін бе есерлеу елеске бір?
Бұл тұрысын, әйтеуір, емес тегін.
Неге кеттін, япыр-ау, ерен өткір

балта шыкты ма еліннен керемет бір?
Айтшы маған сырынды, қайың, қайың,
уайымдасам – түсініп уайымдайын.
Сонда ак қайың аш белін бір бұрады,
Жапырағының тілімен сыйбырады:
«Уайымдама,
бел каткан, буын бекіп,
бұтағымды жел ұрса уілдетіп.
Көзге шұқып қайың деп өкпелеткен
орман деген елімнен көpte кеткем.
Бірак, бірак қорғайды мені ол әлі,
кей ымыртта бұлт болып көк алалы
жылы жаңбыр төгеді,
жапырағы
Карғып келіп мойныма оралады.
Мені ешкім жок корлаған, ашық тепкен,
жапырағымды күз ғана шашып-төккен.
Қыып түссе – арман не,
кайзалағыш
бір көк топас балтадан кашып кеткем!
Жүрек толса – жас төгү дайын емі,
бұл тұрғаным – қайғы, рас, уайым елі.
Бәрінен де кауіпті ед өткір балта,
өйткені оның сабы өзім – қайың еді.
Жок, көнбеске кеткем жок,
Көк-айыл да
болған емен, жолым бар ағайынға.
Орман атты елімде – қайың атым,
топырағым, тамырым – тоғайымда!»

TOP

Жағасында Қиғаштың құмға айналған қыр барлық,
сол қырлардың бауырында біздін ауыл тұр қалғып.
Мұржалары есінеп –
шықса асыкпай түтін ақ,

сол түтінді таратар жсл дс асықпай күтіп ап.
Ағаштар бар қайқы өскен,
Көлшік сулар, бір түрлі
арасынан кірпіктің қараған көз сыйылды.
Тастай бұйра тыныштык!
Былтыр ғана түсіндім:
таптырмайтын жер болты ұйыктап қайту үшін бұл.
Дем алу ма?
Жок, ол жок:
ағайын бар... айып бар...
Сәл босасаң – дайын тұр қайқы тұмсық қайыктар.
Сен де асықпай қайыкка отырып ап сырғысаң –
Май шабак пен «ағы су» ата-тегі бірге ұсар.
Бір аға айтты:
«Қымсынба, әлгі дәмнен және әкел,
бала алыстан келгенмен,
өзіміздің бала екен!»

Бір шал көрдік жағада,
Сәлем бердік сол шалға,
Сондай шығар бір алла кәрі кісі болса ол да.
Тан қалғаным: тілі аппак, алған сынды бор жалап,
Тілінде емес әңгіме,
отырды карт тор жамап.
Әркімнің өз ісі бар,
бар, әрине, өз әлі,
Өз әлінді білмесен – тозағы сол, тозағы...
Көк аспанда заулаған ракетаның ізіндей
ак капрон жіпті карт құлаштап кеп созады.
Тор жамайды қария,
көзі де әлі көргіш-ақ,
тиіп кетсек үгілер аппак басы бор құсан;
Қолындағы ине ме,
инеге ұқсас басқа ма,
Не де болса, жасқама – жылпос екен маскара!
жо-жок, жыртық жок торда,

көтерді карт карын тік –
Сонда анғардым: тігеді ол кен көздерді тарылтып.
Енді жетті басыма шал ісінің шын мәні:
Құлағымда әлдекім шалғы-орағын шындалды,
әлдекайда күркіреп күліп жатты жын, кәрі –
Дүр сілкінген көкірек дүрсілдеуден тынбады.
Мың аттылы жарыскан кен өлкеге ұсадым,
Дәмесі жок, демі жок көленкеге ұсадым.

– Аксакал-ай, – деген сөз айтылғандай жау үшін
катал әрі еріксіз тарғыл шықты дауысым.

– Ұшына да саусактың жүректен кан тарайды –
Колың сенін, кария, неге қалтырамайды?
Басын қалтылдағанша колың қалтылдастын да,
түе өлтіру – түк емес,
түйдегімен өлтірудің қасында.

Ірілер – аз, әдette
ұсактар көп,
анық бұл;
шабағынан бастайды құртатындар балыкты,
балағынан бастайды құртатындар халыкты.
Кіржің еткені ғана – кейімеді карт бірак,
мықтылығын торының тексереді тартқылап.

– Айыптасан, – деді, – ұлым, айыпта анау
Алланы,
торға тұrap бұл судың балығы да қалмады.
Шабактар да жылпылдан ұстаптайды бұл шакта,
ал, Қиғаштың балығы кетті содан ұсактан.
Колым қалтырамаса қайраты бар деп түсін,
Қайраттыны сен осы мактап жүрген жокпышын?!

– Қайрат емес, расы каталдыктың ісі бұл!
Тұрме салып жүргенін іші сезген кісінің
Колындағы тас түсіп, сына беред деседі...
– Ондай түйсік, шырағым, бірте-бірте өшеді.
Жағасында Қиғаштың күмға айналған кыр барлық,
Құшағында күмдардың біздің ауыл тұр қалғып,

Колдар ояу, тіл ояу,
тұрмыс-күйге бәрі ынтық,
Ойлы ауыздар көп онда,
ойламас тек қарын түк.
Жанап кетсен үгілер аппақ басы бор құсап,
Сол шал отыр жағада тор көздерін тарылтып.
– Бұл ауылға, – дедім мен, – жетпеген бе зан әлі –
тарылтасың онсыз да балыктын тар заманын.
Онсыз да тор тар тірлік,
тар түсінік, тар ұғым,
тарылтасың сен тағы сорлылардың жарығын.
Ата, халің жоқ шығар ашығатын айғайлап,
балыкты аула,
шабағын құткаратын жайды ойлап.
Ірілердің шығыны – көндірген іс,
бүтін бас
шабак түгіл бұл тордан қоңыз да аман құтылmas!
– Тұп пиғылың, міне, енді құлағыма кірді шын,
Әй, білгішім, білгішім,
Өзің тойып алған соң балыкты аяп тұрмысың?! –
Жымың етіп құлді шал,
естіген жоқ өзге ешкім:
мен болмыспен бетпе-бет
Жекпе-жек кеп кездестім!
«Өзің тойып алған соң?» Өзіме аян өз емім,
Әлі күнге сол сөздің шын салмағын сеземін.

Табиғатты корғаштап жыр жазып ем бір мыкты,
Әсерімен сол жырдың түзетпек ем тірлікті.
Жағасында Қиғаштың «сан!», «сан!» болым мен
өстіп.
Содан кейін ешкіммен жарымадым кенес қып,
Серіктерім қайыққа бастай берді,
абайлап
сөзге тартты, «бала ғой», қызып қалды деп ойлап.

Көтеріңкі сөздердің көмір болды ақыры,
Күшке тимес жыр жаздым – өмір болды ақыры.
Калғиды деп халқымды,
самарқау деп елді мен
«Суреткердің көзімен» көрмек болып кергіп ем.
Көрінгенмен ак борды жалағанға тілі ұксас,
Қызыл еken карт тілі,
бор бас емес, күміс бас.
Өш, өш, көніл желігі!
Көленкен де бойға айып,
Мықты еkenбіз, көленкесе, карынсыз бір тойлайық.
Сенбейді еken мына жұрт ток кісінің сөзіне,
Халық қамын ойласақ – тоймай тұрып ойлайық!

КӨҢІЛ

Бұр жарды, әне, бір бұта,
Жасыл тартты кен өлкем,
сол болар деп күні ертең
саялайтын көленкем,
үміт еттім, мен соны
Сүйеу көрдім, бір түрлі,
Жалғыз бұта – орман боп
Желден корғар сықылды.

Жалғыз жапырақ сарғайды –
Күз желі алды кеудемді.
Маған қонды бар қайғы,
Сарғаям-ау мен де енді
Деген ой жеп, көнілімді
Күмән алды – күмән сол:
көктемейтінге ұксады
Жалғыз ағаш бұдан сон.

Бір көгеріп дүніе,
бір сарғайса – алды ашық.

Өтіп жатыр уақыт
Көк, сарысы алмасып.
Күз келерін қайғы етпе,
Күзде бүкіл ырыс-бак,
куару үшін күз құсан
ен алдымен көктеу керек дұрыстап.

ДӘМЕ

Бұлт үйірліді далаға –
Жауады еken деп күттім,
тағы да ырыс, бак күттім
камбасы боп Токтықтын.
Аласапыран жел тұрды –
бұлт тарады, кетті, ықты:
Жапырағым сарғайды,
Мен – аштықпын, жоқтықпын!
Тіл ұшында сөз тұрды,
Кенеземді кептіртті:
Маған арнап айтылар
Сол асыл сөз деп күттім.
Беделсізге – бел бітті,
бейсанана бет бітті,
калдым тағы жамылып
көленкесін көптіктін.
Тауға тағы бұлт келді –
Жаңбыр жауды бір апта:
бетпак шөлге тамшы жоқ,
Құйылды су бұлакка.
Сөз де айтылды – асыл сөз –
маған емес бірак та.
Далам кетті дөнгелеп
Көз көрмеген жыракка...
Жапырағым айналды
елендеңген құлакка.

КҮЗ

Сұп-сүйк күзгі леп,
Күзгі леп сүзгілеп
бұлтты бұлт тықсырды,
тықсырды, сұп-сұр ғып
аспанды, бар манды,
мына ұлы жалғанды,
Көнілді, сезімді,
Үмітті, арманды.
Бұта – сұр, бір түрлі
Қызыл-сұр гүл тұрды.
Тас та сұр.
Сұр бәрі:
Сұлудың тырнағы,
Өлеңнің ырғағы –
Сұр бәрі, сұр бәрі.

Сұр тамшы, жай ғана
Сұр тасқа тайғана...
Кой, кой, кой, кой, бала –
Қарайын айнаға:
Мәп-мәлдір жаңағы
кап-кара жанарым
Кенеттен, о, тоба, түрленіп,
Кетпесе неғылсын сұр болып?!

ТАУ

Шамасы жок
Тастайтұғын кар-мұзын да аунатып,
Жылжи алмай калыпты, әне, тау катып.
Әлемдегі мықтылықтар не түрлі
алыс, сүйк көрінуде секілді,
Пайдасы жок, сұсы ғана сырт биік
Кекшиеді мұз-қабағын күрт түйіп.

Қыптыңдайды көк кірпігі шыршаның,
тауға еліктеп қалыпты, әне, бұлт та ұйып.

Ұлысың, тау!

Ал, не болды?

Табаныңда тұрса да

Құм тағдыры – өз тағдырын бір сана.

Қабак катып, кар мен мұзды күрсана,

атағаны үшін жүрттың ұлы деп

нен бар еді ызбарланып мұншама!

Мына тұлғаң – аятар, не мұнайтар,

тастың тегі – топырак деп кім айтар...

Уа, ұйып қал, бұлак, бір сәт ұйып қал,

жаралғаныңды ұмыт сен де сұйыктан!

ҚАУЫЗ

Міне, масак – дұрыс сынды түр-түсі,
күміс сынды құлкісі,

Қауыз, қауыз!

Сылдыры бар, жок дәні,

О, құдайдын...

О, құдайдын сокқаны!

Ал, сабак сол... сол баяғы бір сылдыр,
ал, бос қауыз – жүрегі жок көкірек,
мыкты екенсін, күрсіндір!

Канағаты карынға ауған ол да ауыз,
түбі түскен ыдыс сынды жалмауыз.

Жел екпіндеп, күн төбеден жанғасын
ол да өседі.

Құрт па, дерт пе – қағып алған дән басын!

Құлме, достар, ей, құлмендер, құлмендер,
басын іздел сипаласа ол жамбасын.

Жүрегі жок көкіректер, тындандар,
тыңдай білсен бос сөзде де бір мән бар.

Бірақ құрғак сыйбырымен кімді алдар

О басында қауыз болып туғандар?!

АҒАШ ҚЫЛЫШ

Таудай картсын,
бұлағы акқан тау ғұрлы
Жомарттық ет,
Қоршап тұрмыз аулынды,
Шапқыншымыз, еріміз бар – ер десен,
шауып аламыз – қонак асы бермесен.
Солай депті
Кино түсіргелі жүрген бір кісі.
Қарт құлмеген, келген бірак күлкісі,
Кәрі ерінің бір шүйірген ерсі етіп,
Әзіл сөзді сүйетінін көрсетіп,
былай деген сөйлеп қалған тіл үстем:
«Шабасың ба мынау ағаш қылышпен?!»
О, түсінем,
Жамбыл картты катты ұғам,
Катты ұққаннан көп ұғыммен қактығам.
Көзді алдауға жасатылған басында
ағаш қылыш ұнамаған расында.
Ағаш қылышты ұнатпаған карт акын
болат қылыштар үшін,
киялай бір тартатын!
Ерді қалай мойындайды – қыныр әрі оғаш
жан –
Қылышының өзі болса ағаштан?!

Көшті бізден талай бояу – түс түлеп,
жапырак та,
Фильмдер де түсті көп.
Күшті шыкты «Аманкелді» киносы,
Жамбыл айткан әлгі сөз тек – күштірек!

Ағаш, ағаш!
Ағаштың түк кінәсі жок, расы.
Қылыш болғандығы ғана кінәсі.

Сен де – өнерде жұртты алдауға жасалған,
Жалтактайсын ағаш қылыштарға көп –
балғын үміт, жас арман!
Орын қалмай койды-ау ағаш-өлеңге,
Сен келгелі өлең атты иен елге.
Содан бері сырт көздерге болат болып көрініп,
ағаш-қылыш келеді ойнап төбенде.

ТЫНЫШТЫҚ

Акша бұлтқа ак шындар түр жарасып,
бұлттар көшсе – көшердей бірге адасып.
Оятады бұтаны жел ақырын
Шық-көздерін жапырактың тырнап ашып.
Сабак-мойның жапырақ мың бұрап ап,
Жылт-жылт етіп айнала тұрды қарап.
Тырнап ашып көзімді,
кемді күннің
хабаршысы – газетке мен де үнілдім.
Шешем байғұс әрнеге көнілі алан
«Тыныштық па, шырағым?» – деді маған.
бас изедім мен үнсіз.
Күрсінді ана
бір қызырып бет жүзі, бір сұрлана,
Ойлайтыны уайым;
Шатырымнан
жайлап сырғы, тамшылар, тырсылдама.
«Тыныштық па?» деп тағы сұрады анам,
Сенбейтіндей газетке, мына маған.
Шаруасымен оянды күндегі елім,
тыныштықтан, дедім мен, тіл кебседі.
Желі де жок кептірерлік шыкты үрлеп,
Көбелектер әлі отыр гүлде дедім.
Мазалайды кәріні бұл ой неге,
Неге мұнша тыныштық тілейді өле?

Газст ұстап шытынсам қабағымды,
қабағыма карайды үрейлене.
Міне, тағы күрсінді какырап бір,
сығырайып мені әлі бакылап тұр.
Мылтық оқтап бір жерде асырып ел,
соғыс жүріп жатканын жасырып ем.
«Тыныштық па?» – дейді ана,
тағы, тағы
көзіне әжім уайым тоғытады.

Әне, дедім, шық-көзін ашып жанған
жапырактар,
Әне, алаң жасылданған.
Қойтас қарның қампиган кебеже-кен
терезеден көрсеттім, терезеден
Жас ағаштың көрсеттім бунактарын,
бүгінгі ауа райын бір мактадым.
Тыныштық кой, дедім мен, мұның бәрі.
«Шүкір, шүкір!» – деп кемпір жымындағы.
Тыныштық та дыбыс кой,
тереземді
жауып едім – құлағым шынылдады.
Тыныштықтың түсі деп коныр түсті,
коныр түсті таңдалым, көніл түсті.
Момын ғой деп кидім мен коныр көйлек,
Мінезім де коныр ғой, момын ғой деп.

ЖЕЛТОҚСАН

Жапырактың сарысы, қызылдары
қызыл-сары дыбыс бол ызындағы.
Ербендейді не біліп бұта басы?
Жұтамашы, табиғат, жұтамашы.
Кей ағаштың лыпасыз тұрғаны оғаш
жел өтінде тыртышып тыр-жалаңаш.

Ненді ұғынды, сүйк жел, ненді аяды?
Жакыны жок,
Жанашыр болмай әрі,
Өгей шеше үйінен қуып шықкан
Жетім кыздай кей ағаш сол баяғы.
Сұмырай көшіп жатыр ма, сұксұр қонып –
Күлкі, әзіл де естілді сұп-сұр болып.
Әне, аспанның күн жатыр шетін ала –
шуақта отыр үш мысық, екі бала.
Ар жағында ұлы ызғар сезіліп тұр,
жылтырайтын дүниенің беті ғана.
Жапырақ жасыл кезінде білінбейтін
жүгіріп жүр бір бояу, бір үн бейпіл.
Тастың-дағы таныдым бүтін кейпін.
Құс еттенді терісі кәрі еменнін,
тізесінің дірілін және көрдім.
Біткен бе анау көмекей-күлкын құлы –
Көгерткен кім бұлакты қылқындырып?

АШАҚ-МӘШІ ХИКАЯСЫ

Атак-данқ дегеннің болмай кейде көбі адал,
Герострат данқындей,
дақ бол кейде калады ол.
Әлі күнге бір сыйсын тарайды сол даладан,
Әлі күнге бір сүйк еседі сол моладан.
Ағайынды екі адам:
Қымыз ішіп, қызы құшып,
атақ үшін, ақыры кетісіпті ызғышып.
Көрмегенді көне көз
көне аңыздан сұрасак:
екі еріккен өтіпті, бірі – Мәші,
бірі – Ашак.
Не істемеген адамдар дүние үшін бұқаран,
ал, атағы үшін сол дүниені де құраган.

Мәші айтады бір күні:
аулак етсін күнәдан,
Мәші есімін көр де тұр, даңкты етіп шығарам.
Екі көзі жасаурап:
Мен де, – дейді сонда Ашак,
Жорға күрен-төбелін жалғыз аяқ жолға сап.
Жоқ, мен, – дейді Мәші аға,
О, жасаған, жасаған,
О, жасаған, куыс көз-күмарлыққа мас адам
«Мен», «мен» десті «мен!» десті,
Кесір егес, кері егес –
Ей, ерегес, ерегес, мен-мендіктер, ерегес?
Қадалысты екеуі – қатал кабақ, жат ары –
Қайсысының бірақ та бұрын шыкса атағы,
Сөз байласты қалсын деп «стауарыкта» сол ғана,
екіншісі болмакқа біріншіге кол-бала.
Ал, халыкты ұмытты,
Әппак шелге тұнып құр,
Тұқ көрмеді көздері, уа қүмарлық, құныктыр!
Атак, данқ кім үшін?
Бос куыс сөз далбаса,
есімді елеп ел өзі аузына алмаса!
Құдай өзін дәме бер,
Бермесен де емексіт,
Бал болмаса дәме-ұміт, су да емес-ау, демек, сұт.
Ашып кетті сұт-ұміт,
Қашып кетті көкжиеқ,
ауық-ауық аулакта ішін тартты жел өксіп.
Мениң туған жерімнің тікенінде де үят бар –
Тікенімен тырысып теріс айналды кияктар.
Мениң туған жерімнің қаңбағында салмақ бар,
Қабырғасы ырсайдай
ак тікенді бір сайға жасырынды қанбактар.
Бір бәйтерек тереңнен, шығар-ау деп ұмтылып,
демін ішке ап сары бауыр ұйып қалды құм тынып.

Грек мифіндегідей, калтарыстан, тасадан
найза ұштары шыкты өсіп.
Ал, азамат, асы адап
арынды әкел дегендей, жау қаптады, не шара,
ду-ду етті дала үсті, жабылғандай аш ара.
Аспан кетті шалқайып көгістене, касара –
Қасарды деп, ей, тағдыр, карау үкім жасама:
сұспен күлді сұр болат,
Ашақ – Мәші қайда әлгі,
Алсын атак-данкты
ашсын-дағы майданды!
Қарсы шапты Мәші, рас,
ұшқындар, ал шашырас!
Көрінді елдің досы – дос,
Қара бауыр касы – кас,
бақайшағы – кара тас,
бағы батпақ, басы – бас,
карсы шапты Мәші, рас.
Құр шабыста мақсат не:
Күші басым жау оны байлад алды әп-сәтте.
Жені ұшынан жел тұрып, женісіне мастанған
атылады Ашаққа жау батыры жас тарлан.
Ашак тұра кашады
атак-данкқа аш әлі,
Куып жетіп жау сонда желкесінен басады,
Лактырғанда Ашакты жауырынынан шанышып –
Корқактың да шырқырап көкке шыкты жаны ұшып.
Елдің жалын жапырып бітті солай жау ісі,
Ашактың тек калды өшпей «сауғалаған» дауысы...
Тірі калған шал, кемпір итке тағар карғы ұстап,
Жалғыз көмген Ашакты сол төбеге қарғыстал.
Мәшіні ешкім білмейді – ұмыту бол сокты сәт,
Тұтіндей де алмады шала жанған от құсан,
Санынды құр соғасын,
ойласаң мұн боласын –
аты шыкты Ашактың: Әне, «Ашактың моласы!»

Коңыр төбе жусанды. Жалпак шағыл түбінде
Жатыр Ашак моласы – қауым болған бүгінде.
Арын корғай алмаған,
Сыйламаған әрі елін
Корқактар мен сатқындар емес, рас, бәрі онын.
Калай Ашак атанды?
Көне әнгіме, ескі үн бұл.
Калай өлді сол Ашак?
Жұмысы жок ешкімнін.
Өлген жанын алыс ел ару жуып, ак тілеп,
Сол қауымға тасиды топырағы катты деп.
Неге катты топырак – күм ғой маңын коршаған –
Ұғар еді өткенді ой көзімен көрсе адам:
Жиіркеніп Жер байғұс өкінішті бір мұнмен
Ашак үшін тас болған шығар, бәлкім?
Кім білген.
Карттар кескен ак үкім – карғы,
карғыс – бәрі ұмыт,
арын басқан күнәдан Ашак жатыр арылып,
Алапестен өлгендей жан жуымас деп еді,
Жазасы еді сол елдін жалғыз көмген себебі.
Дәстүрдің ең жанасы –
Жұрт байлығы, ел асы,
Ұмытшактау ауылым бар – ак көніл ғой шамасы.
Ымырт шакта көрінер карауытып, карашы –
Топыракка корлық-ау сатқындардың моласы!
«Ез ұтын топырак артар» десе – дәл ұғым:
Қызарады кеш сайын мениң әппақ шағылым.
Жау аттаған жерлерде адам бар ма сау іші,
Қайтушы еді кашанда жауыз болмай жау ісі:
Тыншымасын деген ғой, күмның ары мәңгілік,
айсыз қара түндерде жел көтеріп жанғырық,
еміс-еміс естіліп, құлакқа ұрап қанғырып
әлдекімнің ышқынып «сауғалаған» дауысы...

МЕНИҢ ЖОЛДАРЫМ

Жаным біреу,
екі айрылды бір сенім,
бірін таңдау керек болып тұр сонын.
Жыр жазып ем кеше де ыстық бу атып,
ертең, бәлкім, романға кірісемін?!
Белгісіздеу: кай жолды әлі көздерім,
бірак, бірак екеуі де – өз жолым.
Жыр жазар ем,
Кара сөз де жазар ем,
таза жыршы,
прозаикпін таза мен.
Кайрат та бар,
кайратқа енбек, талап тен,
Уакыт біреу,
ғұмыр біреу тек, әттен!
Менің жолым – екі тарау болып тұр,
сырбаз досым, сыншыларға соны ұқтыр.
Маған, маған көніл-күй бер,
ортайсам
Мені, мені денсаулықпен толыктыр.
Жолым – екеу,
екі айрылды бір максат,
бір жақтан – сөз,
бір жағымнан жыр каксан
ауру тістей мазалап жүр.
Осы бак:
Жыр – сері ғой,
Кара сөз жүр асырап.
Бірді жырлап,
Жасаймын деп мың кейпін,
отыз тістен шығады ойнап тіл бейпіл.
Араласып кетсе менде күлкі, мұн –
Мен де бейне күздін коныр бұлтывын,
Жел кысканда не жауарын білмейтін.

ӨТКЕЛ АУЗЫНДА

Толқындар жок,
Қояды жай ырғалып
Өзек суы,
Манай тыныш бір қалып.
Тырс-тырс етіп екі-үш қайық жағада
бірін-бірі бүйірімен тұр қағып.
Ақсақал шал колына алып таяғын:
– Балам, – деді, – баратынын кай ауыл?
Айтып едім ескі құрдас бір ерді,
Карт таяғын тастап келіп жіберді.
Құрдасымды жек көре ме деп ойлап
сасып қалдым,
саяал бердім абайлап.
Саяалым да болды білем мардымсыз –
аларып бір карады да ол қалды үнсіз.
Мен де үнсізбін.
Отырып карт кайтадан
таяғының бұдыр жерін сипап ап,
өтпейтүғын кездігімен қикалап
жонып кетті.
Асықпайды түк қолы,
қаламайтын секілді істің біткенін.
Кездеспейтін халім еді бұл менін,
не ойларға,
не айттарға білмедім.
Бұ да, дедім ыза болып, біткен ел,
біреуіне бітпеген соң түк бедел.
– Ата, – дедім, – жолаушы едім.
– Білгемін,
Шыныңды айтшы, іздегенім кім дедін?
Не де болса шындық болсын деп ойлап,
Өз шешемнің атын айттым абайлап.
Сонда карттың жыбыр етті ак мұрты:
– Бар деуші еді баласының дакпырты,
аты дардай бір естіген күлакқа?! –

деді қария,
козғалған жок бірақ та.
Жона берді таяғын жай;
ол әлі
мені мұлде байқамаған болады.
Күн кешкірді.
Шыдам бітті кап-калың,
Жалынуға жаңа сөз де таппадым.
Жібітуді ойладым шын кәріні,
ал ол үшін не айтсам да бәрібір:
— Ата, — дедім, — шынымды айтсам тегі мен,
үйіме тек кіремін де кәрінем,
Қайтыс болған бір ағасы шешемнің –
Орнына бата етуге келіп ем.
— Өй, — шошынды ол, — суайтым-ай көк ерін,
Қайтер екен, бір сынайын деп едім,
таптың сөзді, өтірік те болса, енді,
елден безіп, ермек қуған белсенді?!
Сәби ең сен...
Ұмыттың ғой шамасы,
тұқымыннан аумай қапсың, карашы,
Мен боламын шешеннің сол ағасы! –
Осыны айтып, құлді-ай келіп нағашым.

МОЛШЫЛЫҚ

Махамбет шал төгіп кетті отты өлең –
Топырағымда ерлік болып көктеді ол.
Абай аға егіп кетті ойлы өлең –
Қазағымның қасиеті боп сейледі ол.
Топанына тоғыттырып жер-көкті
Қара нөсер Қасым аға – ол да өтті.
Ілияс еккен ак бадана сөз дәнін
туған топырак тал бесік боп тербетті.
О, Молшылық!

Байлық еді бұ ғеткен –
бал ағады шұмектен,
алтын актап жатырмыз біз күрекпен!
Менің дағы халім жаксы,
кызыктады көп адам:
нарттай қызыл нан суырдым табадан.
Ырысым сай еңбегіме, ісіме:
Кем болмайтыны секілді масак терген кісі де
Миллиард пұт астық берген даладан.

ҚЫЗЫЛ ГАУҺАР

Төрт аға бар,
Қыз – жалғыз, өзі сұлу,
сыйлы адам,
әкесі бай – жалғыз қыз асыл тастар жинаған,
Көк гауһар бар,
сұры бар,
күлгіні бар, ағы бар –
тағы, тағы, тағылар казынадан табылар,
Қызылы жоқ тек кана.
Қанағат пен ізетті
Ұмыткан қыз әлемнен қызыл гауһар іздетті.
Қызыл керек, қызыл деп,
Қызыл-қызыл-қызылдан
гүл іздеңген арадай іздеушілер ызылдан
шар-тарапка аттанды:
Қыз көнілінде жоқ ісі
Құр қол қайтты көбісі,
Қайтпай қалды көбісі:
«Карға іздесін қызылды!» – деді біреу қылжакбас,
О, күлкі, каш, бір мыскал қыз қайғысын ұрлап каш!
Үрланып кеп какпасын какты түнде сол қыздың,
Жо-жоқ, жігіт емес ол – мыстан кемпір бір какбас.
Сактан, сарай, кара тұн:
істелмек пе арам іс,

аулақ, аулак, күдікті ой, көнілге жат, әрі алыс.
Қыз ашқанда есігін, айтпақшы, әлгі кемпірдің
қолын көріп қалып ед, қол емес-ая, тарамыс;
тарамыстан қан жүріп, тамыр сокпас сірә да,
ал тамырсыз денеден кайырым да сұрама!

Қызыл гауһар табам деп ызың етті сол мыстан –
кызармағы тастың да қызығудан, болмыстан –
Гауһар түйме көрсетті.

Қарады да қыз алып:

– Мынау ак қой, апеке-ая?

– Піседі ертең қызарып,

Жас тас еді бұл әлі –

Нағыз асыл қыз алар

бір жас жігіт қызарса – тас та содан қызарар.

– Жігітім жоқ, – күлді қыз.

– Ағаң бар бір талапты ер,

қызарғанын көрейік: кіші ағана шарап бер.

– Сонсон? – деді қыз шошып,

– Сәбисің-ая сен әлі,

Сонсон түк те болмайды – ұйықтайды да қалады.

Қыз қарады гауһарға: ғажап екен тас тіпті, ә?

Кіші ағасын шарапқа үлгерді лез мас қып та –

Кемпір сүйеп апарып жатқызды да жастыкка,

берді гауһар түймені;

обалы не, обалы:

түйме қыздың өнірінде қызарғандай болады.

Тас қырында қызыл нұр қан секілді ұйып қап

Жалғыз түйме жанады – аға жатыр ұйықтап.

Қыз күрсінді:

– Түйме әсем, әттен жалғыз! – деп калды.

Барып калған есікке кемпір кенет токталды,

тұла бойы түп-түгел толы калта-капшық-ты,

Қойынынан гауһардың тағы бірін ап шыкты,

тағы ұсынды түймені,

қарады да қыз алып:

– Мынау да ак қой, апеке-ая?

– Бұл да пісер қызарып...

– Жігітім жок! – Күлді қыз.

– Шарап ішер талапты ер,
бір ағанды шақырып тағы, тағы шарап бер.

– Сонсон? – деді қыз тағы.

– Сенбейсің бе сен әлі,

Сонсон түк те болмайды – ұйыктайды да қалады.
Қыз карады түймеге: қандай сұлу тас тіпті, ә?

Құйды ағаға шарапты,
тағы да сол мастық па –

Кемпір тағы сүйрелеп жатқызды да жастыкка,
берді гауһар түймені.

Обалы не, обалы:

Ол да қыздын өнірінде қызарғандай болады.

Тас қырында қызыл нұр дірілдейді ұйып қап,
түймесі – екеу,

аға – екеу, жатыр, әне ұйыктап.

Екі түйме камзолын қаусыра алмай бір түрлі,
Қос түймесін сипалап қыз тағы да іркілді.

Кеуда қыска көрінді, етек жак тым ұзын да,
Қыз құмары он есе артты сонда қызылға.

Қызыл енді тұс емес,
кулакка ұрды үн болып –

Қызыл дүние, ызында, кане ызында, ызында!

Кемпірдің де манадан аңдығаны осы еді,
Көсөу тілі екі ұртын олай-бұлай көседі.

От жанғандай ұртында – ысылдатып ерінді
аузын ашкан – көмейі үніретіп көрінді.

Бір түймені қыз колы тағы ұстады коркып-ак,
бір ағасы масайып тағы ұйыктады коркырап.

Сонда кемпір есікке ұмтылды да тепендереп:
«Кәрі көздің қызығын қырқып алдың – кетем», –

деп

байбалам сап бір ауық: «Алдан алдың мені», – деп,
Өкінген бол бір ауық жібереді еніреп.

Кыз шыбыктай иеді мойын-басын өр біткен,
Қалады ұстап мыстанды бұжолы көп корлықпен.
Адам аз ба дүниеде каны кеуіп, жаны ұлып,
Қасіретін басының сұрап алар жалынып:
Жылады кыз.

Кемпірдің ұсті қалта-қапшық-ты,
Қапшығынан гауһардың тағы бірін ап шыкты.
– Бол, тез! – деді, – соны осы;
шакырып тұр мені есік.

босқа кетті бір тұнім сенімен құр кенесіп.
Қыздың ұлken ағасы сопы-шора кісі еді,
Қарындастың кадырын сыйлап ол да ішеді.
Қыздың төртінші ағасы ұйықтағанда корқырап,
Гауһар түйме төртінші кадалады жарқырап.

Кемпір кетті. Таң атты.
Төрт түймесін бір ұстап,
Төрт ағасын оятып құлмекке қыз дұрыстап,
жамылғыны сыпырған –
Обал, обал, обал-ак:
төрт бас кетті төрт жаққа қарбыз құсап домалап.
Бар маңайды кенеттен қызыл жапты, қайғы алды,
бітті қыздың құлағы,
қызыл тілі байланды,
домаланып денесі, қызыл қабық
жапты үстін,
бүрісті де қыз сонда қызыл қоңызға айналды.
Қызыл-гауһар дүние!
Қызыл қоңыз-құмарлық,
«дүниекоңыз» дегенді дәл осыдан шығардық,
«дүниекоңыз» тіркесі тірі ұғым бол әу баста
тілге кірген осылай.
Құмарлық пен құлқынның күйін күйттеп қыз-арман,
қанталаған – қыз көзі,
гауһар емес қызарған.
Нені куса адамдар – сол айналар қызылға –

Кызыл дүние, ызында, ей, ызында, ызында!
«Кызыл қоныз» бізде бір мода деген мыстан бар,
маусым сайын құбылар, кане, куып ұстандар!
Гауһар жүзік – мода екен –
Қалтаға да обал-ак –
Соның соңынан көп бас журген сыйнды домалап.
Бай ғой Совет адамы,
рухтардың байлығын
алмастырмаса екен тек гауһар жайлы қайғы-мұн.
Ашкөздене ұмтылар мода деген «тағам» бар,
тегі тас кой гауһардың,
қайырым жок, жоқ онда ар.
Тас қызарсын қызарса,
Қызармасын көздер тек,
сұлулардың, жігіттер, жанарына караңдар!

САИДАҒА

Ей, кішкене бөбекім!
Қызыктайсын әр нәрсені бір ұстап,
біріне, әттен, қарамайсың дұрыстап.
Сөзіме де түсінбейсің не менін.
Ұзак жолға дайындалған кеменің
белгісі бол танылатын шет елде
Қызыл жібек желбірейді шекенде –
ей, кішкене туым менің көтерген,
мен көрмеген мұхиттардан өтер ме ен,
аман-есен шекаралар дауынан,
түрлі-түсті түсінікпен ауырған
пигылдардан,
толқындардан,
дауылдан!
Сүйкімдісің, өйткені, есің білмейсін,
ертенге не қалатының білмейсін:
бүгін колынды жалап тұрған күшіктің
ертең ит бол қабатының білмейсін.

Ырыздық жиған – қап аларын білмейсін,
Жимағанды ел табаларын білмейсін.
Мамық майса кураса ертең
табанға
тікен болып қадаларын білмейсін.
Бұғін нұрың тамып тұрған гүлдейсін,
боз қырауда не боларын білмейсін,
гүл тандаған – шөп аларын білмейсін,
тебе азғанда сай боларын білмейсін,
пасықтықтың пайда аларын білмейсін,
кайғы-мұнцың қайда барын білмейсін!
Сурет салып отырың сен жасырып –
кек желкенде айна барын білмейсін.
Сені ерке еткен «таудай» әкен
күні ертең
титтей төмпекке айналарын білмейсін!
Білме қызым,
білгендерге түсінбе,
ертең мықтап, түсінерін үшін де.
Әр минуттан қызық карма, үміт тап,
ертенгі мұн есебінен күліп бақ,
еркелеп бақ!
Ойна, ойна, бақыр, күл,
есебінен ертең кірер ақылдың.
Бәлкім, ертең де еркелетер?
сенемін:
төбесіне тік көтерер сені елің
жалауындај алыс жүрер кеменің?
Ей, періштем, бөбегім!
Періштені көрген емен мен өмір.
Бірак, бірак мына сенің касында
Оның-дағы пенделерден жасырған
Күнәсі көп болу керек дер едім.

ТАМЫР

Монолог

Жаңбыр жаусын!
Жаумай қойсын!
Былай да
Катысым жок қара бұлтка, құдайға.
Сен – көктейсін,
тұрған шақта мен аман,
бұтқартарым, жапырактарым, мұнайма!
Мен аманда жарқырап бір шығып қал,
Жапырактар, ши-бұталар, шыбық-тал!

Жел, шуаққа көрген емен елеңдеп,
Құс, көбелек жазған емес мені емдеп.
Көтерілген сайын сендер биікке
жерге кіріп барамын мен терендер.
Бұтқақ, саған бұлбұл келіп конады,
Сайрап отыр, сайрап отыр ол әне.
Жапырак, сенің обалың жок, обалың –
шымшыкты да көтеретін жок әлін.
Ал мен туған топырағымда тонамын:
жауын құрты – менің жалғыз қонағым.
Жиған сөлім топырак сорып жатып ап –
Соны, соны сен әкеттің, жапырак!
Елеп көзге ілген емес мені ешкім,
көрінуге мен де ұмтылған емеспін.
Қалдым ақыр қан, бояудан жұтап бар,
есесіне, сен өстің, ши-бұтактар.
Менің нәрім – желге ұшатын қаңбак па,
Желдей тарап ап кеттіңдер жан-жакқа.
Жо-жок, бұлдан жатқаным жок оны аса –
өз бұтағым тонасыншы – тонаса!
Разымын тағдырыма!
Бұл да рас:
Тағдырластар, о, тамырлар, құрбылас,

ғұмыр бойы сорып бізді жұтатқан
бір-ақ тілек тілейікші бұтактан,
жапырактан шаңдақтағы, жолдағы.
Не солғанда құлактары салбырап,
не толғанда жасыл басы жалбырап
бізді есіне алып қойса – болғаны...

ТҮС

Атқа мініп жүрем ылғи,
кыстығып
мінген атым кісінеп, не пыскырып,
Желіс салып, кейде өзімше жетісіп,
бір қабакқа шығып жүрем, не түсіп.
Түнде адасып Қошалақтың құмында ақ,
елегзимін, ән сап жүрем ынылдал.
Әлденеден шошынады жан-дene,
жөнкіп өріп жүрген сынды әлдене.
Бұта сайын тұзак керіп, жіп іліп,
әр көленке сайын біреу тығылып,
алкынысып жүрген сынды талай жан –
немене еken әне біреу карайған?
Әлдекімдер алкымдасып, кысысып,
Әлдебіреу ықылыштан іші ісіп
құлағандай.
Әлденендей құс ұшып,
Шіл үрікті – ыс-пыс етті манай да,
аяқ асты көрінбейді, абайла.
Қыстығам кеп,
генералы кол қойған
бұдан қауіпті емес шығар қан майдан?!
Ынылдаймын,

Шықпайды үнім, болмайды ән,
Шып-шып ыстық тер кетеді мандайдан.

Атка мініп жүрем ылғи,
қыстығып
Мінген атым кісінеп, не пыскырып,
Мінезі ыстық, қылпың какқан бір пері:
Камшылар жактан – үркеді,
мінер жактан да – үркеді,
Қашан құлап қалар екем деген ой
Жанға мұлде маза бермей жүр, тегі.
Шоктығы осал кер бестінін кергіген,
мойынына кетіп жүрді ер кілен,
Құйысқан жок,
Үзілді де шап айыл
ауып түстім,
Жығылғаным – жер білем...
Шыдай алмай жырдың шоқырағына,
Құладым мен тағы, тағы, тағы да
прозаның кара топырағына.

БЕС БҰТАҚ

Бала деген ерке екен, ертегі скен,
ертегіше тыңдаймын, еркелетем.
Ертегі үшін мен бейне мықты роман –
мұқабамның өзімен ықтыра алам.
Маймыл сынды мазақ боп түкті надан,
«Қызық!» – десе төбеммен тік тұра алам.
Жатыс бөлек болған соң, көрпе бөтен,
Жайлайуна қашады бөрте бөкен,
бөрте бөкен – кіші қыз,
Күн көрінген
Зың еткізіп құлағын шерте кетем.
Шып-шып етіп тер шығып пысынаған

мұрнынан ақырын қысып алам.
Тер мөлтілдеп тұrsa да гүл шығындей,
Мұрны мұздай – күшіктің тұмсығындей.
Мактап коям:
«Бес» апсың, дұрыс күнім!»
Қызық көрем сондағы түр-ұсқынын.
Мен егер де бір жұма уақыт болсам,
бес тентегім – бейне бес жұмыс күнім:
көнілімді көтерсе бірі менін,
шаршатарда – барлығы бірігеді.
Екі күндік демалыс – ұлкені екі,
Тұлымдарын бұрайды құлтелетіп,
Ал, кей кезде...
Жалғыз ұл,
Сүйсем-күйсем
Өзім білем, «ауыр күн» – Дүйсенбім сол.
Бес бөбекім, бесеуі де асыл маған,
асыл оймен жанарам, жасылданам.
Бірін сүйсем – масайып қаламын да,
екіншісін ііскеп – басым жазам.
Жеке зерттер әр тастың кескін-қырын,
тас астынан, геолог, естілді үнін...
Мен – географ,
Жер шары – үйім, жайым,
бес бөбекім – бесеуі бес құрлығым.
Тегі – топырак, болса да ұлы атағы,
Бірін-бірі қағады, құлатады:
Африканы жылатса Америка,
Евразия болып мен жұбатамын.
Жел-аяға айналса егер демім,
бес құрлықтың бір кезде көгергені!
Ал теніздер,
Мұхиттар шалқып жаткан
махаббатым соларға деген менін!
Біреуі артық,
бірі кем емес еді,

тен ұстадым бесеуін – тен өседі.
Әлдекімдер әр жақта кенеседі:
тағы да сол соғыс па?
Мұздай сұық
Антарктида жактан бір жел еседі.
Жок, іске аспас жаман ой,
Жалғыз ұлым
Шашын сипап қартаяр балдызының.
Бебектерім ер жетер ертең менің,
Көрмес олар ағаштың өртегенін,
Құлағаның үйлердін опырылып,
Жылағаның аксакқа соқыр ұлып.
Еркелесін, какпашы, еркелесін,
Зая-ак кетсін уакытым, ерте, кешім.
Ертең деген – ертең ғой, ертегі емес,
бәлкім ертең ешкімге еркелемес?
Құлағынан ертеннің ертегі өтпес,
бәлкім, ертең ешкім де еркелетпес?!

СЕЗІМ ИІРЛЕРІ

Төрт жасымда қалып едім әкеден,
бірак жетім атанған жан емеспін:
Өзім тұстас көп баламен тен өстім,
Жетімсің деп кеміткен жоқ мені ешкім.
Бір әке емес,
Кетті әкелер майданға!
Кара талқан шылап жеп ап айранға,
Жау көзімен қараушы едік «байларға» –
баласына баскарманың шолак кол;
Саз балшық не, бригадирдің ұлы не,
О кезде «Р»-ға келмеуші еді тілі де –
бір жылатып алушы едік күніне;
Әкелері болғаны үшін, сірә, олар
кінәлы еді;
ак нанда да кінә бар.

Көйлектің көк, ағы бар,
Жорға мінер бағы бар,
тере берсөң табылар
тағы, тағы, тағылар.
О, олардың кінәсы көп, көп, көп, көп,
Жабылатын едік кейде мектеп бол;
Әңгімеміз солар жайлы қоздап бар
Кекетуші ек: мырза, балпан, боздактар.
Жұруши едік қызырысып, шарпысып
Көздер жанса,
Көңілдерге қар түсіп.
Бірак солар бізге киып беретін
ат сауырын, ак нандардың жартысын.
Оған ырза болған, әттен, біз бар ма –
Сылтау табар көніл шіркін мұздарда:
«Түгенше ме? Коркак! Тартып алдык», – деп
Мактанушы ек өзім деген қыздарға.
Балалық-ай!..
Балалық та емес ол,
алдануы – арзан еді демесен,
бастауы еken пендешілік пиғылдын,
итшілеген тіршіліктің немесе.
Пендешілік түсініктен, құдірет,
Көкіректің қыжылдаған күні көп:
«Менде неге болмайды», – деп қиналасақ біз
бір рет,
Күйіп-пістік «онда неге болады» деп мын рет!
Бір карасам, он бір жасар карт болпын,
арасында мені аяған көп карттың –
Жақсылық па – аяп еткен жақсылық?!
Иә, достар, осы саул, осы оймен,
Күл, кінәла, жайымыз бар есейген.
Содан шығар біздің ұрпак қаталдау,
Қаталдығы: аянышты кездерде
аяуга да бата алмау.
Ал әлдекім бізді де аяп, болды ұққан –

Әлдекімге өшіктік біз сондықтан.
Ауызды ашсак – сөздің не бір өткірі,
сондықтан да шыкты ыскырып, бет тіліп.
Өскендердің шығар, бәлкім, бұл мінез
аяу, корлау – егіз ұфым деп біліп?
Жо-жоқ, достым!
Корлау ғана емес бұл,
аяушылық – жаксылық та ең ескі.
Адамды аяп көмек жасау жолында
мен ештеңе аяп көрген емеспін!
Аяушылық – жүректің нақ өз үні,
ал аяуды – корлау көрген қашанғы
адамдардың өзімшілдік сезімі.
Аяушылық – ұлы сезім!
Махаббаттай әлемге кен тараған,
Махаббаттай, туады ол да санадан;
есерлер де біледі аяп,
Және де
аямайды әлсіздерді ғана адам,
Халыкты да аяп көргем мен жүдеп,
алыпты да аймалағам елжіреп.
Көрмейсің бе, дауыл жыққан еменді,
судыр қағып аймалап жүр жел-жібек?!

Аяушылық – ұлы сезім!
Бұл сезімге бүкіл адам, халық құл,
тек ол үшін жалғыз-ак шарт қалып түр:
мұқалуы керек ептел мықтының,
жығылуы керек кейде алыптың!
Пендешілік!
Баяғы өмір,
баяғы ән –
түсінгенмен мойындамас жай адам.
Пушкиндердің өңменіне ок таяған,
Лермонтовты өлтіріп ап аяған.
Аяу сондай бола ма ылғи?..

Бар үміт

Курап-тозып, дүние түгел тарылып,
Абайларды ажал женген сондыктан,
Толстойды сөйтіп женген кәрілік.

Аяушылық мезі кылған көп мені
Ұлыларға мыскалдан да жетпеді:
бір мыскалы Галилейге көп пе еді,
Пугачев пен Махамбетке көп пе еді!

Аяушылық көрдім талай адамнан:
біреу – көлік,
берді біреу маған нан.

Күн шуағын сезіп өстім төбемнен,
Күм жылуын – табаннан.

Шабыт беріп ак тілеу мен ак арман,
Кара өленнің өзі, міне, ағарған;
Кей күндері сезіп те едім сәл ызгар,
Өнменімде сол ызгардан әлі із бар.

Мыңның құшак жая алғаны үшін де,
бірдің пышақ таянғаны үшін де –
мен – бәріне,

бәріне – мен карыздар:
құрбылардан алған карыздарымды
Өтеп келем інілерге дарынды.

Әкелерден алған карызды өленимен
Мына жалғыз ұлымда өтеп келем мен.
Ұлым өсіп келеді, эне,

дүлей бір,
кекті жесір катпаса екен үрейлі үн!
Құлдіретіне ұлы пиғыл, ұлы ойдың

тапсырамын ұлымды мен,
тілеймін:

Масылым деп аямасын ел оны,
асылым деп аяласын деп едім –
Осы менің бар өмірім, өленім.

ӘКЕ

Оқып жүрген кезім еді мектепте.
Салық қария қыныр да еді, көк бет те:
– Құдай бар ма, – деді ұстап ап,—
жігіт болсан ғен ойлы,
Әлде жок па, айтшы, балам, кітабында не дейді?
... Бұл не сауал, түсінбедім, не екенін,
түсіндім тек: түсірмеу жөн кітабымның беделін:
– Бар дер едім, сөмкеме нан салған емес ол менің,
Жок дер едім – іздел барып орнын сипап көрмедім.
Рухтанып аузыма сөз түскеніне тегіннен –
Кітапта да дәл осылай жазылыпты, – дедім мен.
– Жөн-ак, ұлым, ризамын жауабына екпінді,
Кітабың да ақылы көп кітап екен! – деп құлді.
Құдай бар ма?
Жок па – оны ойлап көрген емен мен, тегі,
бес саусағым жердің күйін шертеді.
Қымбат бірак құдай жасады дейтүғын іс-кимыл,
Қымбат және құдай жайлы аныздар мен ертегі.

Әке!
Маған сенің есім-атағын
Құдай сынды алыс, жұмбак, жат әрі.
Құдай сынды ұғым бол күр атағымен алдаған
Түсініксіз бол көрінесін түсімде де сен маған.
Туған жылым... болса егер анық бұл:
Мен әкеден төрт жасымда қалыптын.
Әке деген, мен үшін, сөз! –
Сөздер сынды көп есқі,
көзім көрген секілді есқі елесті –
сарғыш тартқан суреті де ескіліктей көмескі.
«Әкен бар ма?» – деген сауал койылғанда мен жүдеп,
бірер мәрте тосылдым да мөлдіреп,
жауап берер жаска жеттім:
«Соғыстан бұрын болды», – деп...

Жер секілді жарық тілеп жалтақтайтын Күн, Айға,
Жалтақтаймын «Әке» деген жалғыз сөзге былай да,
Алмағаным үшін қабырғанды құшып жылай да,
Әке!

Менін ұғымымда құдай сынды «барсың» сен,
Жоқтығынмен де ұксадың сен құдайға.

КОС ҚОҢЫР ҚАЗ

Көзін – мәлдір,
көл – мәлдір, мәлдір, мәлдір,
мәлдірлердің мәлдірі мен жүрген бір.
Не қарайсың мәлдіреп мына маған,
Кінәлаған кісіше, кінәлаған?
Кінәлама.
Қарай ма бірак адам
сұлулыққа өзіне ұнамаған?!
Қос қоңыр каз...
Шын ерке өстер тегі,
кандай еркін, табиғат, кос тентегің!
Бұ да, бәлкім, сүйгеннің тірлігі де –
Су шаша ма, қайтеді бір-біріне?
Көзін – мәлдір,
көл – мәлдір, мәлдір, мәлдір,
Мәлдірліктің еркесі мен жүрген бір:
бір мәлдір – сен,
бір мәлдір – еркем, елім,
домбырам жок – мәлдір күй шертер едім,
Еркелеткім бар менің біреуінді,
біреуіне келгенде еркелегім.
Сонғы шапак астында тастар жанып,
бейнесі тұр көлде, әне, астарланып.
Күн сәулесі алдында қызарғанға
гүл екен деп біз талай тас қармадык.
Қанатымен су шашып бір-біріне,

Кос коңыр каз қанқылдап күлді міне:
бізге жетпей басылды майда толқын,
майда толқын, сен айтшы, қайда сол күн?!

Не қарайсың мөлдіреп мына маған,
Кінәлаған кісіше, кінәлаған?
Мендергі сол көніл ғой сен деген құр,
Сен де мөлдір,
мөп-мөлдір, көл де мөлдір.

Кызыкқаның үзіп жер ауыз емен,
кой, кой, пиғыл ойлама, жауыз, өлең!

Кос коңыр каз жүр әне,
ен осалы
өкпелейді, онысы жарасады.

Жанап кетсе біреуі, екіншісі
қаусырынған қанатын сәл ашады...

О, мөп-мөлдір кос жанар дөнгелендін,
Сен де келдін бұж көлге,
мен де келдім.

Біз де көптен бір көлге конбай жүр ек,
Құс емеспіз, көл іздеу болмайды деп.
Сен көрсектің көзіңнің мөлдірлігін,
Мөлдірлігін жанымның мен де әйгілеп.
Тұрмыз енді қызықтап кос казды анау,
Неге керек, сөз сұрау, бос казбалau?!

Көзің – мөлдір,
көл – мөлдір, мөлдір, мөлдір,
баяғы өз мөлдірін мен жүрген бір...

Қаз сұнгіді,
Бірі, әне, болды ғайып,
екіншісі қанатын калды жайып.
...Қайттық, қалқам қайтайық,
табиғаттың
өзіне-өзін онаша қалдырайық.

ТҰЗЫ ЖЕҢІЛ ЖЫР

Ғұмыр бойы пысыктықка кас едім,
Кеше өзім де бір пысыктық жасадым:
Пысықсың деп айтып салдым бір доска,
Өмір басқа, дедім тағы, жыр басқа.
Бәрібір деп сынар танау оскырды,
осыны айтып оспадарсыз дос күлді,
акын емен деді ол сонсон, аркалы,
аркалының жүгін бірақ тартамын,
Сен – бұлбұла салам дейсін тамаша ән,
Мен – нәр бермей коя аламын қаласам,
бұлбұлға да тамак керек емес пе?!

Сен, сен, деді ол, жыр жаза алғаның үшін
Кемітпексін біреулердің жұмысын,
тек сол үшін ентігіп кеп алдың дем
періштедей кез бол қалған малғұнмен.
Қайсымыз зор, айтсыншы жұрт дәл білген:
Сен – гүл болсан,
Нанмын – мен!..

Сөз таппаса салады екен акын ән:
ылғи өстіп ән салам деп шатылам...

АРМАН

– Бұлбұл құстың әні қандай әдемі,
Шіркін, өзін тыңдар ма еді және бір.
– Кеше бірақ шыкпады үні карлығып,
ангинаның әлегі ғой барлығы.
– Рас, биыл ангина көп болып тұр,
О, зауалына жолыққыр!
– Ән салар ем, тамағымның жарасы
жұтындырмай отырғанын карашы!
Бұлбұлды өстіп «түсінген» бол бәр-бәрі –
Әтеш, қарға, шымшық та сөз арнады...
Көрдіңіз бе, Әтеш, Шымшық, Карғаның
ангинамен ауыру да – арманы.

ПОЭЗИЯ

Неше түрлі жалқау мен қырсау мінген,
Поэзия секілді бір саулы інген.
Ботасы өлген секілді ертеде онын,
Абай жатқан баурында кер төбенін.

Қасым жатқан шет жағын боз даланын,
Саулы інген-жыр кезеді боздап әлі.
Ботасы өлген батады Ана мұнға,
Ілиястың Құлагер заманында.

Алаяқ пен не түрлі қырсау мінген
Поэзия – жүр әне, бір саулы інген.
Ботасы өлген батады Ана мұнға,
«Аралды» ашкан Әбділда заманында.

Боз інген жүр, бір ойға бекіндім мен:
бүйдасын қызып кеткен секілді інген.
Бір желіге токтары, келері анық
деп ақындар жөнкіп жүр шелек алыш.

Қайтіп бүтін бұл ырыс тисін бірден
Жебір колға саумаган – исіндірген?!
Бір тамшыға біреу жүр құны қалып,
Біреу шыкты, әнеки, тұлып алыш.

Байғұс інген... бүйірі бұлкілдейді,
бота-қайғы бауырын түртіп жейді.
Бір шелекке нәр тамып бірер қасық,
бірер көніл қалды, әне, құмар басып.

Ол бакыттан, достым, сен қалдын аман,
Ен тынышы – қой бағып, мал құраған...
Бос шелектін дауысы-ай даңғыраған,
бос шелектін дауысы-ай даңғыраған.

ҚЫЗЫЛ КИТАП

Ғылым айткан сөздің бізге бәрі үлғат.
Ғалымдар бір қызық жұрт:
Сары коңызды корғап бірі ұзын мұрт,
Жазды-ай келіп көптіріп.

Уайым ойлап, қайғы шегіп қанғырып,
тасбақаны жазды біреу жандырып.
Құрып бара жатыр дейді табиғат:
бір елдерде әлденендей аң құрып,
бір жерлерде шөп құрып.

Америка құрылығын қысып тым
Жіберіпті кеше жазған жас ғалым:
Мұрты сиреп барады деп мысыктын.
Асанқайғы, сайысқа тұс, ас, талас,
уайым айтсан – сені-дағы тастамас,
серік етер сені олар,
кайғысы жок бас па бас!

Қырық жылға етеді олар қанағат
Қырықаяктың башайларын санап-ак.
О, жамағат, жамағат,
Ғылым жайлы ойламаймын мен ағат.
Сиректерді «Қызыл кітапқа» ұсынар
ғылым салты келе жатқан мәнгіден.
Ғалымдар да, ақын сынды жан білем,
Олай болса, менің де бар уайымым, әңгімем.
Қоңызды да корғау керек,
бірақ мен
тараканның аяғын
санамаймын шыракпен.

Азайғанды, жоғалғанды тіркесек –
Қайырымнан айырылды бір әпкем.
Уакыттың жаксылығы көп анық,
Көптігінен емес жатса кайсыбірі жоғалып:
Көп жаксылар кетіп жатыр қыр асып,
Орден, медаль – көшіктерге кадалып.

Қане, кайғы сапыралық,
әңгімені соғалық:
Көп қайратты жапырдық біз қоға ғып,
Қадірлемеу аркылы.
Бір адамда бара жатыр жоғалып
Жақсылыктың бар түрі.
Ал өз басым аманында Ай, Күннің
Құрдасымның алдындағы беделімнен
айрылдым,
«Қызыл кітап», мұны да бір тіркеп кой.
Туласа да тентек жиын, үркек той,
Қара еменше қарайтұғын бұлк етпей
Ұлылардың саны азайды бүгінде.
Жел ескенде сол еменнің түбінде
Ербен қағар үп еткенді ызғар ғып
шөп пен шөлкем – біз қалдык.
Кешегі өткен айқас – адал базардың
берері жок – жалдаптары қалыпты.
Ұлы ұрыстың даңкты
Көп ері жок – балдактары қалыпты.
Кешегі өртте жанған ерлер жаркырап
өшіп жатыр,
орден, медальдарымен
арттарында даңқы ғап.
«Көк базарда» бос балағын белбеулерге қыстырған,
Күлген шакта сынар жендер калтырап,
Қымыз ішіп дуылдаскан алты карт,
Кеше көрсем – үшеуі отыр:
аксак, шолак жұрт кәрі,
Салбыраған, кабактары, мұрттары –
Қымыздарын көнілсіздеу ұрттады.
Аныз жасап шегірткениң мұртынан,
Коныздардың мұртынан
таратканша сұр болжам мен сұр тұман,
Қорға, ғылым, майдан ерін сыртынан,
«Қызыл кітап», тұртіп ал!

Ғылым айтқан сөздің бізге бәрі ұлғат,
Көбелекті жазды біреу көптіріп,
тарбаканың мұңын айтты жандырып,
құрып бара жатыр деді табиғат,
бір елдерде әлденендей аң құрып,
бір жерлерде шөп құрып.

Табиғаттың жанашыры жамағат,
сен жайлы да ойламаймын мен ағат.
Өртеп түсер удан гөрі әлі де
емдең жазар дәрі әлсіз!
Жо-жок, қабак көрсетпеніз маған сіз –
менің ойым залалсыз!

Табиғаттың тұтастығын сакта, ілім,
ал табиғат кімге керек адамсыз?!

Рас, жыршы артық кетер кейде тым,
ейткені оның біраз ойлар жейді етін.
Қолдан келсе, ұзарт адам ғұмырын,
Қыскартудың есебінен бейнетін!
Табиғат-ау, кеншілігің қайда әлгі?
Кеншілік ет, кеншілік –

Сактай тұршы батырларын майданниң!
Мактан етуші едім бірін сыртынан,
Міне, қазір келдім соның қырқынан –
Жүргімнің басына уын бір төкті ой.
Махорка иісі бұркыраған мұртынан
Сол бір асыл карттар сиреп барады,
азайғанды, сирегенді тіркесек,
«Қызыл кітап», осыларды тіркеп кой,
«Қызыл кітап», тұртіп ал!..

КЕШІРІҢІЗ

Бір атайы жыршы құсан ақиық,
аған отыр ақыл айттып шәниіп.
Қызмет бабын ескермейді, бір тұрлі
акындығы женіп тұрған сыйылды.

Сөзі астарлы, күлкісі әсем, өні ұstem,
Өленінде үйқас бардай келіскен.

Шіркін, шіркін, жазған болса екі өлең
мен ғұмыры калам алмай өтер ем.
Ақыл сөзін, мағына-мәнін не терен
Лауазымы, беделі үшін көтерем.
Ойнаған боп мұқатады жай тағы,
Маңдайыннан сипап акыл айтады.
Шыда, жыршым!
О, заманда, бұ заман
Күйіп өлген бір акын жок ызадан...

УАҚЫТ ЖЫРЫ

Сараң аты елге әйгілі біреу өліп кетеді,
Жомарт аты елге әйгілі біреу өліп кетеді.
(Ақылды адам көз жұмды деп барлық сараң жоктайды,
Қайырымды адам көз жұмды деп барлық жомарт
жоктайды.)
Екі қабір – екеуінін мекені,
бір тәбеле жерленеді екеуі.
Таянады –
ездін ойы, ісі ердін
таразыға табан тіреп түсер күн.
Сырттай құрмет-атақ тұтып Құдайды,
Сот құрады сарапшылар былайғы:
«Не бітірдің?» – деп сарандынан сұрайды,
«Немен келдің?» – деп жомарттан сұрайды.
Сараңдығын аттап етіп бірі айтты.
Жомарттығын мактан етіп бірі айтты.
Актауға өзін сөз таппаса қайтеді жұрт бұ тілді:
бірі барын арқау етіп құтылды,
бірі жоғын сылтау етіп құтылды –
екеуінін сөзі де аса ұтымды,
екеуі де жақсы кісі сықылды...

Бас сарапшы катканда акыр батыл үн,
Жомарт – күліп,
Саран жылайды акырын;
Жо-жоқ, үкім анық шыккан жок әлі,
екеуінің құнәсі ауыр, бірін тек
айдаһарға жұтқызатын болады,
(Жөнделуге тапсырылып актімен,
Тозақ пеші жанбай тұрған шак білем.)
...Тісі аксиып, құлетіндей ыржактап
Айдаһар да келе жатты бір жактан,
бары – ауыз боп ашылатын секілді,
жұткан сайын ашығатын секілді.
Жомарт жатыр,
Жомарттықпен бергені
айдаһардан корғау керек енді оны,
есіне алса: ғұмыр бойы ештене
аямапты бай, кедейден, кещеден,
данышпаннан, жауыздан да, баладан,
алғыс-карым тілемепті және оған;
Өсекшіге етік берген, ер берген,
Жалғыз атын аямаған зергерден.
Сәудегерге, жесірге де көп берген,
бар ғұмырын тек берумен өткерген,
дүниенін санамаған көп-азын –
енді неден кысылады сабазын!
Мекенжайым – Жұмак қой деп арайлы,
Желге карап кекілін бір тараиды.
Өзін койшы,
көршіні аяп қынжылып,
Саран жатқан жакка бір сәт қарайды.
Саран жатыр,
Карайды ол да ұрланып,
Күздін сонғы жапырағындей дір кағып.
Зауалы боп өткен күннің баяғы,
Әне, айдаһар таяп калды, таяды,
аран аузын ашып алып жұтқалы...

(Кснст, сшкім нс болғанын ұқпады)
дем-лебімен енді тарта берген ол,
Көмейіне бір күлше нан қолденен
тұра қалды.
Іс болды бұл ғажайып
(автормыз ғой, таңданбай-ақ жазайық),
Сөйтсе саран, уа, құдірет, құдірет,
жомарттық қып ғұмырында бір рет,
Нан беріпті қайыршыға қаңғыған,
Сол нан екен – әлгі нан,
Жаксылық боп шығып тұрған алдынан.
Ал, жомартты... сенімді еді ол әлі,
«ау, ағайын» дегенінше айданар
бір-ақ қылғып жұтады да салады.
Өйткені, оған беру максат боп алды,
Таныған жок сауап, қайыр, обалды,
Таңдаған жок уақытты, адамды,
шашқан алтын, шешкен шапан көп әлгі
женіл бу боп желмен еріп жоғалды.
«Ғарасаттың майданында» тағы да
Әлдекімді тергең жатты жабыла.
Сырттай атак-құрмет тұтып Құдайды,
Сот құрады төрешілер былайғы:
«Не тындырыдын?» – деп біреуден сұрайды,
«Немен келдін?» – деп біреуден сұрайды.
Қызық жайлар боп жатады мұнда аса:
біреу ерлік, жомарттығын бұлдаса,
айданардың жемі болса сонда да
О, дүние де – онған дүние болмады, ә?
Енді бірі... карау жан ғой ол нағыз,
Жок, саранды актап әуре болманыз!
Айданардың қарыны еді – орны онын,
Бір-ақ мәрте қайыршыны алдаған,
күлше нанның арқасында қалды аман,
бәрі, бәрі, – дейді қарттар, – Алладан!
О дүниеге мұлдс сенім жок менде,

Және жабық көніл, құлак өткенге,
Тек мені әлі толғандырып кояды
Жақсылық пен жамандықтар баяғы.
Екеуі де қалмас мәнгі модадан,
Жақсыға – бір,
Жаманға мың жолығам.

Қылмыс болса есепсіздік, шашпалық,
Сол жомартты алған Құдай, мені де ал!
Ал, сараңның тірлік-камын елестет,
Сараңға өштік оты жанса – о да ескі от.
Жаңалық сол: жұмсақтық бар онда да,
түгел тастан жаратылған емес тек.
Жүрек жанса мейірім-отпен бір алау
Жақсы ат алу үшін емес шығар-ау,
Жақсылыкты – жақсы ат үшін етер кім,
Ондай болса – күнәсін мен көтердім!

Құтыла алмас бірак ондай өсектен
Жақсылыкты жасайтындар есеппен.
Мен – қазакпын, кайырымды адам боп өстім.
Бірак кайыр сұрап келген жок ешкім.
Толғантканмен «сараң», «жомарт» деген сөз,
Атымтай да, Шығайбай да емеспін.
Кейде, рас, толғантады мені осы
ғасырлардың мәселесі келесі:
Сырттай сайлап Абайдай бір Құдайды,
Сот құрса егер кейінгі ұрпақ былайғы,
«Не тындырдын?» – десе катал бірі аса,
«Немен келдін?» – деп біреуі сұраса,
Жауап таппай мінезіммен тым ынжық,
Тұрған шакта жерге карап күмілжіп,
Уакыт өзі Айданар боп көгіс тым,
Зауалы боп, өткен құннің, көп істің,
Салактығым үшін ой мен өленге
аузын ашып, енді жұтам дегенде,
дәнгелентіп тарткан кездे деммен ол –
бір өлеңім тұрса деп ем көлденен!

МЕНИҢ ТОПЫРАҒЫМ

Саған да керек топырак,
Маған да керек топырак,
топырак керек басқаға,
тікен боп көктеу үшін де топырақ керек, масқара.
Салқыны ұрып «сайтаннын»,
«жыннын» желі какса да,
топырактың киесі қакпауы үшін, жаксы аға,
үркітпеу жөн құстарын,
көбелегін жасқама!
Бөтен ойым жок, тегі,
бөлектігім тек менің:
мен – бала боп туғанмен,
шыбық болып көктедім.
Бір көктемде бүр шашкам,
Күн астында көгердім,
сағайтқанда бір күз кеп
жапырағымды төгермін.
Көп шайкалдым дауылда,
зілзалалар сокты үдеп,
көктем лебі – ептірек,
күйин да ұрды көк тіреп –
майысканым болмаса,
маған қауіп жок емге:
бұтактарым – биікте,
тамырларым – теренде.
Күн әкелді нұр-шуак,
бұлт әкелді жел күреп,
таң алдында шық конды жапырағыма мөлдіреп:
көкейдегі тазалық, мөлдірлік те көздегі
садан шығар, өзімдей көретінім өзгені?
Шық көзімен қарасан, дөп-дөңгелек төнірек –
танимын аз сондықтан,
таңданым көбірек.
Көрдің бе, эне, бұтанаң қалқияды құлағы,

әлденеге шык көзі таң боп карап тұр, әне!
Біздін үйдін алдында тұрды жалғыз кара ағаш,
бір көктемде көктемей калды әлгі ағаш жалаңаш.
Отаушылар каланың көктемейтін ағашын
өтіп жүр-ау байқамай мына ағашты, шамасы?
Жапырак жок басында,
көленке де жок онда,
жалғыз өзі алып тұр бір үй салар алаңды,
не пайда, деп сөйлемім, осы ағаштан адамға.
– Інім, – деді бір аға ак мұртының астынан, –
рас, бұның бұтағы баяғыда-ак каксыған.
Айналаның берінен пайда іздеуте тырыспа,
шығының жок,
ағашты өз тамыры тұр ұстап.

Кара ағаштың таска өскен картайғанын сын ғып-ак
картаюға бола ма?!

Кайын, талдың сыйбырып
Көгергені, көкешім, осы шалдың аркасы!
Сыйлаған жөн карттарды,
Шыбықтарды корғаған сол картынның канкасы,
жас шыбықтар көп төмен
мынау кара топырактың қабағынан көктеген,
кара ағаштың осынау балағынан көктеген.
Иілмейді сондықтан жел-дауылға әлек боп,
сескенеді сезімсіз балталыдан ғана ептеп.
Құлайды ғой өзі де – сән бұзады шал қанша,
тұрғаны да тұқымы тамыр тартып алғанша.
Құлай калса казір бұл дауыл ұрып шын ұлып,
анау ағаштардың да көбі кетер жығылып.
Құласа егер мықтылар –
құлайды ғой дұрыстап,
Ал, әзірше мұны да мықтылығы тұр ұстап!
Кара ағаш, сен де емен бе ең?
Емен – мықты дегенмен,
жапырағы болмаса

мыкты емес-ау ол да аса.
Әйтсе де емен сынбасын,
құламасын жай тұрып,
бітпеуі үшін мыктылық жайлы аныздар айтылып.
Өскен жан ем мен-дағы мактау жұтып, бата ішіп,
кетті содан тамырым емендермен шатысып.
Өзім жайдым тамырды,
өзім өстім дегенмен,
нәр күткендей топырактан – сүйеу күттім еменнен.
Шуак күткен кезімде – шуылдаған көктемде
көленкесін тұсіреп жапырактылар көп менде,
Тек күз тұсіп, сұық жел үрған кезде азынап,
жел жағыма шығатын қара емендер – азырак.
«Жок» дегенді жек көрем!
Ей, киелі топырак!
Сенен бөлек тынысым, тіршілігім жок менің,
маған қымбат сондықтан күз бен жазың, көктемің:
мен – бала боп туғанмен,
шыбық болып көктедім.
Мен де өйткені еменше ерегісіп өскен ем,
Ымырт шакта самалға сыйырмен-ак сес берем,
Корыкпаймын сондықтан канжарлыдан канқұйлы,
топас колдар ұстаған балталардан сескенем.
Таныркама, бұз калай кетті екен деп күшті өсіп –
балшық емес, тамырым таспен жатыр тістесіп.
Кане, шығып қал, шыбық-тал!
Тағдыр туса бұралаң –
Мен қашан да сендердің жел жағына тұра алам!

АНА ТІЛІ ТУРАЛЫ СӨЗ

– Қызыл сөзбен нан табады бұл күнде,—
құлді екеуі бүйірлері бүлкілдеп.
Үшеуіміз де сөйлейміз ғой бір тілде,
айт, айт, дедім, іркілмендер, іркілме.
Қызылдықтан емес сөзім жанса егер,

мынау дедім, жылайтын жер, күлкін не?!

– Кітаптарың сендердін, – деп

тағы құлді сонда әлгі. –

өтпей жатыр.

– Рас, ондай болған-ды.

– «Болған» емес, болып келеді енді-енді,
өстіп қысып қою керек сендерді,

– Бірер кітап... жаман жазған шығармын...

– Әдебиет... ісі дейсін бұз да ардын.

– Рас, – дедім, – тауып айттын,

бұз да рас:

жазушының өтірікке діні қас.

– Бірақ ондай кітаптарды казакы
жазғандардың шығып жүр ғой аз аты.

Ол тілде оқыр жүрт та азайып келеді,
құрыр түбі адамдар да жазатын.

– Құри берсін сен секілді сөзшендер,
халқы құрымаса болды казактың!

– Ха-ха, ха-ха, әзіл ғой, дос, құрбылық –
баяғыда іс қылып ен бір бұлік...

Мұндайда адам – ақылсыз ғой,
мен де – сол:

көрдім, дедім, осы казір өлмесем –
үйдін іші өре түрді дүрлігіп.

Сырттан-жігіт кашты мұрнын шымшып ап,
тазы-сұлу жылап ерді қыңсыладап.

Сөз өнері ұксас дейді тасқынға,

кейде бірақ тасқын да

калады ғой көлденен тас астында.

Көлденендең сөйлейді жүрт!

Міне, Сізге ер мұны:

коңактың да батады екен қорлығы,
батады екен есер сөзі мастың да –

құлағыма түрпідей боп тиді үні,
ал, бәрінен пиғыл кандай, пиғылы!

Бәрімізге тағдыр – біреу.

Бір ырғак,
ана тілін шамамызыша жұмырлап
келеміз ғой, сол тіл үшін егес қып,
сен – құрысан,
мен – құрысам емес түк,
бірер кітап тумай қалар мықтаса,
одан ешкім ұтылмайды – ұтпаса.
Егер, егер тіл құрыса?..
Сакта, «Алла»,
токтығына,
көптігіне мактанба!
Тілің құрид дегенді де түбінде
Айтты әлгі адам
Абай, Мұхтар тілінде!
Африкада құлдың өзін тілімен
Бірге сатқан – сатқанда.
Әттен, оның сөйлегені жанып бір
көкірегінің түкпір-исін танытты.
Жігіттің ірлігі не керек,
Тілі өлсе егер – тірлігі не керек,
керегі жок маған ондай халыктың!

Ертіс – ерке,
Жайық – ак,
жайырак ак, жайырак!
Арғы беттен келе қойшы қайық ап,
алғы қүнге өткізейін тілімді,
Ертіс, Жайықтан да тілім байырак,
теренірек;
мына ғажап көктемде
тілім өлер деген қауіп жок менде:
жалаулярым өз дінінде ілінді,
ұрандарым өз тілімде ілінді,
окып, білдім Лениндік ілімді
өз тілімде;
тілім осы бүгінгі,

ертен-дағы жоймас ешкім тілімді –
неге мұнша таусылдым мен, түнілдім,
бір есердің сөздері үшін жанағы,
неге менің ішім өрт боп жанады?

Егер де емес, күншіл ғой ол тас-қара,
одан да өткен маскара бар,
маскара:

маған айткан сезін ол
айтпас деп пе ең басқаға?!

Өткен түні дөнбекшідім түнімен:
бір досымның баласы
«екі» апты «Ана тілінен».

Ғамзатұлы сырын айткан бір асыл:
өз тілімде өлем деді Расул.

Не бітірем артында қап тілімнін,
менің де сол – расым.

Сездік талай іштарлыкты – мұздадық,
каlamакы төлейтін
кассирлердің түр-болмысы Сізге анық:
еңбегінді, өнерінді түсінбей,

тинына қарайды ғой қызғанып?!

Пендершілік, ей, бейшара, пенделік,
бітпедін-ау сен де өліп!

Мейлі, есерлер менсінбесе қол сілтеп –
тілім тірі болсын тек!

Тілден калып өмір сүрген жок халық –
шындық осы;

сол шындыкты нокта ғып
киген дұрыс – мал болсан да – басына,
аштан өлсек – біз өлейік – жасыма,
Сенің еркін, бакпай қойсан баланды,
Асырама, арсыз бол да анаңды –
айналайын,
ана тілінді асыра!

ҚАҚПА АЛДЫНДАҒЫ ҚАРТ

Тау жак шетте көк какпа бар,
көк какпа
ашылмайды деседі
анау-мынау токпакка.
Кала үлкен ғой – ерсілік жок дәл мұнда,
бірақ сол бір жабық какпа алдында
ак бас кара шал отырды бір күні,
касы түгіл, ак секілді кірпігі.
Өтіп жатыр машинаның түр-түрі,
жаяулардың түр-түрі,
әркайсысына бір иіліп солардың
кубір-сыбыр ететіні – күлкілі.
Жұмбак бөтен – шешсе көңіл жай таппак:
әппак мұрттар не дейді еken – байқап бак.
Сен бар, деді бір дос маған, таныссан,
сен бар дедім мен біреуге,
данышпан
ғалым еді ол, қағып қалсан аркасын,
алу-далу архивінен шаңы ұшкан.
 Тағы бір дос байқап жүрген сыртынан,
бір бәле бар деп күлді
тарап жаткан мына шалдың мұртынан,
сөзі – кисық,
әрі ызалы шығар тым,
жолы болмай өткен кісі бұ қартын.
Әркайсымыз Шерлок Холмс боп ойлап –
шал сыртынан үкім кестік,
өзімізше пікірлестік нобайлап.
Көnlімізді алаң етті
кап-қалың
ылғи жабық тұратыны какпанын.
Ол – бір жұмбак,
шалдың түрі бір жұмбак,
сөйлескіміз келді біраз мылжында.

Жасайтындаі не бір қылмыс, бір ұрлық,
ұрлана көз тастап койып айнала
көк какпаға бұрылдық.
Ак мұртты ерні күбірлейді,
мәссаған,
шал айтады: «уағалайқұмәссәләм!»
Тұрлі-тұрлі жынданады-ау тегі адам,
сәлем беріп жаткан ешкім жок оған.
Карттың түрі салмакты әрі, әрі ойлы,
ойлы көзде жылышты өткізу.
«Уағалайқұмәссәләм!» деп сәт сайын
әркімге бір жалтаң қағып карайды.
Әрнеге бір карайтындаі жақтыртпай,
жиі-жиі жыбыр қағад ак мұрттар –
кәрі кісі – кіді деген дакпырт бар,
дакпырттарға сенбеу жөн-ау, сірә, аса,
білістік біз жөн сұраса, сұраса:
жакында елден келіпті карт,
кол боста
қаладағы ұлға уайым болмасқа
көшіп кепті,
кемпірінің жылы өткен сон;
шал қасқа
кадыры артық кісі бопты жолдасқа,
ағайынға, кәрігे де, жасқа да,
бүкіл ауыл сыйлайды екен хоштана.
Тек көзі – кем,
кулақ – керен,
және оған
шүкір, дейді, қанағатшыл кәрі адам.
Ражабы: карт «сәлемшіге» балаған
жүрттың бәрін бетіне жай караған.
Шағынбады ол,
шағынбау да бір сынды,
тек: «адамы аз ел-ау» деп құрсінді.
«Адамы аз сл?» – айып кой бұл сұрапыл.

астана үшін миллион адам тұратын.
Жалғызырап отыр
көнлі құр алан
біреу келер деп амандық сұраған.
«Адамы аз ел?» – рас шығар,
жаныннан
іздегенде табылмаса бір адам?!

Ұқпайды, рас, кала елін ол,
тағы да
жалғызырап жабығады, жабыға –
өзін-өзі алдап отыр қария
жұрт бермеген сәлемдерді кабыл ап.
Кала кінәлі емес шығар,
шал дағы
кінәлі емес,
кәрілігі – болғаны.
Емес кой ол шыбық, не гүл-қызғалдақ,
көктемесен – көктем күні де ызғарлы-ак!..
Бұрылдық деп, Сізге сәлем бергелі,
кош айтыстық, ак мұрт картты біз де алдап.

Көше – тығыз,
автобустар тым ыссы, ә,
есіреле асықканда жұмыска?!

Сәл кешіксең – өрт шығардай кенсендे,
ұмтыласың бұрынырақ енсем деп
шала ашылған есіктерге жан сала.
Кой, кой, достым, бос орындық ансама:
бір аяктап сиясың сен,
сонда да
үзілетін түймелерін қаншама!
Қайтканда да – түрін әлгі, күнін сол,
жығылатын жер таппайсын – сүрінсен.
Жұрт та – өзіндей:
ұмтылады есіктерге екі елі,
сен – қағасын,

ол да – итсеріп кстсді.
Тірлік осы.
Өзге өмірге ықылас
бірте-бірте жоғалары ып-ырас.
Қала халкы, қарап жүр ме сонда да,
сонда дағы сініре алсан жұтып ас –
бір-біріннің жүйкенді каз, шұқылас!
Бір терминнің мәнін ұқтым жақында –
сөз емсс бұл УРБАНДАНУ хақында,
уақыттың миға сыймай заны әлі,
карсы кою да емес қала, даланы.
Бірак сол карт отырған жок тас қарап,
қала – басқа,
ауыл әлі басқарап:
көшелерден сәлем күтсе кәрілер
таң көретін жігіттердің бәрі де ер
енбекінс,
окуына жетік, пан,
ал, карттарды балаларын оқыткан
жағдай бар әрі күтер, әрі емдер –
күтімің сол, емін де сол – сәлем бер!
Қала ғой бұл, ауыл емес қалғыған:
бұрылып кеп кәрі көрсе алдынан
аман-сауын шай пісірім сұрасып,
атпен желіп жөнелетін қыр асып.
Әйтсе дағы...
Оқыған ұл, көк какпа,
кәрі әкене конактарын жоктатпа.
Елдегі бар, десек-дағы, бар мұнда,
көрпе, киіз жаймай-ақ кой шалғынға.
Жұмысты ойла,
халин ескер шалдың да:
сен – қалаға кірген жансын,
кәрі әкен
отыр, әне, әлі ете алмай тәуекел,
ауылын ойлад қалалардын алдында,
какпалардын алдында...

ЕШТЕҢЕ АЙТПАЙТЫН ҚАРТ

Мына момын даланың желі де есіп біткен-ді,
Момын толқын жарға ұрып,
бір солқ етіп бүктелді –
ымырт түсті Жайықка,
аспанға ала бұлт келді.

Шокка ырғалып қойылар коныр құман баяғы –
конырқай шал сөйлерде бір ырғалып кояды.
Киіз үйдін іргесі түріледі ондайда,
киіз қапты домбыра тіріледі ондайда.

– Уайхай, жалған дүніе,
Жайық қайда, Жем қайда –
Құда түскен жылы екен хажы Ыбыраш Көлбайға.
Кемпірі де шалғайдан бір іледі ондайда:

– Бәлсінбей-ак айтарын айта берсе болмай ма?!

– Шабалап қал, – дейді карт,
кемпіріне бір қарап,
домбыраның күс қолмен тесін осып тырнап ап,
сол тырнаған жерінен кан шығардай қызырып
үніледі какпакка;
коныр ішекті ыза ғып
бірер іліп тағы да,
кой ішегін мактайды,
күніренер ед кой ішегі – саусак, эттен, какпайды.

– Жайық қайда, Жем қайда...
төккеніннің бәрі – лас,
бұ суларға, сірә, енді мұз да катып жарымас,
катса – кісі көтермес,
әй, құрыған, құрыған-ак,
майыспайтын мұз еді түйе тепсе сырғанак.
Махамбет пен Исатай суды корғап көп шапкан,
Жемді бойлап жен түріп,
ат суарған Боқсактан.
Қазіргі жүрт деп пе едін:
коныр момын, кой-надан,

канды кісі жок скен,
болса ше бір ойлы адам!
Уайхай, жалған дүние! –
карт ынырысып, ынырысып,
өзіне ырза катынша жіп иірген бір ұршық.
Шыдам бітіп, ішінді жалап жатсын өрт мейлі,
ішекті бір қағады – күйін бірақ шертпейді.
– Айтса қайтед айтарын, – дейді тағы кемпірі,
– Шабалап қал, – дейді шал, – отырғанда мен тірі.
Кемпіріне карайды тағы да бір қағына,
коныр ішекті ұлытып бір қағады тағы да.
Коныр құман тәрізді құлде қалған баяғы,
коныркай карт тағы да бір козғалып қояды.
Коныр-ала бұлт көшер Жайыкка аунап қайтадан,
Коныр самал еседі іргеліктен қайтадан,
Коныр домбыраға карт бұрылады қайтадан.
Коныр үйрек құсады шабак ілген шайқала,
не сол коныр құманша құлге койған оты бар
кария да көрпеге батынқырап отырар:
– Су да ағатын арындаپ Исатайдың барында,
Мына сорлы Жайыкта – «адыра қалған Нарында».
Сонғы ұрыста Батырдың аты окка ұшып мактаған,
көз алдында коркырап бара жатты Актабан.
Нак сол сэтте Махамбет – эй, о да бір ер кісі –
ойнактаған атынан түсіпті де жерге ұшып:
– Сіз мінініз мұны, – деп тоса берген өз атын,
Исатайдың арқасы осындейда козатын,
еркелігі жүректін – өрлігі ғой баяғы:
өзі – жаяу,
аттылы акын досын аяды:
– Еркінситін мұншама – женілген жок жау әлі,
мен – шың едім, бар бұлтым енді саған ауады:
сенікі енді жаманат,
маған – жаксы ат, сауабы! –
Жаяу өлген сүйтіп Ер,
Тәнірім, тыныш ұйқы бер,

әруакты ескі ерлерге!
Пай, бүтінгі күйкілер
өз басынан басқаға көнілі жок күй тілер,
уай, бәтшағар, бәтшағар, сенін бетін де үйтілер!
Жігіт азды десеніді кім айтса да – сөзі шын,
азбай қайтед жайылса әркайсысы өзі үшін?!

Хажы Ыбыраш сол жылы құда түсken Көлбайға...
Исатайы бүтіннің жанын сатар еп десе,
ас жүқпайды – біреудін атын мініп кетпесе.

– Ас ал, – дейді кемпірі, –
бітсін бұған түк кайтып,
бәлденгені банадан – осы еді ғой, – бітті айтып.
Шыбырткысын өткеннің
өргенде өстіп таспалап,
әруағымен өлінің тірілерді жасқамак!
Пиғылы арам кісінің басы – бас па, аскабақ,
енді дән жок бұ қартта! – дейді тағы кемпірі,
– Шалыктап қал! – дейді карт, –
отырғанда мен тірі.
Қоныр шалдың әрнені «іші біле» калады,
коныр үйдін іргесі түсіріле калады.
Қоныр бұлттар жел жокта ірмелеп бер, ірмелеп,
коныр шанак домбыра сүйеледі іргеге.
Анда-санда осындей кәрілерден
тым күрыса
дәме еткен де жаксы екен айттар-ау деп бірдене.
Екі-ак сөзді соншама неге созды қастерлеп? –
дал боласын түсінбей:
арқан жіпсіп, бас терлеп.
Түйгенінен аз ғана айрыласын ондайда,
енсен түсіп каралай қайғырасын ондайда.
Хажы Ыбыраш кай жылы құда түсті Көлбайға,
тап осыны білмей-ак картаюға болмай ма?!

Білем, кариялардың қалды азайып бұ түрі:
«алласы» бар аузында,
түсіп қалған «шүкірі» –

көсөу-шал деп түйесін
жағатын тек күйесін,
түсіне алмай сөздерін,
тек мінезін сүйесін.
Ел карттары бұлар да,
көnlінін кірі ғып,
әлдекімді кемітсе – қунап қалар тіріліп,
домбырасы – күмбірлеп,
іргелері – түріліп.
Карт мінезі – қырсыктық дейсін,
бірак осылар
айналаның берінен неге іздейді ірілік?
Ақыл – асқар,
көл – сана,
заман ірі болса да,
ірілікті ансаса ел – ұсакпыш ба соншама?!

ҚАЗЫҚ ПЕН АҒАШ

Жалғыз ағаш,
бұтағы жок, жок түрі,
тегі ағаштан қырқылыпты демесен.
Бұзау байлап қоятұғын жеңешем –
ат байлайтын азаматтың жоктығы.
Мәні – қазық,
болғанымен жаны ағаш,
эттен, тамыр, қабығы жок, жалаңаш.
Жалаңаштан: Шындық қана құндырақ,
құн туралы қынқыл емес бұл бірак.
Селт еткеннің сыйдырынан сыр құрап
мәз болса, анау, жел мәз болсын сылдырақ.
Сылдыр-сүйік тірлік жайлы түк айтпан,
 себебі, мен оқығам жок суайттан!
Басқа бір жай туған-ды шынтуайттан,
тандандырған,
әрі мықтап мұңайтқан.

Жалғыз ағаш – казық болды:
бір күні
жібекке ұсал қанаттардың жылтылы
екі торғай келді ұшып, –
конды бірі,
екіншісіне орын жок –
бұ да, бәлкім, бір таршылық белгісі,
махаббатқа келген шакта достыкпен? –
Ойға шомдым өстіп мен.

Екіншісі көрді айналып қазыкты,
болмады орын қатар отыратұғын –
екі жакка ұшты екеуі ақыры!
Келді өкініш, тағы да бір өкініш:
әлгі екеуі лағнат айтканға ұсады,
қатар конып отыратын екі күс
бір ағашы жок өлкеге.

Құм біздін
түні канша болғанымен жұлдызды,
болғанымен жердін аскан көркемі –
ағаш жағына ұттылау өлкे еді.
Бір сұлуға ғашық болған достардай,
көз алдында кетісті өстіп кос торғай.
Келе-келе бір байламға бекіді іш,
бекіген соң батпай тағы енбекке,
жарытпадым терлеп те,
жата алмадым не тыныш –
мені есейткен жылдар емес, өкініш!

Қазыкка олар таласқан жок,
қызығы:
конған шакта құйрығы сәл ұзыны,
келтелеуі қыска тұмсық кекілді
бір шыр етті «кош!» дегені секілді.
Нәр іздең көнілдерге, міне, азық:
міне, содан адыра қалды бұ казық.
Елестетсем қазыкты әлгі құсы ұшқан

көкірегім кетеді әлі құлазып.
Құлын, бұзау байлау үшін, ұлы ұста
казак-атам казық какса – дұрыс та.
Бірак казыққа отырғызған деседі
жазықтыны біздін ескі Шығыста.
Жазық бар ма, жазық бар ма, сол қасқа
канаттыда қатар ұшқаннан басқа,
қүйрықтыда қатар конғаннан басқа!
Мұндайда, рас, түседі еске кайдағы,
отырасың бір сәт содан қайғы алып.
Сонда көзіне елестейді
құм, дала
істік-істік казыктарға айналып.
Ей, кен өлкем!
Мен сені ертең кенелтем,
ойды қойып, орман егем мен ертең,
ағашы жок, қазығы бар, кен өлкем!

Біздің ауыл осындей жер,
Ал, аға,
бұлын-сайлы, бұлағы бар көгала,
бұтағы көп, бұлттары әппак шағала,
тұрам қазір қайын, талды қалада.
Мені жалғыз десе біреу – сенбеніз,
бұ қалаға келген жан ем мен де егіз,
екеумізге болғанымен көп бұтак,
сол көп бұтак арасынан от тұтап –
маған тастап зор өкініш, зор уайым,
бір шыр етіп «кош!» деп ұшқан торғайым.
Оқ секілді өткен жерінде із қалып,
досым кетті,
өнге өмірім сізге анық.
Ал, біреулер күллі орманды кориды,
көп бұтаның бірін менен кызғанып.
Содан, содан ерліктермен, екпінмен,
әйтеуір бір ермек таптым көп күннен.

Сауыскандар санатынан кеттім мен,
торғайлардың арасында жокпын мен!
Біреу айтты: болма деді, ала-өкпе,
тырналар ғой катар түзеп,
тұсेतұғын әлекке,
торғайлар ғой тоғай іздеп
тұсेतұғын әлекке –
сен дәметпе, деді маған, дәметпе!

ҚЫЗЫР

(*Кайыр қарттың хикаясы*)

Кырыктын бірі – Қызыр.

Халық.

Біздін кария кісі еді-ау бір кенпейіл,
жок, айтпаймын бір шайы мен бір етін:
кім келсе де – аяғына еңкейіп,
конағым деп кебісін сап жүретін.
– Сакалынмен бала құсап, – деп ұрсып,
тілкем-тілкем алаканы кебірсіп,
колын сілтеп түнгілетін кемпірі.
– Конак келер отырғанда мен тірі,
шаруа бар, шатағын не, шал аман,
кемпірім-ау, пейілін тар-ау, дейтұғын, –
аулак, аулак тек мына бір баладан.
Ит шәү етсе – елендейтін, елендеп
отыратын әлдебіреу келер деп.
Тірлігі осы болды қарттың,
со қарттың
жоктығы да еленбейтін сол елде,
жоктығы ғой, десетін жұрт, жомарттың.
Рас, рас, жоктықтың да көп түрі,
мал коймаса пышактардың өткірі –
ол да жоктыққа апарады,

дегенмен
жоқтығынан су таппайтын кедейдің
ауырырак жомарттарда сойыс малдын жоктығы.
Байдын кедей болмағы, рас, қас-қағым –
бай еді шал,
бір жылы
оты ортайды, кедей бола бастады:
– Қасқа сиырды ұры әкетіп қалыпты!
– Ештеңе етпес, – деді карт, –
бар ғой әлі баспағы?!

Сонда да карт бір шәйі мен бір етін
тауып жүрді,
– Қайдан? Қалай? – түсінбеді ел оны:
карияға өзі әперген беделін
ел жарықтық өзі күндең жүретін.
Бір асым ет жоқ деп еді сол күні –
кария мықтап толқыды:
әлдекайдан сау етті бір топ конак.
Ит те үрмеді,
казан асар жоқ тамақ.
Қалбан қакты кедей ғана кенпейіл,
әр конактын аяғына енкейіп.
Жалғыз баспакты алып шығып нокталап:
– Ал, сой! – деді күйіп кеткен кемпірі.
– Дұрыс! – деді кария сонда, –
отырғанда мен тірі,
үйден тоймай аттанбайды жан адам,
шаруа бар, шалың тірі, бала аман!
Жалғыз баспак тұқым калса сиырдан,
– Мал екен ғой бұйырған! –
Кедей үйде тағы да бір ет пісті.
Ұрт жағынан тілі іздеді бір карттың
ауызында жоқ тісті.
– Сиыр сою жөн емес-ау бұ шакта, –
деп бір конак жармасты өткір пышаққа.
Көп-көп пышақ жалақасты: кес те, кес!

Көп айтылды қысыр кенес, бос кенес.
– Жай конакпыз, – деді тіссіз карт әлгі, –
саған бұжұрт ағайын да, дос та емес,
конак қана емес-ау,
ұрылармыз біз әрі.
– Жок, «біз» емес,
Мен! – деп шыкты бір кісі, –
жарыктықтың, тым құрыса, болсашы
ауыз үйінің есігінде ілгіші!
– Мен ұрлағам!
Тағы біреу:
– Мен! – деді,
екі-үш адам ерегісті, көнбеді.
Бір-ак сиыр ұрлағаны, болса дағы тегі іpi –
кайдан шыкты осыншама көп ұры?!

Ертесіне ертемен,
кешегі жұрт алған, бір-бір мал ұрлап
тұс-тұс жактан келіп жатты дабырлап.
Екі-үш сиыр: маңдайының ағы бар,
қызылы бар... тағы, тағы, тағылар.
Көрші-колаң сыпсындасты,
ит ұрді,
іргеде мал жайылса,
ит даусы да естіледі-ау сүйкімді.
Кемпір ғана ойбай салды дауысымен карлыккан:
– Ұрлықпен келген мал ғой барлық мал,
әкетіндер!
Соры кайнаған шал біздің
шанырағын ұстаймын деп жалғыздың
алжасканы – мал алғаны ұрылардың колынан –
алсан, құдай, жөніңе ал!
Сонда бұқіл жиылған жұрт күлді кеп,
Күлді «ұрылар» бос тістері күлдіреп.
Тісі жок карт шыға келді ортаға:
– Әзіл қосып сөйлемесе жорта адам,

іш пыстырып жібереді бұз тірлік,
біз де адамыз, ұры емеспіз – шүкірлік,
дәм татқанбыз кешегі адал сорпадан;
көпшілікпіз,
ел деген де – осы біз,
сенін шалың осы біздің досымыз.
Соған мұнын кедейлігін қосыныз,
жомарттығын қосыныз!
Кеше біреу: кедей деді, о карттың
жаксы аты бар,
жабатыны жок артын.
Ел бола ма жабыркатса жаксысын,
жебемесе жомарттын!
Қолымыздан келгенінше түзедік
шаруасын; сол шаруаны
шайкаған да – біз едік.
Бізден ет жеп жатқан жан жок бір асам,
дүйім елге жеткіzsін деп мына шал
бір-бір қара қосып тұрмыз;
«кенеліп»,
аз дәүлеттін, аз малдын
жаманатын осы тартсын деп едік.
Бұдан өзге кесірлік жок бізде де,
тек карызым – қайырам деп іздеме.
Данқың желдей тарай берсін, о, мәрттік,
сен де жаса, кедейлік,
кедейліктін жан серігі – жомарттық!
Осыны айтып алаканын алды ұрып –
жок болды қарт,
даусы қалды құлактарда жанғырып,
аузын ашып таң боп катып қалды жұрт...
Әлде күндіз,
әлде тұн,
әйтеуір бір уакытта
«Әлгі қария – Қызыр!» – деді әлдекім.
Әрине, о қарт Қызыр рас, анық бұл:

кызыр десе әлдекім
өз көнілінің қызырлығын танытты.
Қызыр болып жарылқайтын ғайыптан
мейірімі шығар бәлкім халыктын?!
Аңыз – ала,
тұрмыс – құла,
жол – шұбар,
бұ тірліктің бояуы да мол шығар.
Қызыр дару, халық үшін, шын арман,
сол халық кой Қызырды да шығарған?!

БӘЙТЕРЕКТЕР

Өсірем деп, жеткізем деп мені ептең,
жер тырналап мал жиды.
– Мына карт па?
Алжиды ғой алжиды,
картайғанда не бар, десті ел, дедектеп.
Күн қауысты – көкем қайтты –
әлгі сөзді ел бекерге айтты.
Қоныр бұлттар шашын жұлып долданды,
как жүректен ұрды мені қаза нақ.
Найзағаймен бетін осып, азалаң
бұлттар да өксіп жылағандай болды әлгі.
Жел жактағы бәйтерегі құлаған
шыбық құсан майсан қағып мен қалдым.
Көкем – кетті.
Қайта шыкты батқан Күн,
түк болмаған сынды нұры арайлы-ак,
Жарығы – сол,
жылуынан түнілдім;
мола жакка көп карайлап, карайлап.
Бәйтеректер ығындағы көп шыбық
тіп-тік өсті,
мен – майыстым, майыстым.
Кінәлама, содан қалған бойымда

мінезі бар шикі-көгіс кайыстың.
Теплицада өскен гүлдей әдемі
мандайыма жел ұрмаян жан едім,
ойда жокта карашаның қары ұрып,
желдей гулеп қоя берді манайым,
басу айтты ағайын,
жәм-ағайын парызынан арылып,
акыл айтты,
уайым айтты бәрі ұлып.

Сөздеріне жауап іздең түрлі елдің,
карияның бейітінің басына
күн қауысар уақытта бір келдім.
Тіл катпады шеген мола тұнжырап –
үйге қайттым бір жылап.

– Элдекімнен жылу іздеу жайлыш елес,
мұның, – деді бір кария, – кайғы емес!
Бір салқын күй шалқып ұрды жүзімді,
көкірегімді салқын ұрды, күз ұрды,
бір бұтағым өспей жатып үзілді.
Бір бұтама жаңа конған құсымды
әлдекімдер кесек атып ұшырды.

Басына конған әр шымшықты әнші ғып
өсе берді тал шыбық.

Көңіл – күпті,
көкірегім жаншылып,
көңіл жүзін Айға ұсап коңыр бұлтпен жасыра,
екі келдім ескі бейіт басына.

Үн катпады шеген мола тұнжырап –
тағы қайттым бір жылап.

Екі аттап та ала алмадым бір адым:
екі мәрте емтиханнан құладым.

Мысықтарға ұнамады тырнағым,
есектерге жат көрінді құлағым,
Бұ не? – дедім, –

Ұрды біреу столды:
мінс, деді ол, түсініксіз іс болды;

снді біреу қарап жүріп тістенді.
Таңға жуық кәрі әкенің басына
тарыға ойлап тағы келдім – үш келдім:
шеген кора шөпке толып тұр іші,
ескі елтірі бөрік құсап бүрісіп.
О, бұз жолы...
кайттым мықтап бір ішіп.
– Жұрттан ылғи қайырым күту жайлы елес,
мұның, – деді тағы бір карт, – қайғы емес.
Қамкор ата қабірінің басында
«Жебеп-желер» әлдене бар расында:
мені баурып әкетті «еңбек қаркыны»,
терім төктім әр-әр күні, әр түні,
үміттену, тұнілулер арқылы
есейдім мен;
жапырак қана – шығыным,
кірісім сол:
ық жағымда шыбығым;
енди мұның шағамын:
атаға емес, атағына қаланың,
куллі еліне даланың.
Әлдекімнен қақпай көрген кезімде
молаға емес,
сарайларға барамын.
Өсірем деп, жеткізем деп мені ептеп,
картайғанда қайрат етсе дедектеп,
мен үшін кім болғандығын өзінің
өткізгені болар ма?
Егіп кетсе сөз-үнін,
тұнілу мен үміттену сезімін –
жеткізгені болар ма?!

...Жауып-жауып таусылды ма дакпыртқа:
менің коныр бұлтарым
кетті айналып ақ бұлтқа!

ӘКЕ МЕН БАЛА

Бойжеткен кыз:

– Әке, әке, киім,— дейді,

Әке айтады:

– Қаражат қын дейді.

Белі иіліп барады кәрі әкенің,
бірақ ағаш-аяғы иілмейді.

Ұлы да хат жазады астанадан,
астанадан картка әлгі каска, надан,—
жыласа ол да акша деп көл – сиясы,
көл секілді әкенің пенсиясы
былай да ағып,
жатады былай да ағып,
кызыл, коңыр акша боп ылайланаң.

Модаға еру – кызға да қын еді,
қын болса кайтеді – киінеді.

Акша келсе – қуаныш сұрапыл, ә?—
ұл қуанып ішеді сыра-пыра.

Қартайды әке –
халі әлгі, күйін мейлін,—
қартайғаны: «қаражат қын» дейді.
Кемпір де ырза болсын деп салады акша,
өзі ішпейді,
жемейді,
киінбейді,
белі иіліп барады, сағанакша,
тек аяғы – баяғы, иілмейді.

* * *

Кыз шыкты бір сауыкшыл жас балаға,
ұл үйленді – қалды о да астанада.
Түсіп кетсе кім-кім де, шүкір, оқыр,

окығанға іс те көп бітіретін.
Әке – ауылда, күрсініп тереңірек,
ұлым, қызыым қонакка келеді деп,
пенсиясын жинақтап күтіп отыр.

ТІФӘ-ТІФӘ

Кеше ғана бала-ды, балапан-ды,
бүгін, міне, сол шыбық тал атанды.
Ет жүректің лүпілін жылу еткем,
жел жағына тоскам-ды алақанды.
Бүртігінің ілкі бір дір еткенін
үміт көргем,
уайым ғып жүдеп те едім –
шыбық емес,
ман-дала, жел өтіне
майшам жаккан кісідей үбектедім.
Талым, міне: түскендей бу-бұлауға,
мөлт-мөлт етіп тамшысы басында асыл,
жапырағы жалбырап жасыл, жасыл,
жел үп етсе – дайын тұр сыйбырауға!
Тірлік заны:
жас тамыр, тын қүш дарып,
тал ұзарып барады, мен қыскарып.
Пышак, балта – жаудан да жарамсақтан –
тағдыр, менің талымды аман сакта!
Тал биік пе,
талаң кем, денем шак па –
көп шындықты танытты өмір көктем...
Сенің де ұлым, тәбене қолым жетпеді,
тұлымыңнан сипайын деген шақта.

ШЕГЕН ҚЫСТАУ НЕМЕСЕ АЛҒАШҚЫ ШУАҚ

Шеген кора су өткен түр ма шіріл –
көк сасиды айнала,
қырға шығып
кетейікші!

Ақ мысық мауығып жүр,
күрып кеткір, киын-ау ұрғашылық.
Қыстай сүйек мұжіген мұржаға арнап
саз езген женгем де ерін жүр жамандап.
Қар кеткен соң көрінген ку сүйекті
ырылдайды ит мұжіп ыржаландалап.
Ауыл итінің көргенде «ыржаланың»
бұралкы ит те жарасын бір жалады.
Бүгін-ертен жер көктер,
бұта боп-боз
бүгін-ертен, бұйырса, бүр жарады.
Бүйірім жылып барады,
бұ да маған
куаныш кой:
кунай ма,
куана ма –
қыстын қыстай бөрісі, бораны ұлып,
боз курайы боздаған мына дала?!

Жаңаралық біз-дағы, нұрланалық,
тазаралық қыр асып, қырға барып:
бір жаксылық келеді бүгін-ертен,
бүгін-ертен болады бір жаңалық!

ДЫҢҒЫЗЫЛ

Құмдар – сары,
Күн – қызыл,
Күні қызыл Дыңғызыл,
Жортып келем,
көлеңкем

бірде кыска, бірдс ұзын.
Бір шағылдан бір шағыл,
бір шағылдан бір шағыл –
ізден келем тепендей
Дыңғышылдың бір шалын.
Жолшыбай жөн сұрағам,
былай деді бір адам:
«Құрығы бар белдеуде
кара талдан құраған».
Құмдар – сары,
Құн – қызыл,
Құні қызыл Дыңғышыл.
Уәдесінде тұрса шал
берем деп ед бір қызын.
Тағы да жөн сұрадым,
біреу айтты: «Шырағым,
Көк иті бар қабаған
кесіп койған құлағын».
Көк көжекті бакыртып
бүркіт түсіп жатыр тік.
Шіл ұшады пыр етіп –
мен шошимын,
ат – үркіп.
Әлі үркеді-ая, жануар,
әлі үркетін халі бар.
Қашпас шалдың ауылы,
қызы болса – табылар.
Жөн сұрап ем біреуден
шырт түкіріп жіберді ол:
«Екі аты бар еді ғой,
Кеше соның бірі өлген».
Тепен-тепен, тепен көк,
тепендеймін жетем деп.
Айтса деп ем шал шығып:
«Атың тәуір екен»,— деп.
Шағыл – сары,

Күн – кызыл,
Күні кызыл Дынғызыл.
Уәдесінде тұрса шал
берем деп ед бір кызын.
Митың-көк ат жортады,
Митың-күмнан корқамын.
Бір жолшыны тоқтатып
Жөн сұрадым мен тағы:
«Күмның, шырак, жолы ауыр,
Шығыпты аттың бодауы –
Күн кешкірді...
Кеп-кеше
Қыз ұзаткан ол ауыл».
Кенет үйип талды бел,
Қызық емес әңгімел;
Қызы нешеу еді деп
сұрадым мен әлгіден.
«Әдеміден әдемі
Жалғыз қызы бар еді,
тауып апты бір сымпыс
Қағаз сорған бәлені».
Жайсыз еken жүрісін,
тепең көк-ay,
бір ісі
ондалмаған жігіттің
ат мінгені құрысын!
Нағыз ғашық, кім ғашық,
білгені ғой ұрғашы,
бір кез жүрген ізімді
қалғаны ғой күм басып.
Енді жөн де сұраман
Құдайдан да құдадан.
Көрмейін шал құрығын
Қара талдан құраған.
Қайғым ауыр санадан,
күйік костым және оған.

Ал көрмедім
шалдың сол
шұнак итін қабаған.
Жүрек ем мен,
сөкпе, елім,
енди түгел өкпемін:
шалдың аты өлсе,
оған
түк қатысым жок менін.
Қайғы жаңа, жаңа мұн –
жаңаруға бар әлім:
кызын ол үй ұзатса,
мен несіне барамын?!
Үәде етті деп шал байғұс,
босқа бұрып болмайды іш.
Шал байғұстың көжегін
іліп кеткен кандай күс?!

Күн де батты кызара,
мен де баттым ызаға.
Ызалаңған кісіге
күмның жолы ұзак, ә?
Құмы – кызыл,
Күн – кызыл,
Қып-кызыл ең, Дыңғызыл.
Көлеңкем де жок енді
бірде кыска, бірде ұзын...

ТЫНЫШТЫҚ ЖЫРЫ

Сирек ак бұлт тұрып қапты – тыныштық,
калың ағаш тұнып қапты – тыныштық.
Қаламыннан жыр ұшпайды – тыныштық,
көршілерін ұрыспайды – тыныштық,
ұйып-қалғып тыныш ауа тұр ыстық –
бетпес-бест кеп тыныштық пен тыныштық

әдеп сактап тұрган сынды жасанды.
Манай жым-жырт,
тыншығамыз қашанғы...
Шахматтың майданына кірістік.

ЕМЕН

Кайраттылар ұнамасын, ұнасын –
кара еменнің тамыры асыл, түбі асыл.
қара емендер құламасын,
құласа
көленкесі, көленкесі құласын.
Ышқына ұлып қанша соқсын жел мейлі,
кара еменнің иілгісі келмейді:
кайғыға да кайыскысы келмейді,
Шабамын деп ел ұмтылды ауыл боп,
жығамын деп жел ұмтылды дауыл боп,
түбін көрді дауыл деген жау ырғап:
тым мыкты екен!
Жыға алмады оны ешкім,
кайырымсыздық, каталдықтың символы
емен десті ел сондықтан,
десті, десті, деместі.
Манай ғана сыйыр-күбір кенесті,
Жапырағын жанай ғана жел ести.
Ол да көкшіл шыбық еді ең баста,
ырық берді ме ел шыбық – емен болмасқа!
Емен болды ол,
еменді шыбық деген кім?
Шыбық дей ме шыбығына еменнің!
Әйтсе де емен кінәлі еді,
расы:
емен болып жаралғаны – кінәсі.

ӘЙКЕН

Бұталардың кірпіктеріне ілініп,
дір-дір кағып тамшылар тұр тاما алмай.
Жетіп келіп кетті қызым бұрылып,
біздің үйге өкпесі бар адамдай.

– Қызық,— дедім,— бұл үйді де бір үй де...
– Папа,— деді,— уақыт жоқ кіруге,
нан-дүкенге соғар шаруам бар әлі,
әрі Болат ұзак күтіп қалады.

– Қарағым-ай!— жүдеп қалдым бір түрлі,
кірпігіне бұтаның
мөлдір, мөлдір, мөлдір шыктар іркілді.
Мөлт етіп бір қарады да
кетті қызым асығып.

Бір әдемі кинодан
көргендей бол әсерлі бір үзінді,
үйге кірдім –
көргенімді қызымды
шешесінен жасырып.

– «Қыз – жат жүрттық»,
түсінем ғой мұны мен,
бірақ кірпік іле алмадым түнімен.
Менің балам еді ол кеше,
балапан
ұясынан ұшқан екен шынымен!
кіп-кішкене балапаным, бөпем-ау,
Сенің де енді өз үйің бар екен-ау?!

Қам көнілсің қайратынды женсе мұн:
айналайын, дей жаздадым, мен сенің
екен ем ғой,
сөз қайтарар кісің бе ем!–
Өстіп ойлап жабыктым мен ішімнен,
ал, сыртыммен кісі болдым түсінген.
Әлдене дерпт асқынғандай бір түрлі,

тамағыма тас тұрғандай бір түрлі,
ішім удай ашып қалды бір түрлі,
жанған отым жасып қалды бір түрлі.
«Титтей ғана балапаным, бөпем-ау,
біздікі екен – біздін үй.

Сенің енді өз үйін бар екен-ау» –
кайталадым осы ойларды ішімнен,
ал, сыртыммен кісі болдым түсінген.
Айналама қарап алдым сактана:
жігіт деген жыламайды,
тек кана
бұталардың кірпігінен – жылтыраған көлгірсіп
тамып-тамып кетті кенет мөлдір шык...

ҚАҚ

Құйды нөсер,
су бұркырап аккан-ды,
топан-толқын көбік атып мактанды.
Арықтардың бүйірі
жыртық-тесік боп қалды;
көбіктер де күмпіп-бөсіп боп қалды...

Бітті нөсер,
бұлт алыска аттанды,
бұлак біраз жырын айтты жаттанды.
Лай қалды үрке аккан бу орнында,
ойпан жерде ойдым-ойдым қақ қалды.
Көбіктердің үркіп тұрған жанары
Сөніп қапты, толқын кайда жанағы?

...Бірер күн өтті,
ауда сыз бар әлі.
Тек как сүы қалып қойған іркіліп
бірте-бірте сасып-шіріп барады.
Мағынасы жок сөз-ау деме мұны түк:

енді қайтып толкудан жок үміті
қактын сұы қаңсып кетті,
әу баста
көк тасқыннан бөлінгенін ұмытып.
Сен де бұрқап басталып ен әу баста,
исің шыға бастапты әлден,
дауласпа:
акылы жок айла шіріп кетеді,
ағысы жок ой да шіріп кетеді.

ОЙ

Ертең бұлтты болар білем тағы аспан:
құлактары салбыраған ағаштан
бір жарқ етіп көрінбеді тау үсті –
тағы менің күнім бұлтқа қауысты.
О, қаһардың қайтайп бір сокканы,
көленке жок,
шуак жак та жок тағы,
дүние шіркін алажеуім бір түрлі:
Коныр самал есе беріп іркілді,
конырқай бұлт көшे беріп токтады.
Серік тұтып, сенім арткан бір досым
тағы менен аулак салды іргесін.
Өтірігін өздері ойлап шығарған
тағы да жұрт менен көріп жүрмесін?
Тоғышарлар тоғайынан жол таппай
жалтақтайсын,
жалтақтайсын,
жалтақтай
бала – масыл болып кетті,
карт – надан:
неткен тірлік топырағына тартпаған!

Колумб ашты бір құрлықты кеп-кеше,
өйтеп мекеде еді ол өзін-өзі шектесе?!

Әлі күнге өзіме-өзім жетпесем,
ешкімде емес, тек өзімде кетті есем!
Қонырлық па,
корқактық па бұң сұмдық,
карап жүріп қылмыстыдай қысылдық.
Не ой артып,
не жүк тартып бой талмай,
босқа божып жүргенінде байқалмай
ғұмыр өтіп бара жатыр;
сен жүрсің
айта жаздал, айта жаздал айта алмай.
Ертең бұлтты болар білем тағы аспан,
тағы маған кезек тисе, жак ашпан,
тағы да мен ештене үшін таласпан,
тағы отымды ойлар қажап тауысар,
тағы менін күнім бұлтқа қауысар.
Тағы ашылар анқау ойлау, пәк құлу,
тағы да андып, алып тынар әккі кү.
Өз жайынды өзіңе айтып ән ғылыш,
саусак тағы перне кезер канғырып.
Неге өйтпедім,
неге бүйтпеді екем деп,
өзінді-өзің қамшыларсың тепендереп,
тағы да бір өкінерсің санды ұрып –
тағы саған тимей қояр көмегім.

...Желкені ғып моторы бар кеменін
жаратып па ең әу басында мені, Елім?!

ҚАН

Жылдан жылға сөніп барад түрі, үні –
шешем сорлы сауыкпайды-ау ғұмыры?
Кенсе жектан кеміп келсен кешкүрым,
канайды да отырады мұрыны.
Келін баптап ак көрпесін жапканға

«Мені ерекшс күтседі» деп мактанба:
Жерде – маған,
аспанда анау Айға анық –
байғұс қартым, бара жатыр айналып
кызыл қаның – ақ канға!
Қырсығы деп түсінеді ел салқынның,
салқыннан ба, емес пе әлде,
бәлкім, бұл
мезгілдің өз дерті шығар?
Кім білген,
касірет бол канға дарып үлгірген,
қара шашына араласкан ақ құсан?
Доғдырлар да, эй тапқыш-ақ, тапқыш-ақ,
диагноз койды дәрілеп:
«түк дерті жок,
сұйылған тек қаны» деп.
Неге? – деуге көнілім тағы батпады,
бір сүмдикты айтып салар деп тағы.
Қып-қызыл бол неге ағады ақ қаны? –
әкел-әкел аппак-аппак мактаны!

Жиырма бесте жесір қалған ақ байлап,
көрген жандар күшін әлі мактайды-ақ.
Күндіз – жұмыс,
түнде тоқып жұн шұлық,
жұн шұлыққа жылайтұғын тұншығып.
Топал басты сол бір байпак-шұлықтай
топастықпен караушы едік түк ұкпай.
Уакыт шіркін коркытушы ед жай қайдан:
«қара қағаз»...
бригадир бар...
айғай бар.
Жеп қойған-ау сол коркыныш, қайғы, азап
қанның қызыл түйіршігін қайзалаپ?!

Біздер үшін жамандасып, алысып
жүруші еді жиі-жиі қаны ысып.

Жүргінен бейнет, корлық қыстықкан
суша кайнап шыкты ма сол ыстық қан?!

Жер тістеді жеткіземін деп бізді:
табан қызды,
тамыр қызды,
ет қызды...
Календарьлар арқылы емес,
сол кезді
менін шешем қаны арқылы өткізді!
Ал, жеткізді, мына бізді жеткізді,
не көрді одан?
Бір қуарып, бір ысып,
бір бұрышта отыр, әне, бүрісіп.
Қанға кеткен жымысқы дерг бір ұры
алып бітпей коймас білем ғұмырын?!
Дәріден – дауа,
кайырым жоқ кісіден,
кайғысына қанмен жылап ішінен,
саудады да отырады мұрынын.

Қаны тыйылмайтын неткен кесел бұл,
кан төккені аз болып па ед осы елдің?!
Ұялсам да жарығынан Күн,
Айдың
мен де кейде солқылдан кеп жылаймын.
Жас акпайды сонда көзден,
бұ да аса
арзандыктан болмайтыны рас, ә?
Жаспен емес,
қанмен ғана жылайды
көзің емес,
көкірегің жыласа!
Адал жұмсал ғұмырымды бүтін бір
актайтығын кезім, ана, сүтінді –
амалым не, амалым не, амалым:

каның теуіп қызбайды енді – жок әлін,
жій-жій мұздайды енді табанын.
Менің ыстық алақаным, колдарым,
сен тоқыған байпак құрлы болмады:
каның қақсып, қажыған бір тұсында
жылытпады башайынның ұшын да.
Жарақатсыз болмайды екен жан ізгі,
жазыла алмай келем содан өз басым:
сол күндердің кеуіп бітіп көз жасы,
каны әлі де ағып жатқан тәрізді...

КОСМОС ДӘУІРІ

Талай-талай бұталардың құсы ұшты,
жапырак ұшты талай-талай бұтадан –
дүние одан жұтаған жок,
жұтаған
көнілім ғана қалды кей сәт құлазып.
Жұтағанға күлкі – корек,
мұн да – азық.
Қасқа болып шықты біреу шаш түсіп,
Шаштың-дағы келгені ғой қашкысы
ойлы бастан;
қасқа болмай кайтеді,
қасқа бастар – басқа болмай кайтеді?!
Бұталардан кетті ғой деп құс та ұшып,
жапырактың да кеп түр ұшып түскісі,
желп-желп етті Алатаудың тұс-тұсы:
бұ дүниенің ен ауыры, күштісі
тастардың да келді білем ұшкысы!

БІР БЕЛГІ

Күн жауыпты,
сол жауыннан белгі бол
жұмыр-жұмыр гауһар көздер жанып түр

(жайлап айтсак: жапыракка мөлдіреп тамшы тұнып калыпты).

Ертең ерте көше жакқа шыға қап
карасаңыз,
болғандығын түн қандай
түсінесіз:
бұталардың арасынан сыйалап
мөлдір-мөлдір көздер қарап тұргандай.
Мөлдірліктің ғұмыры неткен кыска еді,
күшті білем олардың да дұшпаны:
жел бұтаны сілкіп-сілкіп калып ед,
тамшы-көздер ағып-ағып түсті, әне.

Қара дауыл ұрмағанмен тұлданып,
mezgіl желі көп бұтаңды ұрды анық.
Ағып-ағып түскен сынды
саған да
карайтұғын мөлдір көздер үрланып.

Жаңбыр да өтті,
талай-талай шық кепті,
макпал тозып,
мағынасы – шыт бопты.
Уакыттың жаңбыры мен желінде
жапырағын сарғайыпты-ау сенін де.

АҚ ПЕН ҚАРА

Ақ бор жазбайды еken де
такта кара болмаса.
Жаза алмайды еken кара сия да
дәпптер әппак болмаса.
Ақ кеудеме кара дақ боп ұялап,
жеке адамдар жасағанмен киянат,
түсін сенін ак-ау деймін, дүние,
Әйтпегенде болар еді сиям – ақ?!

ИНФАРКТ

Жау жолына атам сені...

К. Аманжолов.

Аспан тыныш.

Ызындаپ ок ұшпайды,
сөйлесеміз көп шаруа, көп іс жайлыш.
Бейбіт күннің бейнетін сүйген жандар
Соғыс жайлыш сөйлейді – соғыспайды.

Сөз де жаман,
пиғылдар одан әрі
бұзыла ма – жайсыз сөз оралады:
тіл байғұста жазық жоқ одан басқа,
эттен, тілден жазған ғой адам қасқа!
Сөзден баста,
шешендер, содан баста,
кейін, бәлкім, сөз – қару бола алмас та.
Соғыс деген сүмдық сөз тағы шыкты,
кетті десек ол күндер оралмасқа.
Соғыс. Соғыс!

Ядро!

Атом, атом,
атом да енді болыпты атылатын.
Бүйірімді жүр менің қарып атым,
бүтін де енді болыпты жарылатын!
Қыз-дүние, сызылған мінез кайда,
сен де ұрысқақ болдың ба, кәрі катын?!

Кезің келер сенің де жарылатын,
байғұс жүрек,
сен нені сезінбедің,
сезіндірген мені осы өзің де едін.
Тасытқанда миыма канымды айдал,
кай-кай тұсты бұзар деп қалың қайрат,
тоғаны әлсіз сушыдай көз ілмедім.

Болдың, болдың,
мыкты бол, акыр болдың,
сенсің менің жауға атар атом-бомбым.
Кардиолог шошынып кетті – мейлі,
инфаргін бір мәрте өтті дейді.
Инфаркт өтті, орыны – закым қалды:
жарылғаның, заманы-ай, атылғаның!
Атом-бомбы жарылса,
о да, бәлкім,
инфаргі шығар-ау атомдардың?!
кашан шаншып, білмейсің, тыз етерін,
ажалыңың жаз, әлде, күз екенін
болжау кыны;
бомбылар коймасындай
көкірегімді күні-түн күзетемін!
Неше түрлі ұл таптың, аналарым,
ана арманың, ойласақ, бала бағын,
бір жүректің инфаргі – әңгіме емес,
инфаргі болмаса замананың.
Ақылға – үміт,
арткан кез арға міндет,
жүрек үшін бәрі ауыр, бәр-бәрі індет.
Жапырактай жел қаккан дір етпей де
жарылады деседі жүрек кейде.
Махаббаттан,
Еңбектен,
Куаныштан
түсіне енсе кара шың қыран ұшқан –
ондай кезде жарылса – арманың жок.
Ал, бір есер қолдарда ойнап атым,
кнопкалар басылса,
ойланатын
сәт қалмаса данаға, саран, сакка...
О, тәнірім, сактасаң – содан сакта!

НАЗ

Пенделерге сырт қарап былайғы ұсак,
біреу болдын бір өзін Құдай құспа.
Айға ұстатып жіберді жұрт та сені –
жамбасына көрпе емес, бұлт төседі,
білік бітсе – Құдай да қырт деседі,
бұл, әрине, көп жұрттың сыртқы есебі.
Барынды алып кашатын, барымтаның
заманы емес,
ес, есір,
кағын, қағын!

Бір жеткірсең – тойды бір қарын тағы,
бір жымисаң – Жынды да жарылқадын.
Жәдігөйден басқаның жанбай бағы,
тамырында талайдың кан кайнады.
Көгерттің-ая,
әлі де көгертеңін,
көк есекті тек анау неге ертесін?
Көк есектің басына сен ен тесіп
күйіп койған көк бұлттың көленкесін.

Көленке де жетпесе – жок амалы:
Талғар шыны жалан бас келеді, әне.
Таудың таңғы ақ шарбы орамалы
басында емес,
мойнына оралады.
Адам болсаң – адамды жай адамша ұқ,
көнбіс болсак – кетті деп анық тойып,
тұяғына есектің салып қойып,
аспан жактан қарама аяғансып.
Пенден – емен,
 картайса құлайды емен,
мен картайсам – Құдайсыз, былай да өлем.
Бұқкан сайын бұрайсың бұттан алып –
мұнша ұялшак болар ма Құдай деген!

Жұбатпа, дос,
жүргем жок мен еніреп,
картайдым тек түбі сен береді деп.
Бір періштем бар еді:
кайда, кайда,
о да куып кетті ме пайда-майда?!
Әйел құсап өкпе айту – жұмысы ердің,
осы да ерлік;
тек алда білісер күн.
Сені де аяп арканнан қағармын бір,
сенімен де, құдірет, бір ішермін!

МӘЖНҮН ТАЛ

Шыбығынан, білуші ем, шыбығынан
бір бұтаң жок сынған, не сыйдырылған –
Саған сонша не болды,
үғына алман:
жылағандар бір ауық жұбанады,
ал, сен болсан келесін жылап әлі.
Мен корланам,
сен өзің корынбасаң,
корлық осы, Мәжнүн тал,
сорың қашан
арылады?
Бұ саяул бекер бірак:
жылап келген өмірге – кетер жылап,
Талға кара: тайрандап жапырағы
тағы да бір би билеп жатыр, эне,
есуасқа жылау да, күлу де онай:
емен қайтсін ымыртта ыңылдамай!
Тас кабакқа қарсы өскен емен кәрі,
кәрі еменнің жағдайы сенен де әрі,
биыл оның көктемі оралмады.
Көктем келді, ал, саған.
жаз келеді,

көктеу деген – шын бакыт, аз деме оны.
енірейсің де тұрасын,
еніреп кіл
шырқын бұздың айнала, төніректін.
Сырынды айтып жыласаң – жыла маған,
көнілінді түсінем – кінәламан.
Тал-тал шашы жан-жакқа құлады, эне, ал...
бұтағының қулапты бір білегі.
Сыз-койнаудың ескенде тұнгі лебі
тагы егіліп жыласа – бұлдіреді.
...Жылап емес, мәжнұн тал
өз тағдырын
жырлап тұрганы шығар? –
Кім біледі!

ДАСТАРХАН БАСЫНДА

Ол жамандап біреуді,
мен мадактап,
айдалаға кетіппіз қанғалактап.
Біздің сөзден ешкімнің міні құрап
жатқан жок кой –
сөз деме мұны бірақ.
Ол бал ішті,
бал ішті, өй, намысшыл,
менің ішкенім бірақ тұнығырак.
Екеуіміз де көп іштік,
сси көп іштің,
мен – көп іштім,
көп ішсем көнбекішпін.
Ұмыт еттік ұяты, әрі асты ұмыт,
сап, сап, достым, болдық кой талас құрып.
Жарасайық кайтадан өзді-өзіміз,
кім бар деп ен жіберер жаастырып?!

Елдікті аңсап ел кезген Асанқайғы,
сөйлемеді біз құсап кергіп неге:

ерлік керек дейсін ғой,
ерлік деген
дастарханның басында жасалмайды!
Дастарханның ерлігі – қанып тою,
ерлік үшін ерлік қып алыш қою.
Кім таласса:
біреуі – ит,
бірі – мысық,
ит, мысық боп қайтеміз қырылышып?!

Күйін ішіп Сүгірдің сен қызыпсын,
мен мас болдым Қасымның жырын ішіп!

ЕСКЕ АЛУ

Біздің дәурен баста ұзак тұра алмады,
тұра алмады,
жас көніл айныды ыстық:
бір бүтін ек – екіге айрылыстық,
екі бөліп жеген соң бір алманы.
Тым жакын боп, япырай, кетіп едік,
бір алманы жеп едік екі бөліп.
Как бөліндік біз-дағы сол алмадай:
сен жөнелдің мен жакқа карай-карай,
мен бір жансақ іс еттім абайламай,—
кош! кош! – дедім айқайлад, екіленіп.
Менің әсем тартканым домбыраны
саған батты.
Сол кештен болды бәрі:
болды біреу мен үшін жарты бакыт.
Әр сөзімнің қылт еткен басын санап,
кірпік – жебе,
иіліп қасын – садақ,
садағынды отырдың тартып-атып.
Мақұл, бұрым өруді бейнетсінсөн,
мен ұнратар көйлекті кимеспің сен –
жұртқа ұнайтын сырғаңды жарқыратып.

Бұ да емес-ау гәп, меншес, баска, баска...
ондайды, рас, ұят-ау тасқа басса.
Сыр білісken жақсы деп саналады –
шындық емес,
бұ да елдің жорамалы:
сырткы жайға жок екен алданғысы
бірі-бірінің ішіне қанған кісі.
Піскендіктің белгісі бәрі-бәрі,
сыр да піссе – алмаша жарылады.
Алма жарып...
болдым мен тіске сенер,
жармас ем мен алманы – піспесе егер.

БЫЛАЙ ТҰРШЫ

Былай тұршы көлбеп бітпей – тау жактан бір жел ессін,
Көшелерді кесіп бітер көп катарлы үй емессін.
Желден корғар жебеушім де сен емессін, емессін,
Былай тұршы көлбендеңдемей – тау жактан бір жел ессін!
Тау жағыма тұрма менің –
тыныс келсін мұз, кардан,
жылу жасап үйренгем мен мұз бен кардан, ызғардан.
Жар-жағадай мінбелеме,
шегініп тұр, тұр кейін,
толқынған бір сәттерімде – жайпап кетіп жүрмейін.
Аяушылық еттің маған – аяғымды көп бастың,
тасқа тірер табаныммен саз-балшықты сокпаспын.
Әлі күнге аман жүрсөң – балшықтың сол сенің,
шарт-шұрт жанып кетер едің кыры болсаң көк тастың.
Көлбендеңдемей былай тұршы,
дала жактан жел ессін,
дауылдардан корғап қалар – дарбазам сен смессін.
Титтей дауды данғаза ғып болмай-ак қой алаөкпе,
елдің бәрі есек емес – тұспей-ак қой әлекке.
Әлсіз жандар ақылынан дәме етеді әдетте,
ал сен менің мінезімнен дәме етпе!

ЖЕКСЕНБІ ЭТЮДІ

Ішім пысып ыңылдап отыр ем,
Күн – Жексенбі,
кітап қарап шкафтан көтердің сен өкшенді.
Электрлі коныраудай жаным менің шыр етті,
сілкіп-сілкіп жіберді сол бір шырыл жүректі.
Көнлім қалғып отыр ед – ыстық бөлме-көкірек,
терезе, есігі жабық:
тым пысынап кетіп ек.
Көтердің сен өкшенді.
Көніл деген – көніл-ау –
класс толы окушы соғылғанда конырау
ұмтылады-ау есікке бір ракат сезініп,
мен де сондай боп қалдым – көніл емей не мынау:
Жексенбі еді құн, рас, көтердің сен өкшенді,
Іздегенің шкафта бола қоймас деп сендім;
болса-дағы табылмас,
ку кісімін басынан:
кызға керек кітапты – әрегірек жасырам.
Үнілдің сен томдардың әрқайсына қап-калын,
танымадын бәрібір,
бәрібір түк таппадын.
Өкшеде емес мәселе,
басқа жакта жатыр-ау,
бірақ өкшени де сол көтере ұстаяу макұл-ау:
бұралады тар мықын,
жұмыр балтыр, такым-ак,
сезім шіркін шам көрген көбелектен де акымак.
Көтер, көтер өкшенді,
табаныңа саты кой,
ағалардың да кейде аға деген аты ғой...
Бойың жетпес, бойжеткен,
көтермесен өкшенді,
ол кітапты биіктеу койып едім – жетші енді!
Сен іздеген кітаптың барлығы асыл деп сендім,
деп сендім мен сен келген күннің бәрі Жексенбі.

ДЫБЫСТАР

Ауған жакта беймезгілдеу үшты ма оқ –
көргенім жоқ,
естігенім тек үні.

Содан мықтап жараланды көнілім,
бір қабырғам болды содан жарадар,
кансырадым жарадарға бара-бар –
әпtek қайда дәрі алар?

Мылтықсыз да менің дертім... күштірек:
әлденендей улы шаншу іш тіреп
бір бүйірім бүтілдірмей калды, әне,
сонын бәрі адам жайлы үміттердін алдауы.
Бүгін – бүгін,
күнді ойласан алдағы
жанға – маза,
ойға дауа болмады.

Адам – адам аталғалы, канша жол
орман, тауды қырқып-қашап салса да ол,
соғыс деген касіреттен, қырсыктан
сала алмап па құтылатын жолды әлі?

Орман – орман,
таулардың да тауы бар,
жер ынғайы әркалай-ау, дауы бар,
бет-жүзінде өтірігі жылтырап
соғыспаса сүйектері сыркырап,
адамдар бар ауырап!

Бейбіт кала шатырларын Күн сүйді,
кала үстімен тырна-тізбек жиі өтті.

Бірақ анау көкжиекте – жиекте
мылтықтардың кара орманы сыңсиды.
Алғы күнге мойнын созып әдетте
караушы еді арманшылдар, әрі ойлы.
Көкжиектен әрі қарай кей елде
мойнын созып зенбіректер карайды.

Ливан жакта беймезгілдсу ұшты ма ок,
расында, октын бәрі беймезгіл –
Батырлардың қаһарынан
ажал сынды ылғи ерте келеді,
кейде ездің
бықсық сөзі кауіптірек деп еді –
рас сөз-ау;
бұлар да
халықаралық өсек айтып мың арба
бір қайқаңға шығарда
ат-камыты қырық жерден үзіліп,
біз – күліп ек,
Сіз – ұлып.
«Ұрғызытын – сұрлығы емес қасқырдын,
ұрлығы ғой» деуші еді әсте карт анам.
Жауды танып үйренгенбіз картадан,
достарды тек – партадан.

Жалын мен шаң араласып қағынып,
бомба жарылды анау жакта тағы ұлып.
Соғыс көрген емеспін мен,
тек үнін естіп едім,
содан алан қөнілім;
көкірегім көп дыбыстан жарадар,
жауынгердің шинеліне бара-бар
жаным менін шүрк-тесік.
Жымыски
сөздердің де бірі – сұық,
бірі – ыссы,
токтатындар ыстық сөзді – ұрысты,
ұстап байла ұрыс деген дыбысты!
Сүлейменнің жынды қамағаны сынды, сен енді,
құмыраға қама «соғыс» дегенді.
«Соғыс» деген қара жынның үні өшсін,
тұқымын – тұз,
тұтінін жел үлессін.

Ал, бүгін ше? Дыбыс, дыбыс долырған,
Дыбыс ұрса, жел ұрған
жапырак боп дір еттім.
Менде арман бар, жок, жок бірак тіл епті,
бар, бар менде, құлағы бар жүректің!

ШЫБЫҚТАР

Қар аралас жаңбыр жауды,
тоңдыңдар-ау қарғам-ай,
жапырағынан айрылғандар, хал қалай?
Емен, Терек, кол-аяғың балғадай,
жел өтінде сендер діріл какканда
ши-бұталар күйреп жатқан жок па анда?!

Қар аралас жаңбыр жауды,
жел беттен алады кеп,
күл боп сынған шөлмектен
шашыраған ұсак-ұнтақ жаңқадай!–
Жылауын бұлт, сүyk едін сен неткен!
Жамылғысыз, жапыраксыздар, хал қалай,
тонып, жаурап калдыңдар-ау қалкам-ай?!

Таңың шығын бұтағынның бүрі ғып
тұруши едін Күншығыска бұрылып.
Бір-ак жаздың көріп едін қызығын,
енди тағы құздің желі тұр ұлып!
Тобылғылы тоғайлардың атымен
бір-ак жаздың рахатын татып ен,
ұлы ағаштар тасасында өстін де
сыбыдырын да естілмеп ед ешкімге,
құлак та жок мезгіл еді естуге –
бала-шыбық, халің қалай?

Иен елге
бір пайдамды тигізейін дегендер
сүйенеді бір мықтыға – Еменге,
тамыр тартып үлгіргенше теренге...

Кар аралас жанбыр жауды –
ызғар, ә?
Бура-бұлттар мұзға шөкті сыздана.
Қалтырайды жапыраксыз байғұстар,
ылғи осы: панасыздың, күшсіздің
көретіні – күз ғана.

ҰРЫ-СОҚПАҚ

Кейде жанын ашиды сол күрғырға
жол-соқпакқа, ғұмыры
кайкаң етіп шыға алмаған бір қырға.
Тұяқ баспас жан иесі онды аса
торпактар мен тұсаулылар болмаса.
Сокпак дедік,
жол деуге де арландық,
топырағын бір тұлпардың тұяғы
жыртпаған соң дал-дал ғып.
Өтіп жатыр байғұс есек-ғұмырлар,
тым құрыса жалғыз сәт
дұрыстап бір шаң көтеруді арман ғып.
Ауызға ұрған мұрт сынды,
басып кеткен шөп-шөлкемнен, коғадан
аршылар деп үміт ойлап мен алаң.
Сені салған қазығынан ұзай алмас соры бар
тұғырлар мен торылар –
ұзап шығар бір максаты жок адам.
Шидің түбін жарып өтер жок әлін,
сылбырлар мен сиырларға обалың!
Қайғы,
қайғы,
қайғы,
қайғы, қайғы анық:
көдені де өтесің сен айналып.
Ашық барып тындырмайтын бір істі
ізісің сен ку мен сүмның жымыскы.

Тұқайының құдіреті таска әйгі
жүйріктердің өз жолы бар,
сені аттап та баспайды.
Жаяу сокпақ, бұта айналып,
бытыраған кіл ұры –
біреуін де жол болмайсын ғұмыры!

МЫСЫҚ ТЫРНАҒЫ

Мияулайды ол
есігіме тырмысып;
дос жактауды, белгі берді, тырналап –
жата бердім терезеге бір қарап.
Тұн ортасы ауған шакта ұрлана
тереземе сен де жеттің сырғанап.
Сыр еткіздің әйнегімді тырнат ап –
жата бердім есік жакка бір қарап.
Сынғыры боп жат колдағы тенгенін
тағы азаптай келіп пе едін сен мені?!
Тұн жарымда мияу қағып, еніреп
мысық сорлы баспана іздел келіп ед –
екеуіне де есік ашқым келмеді:
біреуіне есік ашпан – терезеден түс карғып,
біреуіне есік ашпан – оянады ескі
ықылас-құштарлық.
Мысыктардың елі сынды ұрулы
сен де ұқпадың күн барында кіруді:
көксегенің – ұрлық, ұрлық, кіл ұрлық.
Сені еске алсам...
коя беред тызылдап
тырнактыдан қалған жара бір улы.

ҰРЛЫҚ

Торғайлардай кәрі бұтаға бір шірік
ұя салған,
біз де кештік тіршілік.
Болды бізде бір-бір ауру, кәрі ана,
сиыр болды: қызыл, сары, кара ала.
Әр-әр үйдің бар-ды бір-бір сиыры,
сиырдың да орта жүрді бүйірі.
Соған орай көніліміз де болды орта.
Сонда да біз бала болдық,
жоп-жорта
мәз болушы ек: карнымызды алласак,
Саз-балшыктан талқан жасап, нан жасап.
Көпше атандық, отар койға бара-бар,
бала емес-ay:
атандық біз балалар.
Сиырлар бар балаларды асырап,
балаларды бағатұғын ана бар.
Асай үйрет,
астау жама,
асық ат,
айран десе асығушы ек касық ап.
Бір-бір үйге бір-бір ана от жакты,
Бір-бір үйді бір-бір сиыр асырап.

Бір баланың әкесі аксан келді аман,
бір той өтті аулымызда болмаған.
Бір баланың шешесі өлді бір күні,
содан кайтып жамалмады жыртығы.
Әкесі бар бала болды бір бала,
шешесі жок бала болды бір бала:
Күміс кұсан күлді бірі,
ал, бірак
тотты бақыр құсан бірі
кабак ашпай салбырап.

Арамыздан кетіп кейде жаастық,
жаассақ та төбелесіп тарастық:
бірін аяп,
бірін күндең күн кештік –
эй, балалық, кайран адап білместік!
Бірін дос қып аяладық ұздігіп,
бригадирдің баласы деп біз бірін
кеқетуші ек,
кеқесін сол, кекесін:
жіі-жіі ісіруші ек шекесін.
Бригадир де күні-түні бас катып,
таппайды екен шапқылаудан басқа түк.
Бірде атынан түсіп келіп тұрды әлгі:
– Корамыздан кос бау пішен ұрланды!
Коркып кеттік,
калды қастық, қыңырлық:
өйткені өткен түні етіп ек бір ұрлық,
бригадирдің ұлына
ескі «жаулық-қастығымыз» сәл үдең,
Еркін бастап, Идаят бар, Қалыбек
сирына шешесі өлген баланың
үш арка шөп ұрлап әкеп салып ек.
Бригадир біліп қапты,
ғажабы:
– Алыпсындар,— деді құліп,— аз әлі,
каксымасын табағы мен казаны,
жігітсіндер, асыраңдар сирын
дос үйінің азалы.
Ұрлықпен бе?
Құліп тұрды ол бірак,
белдігіне қыстырылған сынар балак салбырап,
сол жағына ауған шакта салмағы
сықыр етті колтықтағы балдағы.
Адам кейде босайды екен сасса да,
бір маскара болды, міне, маскара,
эй, каскалдак,

осалдық-ай, қасқалдақ –
көзімізден кетті кенет жас парлап!..

ҚҰБІ

Қасиет деп түсінетін бір ұлы
біздің ауыл кәдімгі ағаш қубіні.
Отка жағып құртқашаштың түбірін
сол қубіні ыстайтығын,
ғұмыры
қубі күткен келіндерін мактан ғып
талай кария о дүниеге аттанды.
Күбі бабы ат бабынан күшті еді:
сәл қисықтау болу керек піспегі,
құрсауы көп болу керек неғұрлым.
Бие сүтін құйған шакта көгілдір
сыртқа дымқыл теппеу керек,
тек сонда
дуалылар келген сексен, токсанға
қубі иесін мактап бата бере алар,
анызыдағы Қызыр картка бара-бар
жарылқап бір тастайды да әлгі үйді,
ет піскенше ұртын сорып қалғиды.

Ылғи әйел – қауым болған жылдары,
жалғыз сиыр – сауын болған жылдары,
төл болғанда ешкінің де бір лағы,
көл болғанда шалшық сулар құмдағы,
қара шалдар кайғы айтқанда кешқұрым,
мен кешқұрым талай сырлар естідім:
кетісетін карттар әнтек жылысып
әлдекімнің қансып жатса қубісі,
түнілісті: қайткан-ау деп ырысы,
қубіністі: онбайды-ау деп тубі ісі.
Күбі қансу – жоктық шығар?
Жок, оған

кедейлік деп қарамайтын көп адам.
Ас шықпаса мейлі казан, табадан,
бас шықпаса мейлі дейтін жағадан,
қыздар аман болмаса да құнәдан –
болсын дейтін күбілердің тұбі аман.

О, сәттілік, несібе-ырыс белгісі,
босағаның – беріктіктің белгісі,
шанырактың – биіктіктің белгісі!
Береке алса күбілердің тұбі шын,
садан толса менің көніл-ыдысым,
тағы да онға басар деймін бір ісім:
түнде әкеліп Алматыға кәрі әжем
пісіп жүрді жеті құрсау күбісін...

ДОЙЫР

Дойыр дейді,
күмістелген сабы әппак,
шешем кейде көреді ұстап кабаттап.
Дұрыс шығар өрімшінің есебі:
осы камшы он екі өрім деседі.
Иесі өліп сұрапылда кешегі,
маған қалған жалғыз мұра – осы еді.
Бейне тырнақ астындағы күбіртке,
күмісінің кеулең кейбір тұстарын
кара бағдар жүгірткен.
Камшы ед дейді әйгі болған елге аса,
ал, казіргі камшылығы – далбаса.
Қынжылды анам: «жоғалыпты тер исі,
рас екен шынымен тұл қалғаны».
Камшы ұстауға жарап едім мен-дағы,
кайтем, дедім, мінер атым болмаса?!

Сен үшін бұл қару емес мықты аса,
ак сор болып аттың тері жүкласа,

зат кой, дедім, ескілігін бұлдаған –
басын шайқап құлді анам:
қамшы сыры, рас деді ол, ескірек...
Кейігенде тастаушы еді кескілеп
аты түгіл қатынын да ол заман –
ат қағынса – пұлын пайда ет, олжалан,
қатын тасып кетер болса – сол жаман.
Бүгінгі ердін – еркек болып жүргені аз,
кокан-кокан, коқан-коқан кіл кораз.

Тұсіндім мен: құлдім, құлдім,
ал, келін
содан бері енесімен дүрдараз.

ЭФИР

Жас туған Ай кауысты,
манай тыныш,
Тау үсті.
Құлағыма қанғырып
кайдан келген дауыссың?
Бұта ма әлде,
шөп пе әлде –
шөп қозғар да жок пенде.
Жапыракка қактығып
жел де еспейді – ак тымық.

Әйтеуір бір...
бір үн бар
әлдекайда тұншықкан.
Ал, тыныштық, ұрындар
сол үнді ұстап тұмсықтан!

Ақ жұлдызды кара аспан
сәл биік түр ағаштан.
Сен адассан, адассан
мен жақ ашпан, жақ ашпан!

Келем, кслем,
мен келем:
кане, дүние, дөнгелен!
Кім таппайды жарықта,
кім жүрмейді жолменен?!

Күндіз көзім – көз еді,
түнде көzsіз сеземін.
Айдалаға арқырап
қайда әлгі тау өзені?!

Талай жұлдыз қауысты,
әлі де сол тау үсті.
Құлағыма тентіреп
кайдан келген дауыс бұл?

Келемін тер тамшылап
бітті, бітті дәрменім.
Уайымның даусы ма,
ойдың даусы ма әлдебір?

Соны іздеп көп токтаймын,
көзім – корқак,
ісім – ер;
түсінем: түк таппайды
адаспаған кіслер.

Жолсыздығын жер бұлдан,
айсыздығын тұн бұлдан,
тыныштық жүттү ұнді ұрлап,
құлак калды дынғырлап.
Сүріндім бір жынғылға –
жынғыл ма, әлде, сымбыл ма?!

ШАҒЫМ-ЭТЮД

Мамық батты жамбаска,
темір тәсек – шөгеді.
Екі қолымнан басқа
таянышым жок еді.
Сонын бірін,
жаңылып
алмак боп ен бір рет,
сол ниетінді әлі ұмыт
етпелің бе, құдірет?!

ЕГІНШІМЕН ӘҢГІМЕ

– Арамшөпке келген кездे, – деді карт, –
шуак та мол,
жанбыр қалың, жер жомарт.
Шөптігі үшін емес шөптін,
жұрт әлі
арамдығы үшін шөпті қырқады.
– Арамшөп те – шөп кой,
өссін ол-дағы,
өссе – оның да желде, жерде, шуакта
несібесі болғаны!
бусанғанда құнарлы алқап, шым шұбар,
қызғаныш қып су, шуакты
бидай да
арамшөпке зиян жасайтын шығар?
– Табиғаттай білмейтүғын алалай,
сен де алалай алмайсың-ау, балам-ай,
өз басы үшін құреспейді
бидай сынды дән асыл,
содан да арамшөп басады даласын.
Бидайларда баяғы сол, сол бақыт:
Шөп-шөлкемен майдандасар жок уакыт.
Арамшөп ше?

Сен оларды деме есер –
дәні барлар есебінен тенесер.
Бірге өскен сон ақ бидаймен зиялы
топырак сөлін,
Күн де нұрын күяды.
Тек кана арам шөптің аты – арамшөп,
өсе алмайды тигізбесе зиянын.

ТАМШЫ

Еспе, самал,
есер бұта, дір етпе,
биік әнді байқап шырқа, әнші бар:
бұталарға тұнған жұмыр тамшылар
ұқсайды екен жұмыр-жұмыр жүрекке.
Кімге керек құр омырау, құр екпін,
кой ішегінен ашып кетпе, әнші үні,
төгіп алма тұнып тұрған тамшыны,
жарып алма толып тұрған жүректі.
Аяу емес,
аялауда мән баска
(мағына кусам маңып кетем мен қаска),
тау атынан антыңды бер, шан-тозан,
тамшылардың жанарына конбаска!
Жұмыр жерде,
мынау ұлы мекенде
болса ғана тамшы – мәлдір,
аспан – ақ,
тұсінеміз кайғысыз деп қас-қабак,
есептейміз заман тыныш екен деп,
Әр жапырак өз бұтасын баспалап,
Әр балапан өз ұясын мекендереп,
Күн көзінде жылт-жылт етіп жатса алап –
тыныш отыра аламыз біз
Жер шары
ауанымен айналып жүр екен деп.

Мөлдір тамшы!
Бейбіт күннің белгісі,
берекенің белгісі,
сенде, сенде, сенде, сенде, сенде ісім –
дембісің сен, термісің?

Не болсан да тұра тұршы, тұра тұр –
тыныштығым, тазалығым бір атым,
тұра тұршы Күнге кеппей,
желге ұшып!

Мынау әсем әлемде
Уақытпрысын тұна қалған сен әлде
әр бұтаға бір-бір тамшы – бір-бір сәт?

Еспе, самал,
Тамшы, аунама,
өтпе, сәт,
бір сәт кана қызықтайын, бер мұрсат!

Еспе, самал,
есер бұта, дір какпа:
ұлгрейін бір-бір қарап сай жакка,
таулар жакка, қыр жакка;
мыскал салмақ қосып әзіл-қылжаққа,
жапырактың алаканына ұйыған

тамшы жайлы салмақ ем бір биік ән!

Биік пиғыл,
биік аспан, биік қыр
тамшылардың жанарында ұйып тұр.
Мен де тамшы жанарына сыйыппын,

тамшы-көзбен қарағанда сүйіктім.

Коспасы жок көнілдердің өзінен
мөлт етіп бір тұна қалған сезім ең,
тамшы, сенен бір жақындық сезінем.

Батырға да,
бастыққа да балшық-бас,
тағдырға да, тамырға да талшыктас
карау жөн-ау тамшылардың көзімен!..

АҚЫЛДЫҒА АЙТАР СӨЗ

Бір есті адам сөйлеп отыр,
бір жаман
түк түсінбей қағады күр ыржалан.
Есіл сөздер ізсіз-тұзсыз кетулі,
дауыл күні шықкан тұтін секілді
мұржадан.

– Таска айтсаншы, ірі адам,
кор еткенше сөздерінді мынаған.
Тас та сенің әр сөзінді мән біліп,
тұшына алмас айызынды қандырып –
бірақ мұндай ауыз емес анқыған,
тым күрыса, кайтады ғой жанғырық?!
Дауыс көтерген емессін-ау сен емге
Әлдекімге сөз айтайын дегенде.
Әттең неге төмендеді мұз лықсып,
таудын кары неге тұсті төменге?
Шаш қисайып,
қағылған жок не кірпік,
Жел болса – өзі-ак соғады,
керегі жок, дедін тағы, еліртіп.
Сыбдыратқан жоксың жалғыз бұтаны –
сол бұтадан құстар ұшты неге үркіп?
– Түсіну сол: тауға алыстан қарасаң
үміт, тілек біtedі-ау бір кісіге әр,
өсуді адам сондай тұста бастамақ,
жылқы көрсе – жылқы ғой тек кісінер.
Тіл – түк емес,
ұғыспаса кас-қабак
бірін-бірі ел жалқы-жалғыз тастамақ.
Пісу керек бәріне де,
түкке жарамайды ғой
бас түгілі, шикі болса, аскабак.
Бір жерде ашық ауыз бар да,
жок тілі,

ал, бір жерде сөздің нағыз өткір!
Соның бәрі біз көретін, көретін
кызықтардың көптігі.
Бір естіні итше жексе он надан,
он наданды қор етсе бір оңбаған –
соның бәрі әділдіктің алдында
тайсактаса – жетіп жатыр сол маған.
Жалтактаса ел мылтығы жок колыма,
женісім деп есептеймін соны да.
Бірақ анау жаман колда кезенген
мылтық барын сезем, сезем, сезем мен.
Сол мылтықты аттырмайтын бар кісі –
керек емес маған одан арғысы.
Ак шынға мұз катса – катсын қанша амал!
Айналайын Күн апарттан болса аман,
Медеу-сайда көктем шығатыны хак –
сенем және
ұміт етем мен содан...

АЛТЫ ҚАЗ

Әуелеп ұшкан алты каз...
«Қызы Жібек».

1

Көл жағалай үкіленген кіл құрак,
сол құрактың арасымен сылдырап
көлге құйып жататұғын бір үлак.
Күннің алтын кірпіктері сөнгенде
су бетіне көленке боп көлбендей,
Алты каз кеп конатұғын сол көлге;
Ұзын мойын бөтелкедей бүйірлі
алты каз кеп қонған шакта
бүйірі
көлдің бей-жай бетін талай жиырды, –

Сарайлардың әйнектеріне ұстаған
жібек пердеге ұсатып.
Көрмеп едік аң аулап, не құс атып,
жолаушы жұрт шошытатын мені кеп:
«мылтық болып, атып алар ма еді» деп.
Мылтығынды не қылады қырдың анқау, пан елі,
мал коритын – майлышаяқтар ғана еді.
Каздары да анқау еді бір түрлі,
Түсінбейтін сескенуді, үркуді.
Әлденені сұнгіп тауып, тұртіп жеп,
жүруші еді жемсаулары бұлқілдеп.
Шакырса егер күзде – байғыз,
жаз – қарға, ес көруші ек,
көкем ерек сүйсініп:
«Адал құс!» деп қарайтұғын қаздарға.
«Адал» деген сөзді біздер – еті емес,
көнілі адад, деп түсіндік, жаны адад.
Ол күндері қөрмепті, рас, жан адам
каздың етін не казан,
не табадан –
анқаулық та шамадан тыс, шамадан.

2

Су мен шағыл бір-біріне мінбелеп,
Күндіз – самал теңіз жактан,
іргеден,
шағыл жактан есетұғын түнде леп.
Жасырынса теңіз жалы жар асып,
құм тілі мен желдің тілі жаласып,
ызындастын қурай, кияқ,
карашы:
Гурьев пен Астраханның арасы
кос темір жол тартылды да бір күні,
үй салынды корабындаш шырпынын.

Тек ойпанда сулар сасып іркіліп,
су бетінде көгілдір май кілкіді.
Ырыздығын сұнгіп тауып, түртіп жеп
каздар жүрді жемсаулары бұлқілдеп.
Айдала ғой: бөгде дыбыс аз-ды онда,
Шакыратын күзде – байғыз, жаз – карға.
Каршыға, Акку аты ғана баяғы,
Дала деген сахнада баяғы
жататұғын аныздармен ауысып,
жұмсақ кана сыйбырауышы ед кая іші,
көмді бәрін паровоздар дауысы.
Шыны ыдыстар сынғыр қағып,
поезд өткенде зіркілдеп,
тыныштықты дыбыс жатты жыртып жеп.
Ағарды ғой көйлектердің жағасы,
есессіне, карашы, эне, карашы:
ак бұлакты ылай жапты,
дарынды ел
баспен емес,
ойлап кетті қарынмен.
Жас ботасын поезд басып өлтіріп,
бүйда киып боздал кетті қара інген.
Тұнғыш мәрте мылтық даусы естілді –
жанғырық қып көл көтерді кешкі үнді:
Жалғыз каздың қауырсыны жалғанды
жауып кетті,
Төлегені өлгеннен
ұлы жырдың алты қазы қалған-ды.
Өлденені жасырғандай болды дала көлгіртіп –
бес қаз келіп қонды сол күн көлге үркіп.
Тағы бір күн мылтық даусы естілді,
мылтық ол күн шошытпады ешкімді.
Тұтін тұрды көлдін жүзін көлгіртіп,
енди көлге төрт каз келіп қонды үркіп.
Рюкзекті кісілердің түр-түрі
келіп жатты,
аудада шаң кілкіді,

кыпрың қакты көк құрақтың кірпігі –
мылтық даусы шыкты тағы бір күні.
Біреулер жүр құмға жана бет пішіп,
әр бұтаға көз жасы боп жетті шық;
бөбектерің көкірегінді тепті шын,
көл кеудесі сен күрсінген жокпысын?
Жер де өзгерді кенеп құсал бір түрлі:
Бір қанқ етіп ымырт шакта сикырлы,
Кос коныр каз әлдекайда кетті ұшып.
Содан қайтып көрінбеді қаз маннан,
каз кеткелі көлі де азған, базданған,
Есесіне поездар көп токтайды,
бүгін ол маң қала болды көпке әйгі.
Есесіне кірді құмға шам алып
жаңалықтар, жаңалықтар,
жаңалық
телеграф бағаны боп аттап-аттап кірді аңдып,
кірді ырыс-жылдамдық,
кірді жүріс-жылдамдық.
Қара ісекті жеді карттар құрбан ғып,
Жұруші едік деді карттар сан апта,
алты күндік жолынды алты сағатта
алады еken жүйрік поезд!
Қалды атын,
жүгенді қой, билет сатып ал, катын,
жакын енді Гурьевін, Алматын!

3

Құтты болсын қырдың елі, ұлы ірген,
ірген үшін құттықтаймын бүгін мен.
Ірге орнықкан сайын зат көп, жүріс көп,
акша санап,
коржын ұстап шұбырды ел.
Тұрмыс келді құмға жықпыл-жықпылмен,
газын, суын сүйрей келді құбырмен.

Суман қағып болат жолдар түсті алға.
Селеу, кияқ,
ебелектер ысталған,—
мыс балқытып құйған сынды шөптерге,
Бұлак көзін басып қалған шпалдар.
Ұстара ғой сәби табиғат үшін,
Цивилизацияны байқап ұстандар!
Қаздар даусы,
камысты көл,
Бұлағы
көрген көздің ғана алдында тұрады.
Көрмегендер нені жоктар, нені іздең,
құрар бәрін шаруасына негізден.
Шаруаға Қанішкеннің басы аса
қолайлы жер бір тыыннан екі тыын жасаса.
Тыын деген — мұлік түсті бір тұрлі,
алақанға күліп түсті бір тұрлі.
Ауыл еді жайрап жатар жарықтық,
есігіне құлып түсті бір тұрлі.
Ағайындас кәсіп екен сауда, ұрлық,
ұрылармен, саудагермен дау құрдық.
Сиыр сауған қырдың әйелдеріне
цистерналап сыра, квас саудырдық.
Қайыр айтты:
Мұны көптен күтіп ек,
шүкір ет, деп жантайды карт,
шүкір ет.
Әжслер де мәз боп қалды,
шілдеде
ірімейді консервінің сүті деп.
Ескіліктен — арба қалды бұз маңда,
койдың өзі зорға қалды бұз маңда,
Қашып кетті құстың-дағы «адалы»,
байғыздар мен карға қалды бұз маңда.
Көлім талай май-мұнайдан аршылар,
ауылымның әлі талай бұлактары бар шығар.

Бірақ тірі тоғай қалай қансыған?
Бұлбұл, әнді таста, айнал жаршыға,
Сендер де ойлан, қыран, акку,
қаршыға!
Сен туралы ойламаймын мен ағат,
о, қанағат,
Уакыт, саған қанағат!
Тек қала алман айтарымды іркіп мен,
жанарымды жасыра алман кірпікпен.
Кел, кел, жүйрік самолеттер,
поездар,
Кел, жылдамдық!
Тек... құсымды үркітпе.

ПАТРИОТ

– Жастардікі келешек, –
деп ақырды көк есек,—
Құлын бірақ қосылмайды жастарға.
– Өздерінде бас бар ма?
Желөкпелеу көп құлын,
тебе калса тұяғынын өткірін,
желе калса көрсетеді шоктығын.
Құйрығы бар, тек жалы жок демесе,
қызыл торпак қабілетті он есе.
Құлынға ұсал мактанбайды ол әрі.
Шаба калса – шаны ұшады жоғары:
жорғаға да, желіске де сала алар,
жарыс болса – қызыл торпакты ала бар!
Есек – бастап, сиыр костап торпакты,
торпак күллі дүниелік жастардың
жарысына жол тапты:
Есек айтты: оза алмайды десек те,
айқай-шусыз дұрыс жүрсін есепте!
Әлхисса, естіп көк есек
тартты білем патриоттық тегіне:

момын деген ат әперді еліне.
Ал, күліндар? Тұлпар туған күліндар
картайып тұр желіде.

ТРИПТИХ

1. Жыр оқыды бір ақын

«Табысымнан өзін бастап тат, апа,—
пара алып ем,
жасап едім сәл үрлік», —
бұ не сөз деп түсіне алмай аңырдық,
ал, залдағы ел күлді: ха-ха, ха-ха-ха.
Кейіпкері әлгі сықақшы ақынның
сол парадан, деді, ақыры шатылдым:
куйігімді де өзін бастап тат, апа! —
Зал толы жұрт тағы күлді: ха-ха-ха!
Параны кім алмайды, елдін заны әділ:
алым үшін өтті атудың заманы.
Хактың өзі үй басына жыл сайын
құрбандық деп бір-бір койдан алады! —
Осыны айтып акталып ем, ката, апа,
бопты деді,
ал, зал тағы: ха-ха-ха!
Кол соғылды ха-ха-халап күлді сонда зал канша,
алақандар жанғанша.
Үрліктарды паралар мен, апа, біз,
жаба алмасақ түрмеміз бір — жатамыз.
Қазына одан қаңырамайды — білеміз,
жұткан асын маңырамайды — білеміз.
Есерлік пен тоқтық егіз, бұ да егіз,
жылайтұғын жерде содан күлеміз.
Күл-күл, апа, күліп-күліп жат, апа,
жалғыз ұлын түрмеде отыр, ха-ха-ха!

2. Тағы біреу оқыды

Мен сендерге көрсетеңмін, тұра тұр,—
деп бастады жырын тағы бір ақын.
Шын дарыған жанмын деді ол аркалы
Жазғанда тек бостау екен арқауы.
Ширатылыштың оқығанда – сұрапыл:
Самарқау ел – казақ елі деген ел:
түссе-дағы осы казір төбеден
Хактың өзі екі аяғы салбырап –
танымайды, таңданбайды,
ал, бірак
акын болды Айбергенов Төлеген,
кетті айттылмай сол жыршының ішінде ой,
айтылғанын кор еттіндер түсінбей.
Бағаламай корладың көп асылды,
тани алмай өлтірдіңдер Қасымды.
Сондыктан да кол соғындар, кане, ұлдар,
сендердің де, қыздар, алаканың бар,
тариҳтың доңғалағы, дөңгелен,
Макатаев құсап ертең мен де өлем,
өлмей тұрып, дереу, дереу танындар!
Әлдене бір тың ой айтса – бір сәрі,
жер тепкілеп ақын жұртқа ұрсады.
Сынбасын деп өнер сағы, жыр сағы
Халық бәрін түсінуге тырысады.
Расында Аманжолов неге өлді,
қой, қой, ойбай, бағалайық өленді.
Жасы жетіп өлгендері жок,
демек,
өлді-ау ақын кол-шапалакқа өкпелеп,—
кол соғу – аз, тепкілейік еденді!
Әлгі залды шан көтерді, шу қаптап,
жаман жырды лактырды ақын шумактап.
Сейтіп ақынды анық танып еді елі,
Көр аузынан алышп қалышп еді елі.

Медаль такты ол, есті біраз беделі,
артистікten жан салмады алдына,
сол арқылы өзі тірі қалды да,
әлдекашан өліп кетті өлеңі.

3. Тағы біреу

Гренада. Гренада моя!

M. Светлов.

Табиғаттың бойындағы сүтпенен
Кек теніздің ортасына біткен ел!
Жаралып па ең кан төгү мен қайғы үшін,
Гренада, кіп-кішкене байғұшым!

Жантайғанда таянышы – кек теніз,
ортайғанда аянышы – кек теніз,
көсілгенде көрпесі де кек теніз
Есілгенде еркесі де кек теніз.
Тұспеп еді кек тенізге көптен із,
Із түсті, әне, канның ізі,
Сөкпеніз:
кан боп суға төгілді деп сөкпеніз,
кіп-кішкене ел женілді деп сөкпеніз.
Тәнірге де, тағдырға да жазғаны –
Атланттай алып бола жаздады,
Гренада – халық бола жаздады.
Сүрінбейді, жығылады аз халық,
женілмейді, қырылады аз халық.

О жылы да күн туган-ды зобалан,
Қырғын тапқан топ-топ адам, топ адам.
Зенбіректер содан бері тұр ұлып,
неткен халық таусылмайтын қырылып,
Гренада! Қаны неткен көп арал?
Қан әлі ағад,

қаза-батпан, қайғы-сел,
жапырағына шық орнына шаң бүркіп,
топырағына сүт орнына кан бүркіп,
көк теңіздің ортасына қанғыртып,
тағдыр баста куып салған байғұс ел,
Гренада! Қаның жатыр әлі ағып,
жыртығынды жасырайын жарағып,
жетімінді асырайын балағып.
Жаралып па ең кан төгу мен қайғы үшін,
Гренада, кіп-кішкене байғұшым!
Гренада!
Бөбекім-ай, досым-ай!
жырын акын осылай –
оқып бітті.
Кол соғылды, бірак эттең сирек тым,
ауыз да көп болады екен мұншама,
әр тұстан бір шип-шип етті, су сабап
ұшканындай жалғыз-жарым үйректін.
Құр тастады жырды ықылас, батадан,
екен десті ойлары тым жатаған.
Рейган ғой мұның сөзін қыстырмайды –
өлеңді өстіп жазғырады екі адам,
бірін-бірі мәз ғылады екі адам.

ЖАРТЫЛАЙ АҚ, ЖАРТЫЛАЙ ҚАРА ӨЛЕҢ

Берік кие алмаушы едім –
шаштың калындығынан:
Кара шыным – оған да, әне, әне, кар түсіп,
кетті ағарып жел жактағы жартысы.

Кара еменше карсы тұрар жок шамам,
Жә, дегенмен мен емеспін шөп-шалам,
Үйірліп көргенім жок ық жакка.
Карсы сипап жолбарысты түгіне,
азу күшін айналдырдым қыл жакка,
тырнақ күшін айналдырдым қылжакка,
күшік-тенеу құйрық бұлғап бір жакта,
кабылан-бояу қағынады бір жакта.

Едірейген әрбір тұктің ығына
нем калады берсем егер жығыла?!

Өшігетін болсан түбі кешірме,
сүнтүғын болсан түбі жылыма!

Бір адамдай айта алам-ау сөзді мен,
кейде от жатты әр сөзімде шарпысып.
Бірак соның как жартысы – ак өлең,
кара өлең – как жартысы.

Көзбен көрген шындық та
жалған десен, ойдан шыққаның бәрі:
Сөздерімнің адал шындық – жартысы,
калған жартысы – ойдан шықкан – өтірік!

Пародистер,
мәз болмай-ак кой бұған,

каламыңын мұрынын сұрт әуелі:
жанып туса өтірік те,
кез келген
шындығыннан шыншыл әрі әдемі!

Жұртым менің! Өлең сүйгіш, сөзуар,
сөз жайлы әлі...
келеді әлі тартысып:
түк ұқпайды жартысы,
шала ұғады жартысы.
Жал бітіпті жартысына солардың,
жартысына бітті бел:
ылғи жарты кайран менің окушым,
окымауға келген шакта – бұп-бұтін,
түсінбеуге келген шакта түп-түгел.

Dastanşar

*Жапырақ боп та желіріедім жап-жасыл.
оз талмышым – тереңірек болғасын.*

ТАМЫР МЕН ЖАПЫРАҚ

(Табиғат дастаны)

Абуталып сказали!

P. Гамзатов

Кайыр айтты:
тау да кейде ұмытты,
тас та ұмытты, ұмытты
табиғатын: қара-пайым-ды-лықты.
Тағдыр ма, әлде әсер ме,
біздің елде домалаған тас өрге –
о да пандық көрсетеңі, о да айбын:
үріксе де – өрге карап үркеді,
менсінбейді кішкене үйді, күркені,
қабыргасын қалаймын деп сарайдын.
Жә, мен айттым:
дауыл болып дүркіреуден үмітті
бетті желліп есетүғын жай ғана
самал-жел де ұмытты:
карапайым-ды-лықты.
Дауылсыз-ак жапырағынан айрылған
күзгі ағаштар жел өтінде ұлып түр.
Ағаш үшін – жапырак та баспана,
тамыр үшін – топырак та баспана.
Көгер, сарғай, жапырак!
Сендей емес, топырактың мәні ұлы –
үзілмеуі үшін шөптің тамыры,
гүл-бұтаның тамыры,
топыракка тыныштық бер, тәнірім!
О, тағдырдың әмірі,
тілді тыйып
ой түюден басқаға
осы біздер пысық жүртпыш маскара,
халық түрлі, десед содан ел түрлі.

...Кеше кеште кара дауыл жел тұрды:
көлгісіген үсті бар да, жок асты –
тамыры әлсіз талай-талай ағашты
сол жел мықтап тәубесіне келтірді.
Жок, таба емес,
тандану да емес ол,
айтылуы сәл ащылау демесен.
Ыңзалаң та,
кысастық та жок менде
Күзге, кыска, көктемге.
Бірак кейбір дауылдардың заны әділ,
әділ, әділ, әділ менің заманым;
әділдік те болар еді далбаса
анды-санда сілкіп-сілкіп алмаса!

1

Ерек апат келді-ау дедім бұған да:
бір көк терек құлап жатты тырандал,
бұтактары жер сабады,
шан ұшты –
кайран көкірек намысшыл ғой, намысшыл:
үміті бар үлкен меке-ме-лерден
Жігіт еді ол өлеммен,
лауазымды биік койған өнерден.
Лауазым ба?
Жапырактай ол-дағы
ұшып кетті,
бір күнгідей болмады.
Әттең әлгі... тамыр қайда, дің қайда,
уақыт қайда көнетүғын ыңғайға –
ойланған жөн мұндайда:
күзгі жапырак болып
саламын деп сап-сары ала алтын дән
айырылған байғұс еді салтынан.
Терек еді ол тамырынан жұлынған,

Жігіт еді ол айырылған халқынан!
Кыран құсап қара үзбесен – ұя бас,
не болмаса қүшіктер тап үлас!
Өз перзентін бірақ ешкім тастамас,
иә, біздің ел бере алад тасқа да ас,
өз жеріне біткен болса қаския.
Салады-ау тек басқа ұя
бір бұзылған ұсының орнына;
бір құлаған ағашының орнына
егеді-ау тек басқа ағаш.
Жебеушінің жоктығы деп бір епті,
әлгі жігіт мұнын шағып жүдettі.
Кресло-дәрежеге қол жетпей,
ұстай алмай дәрежесіз күректі
айдалаға шіренумен күні өтті.

2

Әр маусымның өз дауылы, желі бар,
жел мен дауыл мықтыларға жолығар.
Мықтылыктар қалған жерде төзіспі,
әлсіздердің кетеді, рас, өзі ұшып.
Жапырактың ұшуды көп,
жел ескенде азынап
емендердің құлайтыны – азырак.
Әлсіздің көп құлайтыны – молдықтан;
күнде дауыл болатындей көрінер,
тек сондықтан, сондықтан:
күнде әдейі соғатындай көрінер,
ашық желдер анырап бір
құлағалы тұрғанына шанырактын;
бұзылғалы тұрғанына ұянын
кай жағынан тиіссен де – сыйады!
Ал, тамырлар – өміршеш ғой маскара,
өсе алады тасқа да –
мен де тасқа өскен жанмын,

жаскама,
маусым желі!
Дауыл болып кет мейлі,
кейде-кейде сенің де әлін жетпейді:
өсетіндер – өседі,
көктейтіндер – көктейді,
жапырак құсан желпінбей-ак көзге аса.
Бұталарды ғана қозғар – қозғаса
жел мен дауыл –
тамырларда жок ісі,
содан да аман ағаштардың көбісі.
Содан,
содан талай шаңырақ еңселі –
құлатар ед сені де жел келсе ебі.
Әу басында назардан тыс жаралған,
шын мықтылық, топырағынан нәр алған,
қүретамыр атайыншы мен сені!

Бір жөткіріп, кос саусақпен етті іліп,
Кайыр-кария былай деді жөткіріп:
қырық жылдай конбады деп бақ, атақ,
Аяз-биді “жаман адам” деп атап,
серік етіп соқырлық пен болжалды
қырық уәзір тандаганда сол жанды,
сенген еді көздеріне көр-надан,
киіміне, адамдардың сыртын ғана корлаған.
Алдан сокты данышпанның сырт түрі,
аз ғой әттен түсінетін жұрт мұны.
Сыртын көріп,
салатұғын тұрткіні
барлық кездін баяғы бір қырттығы.
Аяз-бидін шапаны да еді ескі,
өзі де онша сұлу жігіт емес-ті,
жемісті ағаш – ажарсыз ғой қашан да –
ей, шөп-шөлкем, сылдырама, жасанба!
Кисық аяқ алма ағаш

толтырғанмен ұртынды,
бір маусымдық гүл мен жапырак құлпырды.
Күндей отты жаңа тапқан ұясын
адамдардың оттай ыстық миы асыл
күл секілді құлгін деседі бір түрлі.
“ Тек, мен айтсам:
сыбырлардан сыр алам деп күттім кіл,
жылтырлардан жылу күттім, күттім кіл.
Сыртың бітті, сылдыр тірлік,
бітті үлгін,
саған,
саған сене алмаймын!
Ал, енді
Айдын өзі жарқыратқан әлемді
топырак екен күп-құлгін!
Топырактың да моп-момын бол жатып ап,
күрсінгенін – жер сілкінді деп білдік.
Жанартаяулар бірер мәрте жеткірді –
содан пайда болды дейміз көп тірлік,
мұны бірак қайдан ұқсын жапырак.
Ей, мактанба,
асыл тастар, дауласпа,
топырактан сен де осы
жаралғансын әу баста.
Дүниенің миы, бәлкім, топырак?!

Сенің миың – топырак,
Оның миы – топырак.
Топыракка өспейтін зат жок дейді,
Ми да сондай: түрлі-түрлі көктейді.
Топырактай ауыр азап, қайғы, рас, –
жапырак ұшып, бұта шулап, жел тұрып
дүние қанша жатсын, мейлі, желпініп,
сол баяғы салмағынан айнымас.

Ой мен киял, идеяны мәңгілік
құллі әлемге таратады кан ғылып,

күре-күре тамырлар.
Беріктіктің бәйтерегі, кане, ырға,
кattы білем сенің буын-кабырған:
Ленин оқып танытқалы Марксті
талай таудың қабағына қар тұсті –
Үнді, ағылшын таулары бол әр тұсті
тағдырлар да тартысты,
тамырлар да тартысты;
Сен – бастадың жарты істі,
мен – бітірдім жарты істі.
Тек халықтар – достық тұтас, мықты тас,
дүние тұтас: граниттей тұп-тұтас.
Симфонияға айналдырдым күйді ұян,
куаттырак бүгін менін дауысым
әсіресе шеттен келер жау үшін,
семсерлерге айналдырды құректі ел.
Тараң жатыр Кремльден –
жүректен
куретамыр – коммунистік идеям!

* * *

Дүниедегі
ірі мақсат, ірі ойдың
тамырларға айналуын тілеймін!
Қара бұлтты іреп салым, әне, мен
найзағайдың тамыр-тамырларымен.
Күншіл,
надан
жауыма да
дарыды ем
идеямның тамыр-тамырларымен.
Менен тараған тамырлар, шүкір, көп,
жүрек болып соғам кейде лұпілдеп:
құрлықтарды тамырыммен бөлшектеп,
тамырыммен “тігіп” келем бүтіндел.

Күн қызыл да,
жапырактың көгі – айқын
шындық, шындық,
шындық кой бұл керемет.
Тек осындай шындық үшін, не керек
Ми асырап,
Бас бағып,
ойын – тамыр болмаса егер тас жарып
теренірек тарайтын?!

* * *

Кайратсызыға – калтырау да бір мектеп,
Жапырак боп жел өтінде дірдектеп
мектеп көрдім:
жоқты жонып – бар ғылып,
арыстан деп төбеттерді карғылы
айкай салдым мен де кейде қарлығып.
Солай.
Кейде әрі қыныр, әрі ағат
іс жасадық сырттай ғана шамалап:
Жан етем деп тайфактарды тағалап,
жылтырлығы үшін тасты бағалап,
бас бағалап күлак-тары-на қарап,
ағаш танып жапырағы-на қарап –
жүріп жатқан жайымыз бар, жамағат.
Жапырак боп та желбіредім жап–жасыл,
өз тамырым – теренірек болғасын.
Содан шығар, мезгілге етер күрметім:
әрбір күздің артын ойлау – міндетім,
әрбір жаздың данқын ойлау – міндетім.

Себеп: бүгінгі өскендердің бәрі аскар,
тек бүгінгі жапырағын,
ағаштар,

ертең курап-солмасына кім кепіл?!

Жапыракты да алдау жөн,
сол үшін
бұталардың камын ойлау – борышым,
кімдс үміттің жетпей жатса саусағы,
кімде ақылдың өтпей жатса аңсары,
борышым сол – соған берем қол ұшын.
Өзім тепкі көрсем мейлі тек кілең,
мен көбінді қорғай алам тепкіден.
Жаркынырақ болу үшін үәде-антын,
алтынырақ болу үшін сары алтын,
кул болуға дайынмын мен қаралтым.
Досым, кейде көзіңе бір елестет:
мен де ұмтылам – лауазымға емес тек.
Бұлт – кияға,
ұмтылады жел де өрге,
болса сонда бір касиет сендерде,
Көш!
Дауылды бұлтарға еріп шұбыртпа!
Бірак, бірак жел басылған ымыртта
топырағынды, тамырынды ұмтытпа.
Бір тамырдан жараганын бар әлем
біз де...
Сіз де білесіз-ау шамамен?!

Секілді ғой системасы Күннің бұл
бір тамыры,
бір діңі бар алма ағаш,
бұтактары кисық болса – ол да рас.
Бір алмасы – піскен алма – Күн кызыл,
бір алмасы – менің алыс жұлдызым.
Бір алмасы – сәл шикілеу – Ай анау,
алма ағашты жөн, аялау!
Жер – бір алма,
мен үшін ең ірі алма,
алмаға ұмтыл – шүкір, балам, бұған да.
Кейде мен де тартылыс зандары мен салтынан

аттағым бар:
Күн-алмаға колым созам, талпынам,
сәби құсап бүтін мен,
жұмыр-жұмыр ойыншыққа ұмтылар
бесігінің бас жағына ілінген,
Ай-алмаға талпынам.
Арманым бар алыстарды ансаған,
ансағанда әдетім бар, ән салам.
Алыс жұлдыздарға қарап тамсанам,
сәби құсап мәз боламын мен соған.

Мен осыған мәз боламын,
мәз болам,
нәпсі де жок емес шығар аздаған:
жарып шығар дауысы бар өзектен
бұлбұл-құстың жемсауын кім сөз еткен?!
Нәпсі бірақ – жауыз сезім ең есер,
мсн – ұмтылсам, каужау үшін емес ол,
менін нәпсім – катысты емес карынға.
Жан, сезімге – жүрекке
жакынырак тұруы үшін қабырғам
куыстықтан арылған;
тағамға емес;
толады ойға, сөзге ұртым,
карын құлқын емес менде,
көз – құлқын,
сол баяғы Ғарыштарға Ғашықтық;
алыстарға асықтық,
армандарға асықтық.

Киялды да қүшейсін деп біз бүтін
жүрек торсығына құйып ашыттық!

Көкірегімді теуіп ойнап бір мықты үн,
кейде құзгі алма-ағаштай дүрліктім:
Ай, Күн – алма,

түсегіндей топырлап
бір дауылы соғар болса Тірліктін.
Дауыл аты...
атом-бомба деді атын,
атом бір кез молекула болатын –
атомды да бөлдік енді;
тегінде
осы біздер күмар жұртпыш бөлуге!..
Жә-жә!
Қайіп ойламаймын мен аса,
алмаларға қызықса да ел балаша,
балаға ұсап теппес деймін алманы:
басшылар бар
(халық дейді қалғанын),
даналар бар ойланатын оңаша.
Тап осынау күндері де
бір құрсақ
камын ойлап жур-ау біреу ындын сап.
Неткен сорлы! Нысабы жок, жок ары,
жағымпаздың тілін бүктеп салады
кресло болу үшін жұп-жұмсақ.
Шайнас, қырқыс, темір-болат,
тас, егес,
егесуді ермек етер жан да бар.
Құламандар бірақ, піскен алмалар –
бастың бері Ньютоның басы емес.
Әкелетін жана идея, жана елес.
Занның бері – тартылыстар заны емес.
Карын емес,
бастың батты тоқтығы,
ток милардан тоғышар ой өтті кіл.
Бірін-бірі тартатын заннан гөрі,
бірін-бірі тебетін зан көп бүгін –
бірін-бірі мүйіздейді октаста,
муйіз де көп өспейді екен ток баска,
әй, кошкарлар көк-каска!

Идеялар – бетпе-бет кеп ұстасып жатыр анда;
майдан күшті, қыскасы.
Ей, тамырлар, тамырлар,
топырағынды бүрінкіреп ұсташы!
Мені-дағы жеңді талай жел мендеп,
тепті талай кара тас та өңменге.
Суалғандай болды талай тамырым
Жүргегімді бүрген шакта шенгелден.

Әр жас шыбық – аппақ қайын, тал адап
бүгін ағаш атануға жараған,
ертенгі орман,
не көленкे, не себі
тисе маған –
мактана алам: кешегі
тамырым-ау тараған.
әрбір бұта – саусақ болып жап-жасыл,
Көтере ұстап тұр қып-қызыл алмасын.
Сол алманы жұлар кезге келгенде
айналады екен саусақ – шенгелге.
Алмалар да жұп-жұмыр,
Жүректер де жұп-жұмыр:
екеуі де жаралған
табиғатты сентиментальдық женгенде.
Білеуленбе сондықтан
тамырынмен қаусап бар –
екеуін де байқап ұста, саусактар!
Тікен-бұта кадалып тұр алмаға,
мен бір сәтке қарап қаппын таң кала,
содан кейін тұла-бойым дір етті:
ей, бұталар тікен-саусак-тырнекті,
бүремін деп жарып алма жүректі!
Тырнектарын улы-ау, жігіт,
тым ысты-ак
шөлді жердің бұтасында тырыскак.
Жүргегімді көрем дейсін бір ұстап,
әй, тағы бір сыйғасын-ау дұрыстап?

Көкірегінді ерсі көрер жан жок, аш,
“аш” дегенім әлде дұрыс, әлде оғаш?
Тек көп тамыр таратады-ау адам кан,
адал кан да – сол тамырдан таралған,
куллі дүние – жалғыз-ак түп алма-ағаш.
Бұталарда шық мөлдіреп түр тұнып,
арықтардың жолы – бөгет, тас кілен.
Сол тастардың – бомбалардың астымен
ұғымдардың, қоймалардың астымен
күретамыр соғып жатыр жұлқынып!
Жапырак кана селтендейді желігіп,
кашан күз кеп құлағанша жел ұрып.

* * *

Кімнің журегі адал болса,
дүниеге сол тұтқа,
Қайыр айтты, жастығын
кысып алып көлтыкка:
Сол Аяз-би аңыз болған
кейінгі
мына сендер үшін зерде-зейінді,
Ойланған ғой: соры ма, әлде бағы ма,
отырғаны ханның алтын тағына.
Дәрежесі ұлы болса да ұлыктын
– Осы менің өз орным ба, жамағат?
Мен де айта алам: май табан
талаіларға туу керек кайтадан.
Креслоға кесілгенде кей адам:
– Осы сенің өз орның ба? – дей алам.
Шаман жок кой қозғалуға дей алам.
Сонда жеген өз наның ба дей алам!
Бұдан кейде түк шықпасын байқағам,
Әйтсе де мен айта алам ғой?!

Айта алам??

Тағы да айтты: ак пиғылдан айла асқан
мына дәурен өтпес дейсін кай бастан!

Аяз-ханнан да өткен екен,
ал, бірак
кейін тауы қайтпас үшін салбырап,
бак, мансапка сак қараған дана адам
қырсыкка да сенбестікпен қараған.
Тасыттырмас үшін көnlіn бұла күн,
Өзін-өзі аттатпаған біr адым.

Ескі “достар” ұмытты деп мұрадын,
сабау ұстап салатындей біr бүлік,
койған дейді босағаға ілдіріп
боршыны мен жалба-жыртық тымағын,
Кіcі корқар хан болып-ақ алыстан,
кішілігін жоғалтпаған данышпан!

Ал, мен айтам:
хандар емес әңгіmem,
бірақ Аяз – нағыз ерекк-хан білем:
түсінген ол жұртты коркыту үшін
өзін корқу керектігін алдымен!
Талдаң білген ез түйсігін, ер өнін,
орманшыдай каранғыда айырған
кара орманның қайыны мен терегін.
Данааларды бағып ұстau керегін,
балаларды қағып ұстau керегін
түсінген ғой, тусінген-ау, тусінген.
Мен де түсі-не-мін,
эттең, ішімнен.
Сондыктan да үміт етем, түнілем,
міндеп етіп көрген емен мұны мен.
Үнім менің содан күнгірт шығады –
Диогендер бөшкелері түбінен.
Бірақ бүтін де айта алмайды,
ес-түсін
білер-жандар –
болсын-ақ ол әділетке өш кісі –
Капитолий сарайынан мәнсіz деп
Диогеннің баяғы ағаш бөшкесі.

Шахтада істер кісілердің ісі бұл,
айласы жок, қайласы бар қашан да
көмір казар кісінің.
Енбеккорлар елі – қашан да ак тымық,
кояр олар: “Бакыт құсынын” өзін
бағаласа – бакташыға бактырып.
Кел, кел, ойлар, мазамды ал:
кейде керек кайнай алар қазан да
тым құрыса какпактарын лактырып!
Мен де – еңбеккер,
аузым содан ак тымық,
Содан шығар, естілмесе түк үнім.
Жүрек торсы-ғы-на құйып ашыткан
ак шарабым: ақыл-қайрат-ұғымым
уақыттың мытығанда шенгелі –
шампан болып атып шығар тығынын!
Әзірге ғой, әзірге, рас, әзірге
Әзіл де айтып көктетпедік, сыр тұрмак,
тұмау тиғен тұмсық құсан мыңқылдан,
тарихты да жүдettі әбден жұрт ұрлап.
Әдепсіздер әруактарға “тұр-тұрлап”,
Ескіліктен –
хандар салған корлықтан
құтыла алмай келеміз біз сондықтан.

Така – жана,
ал, басқаның неге ескі із
деніз, бірак өтіркіші демессіз?
Естілігі үшін кейбір хандардың
Сені әлі де үлгі тұтам,
сол үшін
саған да, Аяз, арыз айтсам – борышым.
Мына бізді аттатпайды бір адым
ұмытқандар боршыны мен тұмағын.
Тағы да бір мінез бітті – көкбеттік:
өр болам деп өркөкірек боп кеттік.

Ұмытқандар топырағы мен тамырын
бітіре ме көктеп түк?!
Көктер кезде – тамыр керек,
неге біз
есіп алып тамырды –
табиғатты неге ұмыта береміз?
Неге, неге, неге, неге біз
тамырды емес,
жапыракты көреміз?
Күн көзінде тұрғаны үшін жалбырап
жапыракты жасыл дейміз,
ал, бірақ
тамырдың да болмай ма еken түс-өні,
алма – пісті,
тамыр қашан “піседі?”
Сауал көп кой. Жауабы жок, бар мәні:
жерді жарып әттен әлдекімдердің
тамырды да “пісріп” жеу – арманы.
Кабельдерге үбектейді ел
жуандығы үш елі,
Жас ағашты шетке қуып, тамырын
асфальттармен қысынқырай түседі.

5

Табиғатты корғау жайлы қаулы алып,
мына өзіміз көк майсаға, гүл-баққа,
ішіп-жеуге жаксы жер деп бір мактап,
сол гүл-баққа сиырға ұсап аунадык.
Сондай кезде асыраушыны ұмыттық,
сөйтіп, күре тамырды да ұмыттық,
Азamatка карт анасын ұмыткан
достары да қарайды еken құліп пан.
Ескіліктің калдығы деп, калдығы
кәрі әкесін қуып шыкты, ал, бірі,
Ағашқа ұсап тамырынан үзілген
кураганның көрдім неше жүзін мен.

О, тағдырдың әмірі,
тамыр біткен әлі жомарт, әлі ірі:
жапырағым көрінсін деп бас құрап,
бұталарым көктесін деп жаксырап,
бірлік үшін бір-біріне күш косып,
тірлік үшін жатыр әлі тамырлар
топырактармен тістесіп.
Ербендейді ерке бұта көкке өрлеп,
жапырағы көкпенбек-ау көкпенбек.
Жапырак та мәз: кайың, емен дегенге,
кім нәр берді сол қайынға, еменге? –
Оны ойлаған жок ешкім,
мен де осыған бас катырган емеспін.
Себеп: тамыр көрінбейді – теренде.
Жапырак – ерке, бұтақ қағад құр бұлан,
булаларды көрсем шаршап-бұрлығам.
Ұран мынау: жапырак пен бұтаға
карау керек гуманистік тұрғыдан!

Кайыр айтты:

Ғұмыр деген сандырак,
жапырағың өспесе егер жалбырап.
Ойға – түйсік,
бойға қайда күш-қайрат,
шөп сылдырап,
тұрмаса егер күс сайрап!

Ал, мен айтам:

Буын-күшім, дәрменім –
желкілдеген бес бұтағым бар менін.
Жел ескенде жапырағым – желігім
болмаса егер, көріп жатыр мені кім!
Мен – тамырмын,
бір бұтамды жүрт алды,

балта кесті тағы да бір бұтамды.
Қалған бұтактарым үшін нәр табам,
бұтағы аман болса ағаштың халкы аман.
Жапырағымның аркасында мені тамыр атайды,
топырағымның аркасында мені тамыр атайды.
Мен де атаймын,
кімсін десе – топырағымды атаймын,
желкілдеген жапырағымды атаймын.
Содан шығар:
какканыммен анкалан
әлі, әлі де аман келем балтадан!

Жапырактар канша салсын өрнегін,
гүл де – жапырак,
ессін жерге канша гүл,
топыракты көрмедім мен токсынған,
тамырлардың ісінгенін көрмедім,
табиғаттың шын мінезі бұ да өзі –
асыраушының мінезі.
Кейде табиғаттың да
баспайды екен онға ісі:
тану киын не пиғылын, не бетін.
Кей жігіттің бидай сынды болмысы,
суға тойса – бөртіп шыға келетін.

* * *

Қазір көктем.
Мазасыздай тау іші,
тау суының келеді алыс дауысы.
Анау жактан жел ұрады ызырық –
жатқан сынды, қарлар құлап, мұз жүріп,
президенттер,
парламенттер ауысып.
Жарқырап тұр бірак, әне, қала үсті,
бір алаңнан тұтінге ұксас шан ұшты.
Мұржаларың ұсак екен,

жас қала,
пейлін де ұсак боп журмесін, маскара?!
Бір мұржадан түтін шыкты әлгі ұсак,
Фарифолла шырқап салған ән құсан.
Тек, тау жақтың таза табиғаты шын,
карандаршы: тау бұлтының жатысын!
Найза-қара атылардай бір ырғып,
тұрған бойы: батылдық пен қыңырлық.
Қайыр карт та қыңыр кісі бір сұмдық,
шындық десе – шымыр кісі бір сұмдық.
Қырық кісі – көтермейді “былшылды”,
қырсығынан айналайын, шыншылдық!
Беті-жүзі күлдіреген үсіге,
сұсты-ак адам тік караса кісіге.
Сұр бөстекке шөгіп алып сексен боп,
кабағын сәл көтеретін кабарып:
“тамырынды көрсет!” дейтін кадалып,
кетсе біреу әлдекалай көп сөйлеп.
Сөйтіп, киіп кетуші еді төтеден –
бет-перденді көтер дегені еken ол.
Карияның әлгі сынды “әмірін”
келе-келе, көре-көре таныдым.
Дәрігерше басып көреді еken ол
сөз шындығын – ойдын күре тамырын.

Сөйлеп кетсе өзі егер
жоқ, дейтін жұрт, шебер түк,
тек әлгіндей бір талаппен, бір сөзбен
катырады еken, дейтін, көгертіп.
Кенескендер карттың кесірлігінен
не түніліп женилетін, не коркып,
Қайрекенін қылығына карап әр,
деуші еді жұрт: талай сакал ағарар.
Әр көнілге құдік салып отырып,
ауырсынар секілді еді өтірік,
жаудан жалғыз кайткан ердей жарадар.

“Тамырыңды көрсет!” деген сөз жалғыз
“Өтірікті кой!” дегенге бара-бар
естілетін:
Солай ма, әлде, баска ма –
бәрібір ғой, салак жұртқа маскара.
Картты әйтеуір бір көндіру құш болып,
талай шалдар өшігетін тістеніп.
Корқатұғын сықылды еді ел сонда одан,
“Корқақ!” деуші ем, ылғи корқақ, онбаған!”
Со бір “корқақ” кариялар кіл бұккан
Корыккан еken шындықтан!
Неткен асыл сезім бұл,
асыл-асыл сезімді
сезінуден калдын ба, дос, – өзің біл!
Уытты еді менің әзіл-келекем,
Қайырдың да құдіреті сол еken.
Кері шалып, кекесінді тілменен,
“Корқактарға” талай мәрте күлген ем –
енди күлмен, о, үндемен, үндемен!
Сыйлау еken корқудың да түпкі үні,
құдірет тұту еken және мықтыны.
Жалғыз жылтыр сөзін бұлдан саткан мын
арасында өнкей жарамсактардың
көрген күннің болмайды еken түк құны.

Тамырға ұксас
атағы жок зор тағы
мықтылықтан – мықты ғана коркады.
Ал, осалдар, осалдар
танымайды аскар Алатауды да,
Сәйкес келіп жатпаса егер қаулыға.
Ескішілдеу,
өкпелегіш,
қуаныш,
“корқақ”
карттар, саған, саған мын алғыс,

Қырандарға қокимағаның үшін,
Күйкентайлар, саған да алғыс, мын алғыс!
Әлін білсе – қорқактың да жаны асыл,
кайтер едін білмесе егер шамасын?!
Мультфильм:
коян болды бір күні ер,
о, табиғат, тым құрыса құлкі бер:
көк есекпен салды тұлпар-ат дүбір,
жолбарысты мысық талап жатты бір,
Кобыланға жөн көрсетті тұлқілер.
Ұқсағысы келді ме еken бұз да анға –
саршұнектар шанқылдады қыранға.
Неменене мәз боласын, досым, ал
біздін хал де кейде ұксайды осыған,
табиғаттың заңы өзгеріп кеткен бе:
бәрі көктемеуші ме еді көктемде?!

Заман жаксы, қанағат кой, қанағат,
әттең мынау... әпермей ме жаманат:
бір бұта – көк, бірі қурап солған да –
өзге түгіл, қарайтұғын болған ба
Қүннің көзі де айналаға алалап?!

6

Жок! Табиғат бәз-баяғы қалпында:
Жел еседі бәз қалпында анқылдалап,
Жер-әлемге бірдей түсед Күн нұры,
тоғайлардың сайрайды әлі бұлбұлы.
Бұлшықтарын бұрап-бұрап, мың бұрап,
Алатрудан су ағады сынғырап.
Қошалактың көктегі әлі айдарлы,
баяғыдай: карғасы әлі тұмсықты.
Сәске түсте сағымымен бұлдырап,
көшеді әлі жел көтеріп сынсып күм.
Сыңсиды әлі жетіп курай қылкиып,
аспан түстес Ашак жакта ауа әлі.
Нарынкүмға қара нөсер ауады

Атырауға жиналғанда бұлт үйіп.
Жорға, жүйрік – сирек, бірак бар әлі,
бабы болса – әлі озады, шабады.
Бірак мұнда бұк түсіпті ток белдер,
топырактың токтығын
аңыз еткен өлең мен жыр көп бүгін–
тек, сөкпендер, сөкпендер:
токтығынан карынның
бюрократка айналды
бір дарынды
шын шешеннің тілі кейде байланды;
аз да болса есек бәйгі алды?
Жарып өтер жаксылар да кей күні
калай ғана жарамсакка айналды?
Зандылық деп актайды жұрт мұны шын –
Жер де Құнді айналады күні үшін;
ондай емес бірак менің жұмысым,
бебеулейді беті ашылған домбыра.
Коммунистік идея бар – көшбасшы:
талай-талай кендерді аштық,
досты аштық.
Талайлармен күліп тұрып кошастық.
кейде табытпен де күліп кошастық,
жер бауырлап жатып жылау орнына.
Қайыр айтқан мына бір сөз тірі әлі:
Қылмыс емес өтірік айту көпіріп,
сену бірақ өтірікке өтірік –
өзінді өзін өлтірудің құралы.
Өтірікті айткандар да кінәлі,
сенгендер де кінәлі –
табиғаттай қарапайымдылықтан
бұл да ауытку сиякты, ал
гүлдің дағы ұяттан
кызарады құлағы.
Содан шығар, талай үйде тұр, әне,
Аяз-бидің боршыны мен тымағы.

Айсыз ұзак құм-белде кей тұндерде,
 не соккандың құмның соқыр бораны,
 күзететін қасқыр-тұлып-каракшы
 кой қамаған біздің шеген кораны.
 Борансыз да коркынышты ед құм тұні,
 коркынышты ед одан да
 косылып кеп ұлып кеткен заманда
 корқау-корқау қасқырлардың құлқыны.
 Сезілетін сонда қасқыр-каракшы
 казір азу жұмсайтындей ұмтылып.
 Тұгі андыздан көрінетін – кірпі түк,
 ол түн – құмның тарихында жазулы:
 азуларға карсы койдық азуды,
 берілерді берілермен үркітіп.
 Сейтіп сақтап қалдық койды сонда біз,
 о да майдан ерлігінде болды аныз.
 Тісі аксиып каракшы тұр: басқа ұр, бар –
 азуында ызылдайды жел ескек.
 Қасқыр болу – корғанулар үшін де
 керек екен, керек екен қасқырлар.
 Тұндер өтті.
 Талай боран борады, ал,
 айла көп кой корушыда,
 алушыда одан гөрі көп амал.
 Шығын – киын,
 киынырақ біз үшін
 кой жегізді деген атак корадан.
 Жұт қана емес,
 айбар да екен тұздің шулан бөрісі,
 намыс үшін,
 дала,
 байтак жер үшін,
 қасқырша жан беру үшін, жан алып,
 корамыздың қак төріне қададық
 каракшы ғып қасқырдың да терісін!

* * *

Бір жылдары қар борады – борады,
бір жылдары құл борады – борады.
Корғап калған корым жерді, кораны
көкжалдардың атақ-данкы зор әлі.
Ак семсердің жүзі де бар,
одан гөрі айбары
талай-талай жауды жіпсіз байлады.
Совет деген сөзге құрып құлқыны,
келді бізге шапқыншының түр-түрі,
кірісті ірі жымысқының түр-түрі:
Антанта боп қасқыр шапты бір тұні,
Ұры түсті Гитлер боп бір тұні,
Талай жауыз жалай қашты жарасын,—
корқыттық біз жалқылармен жаны асыл
келген жауды өзін-өзі зор тұтып;
Панфиловтың атағымен корқытып,
Бауыржанның папағымен корқытып,
апыр-топыр айдал шықтық біз бәрін.
Жүрек бірақ талай тұнддер сыздады,
майдан өтті моторлары күркіреп,
бір ғұл солса,
қыршын кетті бір тұлек.
Қасқаға емес,
бас сүйегіне ұя салды көгершін,
аксап-аксап өшті, кетті не қыршын –
жерді әлі де балдақтары жүр тіреп,
окыс ойнап соққан шақта жел лебі,
кәрі ағаштар сықырлайтын секілді
мүгедектер салмағынан Жердегі.

Қайыр айтты:

Су үрікті дүркіреп,
тосқындарды тоғандарды бұзды, әне.

Көк бұлтқа ұсап мұздар жатыр құзда, әне,
боран өтті – қалды бізде ызғары,
бейне шыңынқ мұз-кары
өшпейді екен жүректегі қайғы да.
жапырағынан айырыла-айырыла
дірдектеп тұр тыр жалаңаш кара ағаш,
шын да сондай қалар кейде жалаңаш.

Мен айтамын:

Құлап түскен алмадан
тартылыстың заңын көріп алданам.
Жел мен бұта тұр, әнеки, ызғышып,
көк жапырақ кетті тозып, күзге ұшып,
кара дің мен күре тамыр қалды аман.
Семсерлер де,
балталар да тұр-тұрлі
сілтегенде – талай тағдыр қырқылды,
талай бұтак қырқылды:
тағы қайта көктейді деп алданам,
енді балта өтпейді деп алданам:
алдануда – үміт, сенім оты бар.
Ағаш сынды халық та
жапырағын тастап, түлеп отырар:
күре тамыр – халық бірак қалды аман.

* * *

Тау ғып көкке көтердік бір жігітті,
Жігіт бірак тез ұмытты, ұмытты
қарапайымдылықты.
Тас қып жонып жасап ек бір жігітті
о да ұмытты, ұмытты
адами көп қылышты:
кетті білем тым асқынып, асқынып,
әркімге бір қастық ойлап тасадан
жүр деседі қойынына тас тығып!
Талай жігіт берік еді – тас еді,

соның бәрі уақыттың әсері:
шын дауылдың тигенде екпін-тепкісі
Гитлер де жапырак бол кетті ұшып,
Сомосалар кетті ұшып,
Муссолини кетті ұшып,
Трумэндер кетті ұшып.
Кім кайда ұшты?
Кімге керек ол жағы,
дұрыс болса Қайыр карттың болжалы:
дауыл ұрса көкжиек бір какырап,
әлі талай ұшар дейді жапырак.
Дәреже мен дәulet жиған тырнақтап,
көп самайға дерт қырауы кірді аппак.
Уақыт үшін соның көбі – акымак,
саудагер де, президент те акымак.
Пиночет те, Рейган да жапырак –
Заман желі, бұталарыңды ырғап бак!
Жапырак кетті үп еткен жел алдында –
сұлулық жок,
мағына ғана бар мұнда:
тамыр қалды орнында,
халық қалды орнында.
Ұшты талай так пен тәждар акымак,
сарай да ұшты қабырғасы какырап,
Диогеннің бөшкесі – сол орнында,
Аяз-бидін тұмағы сол орнында.
Ал, тамырлар – топырактың астында
шулап жатыр ұксап ұлы тасқынға.
Әттен, үні жетпейді
сакқұлакқа, керенге:
 себебі – тым теренде...

ЖАҢҒЫРЫҚ

Ақ шел жапкан жанардай түк көрмейді ак аспан,
Түк көрмейді ак аспан – тағдыр да сол о бастан...
Жанқа құсап жонғанда борап ұшар ағаштан
киыршық кар борайды;
ак толқынды ат ұлып,
Ақ Жайық пен ак аспан, бір-бірінді сапырып –
Ак-боз мініп шыкты, әне, жалғыз батыр ақырып:
акыртып бір жырласаң, міне, саған такырып!
Дауыл үдең ак түтек,
шанқылдайды жағада
ак түтекпен алысып жалғыз ұшқан шағала –
жалғыз еді шағала;
ак найзасы тақымда,
ак кылышы қынапта: жалғыз еді ақын да.
Жалын жайып жартасқа
жалғыз акты Ақ Жайық,
жалғыздардың тағдырын жалғыздарға жалғайық.
жалғыз еді Ақ Жайық,
шұбырған тек толқыны
шанқан-жібек шарқатын айдалаға желпіді.
Аспан асты айтқанмен атын ауыз толтырып,
акын жалғыз жортады,
жалғыз еді Ер сол күні.

1

Алғаш жауған кар еді,
ак боранға жалғасты,
қара шөптің кірпігін қырбық-қырбық кар басты.
Саталданып жауған кар – сакалына жармасты,
сайкалданып ескен жел – етегіне жармасты,
жалғыз жортқан батырдың –
жалғыздығы ед алғашкы.
Ақын жалғыз бола ма –
батыр түскен жол жалғыз,

ер үстінде – ер,
ел, маған ерлер жайлы толғанғыз!
Біреуге өзің ере алмай,
өзің ертпей біреуді,
батыр болып тумай-ак біз де жалғыз болғанбыз.
Сен де жалғыз болғансың, ұя – жалғыз, үй – жалғыз,
жалғыз-жалғыз үйлердің шай-кесесін құйған қызы,
атын ертеп ақынның,
тонын қағып толған қызы,
семсері емес, серіктін септігіне иланғыз,
сертке туған ерді – елдін көптігіне иланғыз.
Кісі ерт десе – кіді жан санап қалып мұнды да ар,
қызы айтпаса батырдың – тындармайтын жыны бар.
Тындармады қызды да ол,
одан енді не пайда,
кейде қыңырлықты да
ел батырлық деп атайды, ә?
Тәуекелге бас, батыр,
акын басы, бат ойға –
тағдыр катал онсыз да,
Катайма, жел, катайма!

Ақ қылау ед баста кар –
ак боранға жалғасты, ал,
салып жаткан секілді әлдекайда албасты эн,
ұлып кетті бұталар албасты әнмен арбаскан.
Атып шығып бір жігіт жер кепеден кар баскан
жалғыз жібермеймін деп шылбырына жармаскан:
– Болат болам – суарсан,
бауыр болам – жібітсен,
аткосшына жараймын, –
деп жармасты жігіт сол, –
нөкер болам ақынға,
әрі серік, әрі атшы,
мезгіл, мені қайта ту – атшы қылышп жаратшы!
Батыр емес,

Жапанда жалғыз жортар қаракшы.
Қаракшының, хак, мені қасына ертіп жаратыш!
— Мен бір катал адаммын
Қасыма ерме – тас етем,
кара тастың өзімен бәсекем бар, бәсекем,
каталдықтар жөнінен, кайсарлықтар жөнінен
мына сертті сапарда серік етпен сені мен:
балаларың – шикі кіл,
келіншегің жас екен!
— Бір тілегін бере гөр,
әрі шәкірт, әрі інін
аяғына жығылды:
жаман ырым – жаңа ырым
жалғыз жорту жігітке;
қанғырып кеп ерейін,
аһоу десен – жаныңа жанғырық бол ерейін,
бір тілегім бере гөр, жалғыз атты Тәнірім!
Талайымыз бір аға,
сен таппасаң бақ-бағым,
мен елімнен пана етер бұйра-бұта таппадым.
Жел жағымыз жалаңаш – орман кайда қап-калын,
Халық кайда кешегі – білмеймін кім атканын! –

Тебіренді жыршысы, ал,
жылай жаздал тұрды сәл,
кеудесіне жігіттің құлай жаздал тұрды сәл.
Іште – дүшпан,
сыртта – жау, таркамады-ау бір құсан,
қадаласын қай жауға ак жебе бол ырғысан?
Жасып тұрды жанары жылымданып бір ауық –
шарт сынатын шарболат – шал болды ма
жылауық?
Балқитұғын бал құсан – бастап кетсе дана ақын,
батырлығы бастаса – тас боп ката қалатын.
Тез ысыса, тез суып – тас та жарылар аһ ұрып,
Физикалық зандардың ең ескісі дейді осы,

әлгі жолаушының да тілкем-тілкем кеудесі:
акындығы – жылтыып,
батырлығы – қатырып.
Тұнғыш мәрте карады ол әлденеден қауіп қып,
түбін шапкан ағаштай калды бір сәт ауытқып:
– Ағаштың да күз ұрса, –
жапырағы өлер, басы өлер.
Алла разы, жігітім, жылы ұяңды баса бер,
Құдай сені о баста жаратыпты тауық қып.
Бәрі жалғыз жігіттің – максұты алыс болса егер,
алыстарға адам тек жалғыз ғана жол шегер,
топпен баар – той емес, ерегес көп, ерегес,
семсер ілгеннің бәрі серік іздер сері емес,
елім, елім деп босқа езулеме, енселі ер,
калсанған ғана хан жакта – кайратыңа ел сенер.
Қоғалы көл – ылайлы, карғайды о да Құдайды,
бакыт емес, көп жұртқа қырсық ер бол өскенін,
сордын өзін – болса артық –
кешірмейді кеше елің!
Бар бол, жігіт,
басыңды кем тұтпаймын кеш, інім,
мен – кесірлі кісімін, тиіп жүрер кесірім!
– Бағым болсын қырсығың, бағытыңа бас, аға!
– Кой, кой, бала, аман бол, акымақтық жасама!
Бұлттар камап жан-жактан,
батып-шығып сасқанда
ай да жүзін жаниды кара кайран-аспанға,
кайралып ал әүелі, ит қапты деп қашпа алға,
тауық болар қыран да жұмырткасын басқанда:
саналыдан сауқат бер,
саумал жұтқызын биеден –
базарыңды коя түр – балаларға ие бол.
Қылышыңды қырлай түр,
кегінді ұмыт, киелі ер,
бір күн қайтып келемін,
сонда саған сүйенем!

– Майда күм да катал ұл туады екен, апыр–ай,
қырсығынды, тым құрыса, кимадын–ау,
батыр–ай.

Ел корғауға татитын туып алып ер ұлды,
ең ел болып жүрмендер корғалуға татымай! –
Ақ боз атка такымын ақын қағып үлгірді,
такымымен ат баурын қара дойыр бірге ұрды.
Жігіт – қазық басында
қатынша еніреп “бұлдірді”,
уысында... калды ұстап қылыш киған шылбырды.

2

Үзік-үзік жайларды жалғай алмай бір адам,
жамау-жасқау ой кешті одан-бұдан құраған.

Екі ғұмыр секілді өзінің кешкені,
екеуі де – бос бейнет:
есті етем деп кешені,
ер етем деп ездерді тарықкан жан өстеді –
елін алад есіне Нарындағы көшпелі.

Екі ғұмыр кешіпті – екеуі де жөн емес,
кешкен ғұмыр – ғұмыр ма,
ылғи такас, ерегес: ақын ғұмыр – тек егес,
батыр ғұмыр – тәбелес.

Хан салғанда тепкіні,
би бастады тұрткіні,
жұртый деді жұлынып – түсінді ме жұрт мұны!
Халқым деді қақырап қайқы қылыш қолға алып –
кайда бірақ сол халық?!

Қыздырғанда сары қымызыз,
қақсатқанда қайғы шын –
біреуі ерсе дакпыртқа,
көбі еріпті пайда үшін!

Елді ойлап ед осы сәт – елестеді күм ұсті,
сирек түтін, сүр сағым, кыз құшағы бір ыссы,
аңқа азаматтары әзіл айтып, тамсанып,
конак естер жауын да құдасындей карсы алып.

Ешкі маңырап, езі оттап,
көрпе жайған шаршылап,
кой корыған қаракшы, ін корыған саршұнақ.
Елестетеді тағы да: күшігі үріп, үйі ұлып,
ұшып кебіс салған ұл жалба-жыртық киініп.
Қоғалы көл, құм суы,
Көкорайы жап-жасыл –
аунаушы еді боз аты жап-жасыл ғып жамбасын,
асық атқан баласы, абысын-ажын ызғышып,
кыз корыған кәрі ана,
көл корыған қызғышы!
Ей, қызғыш құс,
пейілің үшін сені шын асыл
айдын көлден айырды ала бауыр лашын.
Тарлан – таудан құлады: Құм-Нарынның белгісі,
күмнан кайрат күткенім – құрығанымның белгісі,
мен жылайын – жыласам,
саған не жок, көл құсы,
тарлық етсе лашын – тырнағының белгісі;
жарлық етсе жаман хан – ондалмайды енді ісі:
хан караға жауығар келген шакта өлгісі.
Хандар – күшті, дала – үлкен, халық – кара,
мен кіші,
кішімін деп халкымды жауға берсем – нем кісі!
Мені корлаған жалғыз-ақ әлсіздіктің белгісі:
хас-батырды қатынның келетіні жеңгісі!
Катын – жар гой, береке,
жар жақсысын сүйген ер,
ер де сүйсе – шам көрген көбелектей күйге енер.
Берем десен, құдірет, жақсыларға сыйды егер,
ерліктерін – түзге бер, берекесін – үйге бер,
женділерге – білек бер, жағалыға түйме бер,
женіс берме жаманға, женсе – жаман үйренер:
жаман үйренгені сол – жия алмай жүр хан есін,
әділеттің жоктығы – күшеткен гой дәмесін!
Батырмаса тырнағын басқаларға басында,

лашын не, торғай нс – бәрібір ғой, расында.
Күш көрсетсе тырнакты – тісін жұмса;
аршаның талдан осалдығына таң қалам деп шаршадым,
жедігейдің тіл-жағын жалға алам деп шаршадым,
маубастардың мадағын маңданам деп шаршадым,
амалына арсыздың алданам деп шаршадым.
Ауыз-дәрмен, байламын байқасам деп шаршадым,
жауыздармен айлалы айқасам деп шаршадым.
Ей, қызғыш құс, қызғыш құс,
сені көлден айырған лашын құстың екпіні,
мені елімнен айырған Хан мен бидің тепкіні.
Ел қорғамак болып ем – басым қалды зор дауга,
менің елім, құрығанда, татиды екен корлауға,
ей, қызғыш құс, тати ма, сенің көлің корғауға?!

Көл қорыған – сен едің,
ел қорыған – мен едім:
жас егілген тал үшін – орман болсам деп едім,
жел жапырса қамысын –
зордан болсам деп едім, –
жел жағына жетімнің қорған болсам деп едім.
Ақ Жайықтан ат мініп әрі аскалы келемін,
арғы бетпен аптығып жар аскалы келемін,
жаманға – үрей,
жаксымен жарасқалы келемін,
тағдырыммен тағы бір таласқалы келемін!
Ей, қызғыш құс, қызғыш құс,
тағдырымыз – бір, эттен, жарамайсың жолдасқа:
бас сауғалар тірлікке жаралғансың сен баста,
жем алмайтын жеңбесе қасқа болдым мен қасқа,
ұя басар бүркіттей тасқа қондым мен қасқа!
Қыран-бүркіт безерде жылуынан ұяның,
тасқа жанып өткірлеп алады екен тұяғын.
Тас бүрмесе шенгелі – қауқар кеміп, күш түсіп,
қыранның да алыска келмейді екен ұшқысы.
Тас баспаса табаны – арғымак та аксайды,
суырмасам ак қылыш – қарым ұйып қақсайды.

Жауға – жаман тұс болам,
доспен саулық сұрасам,
Жан кармаймын, жау табам,
Жайық асам, қыр асам!
Сен не білдің, не білдің, бейбак сорлы, не білдің,
көкірегінде көлінің күшті жаудан женілдің –
саған не жоқ, қызыш құс,
мен жылайын – жыласам;
досым бар-ды бір ұлы – қысқа болды ғұмыры,
ол кеткелі дос түгіл, жау таппадым бір ұлы –
айдай әлем алдында айтып салып шын атын,
айкай салып, тым құрыса, жекпе-жекке шығатын.
“Адыра қалған Нарында” туды талай ірі ақын,
бір батыр ұл тумапты маған қарсы тұратын.
Кыныр желке – қырғыш көп,
кулық-сұмдық сұрапыл,
ұстара жоқ, тым құрыса, сақалыңды қыратын.
Аһоу дедім – тумады жанғырық та тым құрыса, –
жел шакырып жылыда жылқышы-құс шынғырса,
жанғырығар тау ғана қашшама алыс болса да, –
“біздің бүйткен тірліктің” бүйір үнін – сол сана.
Есесіне жүйрік көп, кермелер көп,
бар ізгі
батагөйлер бак көрген лұқпандар тәрізді.
Хан, төре бар алаяқ – ел ертеңін болжамақ,
сүйк қымыз жұтатын, сұлуларын олжалап.
Елім дейді солар да,
халқым дейді какырап,
тонқаң қағып тон киген тон мойын мен акымак.
Көз ашпаған күшіктең күн көретін қыңсылап
күншілдер бар,
өлермен – өш алады сыңсып-ак.
Жесірлер бар,
жетім бар: касірет бар, капа бар,
боз дала бар: желіде боздап қалды боталар.
Түйдек-түйдек сөздердің түйген жерде мәні бар,

түйсікті ерлер кездессе – бір жалт етіп танылар.
Аза асына союға ағайыннан алынар
боздап жүріп от шалар боз інген бар жануар –
“адыра қалған Нарында” не жок дейсін, бәрі бар:
айдын көл бар копасыз,
жайдак қыр бар жотасыз,
азамат бар батасыз, аруана бар ботасыз,
ку құлқын бар баяғы, баяғы өмір – опасыз.
Ойраны бар ошактың, шаңырак бар тұл қалған,
ак жаулыкты ана бар – бірде дана, бірде анғал.
Жалбарынсан жаумайтын
бұлттары бар бұлданған –
енді қашан бұлданып болар екен бұл жалған!
Барсан – сәлем сол елге,
байғұс құсым – қызығышым,
кайғынды ермек етерсін, канатың бар, түзде ұшып.
Заман – арыстан екен,
қүшік болсам – нем бар ед, арыстанмен ызығышып!
Кош, кош, қызығыш, мен кеттім, енді есен бол,
енді есен,
жіңі канат қағарсың қаукарыңа сенбесен.
Кіділігім – қүшім бе, кісімін бір мен кесел:
Жем бойынан жем ілмен жеті мәрте женбесем!
Сағынғанда сол айдын ораларсың көлге сен,
айдын бетін аймалап жылағалы мөлдіреп,
Оралармын мен де елге ата-жауым женді деп,
кас жауымнан бір мәulet сұрағалы мөлдіреп.

3

Тағы үdedі ақ боран,
ак киыршық қар борап,
жел айналды ық жакка кокыстарды кармалап.
Дауыл ұрды ақ түтек,
шаңқылдады жағада
ак түтекпен алысып жалғыз ұшқан шағала.

Жалғыз еді ақын да:
ак қылышы – қынапта,
ак найзасы – тақымда.
Жалғыздарды жалмаға
жатты тағдыр тор жайып,
жалғыз еді Ер сол күні,
жалғыз еді Ақ Жайық.
Ердің жүзі қап-кара – түтеп тұрған беті еді,
жердің жүзін ак боран бітеп тұрған беті еді;
жолшы – жалғыз,
жел карсы, делиеді етегі.
Дүңк-дүңк етіп қан-тамыр тепкілейді шекені:
“Жер қайысқан қолынан” кайтып шыккан беті еді.
Өрлігі бар бастарды – біреу түбі сатады,
Отімді деп жатады батырлардың атағы.
Атагы емес ақынның,
ен шатағы, шатағы:
Сол ақынға халықтың жақындығы – батады,
кешірер еді ақынды, батырлығы – батады.
Батыр жалғыз болатын,
акпандарда ашытқан
мергендердің оғындар үрушы еді қашықтан,
көрші-күндес көп жүртты көрген емес сөз қылып,
алыс жаққа асығып келеді ақын боз мініп:
толқындардың алдына толқын салып оздырып,
Ақ Жайыктан анқылдап Атырауға асыққан.
Жайық акты жарына ак жалдарын лактырып,
ак қар жауды алғашкы,
ак жел үрді аптығып.
Ақын жалғыз келеді – көкірегі жатты ұлып...
көлгірсіді дүние – қар астына как тұнып –
көлгірсіді әлдекім,
шылауынан алды аттын:
– Хош келдің, – деп, – батырым, –
жатты біреу салмақты үн.

Қасиеті ақынның, одан гөрі дерті еді –
танымайтын айырып жәдігөй мен жалдапты.
Жылу ансап жаңына сәл жабыккан ер еді,
көп досымның бірі-ау деп жылы сәлем береді:
секемсіздік – ерлердің сол баяғы соры да,
түсті қыран топастын торғай аулар торына.
Көсеуде де, ойлайтын, көніл бар деп көл ғұрлы,
өз көнілі, себебі, көл секілді мөлдір-ді;
кектілерді көргенмен
көрмеп еді көлгірді,
ертегінің еріндей еңсесі бар кісі еді,
найза түсті колынан,
батыр аттан түседі –
үй иесі емпілдеп есігінен ендірді,
сыртта калды кол-кару,
бел-каруын төрге ілді –
тағдыр, өстіп, ерді де емеурінмен көндірді.
Міне алмайды-ау дегенде Ақ боз атка енді ырғып,
әлгі есіктен алактап ауру жандай есалан
канжарлары какаған кіріп келді бес адам,
үйдің түкпір-тубінен көленкеге ұсаған
қылыштары қылқып түрегелді үш адам.
Тұлғасы бар жираftай одан-бұдан құраған
көтеріліп келеді пеш түбінен бір адам.

Тек аулакта жарына ак жалдарын лақтырып,
жалғыз ағад Ақ Жайық,
ак жел ұрды аптығып.
Үйде – ак қылыш шабылды –
үріп кетті ит-пиғыл,
қасіреттің қасқыры әлдеқайда жатты ұлып.
Ақ текемет бетіне қызыл каннан қак тұрып,
дір-дір етіп ұйыды;
әй, дәурен-ай, өтпелі,
ең болмаса бір баста тұра тұрсан көп пе еді –
каруына ұмтылды ер – әттен, колы жетпеді:

– Ей, кикым-жұрт,
сендерге қалай консын ырыс-бак,
кек алар ер сен бе едің, көбік-ауыз ұрыскак,
дұрыс ұста семсерді,
ессіз, анкау байғұстар,
өлтіре де алмадың тым құрыса дұрыстап!
Бас шабылды енді-енді – басынатын кісі көп,
басынуға батырды асығатын кісі көп:
бес каруы көкжалдың кетті әркімнің белінде,
такымында біреудің боз ат кетті кісінеп.
Қалай болды бұл өзі?
Оны ойлаған жан кайда,
кара кайда,
хан кайда – қалды бәрі шалғайда.
Өш алатын бұқпақтап, аша алмайтын қан майдан
заты залым жандарға – зауал деген болмай ма,
заман-әже, кол байла, жаксы ұлынды желге айда,
тариҳта, сен осы... не істеуші едің ондайда?!

Алданды ақын соңғы рет – алдаған өз атағы,
саудагер ғой қашан да сырткы жаудың катары,
сатылады ішкі жау, сондыктан да – сатады.
Даналар да сондыктан қапы кетіп жатады,
әр такымда кісінеп аты кетіп жатады.
Мерт болды өстіп мерейлі ұл,
ездер үшін аз ол да –
эттен, ездің есесін әпермейді ажал да.
Айла өседі, деседі, ұяты жок базарда,
сaudа өседі, деседі, ел пігілды азарда.

4

Олкесінде бір ердін айқасты өстіп көп кылыш,
Желкесінде жыршының, шарболаттар, соктығыс,
түсінік пен түсінік, сен де соғыс, соктығыс:
барыстың да бақты жанашырсыз бола ма –
“арысым-ай!” деді ана аңырап елсіз далада,
кутың какты құшыкеш бітті, бітті деп, бір іс.

Бірін-бірі құттықтап құлісті кеп кыт-кыттап,
мәз боп жатты бір корқак
бір корқакты құттықтап.

Кенет ак мұрт бұталар тұнжырап бір қайғы алды,
кенет Жайық-су жылап іірімге айналды.

Ақ жел тынып – самал боп жылға кезді қанғырып,
шар болаттан ұшқан үн
жанғырық боп қалды ұлып,
төбелердің арасы – таба алмаған жарасым,
жемірліген жел мұжіп құлап түсті кара шың –
қактығатын түк таптай қанғып кетті жанғырық;
Дала кенет өкінді шілігімен санды ұрып,
қанталады ак аспан – қабағында қанды buquerque.

Бәрі тынды: жыршы өлді,
капы кетті – бар ма амал,
ак қылыш қып өлеңді ақын өтті – бар ма амал,
көк тыннан өзгені қөзі көрмес көр-надан
өзін-өзі корлаган, жұрт, сен үшін арланам!
Дегеніне дана адам жетпей кетті,
бар ма амал,
есесіне, Ақ Жайық Атырауға жетті ағып,
atak-данқын ақынның көк теңізге кетті алып –
шағала өтті шаңқ етіп,
сұрша-байғыз қалды аман,
бүркіт конар тұғырда қарқылдады қарғалар.
Ақынды алдап өлтіру, деді біреу, жат, айып,
бірақ батырдың басын қымбатырак сатайық!
Сонда ақынның колынан құлап түскен қаламын –
жарты ғасыр өткен соң Маяковский алады,
хан әлсіреп, туганда ой да тағы катайып,
ак семсерін батырдың ойнатады Чапаев.
Бас қырқылды, ал, сол жолы,
кеуде тынды бір түрлі,
басы кеткен кеудедей ел де тынды бір түрлі,
шөпті сылдыр еткізіп, жел де тынды бір түрлі,

кірпігіне бұтандың мөлдір шық іркілді,
кірпік қақпай кайын түр,
самал леп жок үп еткен –
әйтеуір бір ел болды тұтіндерін тұтеткен.
Ел де айдын көл секілді,
толкымаса – өлі су,
ондай көлді шалшық қып бөлісу жөн, бөлісу.
Бөліседі кім мен кім?
Бөліс деген – далбаса,
негылады бөлісіп,
егер түгел алмаса?!

Айдын тынды сонымен,
толкындар жок жай күнгі,
әлдекімдер зар еніреп бауырынан айрылды,
Орал деген ордалы тау ұлынан айрылды,
Атырау мен Ақ Жайық дауылынан айрылды.
Айдын сұлық,
шалшық көл жылтырайды ол, әне,
шалшыктардың бетінде толқын қайдан болады?
Желл еткізіп селеуін күм күрсінді,
тынысы
ой салмады –
сезбеді анкау жұрттың мұны іші –
жанды жерден жабыла ұр – бәтшағардың
жұмысы;
“халық камын ойлаған” патшалардың жұмысы
қылт еткенді қырку ед:
біреу өссе маңайдан
ак патшаның қылышы сілтенеді қалай дәл,
ұзын еді не деген Еуропаның қылышы!

Азияда қырқылған шын батырдың басы әлгі
Еуропаға жол шекті салтанатпен жасанды.
Басы кетсе дененің – бітіруші ед қеуде не,
бітірепі: “байғұс-ай, обал болды-ау” деуде ме?!!
Олай болса бұл тірлік онай екен пендеге,

оңай жолмен, ақыным, жүре алмайсың сен неге?
Жұрт осылай ойлайды, өтейді өстіп парызын,
түсінбекен құлакқа күй де, жыр да – бәрі ызын.
Шебер десен бұ ғағдыр –
бас шұлғиды, басы – әйгі,
баста не тұр, карында болмай ма екен ырыс, бак.
Ағашты да корламай кесу үшін дұрыстап,
қол араның жүзін де кисық-қыңыр жасайды.

5

Тасығанда Атырау – сай, жыраға су құлап,
бел айтады сыйбырап – қамыс, кияқ судырап,
жел айтады ымыртта бұлтын айдал шұбыртпа,
шал айтады ымыртта құманынан су ұрттап:
коғалы көлдер,
құм сулар кімдерге шәрбат болмаған,
саздауға біткен құба тал
кімдерге сайғақ болмаған.
Шәрбатта кадыр кала ма құм суына баласак,
құба талға да обал-ау сайғақ деп кана карасак.
Атырауға құйып қал,
Еділ мен Жайық, таласа ақ, –
біз де ерміз-ау уақытты асықтыруға жарасак,
шалымың барда әу деп қал,
шайқап ал сөзді шабыттан,
өңменің өлшеп сөз сөйле,
арынмен актал – анықтал;
Өшссің сен де түбінде –
шамшырактарым, жанып қал,
жылуың болса жылт етер –
жанып қал деуден жалықпан..
Пәлсапа, токта, мұн құйма
бұрқырап ағар ойға есіл,
дананың ойы, қоя тұр,
акынның тілі сөйлесін!
Уақытша болса корғау да

Еділ мен Жайық арасын –
арғымак мініп, арлы акын,
алкынып кайда барасын?!
Шаман барда шалқып кал
шағала құстар шарқ ұр да,
арғымак мінген, алға тұс,
жабылар жұрсін артында –
топырлай атта, тұяктар,
Толқынның жалы, жарқылда!
Білгендіктен өлерін көрсетеді ел өнерін,
ерлік етсе – өлерін білгендіктен дер едім.
Жалынды акын жасамау үшін тұбі жасық іс,
ажалға өзі соктықкан ізден барып асығыс.
Жел, сен де асық, тарт алға,
ұмтылғанға бер медет, –
бұлт та асығыс келеді Алатауға өрмелеп.
Найза-шынға сокты кеп кап-қара бұлт тұнере,
ол да өзінің бір жауса – “өлетінін” біле ме?
Жапырактың да жаны ояу,
сыбдыр қағып ояу үн,
ол да ерісер мезгілмен сактау үшін бояуын.
Ал, кей жігіт жан киса карының камы үшін,
неге жанын кимайды сактау үшін намысын?
Ал, қызыштар көл корып шыркырап жүр,
шыркырап,
ел корыған ер де сол – таба алматы бір тұрак.
Ебі келсе ердің де ерке басын қырқып ап,
ал, көлгірлер жүр әлі көзі құліп жылтырап.
Ал, жарынан аса алмай Жайық жатыр баяғы,
толқындары көк таска тайып жатыр баяғы;
тасасында тастардың,
кабатында құмдардың
акынды алдап өлтірген айып жатыр баяғы.
Батыр өлсе – арлының ажалы деп толғаган,
арлылардың ажалын – базар депті бар надан.
Ал, акындар ажалын санамаған ол қоғам:

“так мінгендер – жендет-ті,
онда сот жок – ауыз жап”.

Грибоедов жыршыны Тегеранда бауыздап,
Пушкинді алдап өлтірді –
өзің ойла, көп пе, аз ба –
Лермонтовты бір ұры алдап атты Кавказда...

6

Басын алып батырдың хан мен бектер аңдыған,
жиырма аттылы саусылдап, аткан шакта таң қылан
сырты “жуан” сұлтанның өтті дейді алдынан.

Сұлтан сонда мырс етті,
мұрты астынан сөйлемді:

– Мынау ердің еріне лайық іс кой! – деді.

Бөрімісін, Бекетай,
барыспысың жас арлан,
қайсың, деді,

батыл ғып хас батырдан бас алған?!

Өлексеге түсетін карға құсан қалбактап:

– Да, сұлтаным, мен, – деді
біреу ұшып алға аттап.

– Жоқ, мен! – деді бір сымпыс екі бұты иректеп, –
қылыш шабуға үйренген жігіт едім үйде ептеп.

– Жоқ, ол емес, мен! – деді шолак адам
бір мыртық, –

коя алмадым елімді “бір тентекке” бұлдіртіп.

– Семсерімді біраздан сынай алмай жүр едім,
ақ семсерді, – бірі айтты, – өңменінен тіредім!

Сол-ак екен, шолак топ қаруларын серместі,
камшылары шошаңдал:

“Мен, мен” десті, “мен” десті.

Біреулері даурығып дауға басты енді ескі,
бұралқы иттей бірі ұлып ансан тұрды келмestі.
Бапты сұлтан балғын жүз жігіт еді бір сұнғак,
сұнғак бойға ылайық біткен еді түр-симбат,
жаяу алмаған бұлт сынды қабынады ырсылдап,

бешпетінің тігісі жарылады тырсылдан,
қабанында камыстың шабынады сол шакта:
– Уә, тексіздер, бәріміз түгел хайуан болсақ та,
еркіміз жок дегенмен, есек емес едік кой,
айтағына уақыттың осыншама желікпей
коя тұрсан нең кетті, өнкей есер құл неме,
кенкілдесіп құлгенге кенкелесер құл неме:
каран болсын мына күн,
беті құйсін мына Айдын, –
Бекетайдың құмына бетім басып жылаймын!
Бір батыры жок елге сөз не керек, үндеме,
казан кайнаткан жұрт ең бір еркектің атымен;
көсеу ұстап қайыр, ал, қозы ғылыш көгенге –
карұ ұстап не керек қасиеті жок елге.
Басын ұстап батырдың басынғалы кеп тұрсын,
қанды ізінді, каракшы, жасырғалы кеп тұрсын –
дүшпан құліп, дуасыз дос табалап бетке ұрсын,
жылдар сенің жыланқы бет терінді сыпырып,
терісіндей қоянның керіп қойып кептірсін!
Мәрт еді ғой о жігіт,
Күркелі еді-ау, күркелі,
мұндай ері өлген ел – өшкенінмен бір тегі,
өзінді-өзің өнештен кескенінмен бір тегі.
Тым болмаса біздің жұрт – жұтағанға жұрт еді,
енди біздің мінген ат бұтадан да үркеді:
енди бізде айбар жок,
калың елдің беті ыкты –
бетке ұстайтын беделің – сол адамда кетіпті.
Жетім лакша бауыздап топырағының бір төлін,
сыйлық алам деп келген неткен сорлы жұрт едін!
Он тоғыз құл бақытсыз бағып келген бір есек,
біреуін жок татитын найза ұшына тіресек,
екі мың сом алмақ па ең?
Қайдасындар, төленгіт,
әрқайсына мынаның екі мыңнан дүре сок!!?

Жұрген екем жұрт бар деп өзімді-өзім кірлеп мен,
кірлі көніл іс етсем қолым жетпей жүр деп пе ең;
бетпактанған кездерде – беттесуші ем құрметпен,
кетіскең бір кездерде – кектесуші ем құрметпен.
Қылыш сұыра алатын “қырсығы” бар жок бірін,
арыстан – жок,
кіл мысық, сүйенгенін көптігін!

Бүтіндікке келгенде бірігетін бірің жок,
күншілдіктен күніреніп босып кеткен біртінде;
ойсыз ауызға біткен ақ сақалың, ақ мұртың,
қаһарың жок, қамың жок,
халық деген – дакпыртың!
неменене жылайсың жаулықты ана, көзі ақкан,
құтылмайсың бәрібір қорлау, күлу, мазактан.
Акша алмақ па ең?

Шын алсан – қайғы, бейнет азапты ал,
азап белінде үзгенше бір-бірінді кажап кал!
Көзіне жас құйылар – түбінде ағып кайғы-сел,
күндеуге – бар, таңдауға, тануға жок байғұс ел!
Так бітетін әдет кой талайы аздау сорлы ұлға –
отырса ғой сол жайсан мына менің орнымда,
жаға-жениң желініп,
желге айналып бар ебін,
етегіндей жолшының қалай жалбактар едін!
Ал, енді ақтал алдында алғы күннің, жамағат,
есек тапсан нокталы – көзін шұқып аралап.
Құдайдың да аузын ал, құрбандық шал, паралап.
Жауыздықты – заманға арт,
одан қалса – маған арт!
Беттесіп ем бір мәрте – сезеді әлі мұны ішім:
корықканнан колымнан түсіп кетті қылышым.
“Қатын шауып көргем жок!” –
деп бұрылып кетті ерің, –
бір шиық етіп шықпаған жаным қалды тек менің.
Батыр – анқау.

айламен женсем деп ем, болмады,
ай батарда тілек кып кемсендеп ем, болмады.
Бір жаксының колынан өлсем деп ем, болмады, –
тағдыр, маған сақтаған сыбағаң не сондағы?!
Енді менде не калды?
Айла-әрекет, іс-ебім
күлдег ұшып жоғалды – күйік уын ішемін.
Кеше аспанда ем, ал, бүгін
жерге құлап түсемін,
жерден, сірә, жай таппай көрге құлап түсемін.

Аркасында ақынның абырой алған кісі едім,
“Өзектіге – бір өлім” деуші ед,
маған – үш өлім:
ұры өлімі – бір өлім – кешірмес ел ертені,
ұят-өлім біреуі, тағы бірі дерт-өлім,
осы ұшеудің атымен енді өзімді өртедім –
ак баталар күшімен, аппак ана сүтімен
атак емес, ат емес, ак өлімді күтіп ем.
Болмайды еken ак өлім алмағанға адал дем,
хас батырмен кетісіп – дос санап ем заманды ең –
кім дос болар өзінен мың есе артық адаммен?
Ондай жанмен дос болу?
Жетпеді оған сана-әлім,
ызыасына тие алсам – жендім деп санадым.
Жау санады ма ол мені? –
Ойланамын мұны әлі,
етті ме әлде менсінбей –
күмәнім сол,
күмәнім.
Айдағаным жылкы да,
айла-амалым іріткі еді,
айла-амалмен ол бірак тұмсығын да сүртпеді.
Бір көрініп қалушы ем қызған шакта дау үде,

коркушы еді жұрт менен
жаксы ақынның жауы деп,
жауы ғой деп батырдың сыйлаушы еді жұрт мені.
Ол – өрт еді,
біз өртті дауыл болып ұрмасак,
сәл кисайтсак жалынын – қалушы едік бір жасап.
Өрт түгілі тутін жок,
сүйк құлмін – шашып өт,
тапта, тапта табанын бар болса егер, касірет!
– Қой, әй, жауыз... мынанын сайрауына қарашы,
бұ да жұртка жанашыр азамат-ау, шамасы? –
Осыны айтып бір кемпір оқыс түрегеледі, –
естідің бе, халайық, мына зәлім не деді?!

Корқау касқыр, көрдін бе,
бастағанын кайда ұлып,
өзі өлтіріп батырды отырғанын қайғырып?
Не сезеді бұлар деп басынғаны о да елді,
кісі танып кісі боп тағы да алмақ беделді –
сездіргені өзінше майталман-ай дегенді,
ішінен ғой, қанішер, қуанышқа кенелді,
кане, найсан, сайрап көр,
Нарын ұлы неге өлді?

Айт, айт деймін мен саған,
ер неге өлді – не болды?!

Қайкы қанжар жарқ етті туған айдай жаңадан –
оқыс кимыл етті ана,
мән берген жок және оған,
жүре берді бұрылып, болмады ешкім тосқауыл,
шөгіп қалған сұлтанды сүйеген жок жан-адам.

Жуасыды Ақ Жайық:
күн ашылды, жел тымық,
ел де тынды – желікті жігіттерін өлтіріп.

Бәрі тынды, бітті-өтті, бір күнгідей болмады,
бұталарды айналып өтетіндей жел-дағы
жапырактар сыйбырысyz;
жолда шаң жок жым-жылас,
толқындар бар жалы жоқ,
жартас бар тек жылжымас.
Тенізге өткен шағала,
карғалар бар, жок басқа,
кызғыш қана шырылдап көл кориды октаста.
Асай аулақ біздерден,
асаулардан біз аулақ –
тұлпар туар биелер сиыр болды бұзаулап.

Жарияланбаган өлеңдері

Әрдір бұта
сынғанының озінен
бір тамырым үзілгендей сезінем.

АУРУХАНА-83

Этюдтер

* * *

Елен какпа, жапырақ,
құлағым бар екен деп.
Саудырама сай-жыра,
Бұлағым бар екен деп.
Бұлак су ғой о дағы
Суалады, толады.
Обалы не, обалы
Жапырақ та солады.
Акыр түбі бір жыршының жаны өлең
какпағандай болады.
Дүниеде бір бұлак
акпағандай болады.
Ал, әзірге...
Аяғынның асты мұз –
Тайғанап қал, тайқып қал,
Жұрт сеніп тұр сөзіне –
Өтірігінді айтып қал.

* * *

Табаныма шөнге кірді,
міне іndet.
Жара болды айналасы ірінде,
Дәрігерге көрініп ем бір епті
Емдеу керек деді ол маған жүректі.
Тәжірибесіз жан-ау дедім шамасы,
Табаныма шөнге кірді,
жүректі емдеймін деп сандалауын карашы.
Ауыратын болды бір күн суырып
Он колымның шынтақтағы буыны.
Дәрігерге көрініп ем бір епті
Емдеу керек деді ол маған жүректі.

Мынау дедім, не сандалы, не тірлік,
кит еткенді көрсетем деп дерт қылып
дәрігердің де бәс-беделін кетірдік.
Жазылмадым ала жаздай тегі мен
тағы бардым дәрігерге,
деді ол:
күтіп жүрсөн бітірмейді бауыр түк,
апсың деді, жүрегінді ауыртып.
Таң болдым мен
Кырық сегіз жасымда:
Ауырғаным башайым ба,
басым ба –
коятыны бір диагноз
расында:
білгірлер ме, әлде кіл епті суайт па,
емдеткен жөн деді бәрі жүректі.
Танданып ем ілкіде,
Енді отырмын ойланып,
Көре-көре, сезе-сезе
расында
саусағың да, башайын да,
басың да –
анатомия атаулары жай қалып
кете ме екен
бәрі жүрекке айналып?!

* * *

Ермек те көп, ем де көп,
Біреу ине,
Біреу сөзбен емдемек.
Күлкі жылтыр, тамшы жұмыр, жұз жылтыр,
Не ем қабылдап едіңіз сіз былтыр? –
Жұтар дәріннің өзі де дөнгелек.
Бір қыры жок тиетұғын тамакка,
Әрі момын, әрі жұмыр дәрі аппак.
Тамағыннан жылжып өтіп жатады,

Дәмі де жок – дәрі деген атағы.
Ай туады дөңгелеп,
Күн батады дөңгелеп,
уа, сол керек, өзіне де сол керек:
өлең жазып керегі не көп өршіп,
әр дөңгелек жұтқан дәрін – тегершік,
байғұс ғұмыр бара жатыр дөңгелеп.
Уа, сол керек, өзіне де сол керек.

* * *

Күн күйіп тұр,
ыстық, ыстық, ыстық, ыстық
бездім ойдан, өлеңнен,
бүтін жауар, ертең жауар дегенмен
жанбыр да жок,
өлең де жок – ақ тымық,
мандайымның терін қырып лактырып
жалпак колдың қырымен.
Орнымнан екі үмтүліп тұрып ем –
жүрек қысты, болмай қалды тыныс түк –
күн ыстық кой,
ыстық, ыстық, күн ыстық.
Жүрекке ойлар конар деген үміт бар-ды,
Әрбір оқыс үнге отырмын карайлап.
Алатауға канғып келген бұлттарды
ыстық, ыстық жел әкетті әрі айдал.
Ал ауаны зерттеген ғалымдар –
Ертең жауар жанбырдың есебінен канындар...
Сыншыларым, сендер де
Бүтін, ертең жазылатын жырымнан
үзінділер алындар.

* * *

Бұлт көшеді бір-бірімен жарысып,
күн жауады сіркіреп.
Үміт ұрттап, дәрі ішіп,

мен тілеймін бір тілек:
жауын бұлтты жапса деймін аспанды,
жасыл самал құшса деймін жас талды.
Кім көріпті жаңбырына шілденін
Бұршак араласканды,
тәпеп берді,
акыр шығармын деп жазылып:
мен де тәпеп жатырмын
дәріні де, казыны.

* * *

I

Жырлар жазу түсken әкім хакында
Жаксы ат бермес деседі жұрт ақынга.
Атым шыкса болды дейді бір зәлім,
өзім, дейді ол, жаман атқа ырзамын.
Ақындар да қызық халық, ал әкім
акыннан да қызығырак болатын:
көлгірлер мен жарамсактар дүрмегі
іскер, батыл жігіт десіп жүрді оны.
Батылдығы:
Беделі бар біреуді
Қабылдамай жіберді.
Іскерлігі: науқан кезі деп күзгі
жарты күнде жеті жиын өткізді.
Жо-жоқ, сынап жатқаным жоқ, ол әкім
еткен істің бәрі орынды болатын:
біреулерді көтерді ерек кісі ғып,
біреулерді орыннан түсіріп.
Көленкесі түсіп жүрді дос-жарға,
жоспары да конып жатты жоспарға.
Шаруашылық бұрынғыша жатты өсіп,
Бәйгелерге ел жүрді әлінше ат қосып.
Бұрынғыша қасқыр түсіп кораға,
каптесерлер бұрынғыша қап тесіп –
шаруашылық бұрынғыша жатты өсіп.

II

Енбек бірак жанбай қалды бір жылы,
Көктен тамшы тамбай қалды бір жылы.
Әсем болып көрінбеді кіржіні,
Шешен болып көрінбеді мылжыны.
Іскер, батыл азаматтың елге ерек
шаруасы шыға келді дәңгелеп.
Жауын бұлтты келмеген соң күркүрлі
дән өспеді – дала боска жыртылды.
Күнкілдесті ел: байкамаппыз,
басшымыз
жігерсіздеу жан боп шыкты бір түрлі.

III

Сол азамат мына жүрген сол адам,
Зат секілді олак қолмен ораған,
жүред қокып көзге де окшашау, бөп-бөлек
аузы бұлтық ылғи бірсуге өкпелеп,
жолап кетсен сөз айттардай ұстап ап,
ұрты солған, түсіп кеткен иығы,
иініне үйлеспейді киімі:
бір жені ұзын, бір балағы қыскарап.
Бұрын қалай байкалмаған,
байката ма көкіректін токтығы.
Қоңыз болса жүйріктің де жоқ құны,
майдан шығар биік тұрса шоктығы?!

Жоқ, өзгерген ештене жоқ
Осы адам
баяғы әкім, тек орнынан босаған,
енді ешкімге керегі жоқ
мұның тұқ,
біткен кезі достарын да
түнілтіп.

Карсы келсе кенселестер кешегі
бірі елемей,
жалтарады бірі үркіп.
Ойлары – ұсак,
Тірлігі тым майда әрі,
әкім койған қайдағыны қайдағы?!
Ей, уақыт, сенін де бір солдатын
Гофманның Цахесіндей болды акыр
кас періште жұлып алған айдарын.

IV

Аурухана. Аулада жұр әлгі адам,
ұміті жок адамнан да,
Алладан:
таң қалмаймын хактың каталдығына,
адамдардың иттігіне таң қалам.
Саулық қайғы, одан да үлкен
Бас қайғы:
әлгі адамға ешкім амандаспайды.
Халін ешкім сұрамайды,
және оған
сейлемейді; елемейді жан-адам.
Талай жігіт талап-бағы зор бұдан...
жалғыз сол ма түсіп жаткан орнынан?
Жұрттың бәрі есер емес,
Жылтырлап
жыр жазамыз
«мәңгі бастық кім тұрмак!»
Жо-жоқ, жақсы жігіті көп астанам,
бар-ау дедім сенде бір басқа мән.
Кейде Алатау анам сынды мейрімді,
Кейде сол бір мейрімнен де жасқанам.
Әлгі адамды мұнша неге кешпеді ел?
Өсті, тұсті...

одан баска не істеді ол?
Қолдарында болса егер
Татыратын көрінбеді үзім нан,
Адамдардың пейлі қалай бұзылған!
– Дұрыс, – деді бір кария, – жөн о да,
Түскенді де түсінбесен бола ма.
Жұрт пиғылы бұзық болса ып-ырас,
әлгі адамда болмаған ғой ықылас,
соны түзетейін деген пиғыл болмаған,
жұрт та онбаған, онын өзі де онбаған.
Креслосын ғана білген кезінде ол,
Бар өмірін кресло деп сезінген.
Ел пиғылын бұзған соның өз басы,
өз басынан бір әнгіме қозғашы.
Құтылады ол әлдекімді жамандап,
акталады ол бәрін жауып заманға,
болмағандай әділеттік зан онда,
қаулы-каарарға жабады табанда.
Қызмет етпей қыр көрсеткен алғырысып,
міне-міне, міне-міне бар қырсық:
қызметін, кенсесін
дәреже деп есептеген мыкты адам
бейнетім деп, парызым деп ұқпаған.
Заңнан емес, елден қорқар дірілдеп,
түсетінін түсінгендер түбінде.
Енбекке емес, дәрежеге сыйынған
оның халі,— деді кария,— киын хал.
Оның халін аяп ұғынам деген
әурелікті өшір,— деді ол,— миыннан.
Ол да ұқпаған,
ел де ұғына білмеген,
Дәреже деп ойласа өзі міндетін,
Жұрттың өзі көрсеткен шын құрметін
Өзі ішінен күндеғен.
Қарттың сөзі жөн-ақ шығар,
бірак та

конбайтуғын тұстары көп құлакқа.
Тұсінбесе, кешірмесе мұны әлі
көпшілік те кінәлі.
Не керек ед шын қендігі жетпесе
пәленшеке, түгеншеке деп кеше?!
Көсеуді де көтеріп кеп көсем ғып
Сылқ тұсіру... бола ма еken осы елдік!
Колында еттеп билігі бар шағында
әлгі адамға ерін жағынды, ә?
Кеше шұлғып бәрі аузына караган,
бүтін сәлем бергісі жок жан-адам.
Өзің айтшы, сатқындық па,
жок па бұл,
бастығынды талай мактап оттадың,
мактап-мақтап атқанынды сезбедін,
ертең түсер бастығында ғана емес,
өз арынды сатқанынды сезбедін,
енді келіп...
Ер емес ол, ез дедін,
бетіндегі бедел емес, без дедін.
Без-без етіп енді содан безгенін,
өзіннің де қылмысынды сезгенін,
өзіннің де ұятынды сезгенін.
Өз ұлын ғой,
акылды адам болмаса ол,
колпаштаудың керегі не колда сәл,
дана ұл кайдан туа алады
ойлап көр,
егер өзің дана халық болмасан.
Күні кеше болған жігіт тірі аныз
жылы сөзге зәру бүтін бір ауыз!
Мен де ерсем де канку сөзге,
Болжалға
... кеше арнайы сәлем бердім
сол жанға:
жанарында тамшы жас бол мұн тұрды,

мен де жылай жаздал тұрдым бір түрлі...
Шашып корлар ғұмыр сонша көп пе еді,
Жан тербетер бесік-ұндер жетпеді,
барлық кезде кешірімдер жетпеді,
тастандаршы,
тастандаршы өкпені –
хал аңғаршы, жай аңғаршы
ағайын,
бір-бірінді аяңдаршы, ағайын...

* * *

Қасымда бір аға жатты,
сөзі оның
он жыл жатсақ – бітпейтінін сеземін.
– Жазылған жок дейді ол,
ескі жара әлі,
содан дейді ол, әлім бітіп барады.
– Ауруды, аға, ұмытайық, макұл ма,
Не айта аласыз қазіргі әндер хакында?
– Жаз мерзімі кетті білем күзге ауып –
Көк желкеме шығып келед сызыдауык.
Қабырғам да козғалтпайды,
кар сынып,
көп жатканнан, дейді доғдыр, сарсылып.
– Бір сәт ауруды ұмытайықшы, макұл ма,
Не айта аласыз қазіргі өлең хакында?
– Доғдырың да білгіш емес, пысыктар,
қолтығымның астында бір ісік бар –
қанша айтсам да тыңдар емес мені ешкім –
енди өлмесем – сендірер алар емеспін.
– Байқайсыз ба, күй тартады ел
күйғытып,
өнер өсіп кетті тым,
бишінің бақайына ми бітіп.
– Маған, сірә, карамайды-ау
әй, тегі,

белім де ептеп шойырыла ма, кайтеді?!

- Токташы, аға, кайғы ойлама, жасыма, карашы, анау, Алатаудың басына.
- Доғдырдың да құтқармайды сені емі – әне...аспанның өзі құлап келеді.

* * *

Арыз айтып жүреді ылғи бір адам:

- Дәрінді де бермейді екен сұраған.

Дәріні де алаған онбасын –

бес дәңгелек дәрі ішеді жолдасым.

Маған соның береді тек үшеуін,

амал қанша, бар бергенін ішемін.

Байқап қалдым: бес дәңгелек дәріні

ана жігіт ішпейді екен бәрібір.

Борды көп жеп ауырды деп бас мына

тығып жатыр жастығының астына.

Ал, мына адам жүреді ылғи мұн шағып,

Мылжынды да көрген жоқ ем мұншалық.

Екеуі де ауру адам, бір мұны,

екі бөлек бірақ ұғым-тірлігі.

Бірі дәріден қашады, мұны ұғып

екіншісі дәрі ішеді құнығып.

Біреуінін жасырғанын, тыққанын

екіншісі есебін тауып жұтты алыш.

Ақырында

біреуінін жүрек тұсы ауырладап,

біреуінін дерті аудады бауырға.

Сонда ашылды, ашылды сыр-шындық,

дәрігерлер күйінгеннен курсінді,

дәріні де жүрттан артық ішкісі келеді.

Дәрігер дос, кайғы ойлама,

шу мына

кімге керек? Құрдасым бар

менің бір

«тегін берсең ішіп кояд уды да».

* * *

Күндіз-тұні шымылдайды
жүрегім,
жүрек шаншып әрен-әрен
жүр едім.
Тұнде ұйқы жок: бір сұыдым,
бір қыздым –
көnlі маған ауған сынды бір қыздын.
Түйсік алдамайды дейді,
Кім білген
кыз жымиса – мәз-мейрам боп күлдім мен.
– Бір жымисаң – бар ғұмырым садаға,
Бірақ жатқан жан емеспін далада,
достар да онша саран емес бағаға.
Материал таңдағанда құрылышка
сағат сайын білегімді жүрді ұстап,
колда барды аямастын, деді, аға.
Әрбір сөзі құрығанда бір ерді
тұсай алар жан екен ол жігерлі:
колда барын аямады,
маған деген сезімін
шприцтің ұшы арқылы жіберді.

* * *

Алатаяға бұлт айдады жел, әне,
ак көбіктей бұлттар бұркырап.
Жыр толтырып мен де ұшырғым келеді
блокноттың бір парагын жыртып ап.
Жапырактар бастады, әне, жандана,
жандардыған – ыстық, ыстық жел еді.
Көбік бұлттар аппак еді-ау жап-жана,
еңді, міне, карауытып келеді.
Мен де әү баста әплак жанды
кісі едім,
күйбен тірлік,

күйкі жандар құртты ұсак:
бірте-бірте қарауыта
түсемін
қара нөсер төгетұғын
бұлт құсал.
Жаумай өтті бұлты бірак
таудың ақ,
жел боска есті жауабы
жок саулдай.
Жапырактар бос
курады саудырап,
сірә, мен де өтемін-ау
жауа алмай.
Шілдеде де бір кемістік,
кемістік –
бұлтты қуып жаудырмайды
жел ыстық.
Жыршыда да бір кемістік,
кемістік:
ойдың басын құрамайды дем ыстық.

* * *

Біздің доғдыр ғажап адам,
түр-түсі
ашық піскен нан секілді,
кулкісі,
кулкісінен исі аңқиды ас үйдін –
талай мәрте күлкісіне бас идім –
 себебі мен қомағайлау кісі едім,
ас орнына сол күлкіден ішемін,
Аска тойып алған шакта маскара:
оянады екен құлқын басқага...

* * *

Менен гөрі тәуір білем тұрмысы –
Кеше келіп ақыл айтты бір кісі:

– Інім,— деді ол,— бейнет пенен корлыкты,
Еңбек қылып кім көрсетсе – сол мыкты.
Көкірегінді көрік қылып жедетпе,
жалғыз әсер ете алмайсың сен көпке.
Жылдар бойы көрген корлық-азабың
жанса ғана – айналады Еңбекке.
Менен гөрі нашар білем тұрмысы,
акыл сұрай келді менен бір кісі:
– Аға,— деді ол,— оксата алмай келемін,
өзіне ұсап еңбек етсем деп едім.
Сәтті қадам жасап едім бір-екі,
садан кейін ештененің реті
келмей койды;
неге екенін кім білген,
бірак менің ештенем жок бұлдірген.

Пендершілік!
Сеніп кеп тұр ол маған,
касиет бар деп менде ешкімде болмаған.
Одан гөрі халі тәуір кісі бол
акыл айтып коя бердім мен де оған.

* * *

Тенеле алмай койған соң жұрт Абайға,
бір мін табу жөн көрді калай да.
Пайдасы жок адамға да, когамға
жаман өлен толып жатыр деді онда.
Бір акын дос... рас, ішіп сөйледі ол:
«жаман өленінің өзі – ойлы өлен».
Күн көзінде дак бар деді кай ғалым –
күндеғеннен айткан сөз деп ойладым.
Көп ғалыммен амалсыздан төзістік,
Күнге түскен меннің өзі жап-жарық
болады екен, қара дақтың өзі ыстық.
Жай сөздердің өзінен жыр құрағыш
Абай әлі күн секілді тұр алыс.

Жаман өлеңінің өзі бір мектеп,
күн дағының оты –миллион градус.

* * *

Жакын ұғым айлан да, амалың да,
уакыт тапкан сыркат ед жана бұл да,
құлын болды ол жылқы айғыр болған кезде,
бұзау болды бұқаның заманында.
Хамелеон-құбылу, көп талаппен оны елеп,
жүрген шақта мактамапты ел,
уакыт тапкан сыркат ед жана бұл да,
жарап жатты айлан да, амалың да,
ырыл болды андардың амалында,
гүріл болды трактор заманында.
Қанаттылар кезінде ұшып-конып,
тістілердің кезінде күшік болып,
үріп жүрді,
иттігін жүрді андатып,
куштілерге құйрығын бұлғандатып.
«Жигули» болар ед бұ заманның
дүкенінен запчасті таппады эттең.

РЕАНИМАЦИЯ

Кайдан шыккан сөз екенін кім білген,
мәнін бірақ сөздіксіз-ак
білдім мен.
«Ит өлген жер екен ғой ол,
ит өлген»,
алыстығын сездім, сездім жүйкеммен.
Тексерткенде әлдекімнің
ант, атын
«чистилище» деп атапты
Данте-акын
дастанының бір тарауын,
ал, менше

бар күнәнді таразыға тартатын
мекеме емес
тек өлі үшін, шамасы,
менінше, бұл өмір-өлім арасы –
не моргке, не үйіне
жол шегер
арада бір жол айырығы болса
егер
Ре-ани-мацияның сол мәні.
Ал, мен өзім – Нәжімеденов болғалы
тағдырымды шешті талай кеңселер.
Бір күн, бір ай,
талқылап ап бір апта,
бұлай анық шеше алмаған бірақ та.
Жүргімде діріл бар бір –
үнілме,
кей кезде бұл ұқсамайды
дірілге.
Ре-ани-мация ғана шешеді
менің түпкі мәселеңді түбінде.

* * *

Көп, көп сырды ормандағы жай халық
таба алмапты деседі.
Маймыл адамға айналып
аман қапты деседі.
Эво-лю-ция деген де бір мықты,
Бірақ тірлік – үзілмес бір тамыр бар.
Ештеңеге айнала алмай құрыпты
алуан түрлі заврлар.
Талай құстың кетер құрып көп түрі
тұмсықтардың тұртқірі,
азулардың өткірі.
Цивилизация алаңқы ғой,
бұлт ала,
оның-дағы кей бұйрығы келте ғой.

Піл де білед екен дейді еркелей,
Тек оның да түгін карсы сипама.
Каскырға да қамкор болды бір ұлық,
жыланға да керек екен жылыштык.
Жыландар да жарық күнмен коштасар,
не күн аяр әлденеден жарығын.
Не құрыса о құрысын бәрібір,
хамелеон құрымайды ешқашан.

* * *

Прозаиктердің арасында – ұлы ақын,
ал, ақындар ішінде
сыншы болдын сұрапыл.
Сені ақын деп танымады бір ақын,
Сыншы боп та түрін жок-ау шығатын.
Табиғат шын құлығы мол жымысқы,
өнер кейде белгі сынды жыныстык.
Әйел болсан еркекке де болмас еді қерегін,
Тым құрыса әйелдер ішінде еркек болсан деп едім.

* * *

Аузың – былжыр, малжалан,
қараған жан құсқысы
келеді екен, хал жаман,
жүрек сыздап, тіс түсіп,
береке ұшып,
бедел қап,
ауру кірді әбігер.
Жазыласыз деді алдап
күлім көзді дәрігер.
Сендердім-ау деп ойлап,
сөйлеген боп әрнені,
саул кояд абылап:
«бала-шаға бар ме еді?»

Түсінбейді-ау шамасы,
окығанмен ол әлі:

казекенін болмаса егер баласы,
баска несі болады?!

Шыным осы ед –
күліп ала жоғалды.

Ұғыныкты халық едік кандай біз!
Шыныңызды айтпасаныз деді әлгі
біз де сізге ем қондыра алмаймыз!

– Бар күшімді жазылуға жұмсайын,
Мәлім дедім, қалкам, ақылды екенін.
Тап осылай күліп тұрсан күн сайын
Дәрісіз-ак мен жазылып кетемін.

ТИПТЕР

Жапырак көрдім жауын күні жылаған,
күн жаумай-ак жылап тұрды бір адам.
– Еркектер де жылайды ғой, ә,
десе де,
катын құсап жылап тұрған көшеде
неткен жансың – деп сұрап ем әлгіден,
– Саган, – деді ол, – айтылмайды әңгімем.
Әлдебіреу қытықтады ма, ақымак,
аппак бұлак жер бауырлап жатып ап
куледі кеп, сол күлкінің
себебін
айтши, мұның неткен күлкі
деп едім.
– Тоскауылды табиғаттың өзі өндеп
суым шіріп, тосылған бір кезенде
күйдым, деді ол, ағысы бар өзенге.
Көп нәрсенің мәні бізге бұлдыр-ак,
табиғатта жок дейміз ғой тіл-кулак,
бірақ мынау көл жағасы құдырақ,
күні бойы тұрад бірақ сынғырап.
– Тіл, күлак жок сынғырасам күнімен,

бұ қірліктің көп занынан түнілем:
не тапты жұрт құлағынан есектің,
не пайда бар акымактың тілінен?!
Жан еді ол іштарлығы бізге анық,
Ер екен деп айтсын дейтін бір мінсі бар тағы,
Ал, шынында азабының өзін жеке тартады,
Досымен де бөлісуге қызғанып.

* * *

Сірә, бұгін күн жауатын секілді,
жауарында бұлданатын секілді:
кабағына бұлтын жиды бір түрлі,
бұлтын жиып өзінше құйқылжиды бір түрлі.
Жиырыла қалған сынды түнеріп,
Әлдекандай бола кaptы аспан да.
Төтеп берген халық едік жұтқа сан,
Апарттан да ұтылғам жоқ, ұтпасам.
Бұлт ұртынды бұлтитпа көп,
көргенбіз біз, ағайын, нәсерлердің талайын,
сондай болып бір жауарсын мықтасан.

* * *

Укол алдын дірілде,
ол уколды мен де алдым.
Сен аурусын бүгінде,
ал мен ауру болғанмын.
Ұйқы көрмей ісінсе
күндіз-түні жарысып,
бұрын арак ішуші ек,
енді отырмын дәрі ішіп.
Анау да у ғой, дәрі де у,
дәрігерлердің бәрі ку,
у ішкізеді амалдап,
жазыласын деп алдап.
Аузың бұрын орнында ед,
өзгермесе не қызық:

арт жағына бітті аузын,
шприцтер-емізік.
Дәрі емізсен – тез еміз,
өлмегенге ол да сеп,
біз де әрине, сеземіз:
жазыламыз өлмесек.
Укол алдын дірілдеп,
ол уколды мен де алдым.
Сен аурусын бүгінде,
ал мен ауру болғанмын.
Лыпты соғып тұр ғой жүрегін,
әлсін-әлсін дәрігер кеп жүр тыңдал,
сен ауырсаң ынқылдайсын, білемін,
көnlін үшін мен де ауырам ынқылдал.
Ниет кой тек бір-бірінді демемек,
бұдан басқа ете аласың не көмек.
Мен ауырдым, сен ауырдын
керемет,
енді екеуміз бір жазылсак
деген ек...

* * *

Дүние түгел пісіп кеткен тәрізді,
арамшөптін дәндері де токтыктан
ісіп кеткен тәрізді.
Қайда ғана асығасың сен алқынып,
ақ бұлағым, менің алақаным
бірер көсіп суынды алдым – сәл тынық.
Күннің жерге көнілі түсіп кеткенде,
бір ку сабау шаншып еді көктем кеп,
желкілдеп тұр сол жерге енді тал шығып.
Көк тас қана жолатпайды беттендеп,
құрды десем шегіртке де әншілік,
тікеннің де бұтағына гүл шығып,
дүние тұр токтығына тұншығып.
Ток жапырак болса-дағы канша ұлы

алаканында аунатады тамшыны.
Пісіп шыкты қанша дәмс, қаша үміт,
канша жігіт қармал тынды мақсұтын!
Әлдекайда аткалы тұр ақ сүтін
шың сыздаған емшек құсап шаншылып.

* * *

Күнді теңейді алтынға,
дүниеконыз жұртым-ай.
Алтын деген салқын да,
біледі тек жылтырай.
Күміс-күн деп ақын жырлап болмады,
дүниекорлық ұяты.
Жылтырайды ол-дағы,
жылуы жок құятын.
Тенеу, тенеу, не керек,
тенеу іздеп керемет,
жырымызды бір-дағы
жылтыратсак деген ек.
Жылтыраттық – сол қайғы,
сөзіміздің сондыктан
жарығы да болмайды,
жылуы да болмайды.
Металл да тас, шатағы:
алтын деген –атағы,
күміс деген –атағы
біреулерге қасірет бол батады.
Күнді теңеу,
образға орау не керек,
күннің өзі – образ ғой керемет,
күн деген сөз –
өзі- ак жетіп жатады.
Көп теңеуден бас алып,
жырлар туды көп алтын:
сол алтынның жылтырлығын жасадық
күн-алтынның жылыштығын жоғалтып.

* * *

Әлденені, асылы,
асыру-ау ниеті,
екі көзін жасырып
көзілдірік киетін.
Майдан ері ед,
сеземін,
әлдекімдер есінеп,
сөүегейсіп сөйлейтуғын:
көзі оның
өз көзі ғой – жасыратын
несі деп.
Сезілмейтін айла-ебі
жақынға да,
жатқа да:
көздігінің әйнегі
қап-қара еді, қап-қара.
Сыртқы жұрттан именіп
еткен ісін сеземін,
көзілдірік кигені –
сокыр екен көзі онын.
Көрмеу үшін бұрынғы ескі танысын,
көп азамат білікті
киеді және сән үшін
қара көзілдірікті.
Әкім болды, салды кенет жалтақты,
акылы азды, сол жігітті
ант атты:
жаба алмады кемістігін
басының,
канша баса кигенімен қалпакты.

* * *

Өлем, өлем деп сайланып біттін бе,
өлу де емес казір,

мықты дау
өлгеннен соң басталады деседі,
көп жұрт содан жасқанады деседі.
Өлген күн-ак тыңдалады себебі
Жұрттың твор-чество-лық есебі.
Ал, сен болсаң өлем дейсің, мәлдіреп,
жыр авторы тым ертерек өлді деп,
айтын дейсің, болар-ау ол дегенін,
әттен, одан жаксармайды өлеңің!
Тіршілікке не алсан да – аз бәрі,
талай ерді өкпе өлтіре жаздады.
Өлсе – макталады дегенге сен, сенбе,
сенің жырың макталмайды өлсөң де.
Сондыктан сен
сайланба көп өлем деп,
өлсөң бұдан да кетесін төмендеп.
Көніліне алма,
конбаса егер бұл өнер,
авторынан бұрын ылғи жыры өлер.
Жырың өлсін, сен асықпа бірак та,
балаларға
нан-шай болып журе бер.
Қасым жазды, тапты ма еken бақ содан,
Жақсы жырлар – қалды,
өлді – жақсы адам.
Жазған жақсы
жақсы жырды жататұғын
екпінінен тас құлап,
бірак одан
тірі жүрген жақсырақ!

* * *

Өсек, сөз – бар мұрады,
ессіз ел ед бұ қандай:
мені сөз ғып жүр әлі
ауру сырын ұға алмай.

– Сыртқы жұртқа байқалмай
шеттеп, ішіп жүр еді.

– Айтатының айта алмай
жарылған ғой жүрегі?

– Тиді біреу шамына,
мен жаңында тұр едім, –
байқап қалдым: сонда ол
ұстап қап ед жүрегін.

– Бар ғой бізде жұт әлі,
ол да ку ед бір әккі:

– өткізбепті кітабын,

– жок, өлеңін сынапты.

– Неге керек бос ұлып,
бәрі жұрттың өсегі,
бірі де емес осының,
арак құрткан деседі.

– Жазғанымен жаңаша,
Дау-шарға өзі олак-ты.
Содан шығар,
соңғы кезде о да аса
көп ішетін боп апты.

– Жігіт еді күші көп,
бас косылып, жұрт ұбып
өткенде бір ішіп ек,
көзі кенет шыға келді кіртиіп.

– Рахмет, достарым,
сендер үшін болған екен бәрі әйгі.

Ойдан шықкан өтіріктің кос бәрін –
Бір жүректі жаруға сол жарайды.

* * *

Талай түрлер өзгеріп,
таусылады-ау талайлары түбі өліп,
өмір атты жолға алыс,
құрып кетті динозавр түгілі
кылыш тісті жолбарыс.
Көп зерттеуді керек етед бұл әлі,
Фалымдардың күмәні көп, күмәні,
әрине, адам кінәлі ғой,
ал маған
жолбарыстың өзі сынды кінәлі,
тісін жасыра алмаған.

* * *

Біраз ағаш, біраз бұта жұтаған,
жайсыз мезгіл келгені ғой шамасы.
Неге шошып қаласын
сары жапырак ұшқан сайын бұтадан...
АЭС шығар бір ұлы,
әр өкпенің сырылы,
әр тамырдың лұпілі,
әр жүректің дірілі.
Қыс – боранды, жазда несер күркүрлі,
Ұғы киын аспан деген шіркінді.
Сытыр етіп сынған сайын әр бұта
шошып калам бір түрлі.
Күллі өмірді ұстап түрған
бүтінде,
ток таратса әр тамырым
ұлпілде,
ұлы генератор шығар
жүрегін?
Әр жапырак ұшқан сайын мұнша мұн
Табад жаным – сөнген сынды бір шамым.
Әрбір бұта

сынғанының өзінен
бір тамырым үзілгендей сезінем.

* * *

Бұтін берді «көк қағазды» колыма:
«продолжает болеть» депті сонына.
Жарамайды еңбекке
уақытша, –деп жазыпты,
көніл үшін айтқан сынды оны да.
Дене дерттен айыққандай болады –
көніл зерек обалы не, обалы,
каlam ұстап көрсем шын-ак сезінем:
сырқатымнан сауықкам жок мен әлі.
Ауруға да ойлау керек ұятты:
екі ай болды, екі жол жок бітірген.
Үйге шықтым «сол»
режим-күтіммен
палатамды ауыстырған сиякты...

* * *

Алтын, алтын деп кергіп,
мысты ұмыттық,
расында
мыс дегенің мықты ғой
қаңылтырдың касында.
Өз орнында, әрине,
бәрі мықты, бәрі айқын:
әдетіміз бәріне
салыстыра карайтын.
Мыстың құны хакында
мен де дедім,
деп едім:
«бір көруге алтыннан
мыс жалтырлау келеді».

Ардактама алтынды,
мыстың күнин түсінбе –
алтының не, мысың не
көп жылтырдың ішінде.

Бір кемсіту – ол да амал,
айла етуге күшті адам.
Алтын – алтын болмаған
жасау үшін мыска обал.

Қаңылтырды жібіт те,
дауынды сок, –
дәм сызба:
мысты макта, үгітте,
алтын –алтын онсыз да.

Есейдік біз осы оймен,
кәрілік келер,
тұра тұр:
акыл-ой да есейген,
тәжірибе де сұрапыл.
Тараразы естіп тартылды,
Тек кінәміз: мына біз
садан, әлі де...
алтынды
мыспен шатыстырамыз.

Жара қарын-іш тойса,
жайы не жүйке-жұлынның:
алтынды да мыс дей сал –
өлшер дейсің күнин кім!
Күн болмайды күр елес,
алтында күн жоқ онды аса:
алтын алка – түк емес,
алтын балық болмаса...

ЖАРТЫ ШЫБЫҚ

Тәнірінің нар кезі екен ол кезде,
Әмірінің бар кезі екен ол кезде.
Тек алуға барады екен бәр-бәрі,
Ол кезде де алу екен мына жұрттың арманы.
Жаратқанға жет тезірек, тұр, аттан,
Сұрамсактар, ал, сұрап қал, сұрап қал!
Бір ел жаксы,
тағы бір ел жақсырақ:
тұрмыс сұрап, алды Хактан Бак сұрап,
сансырады қайсы бір ел,
сансырап,
дәulet алды, дау-шар алды, мал сұрап,
жаңыр сұрап алды – жасыл шөп есті,
жалбырады шатқал бауры, тәбе үсті
жел ескенде сыйыр-сыйыр кеңесті.
Сұрап жатыр,
алып жатыр, құдайдан
тек қанағат, ой сұраған жок ешкім.
Тәнірінің нар кезі екен о кезде,
Әмірінің бар кезі екен о кезде:
Көктемде де,
жазда,
күзде,
акпанда
еліріп ап «жомарт» деген мактанға,
колда барын үлестіріп жатты ол да.
Мұхит алды,
кұрлық алды бір халық,
тілекtesіп – тірлік алды бір халық,
білек қосып – бірлік алды бір халық.
Жайлай куып,
жай көшем деп ырғалып,
менің бабам барлығынан құр қалып,
есебінен жаңылып кап Күн, Айдың –

кеш келіпті қабылдауына құдайдын:

– Пендерем, – деді, – сені де бір жебер ем,
түк калмады,
саған енді не берем?

Баяғыдан кайда жүрдің?!

Жұрт тілеп

Бәрін алды.

– Кой қайырдым түрткілеп,
аманында ат-көлік..

– Мә! – деді Хак бір шыбықты қақ бөліп.

– Мұны қайтем?... Онсыз да жүр жұрт үркіп?!

– Карап жүрме, бір-бірінді жүр түртіп.

Хак жок казір.

Бақыттымыз былай да,

Өзің кожа – күнәңца бат, күл, ойна.

Ал, дуниенің үкімі мен шешімін

әу басында бір мыкты айтса – несі мін,

Бір қария: «бәрі бастан» деп еді,

О да маған дарымастан келеді.

Қақ суындаі кара жолға іркілген

Тыныш, бейкам жата алмадым бір күн мен:

итке ішкізіп,

аузын малса бірі ойнап,

етігімен кешті біреу ылайлап,

сылтау тауып қуатыннан, құлқіннен,

жарты шыбық жалықпайды «түртуден».

Үлесінен құр қалғанда о баста,

түрткілесу – кәсіп болса...

жак ашпа:

шыбық казір кетті айналып ағашка.

Жарты күмән, жарты үмітті күйде мен

келем әлі,

әлі үйренем, үйренем –

тағдырымның таяғы да себебі

басы бүтін тимеген...

МАЗМҰНЫ

Өлеңдер

Алматы	6
«Жаңындаң барды да батты күн...»	6
«Сәуір туды, бұлттар аппак, су аппак...»	7
«Шығыс жактан келсе-дағы тан күліп...»	7
«Баурай бұлты жана көшті баяулап...»	8
«Көк балауса егілер...»	9
Менің елім	9
«Салқындаң саясында самал-көлдің...»	10
Қошалак	10
Әжеме	11
Отан	11
Сол үйде	12
Жартас	13
«Аспанды күн барда, әлемде сыр барда...»	13
«Анау келген кім болды екен...»	14
Теніз	14
Егіз шумактар	15
Өз көзіммен	19
«Жүргегінде бір тамшы кан болса егер...»	20
«Сенің, туған жер, демінді бір алған...»	20
«Сан-сан айлар өткен сайын...»	21
«Әлі жүрмін...»	21
Көремісің, көз?	22
«Күркіреген толқындар...»	22
«Жұмыры жерді түгел көріп өтем деп...»	23
«Тамшы терді сығып алып денеден...»	23
«Көк те жұлдыз, жер де жұлдыз...»	23
«Қайдасың кайғы, үміт...»	24
«Тау төсі ак, ак айран...»	24
«Күн шыжып тұр...»	25
«Тауға карай келемін...»	25
Тамшы	26
«Ей, достарым, тірлікте көленке жок...»	26
«Аппак болып барлық манай...»	27
«Айқай салдым...»	28
«Алатаудың шарқатынан...»	28
«Төбе керек – шығу үшін тауды асып...»	29

Ереймен тауларында	29
Бояулар туралы	30
Күзгі көніл	31
Алма	31
Кожа Ахмет Яссаси мешіті	32
Дала дидары	32
Өзіне	33
«Дала төсін еске алу да – сүйеніш...»	34
«Бұқіл әлем маҳаббаттан тұрады...»	34
Махамбет туған жерде	35
«Ак нәрсені білейікші қастерлей...»	36
«Әйел!..»	36
«Әйел деген – бір драма күрдепі...»	36
«Туған жердің ауасындај жұпарын...»	37
«Саған ыстық естіледі әуелгі үн...»	37
«Кезім еді көзден тамшы жас шықкан...»	38
«Муза мен мұн...»	38
«Кіммін осы?...»	39
«Мен де ол құсан соғар едім өтірік...»	39
«Данқ!...»	39
«Жерге еліктеп әжім түсті бетке де...»	40
«От атаулы жанаң еді білінбей...»	40
«Жан бір – бөлме...»	41
«Дариға!...»	41
«Асықпаймын женісімді тойлауға...»	42
«Бұл дүниеде бар екенімді өзімнің...»	42
«Ғұмыр деген бір ұзак құй болады...»	43
«Майшам сынды кейде адам өмірі...»	43
«Шыктым, шыктым өз сөзімнен – шенберден...»	44
«Дүние – менің тұрағым...»	44
«Мен кетер ем өлленнен...»	45
«Зал ортайып барады...»	45
Күзгі жайлай	46
«Құй десе ірке алмайсың бұқ казакты...»	47
Бос уакыт	47
Ауылды сағыну	48
Ауыл топырағы	49
«Сәби туды – әдемі арба табылды...»	50
«Құй аткарап жұмыс бүтін көбейді...»	51
«Абайсыз кеткен талайды...»	51

Карттар	51
«Кесірлі ойын кей жанның тез ұқпаған...»	53
Нұкте	53
Ауызына ол сенбес еді...»	53
Acay	54
«Жақсылық көп мына өмірде, жас жігіт...»	55
«Мандайға әжім терен-терен казылып...»	55
«Түкті де айтып бітіргем жок, халайық...»	55
Коныр дәптер	56
Ел-жұрт	62
Әкелер мен ағалар	63
Көз жасы	65
«Нейтрон» бейнесі	66
Кару-жарап ҳақында	67
Біз өзіміз	69
Крылов такырыбы	70
Сыр	71
Табиғат	72
Жетім лак	73
Тепе-тен	74
Ақбоз	74
Куанышлық	75
Сұрак	76
Көген	77
Жел	77
Тұн	78
Өмір	78
Өмірбаян	79
Салмақсыздық	80
Салмак	81
Найза-кара	82
Қағаз тірлік	83
Кызылоба	84
Кисық бұта	85
Шакырылмаган конак	85
Емен	86
Сыбыр	87
Екі көрініс	88
Тыныштық	89
Сөз ойыны	89

Қара ағаш	90
Құрделілік	91
Күй	92
Күз-көніл	93
Танғы сезім	94
Жауап	94
Шүкір, шүкір!	95
Мәселе	95
Шегініс	96
Күннің батуы	97
Менің Қазақстаным	98
Жебе	99
Таразы	100
Нөсерден сон	100
Ірге	101
Шаншу	101
Ескілік	102
Бестармак	102
Күйе	103
Маңдайын оқ тескен каска туралы жыр	103
Жол	105
Ана	106
Тұған жер	108
Тогай ертегісі	109
Таулар мен тәбелер	110
Ғұмыр ертегісі	111
Шанырак	121
Күн болмаса	125
Махаббат пен кара тас	136
Кетік кірпіш	138
Пәлсапа тасы	141
Тентек	143
Шөл	148
Тенеу	150
Ашық хат	151
Салмақ туралы	156
Ырым	159
Немере	161
Қошалак тауы	163
Темірқазық	165

Жалғыз кайын	166
Тор	168
Көніл	172
Дәме	173
Күз	174
Tay	174
Қауыз	175
Ағаш кылыш	176
Тыныштық	177
Желтоксан	178
Ашак – Мәші хикаясы	179
Менін жолдарым	183
Өткел аузында	184
Молшылық	185
Қызыл гауһар	186
Саңдаға	190
Тамыр	192
Тұс	193
Бес бұтак	194
Сезім ірілері	196
Әке	200
Қос коныр каз	201
Тұзы женіл жыр	203
Арман	203
Поэзия	204
Қызыл кітап	205
Кешірініз	207
Уакыт жыры	208
Менін топырағым	212
Ана тілі туралы сез	214
Қакпа алдындағы карт	218
Ештене айтпайтын карт	222
Қазық пен ағаш	225
Қызыр	228
Бәйтеректер	232
Әке мен бала	235
«Қыз шыкты бір сауықшыл жас балаға...»	235
Тіфә-тіфә	236
Шеген қыстау немесе алғашкы шуак	237
Дынғызыл	237

Тыныштық жыры	240
Емен	241
Әйкен	242
Қак	243
Ой	244
Қан	245
Космос дәүірі	248
Бір белгі	248
Ақ пен кара	249
Инфаркт	250
Наз	252
Мәжнүн тал.....	253
Дастархан басында	254
Еске алу	255
Былай тұршы	256
Жексенбі этюді	257
Дыбыстар	258
Шыбыктар	260
Ұрыс-сокпак	261
Мысық тырнағы	262
Ұрлық	263
Күбі	265
Дойыр	266
Эфир	267
Шағым-этюд	269
Егіншімен әңгіме	269
Тамшы	270
Ақылтыға айттар сөз	272
Алты каз	273
Патриот	278
Триптих	279
Жартылай ак, жартылай кара өлең	283

Дастандар

Тамыр мен жапырак	286
Жанғырық	311

Жарияланбаған өлеңдері

Аурухана – 83	334
Реанимация	347
Типтер	350
Жарты шыбық	360

Художественное издание

Нажимеденов Жумекен

МОЙ КАЗАХСТАН

Стихи и поэмы

(на казахском языке)

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *К. Мұлікбаев*

Көркемдеуші редакторы *В. Пак*

Техникалық редакторы *М. Оразбекова*

Корректорлары *Ү. Бахова, Ә. Кенжатина*

Иб № 030

Теруге 16.09.2008 берілді. Басуға 21.12.2008 кол койылды. Пішімі 84x108¹ 12.

Офсеттік кагаз. Офсеттік басылыш. Шартты баспа табагы 19.82.

Есептік баспа табагы 18.83. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №4105.

«Атамұра» корпорациясы ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылтай хан даңғылы, 75.

Казахстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы»

ЖШС-нің Полиграфкомбинаты.

050002, Алматы қаласы, М.Макатаев көшесі, 41.



Жұмекен Нәжімеденов – ақын. 1935 жылы туған. 1983 жылы қайтыс болған. 1961 жылы "Балауса" атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді. "Сыбызғы сыры", "Өз көзіммен", "Жоқ, ұмытуға болмайды!", "Жарық пен жылу", "Күй кітабы", "Мезгіл әуендері", "Ұлым, саган айтам", "Қызғалдақ туралы баллада", "Мен туған күн", "Жеті бояу", "Шуақ", "Ашық аспан", "Темірқазық", "Қыран-қия", "Мениң топырағым", "Жаңғырық" өлеңдер жинақтарының, сондай-ақ "Ақ шағыл", "Кішкентай", "Даңқ пен дақпырт" атты романдардың авторы. Сағдидың "Бустан", А.Блоктың "Зауал" дастандарын, М.Пермонтов, В.Маяковский, А.Вознесенский және Түркия ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

